

77, 000
K. 19

А.С.Қалдыбекова

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА

II. ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК



ТАШКЕНТ

74.00

930370

К18 Кандыбекова А

классы педагога:

Т., 19.

74.00
Қ18

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ҚАЛДЫБЕКОВА АНАРГУЛ СОТБАРОВНА

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА:
II. Педагогика тарихы.
Педагогикалық шеберлік

Ўзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім
беру уәзірлігі тарабынан оқулық ретінде ұсынылған

иловт шет з



ТАШКЕНТ – 2019

УДК: 37.013(075.8)

ББК 74.03

Қ 25

Қ 25

А.С.Қалдыбекова. Жалпы педагогика: II. Педагогика тарихы. Педагогикалық шеберлік. –Т.: «Fan va texnologiya», 2019, 332 бет.

ISBN 978–9943–5958–9–7

Бұл оқулықта ежелгі дәуірлерден Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік жариялағанына дейін (1991) Өзбекстан халықтарының білім беру мен педагогика тарихы, Өзбекстан Республикасында тәуелсіздік жариялағаннан осы күнге дейінгі кезеңде білім беру мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы сипатталады және әлемдік педагогика ғылымының дамуына шолу жасалынады. Педагогикалық шеберліктің мән, оқытушының педагогикалық қабілеті, болашақ оқытушыда педагогикалық мәдениетті қалыптастыру, педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті, педагогикалық техника, оқытушы еңбегін ғылыми ұйымдастыру мәселелері қарастырылады.

Оқулық Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім беру уәзірлігі бекіткен «Жалпы педагогика» оқу пәні программасының талаптары негізінде жазылды.

Бұл оқу құралынан жоғары педагогикалық оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, педагогикалық қызметпен шұғылданып жүрген барлық мамандар пайдалануы мүмкін.

В этом учебнике рассматриваются истории образования и педагогики народов Узбекистана с древнейших времен до провозглашения независимости Республики Узбекистан (1991), развитие педагогической мысли и системы образования в Республике Узбекистан после провозглашения государственной независимости и дается обзор развития педагогической науки в мире, сущность педагогического мастерства, педагогические способности учителя, формирование педагогической культуры в будущем учителя, культура педагогического общения, педагогическая техника, научная организация педагогической работы.

Учебник написан по требованиям учебной программы «Общей педагогики», утвержденная Министерством высшего и среднего специального образования Республики Узбекистан.

Этот учебник могут использовать студенты и преподаватели высших педагогических учебных заведений, и все специалисты занимающиеся педагогической деятельностью.

This textbook examines the history of education and pedagogy of the peoples of Uzbekistan from ancient times to the proclamation of the independence of the Republic of Uzbekistan (1991), the development of pedagogical thought and the educational system in the Republic of Uzbekistan after the proclamation of state independence and provides an overview of the development of pedagogical science in the world, examines the essence of pedagogical skill, the teacher's pedagogical abilities, the formation of a pedagogical culture in the future teacher, the culture of pedagogical communication, pedagogical techniques, and the scientific organization of pedagogical work.

The textbook is written according to the requirements of the curriculum of "General Pedagogy" approved by the Ministry of Higher and Secondary Special Education of the Republic of Uzbekistan.

This textbook can be used by students and teachers of higher pedagogical educational institutions, and all specialists involved in teaching activities.

УДК: 37.013(075.8)

ББК 74.03

Пікір жазғандар:

У.Алеуов – Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы,

Б.Х.Ходжаев – Өзбекстан Республикасы Халық ағарту уәзірлігі “Мемлекеттік білім беру стандарттарын желдіру және сапа мониторингі” басқармасының бастығы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,

Р.М.Медетова – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті, жалпы педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты,

П.У.Берданова – Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педагогикалық институты, жалпы педагогика және психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты.

ISBN 978–9943–5958–9–7

КІРІСПЕ

Болашақты белгілеу, келешектің жоспарларын түзу және өркендеу факторларын белгілеу үшін өткен уақыт айна ролін орындайды. Міне осы «сананың өнімі» арқылы біз адамилық мәніміздің, ақыл-ойымыздың, құдіретіміз бен потенциалымыздың неге күші жететінін айқын көре аламыз. Тарих – халық руханиятының негізі екенін ескерткен И.А.Каримов мынадай деген еді: «Руханиятын қалпына келтіру, туып өскен елінде өзін басқалардан кем сезінбей, басын тік ұстап жүру үшін адамға, әлбетте, тарихи жад керек. Тарихи жады бар адам – қайратты адам. Қайталап айтамын, қайратты адам»¹.

Педагогика тарихы пәні педагогиканың бөлек бір саласы ретінде педагогикалық ой-пікірлердің пайда болуы мен дамуын үйрену арқылы жана, келешекте шешілуі қажет болған міндеттерді белгілеп береді және оны шешудің стратегияларын көрсетіп береді. Педагогика тарихы пәнінің материалдары болашақ мұғалімді педагогика ғылымының методологиялық негізі болатын классикалық педагогикалық шығармалармен, озық педагогикалық ой-пікірлермен, мектептердің даму тарихымен таныстырады, сол арқылы олардың педагогикалық ойлауын дамытады. Педагогика тарихы пәнінің осындай үлкен күшін көрсетіп беру үшін жоғары оқу орнында қазақ тілінде білім алып жатқан студенттерге ана тілінде оқулық шығару қажеттілігі пайда болды.

Бұл оқулық «Жалпы педагогика» пәнінің оқу программасы және жұмыстық оқу программасы негізінде түзілген болып, кітаптың бірінші «**Педагогика тарихы**» деп аталатын бөлімі ең ежелгі дәуірлерден Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік жариялағанына дейін Өзбекстанда тәрбие, білім беру мен педагогикалық ой-пікірлер, Өзбекстан Республикасында тәуелсіздік жарияланғаннан кейін білім беру жүйесі мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы және ең ежелгі дәуірлерден қазіргі күнге дейін әлем мемлекеттерінде тәрбие, оқыту және педагогика-

¹ Каримов И.А. Тарихий хотираст – келажак йук. – Т.: Шарк, 1998. – Б.8-9

лық ой-пікірлер деп аталған үлкен-үлкен үш тарауды қамтып алған.

«Кадрлар даярлаудың ұлттық программасында» білім беру процесін «жоғары дәрежедегі жалпы және кәсіптік мәдениетке, творчестволық және әлеуметтік белсенділікке, әлеуметтік-саяси өмірде өздігінен бағытты дұрыс ала білу шеберлігіне ие болған, келешектегі міндеттерді қою және оларды шешуге қабілетті кадрлардың жаңа ұрпағын қалыптастыруға» бағытталуы айрықша атап өтілген. Маман кадрлардың жеке басын тұтас түрде қалыптастыруға қойылатын талаптар, әсіресе, оқытушы кадрларды даярлау процесінде аса маңызды болып есептеледі. Себебі, оқытушы қоғамда барлық уақыт өзіне тән әлеуметтік, мәдени, рухани-адамгершілік және кәсіптік статусқа ие адам ретінде бейнеленеді. Кәсіби даму деп студенттердің кәсіптік қызметтің құндылығы, студенттің өзін осы қызметтің субъектісі ретінде сезінуі, өзін кәсіби жетілдіруі, сондайақ жұмыс қызметінен келіп шығып максаттарын жоспарлау және оған жетудің тәсілдерін меңгеруіне айтылады. Бұл кәсіптік қасиеттерді қалыптастыруда «Педагогикалық шеберлік» пәні ерекше маңызға ие.

Оқулықтың «Педагогикалық шеберлік» деп аталатын екінші бөлімінде педагогикалық ойлар және мектептер тарихында оқытушы шеберлігі мәселелері; педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері; педагогикалық қабілет, оқытушының коммуникативтік іскерліктері; қарым-қатынас мәдениеті және психологиясы, педагогикалық қарым-қатынас; педагогикалық такт және педагогикалық этика; педагогикалық техника және оны қалыптастыру методикасы; сөйлеу техникасы мен мәдениеті; оқытушы еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру; өзін-өзі тәрбиелеу және өз үстінде жұмыс істеу; озат педагогикалық тәжірибені жинақтау және тарату туралы мәселелер системалы және бірізді баяндалған

I БӨЛІМ

ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ

I ТАРАУ. ЕҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕРДЕН ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРИЯЛАҒАНЫНА ДЕЙІН (1991 Ж.) ӨЗБЕКСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МЕН ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ

I.1. «Педагогика тарихына» кіріспе. Алғашқы қауымдық құрылыста тәрбие

I.1.1. Педагогика тарихы пәні және оның міндеттері

Педагогика тарихы пәні тәрбиенің, тәрбие мәселелерімен айналысатын мекемелердің және педагогикалық теориялардың ежелгі дәуірлерден осы күнге дейінгі дамуын зерттейді. Педагогика тарихы адамзат мәдени өмірінің тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, пәнді үйренуде археологиялық қазба байлықтар мен фольклор, үкіметтің документтері мен қарарлары, азаматтық тарих пен философия, дін мен ұлы ойшыл-ғалымдардың трактаттары, әдебиет пен мәдениет тарихы материалдарынан, сондайақ, көркем шығармалардан дерек көз ретінде пайдаланылады.

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А.Каримов «Ўзбекистоннинг ўз истиклол ва тараққиёт йўли» шығармасында шын мәніндегі тәуелсіз Өзбекстанды құрудың міндеттерінің бірі «руханият пен адамгершіліктің тіктелуі, халықтың мәдени мұрасына құрметпен қарау»², деген еді. Осыдан келіп шығып айтар болсақ, қазіргі күнде Өзбекстанда халықтың өзін-өзі тануына, өткенін жете зерттеп үйренуіне мүмкіндік туды. Ғалымдардың алдында кезек күттірмейтін мәселелердің бірі – халықтың рухани мұрасын терең үйрену міндеті тұр.

²Каримов И. А. «Ўзбекистоннинг ўз истиклол ва тараққиёт йўли». -Т. 1. Ўзбекистон, 1992.

Педагогика тарихы пәнінің мақсаты – тәрбиенің, тәрбие мәселелерімен айналысатын мекемелердің және педагогикалық ой-пікірлердің ежелгі дәуірлерден осы күнге дейінгі дамуын системалы түрде үйретіп, болашақ оқытушылардың педагогикалық дүниетанымы мен творчестволық ойлау қабілеттерін қалыптастыру.

Педагогика тарихы пәнінің предмети – ең ежелгі дәуірлерден осы күнге дейінгі тәрбие, мектеп және педагогикалық ой-пікірлердің даму процесі.

Педагогика тарихы пәнінің міндеттері:

- болашақ мұғалімдерді өткен дәуірлерде өмір сүрген алдыңғы қатарлы педагогтар мен көрнекті ойшылдардың тәлім-тәрбие мәселесіндегі көптеген бағалы педагогикалық ой-пікірлерімен, идеяларымен таныстыру;

- әртүрлі тарихи дәуірлердегі тәлім-тәрбие беруді ұйымдастырудың түрлерімен, оқу-тәрбие мекемелерінің мақсат-міндеттерімен, білім берудің мазмұны және методтарымен таныстыру;

- әлемдік педагогикаға үлес қосқан шетелдік ғалым-педагогтардың педагогикалық ой-пікірлерімен, теорияларымен, идеяларымен таныстыру, сондай өркендеген мемлекеттердің білім беру жүйесіне шолу жасау;

- тәуелсіздік жылдарындағы Өзбекстанның білім беру жүйесімен, озат педагогикалық ой-пікірлерімен таныстыру;

- бұларды оқып-үйрену арқылы болашақ мұғалімдердің ұлттық санасын, педагогикалық ойлауын дамыту, педагогтық мәдениетін арттыру, оларды педагогтық қызметке дайындау.

Білім беру мен педагогика тарихы үш бөлімнен тұрады:

1. Ежелгі дәуірлерден Өзбекстан Республикасының тәуелсіздік жариялағанына дейін (1991 ж.) Өзбекстан халықтарының білім беру мен педагогика тарихы.

2. Өзбекстан Республикасында тәуелсіздік жарияланғаннан осы күнге дейінгі кезеңде білім беру мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы.

3. Әлемдік педагогика ғылымының дамуына шолу (ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін).

Педагогиканың даму тарихын кезеңдерге бөліп үйрену мәселесі әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ. Ғалымдардың бұл мәселе бойынша көзқарастары да әртүрлі. Педагогикалық ой-пікірлер мен тәлім-тәрбие мекемелерінің даму тарихы адамзат дамуы тарихымен тығыз байланысты болғандықтан біздің пікірімізше, Өзбекстан Республикасында оны төмендегідей кезеңдерге бөліп қарастыру дұрыс болады:

| | |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1-кезең | Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі тәрбие. |
| 2-кезең | Ежелгі дәуірлерден VII ғасырға дейінгі кезеңде Орта Азияда тәрбие, білім беру және педагогикалық ойлардың дамуы. |
| 3-кезең | VII ғасырдан XIV ғасырдың 1-жартысына дейінгі кезеңде Орта Азияда тәрбие, білім беру және педагогикалық ойлардың дамуы. |
| 4-кезең | XIV ғасырдың 2-жартысынан XVI ғасырдың соңына дейінгі кезеңде Орта Азияда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлардың дамуы. |
| 5-кезең | XVII-XIX ғасырдың бірінші жартысында Орта Азияда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлардың дамуы. |
| 6-кезең | XIX ғасырдың 2-жартысы – XX ғасыр басында Орта Азияда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлардың дамуы. |
| 7-кезең | 1917-1991 жылдарда Өзбекстанда мектеп пен педагогиканың дамуы. |
| 8-кезең | Өзбекстан Республикасында мемлекеттік тәуелсіздік жарияланғаннан кейін (1991 жылдың 1 сентабрінен) педагогика мен білім беру жүйесінің дамуы. |

1.1.2. Алғашқы қауымдық құрылыста тәрбие

Тәрбие – адам қоғамында ғана болатын қоғамдық құбылыс, адамдардың саналы әрекеті. Ол алғашқы қоғамдағы еңбек пен материалдық өмір процесінде пайда болды. Қоғам дамуының алғашқы кезеңінде адамдар табиғаттың дайын заттарымен қанағаттанды, аң аулаумен шұғылданды. Еңбек ету арқылы адамдық қоғам құрылды. Өмір сүру күрделене бастаған соң қара-

пайым еңбек құралдарын жасау керек болды. Ересектер жастарға еңбек құралын жасауды үйретті, яғни өз тәжірибелерін, іскерліктерін жасұрпаққа беріп барды.

Алғашқы қауымдық құрылыс шамамен 700 мың жылды өз ішіне алады.

Алғашқы қауымдық құрылыстың кезеңдері:

1. Ежелгі тас ғасыры – палеолит – 700/500 - 40/14 мың жылдық б.э.д.

2. Орта тас ғасыры – мезолит – 14/10 - 7/5 мың жылдық б.э.д.

3. Жаңа тас ғасыры – энеолит/неолит – 7/5 - 4/3 мың жылдық б.э.д.

4. Бронза ғасыры – бронза дәуірі – 3 мың жылдық б.э.д. – 1 мың жылдық б.э.д.

5. Темір ғасыры – темір дәуірі – б.э.д. 1 мың жылдық - б.э. 1 ғасыры.

Өзбекстанда ең алғашқы адамдар ежелгі тас ғасырында өмір сүргенін археологтар дәлелдеп отыр. Алғашқы еңбек құралдары Ферғана өңіріндегі Селүңгірден табылған. Бұл Орта Азияда палеолит дәуіріндеақ тәрбие жұмыстарының жүргізілгенін көрсетеді. Тас ғасырында адамдар от шығаруды, оны сақтауды ойлап тапты. Алғашқы адамдар қауым болып жасады, аңшылықпен, балық аулаумен және егіншілікпен шұғылданды.

Алғашқы адам болып қалыптаса бастаған **антропологиялық типтер** тастарды бір-біріне 7-10 рет соғып құрал жасаған болса, ал кейін **питекантроптар** тасты 20-30 рет соғып құрал жасаған.

Тәрбиенің қалыптасуында аңшылық үлкен роль атқарған. Аң аулау үшін жердің жағдайын, аңдардын әрекеттерін білу керек болды. Аңдарды аулаудың ұтымды жолдарын, керекті құрал-жарақты жасауды үйрену арқылы адамдардың психикасы дамыды.

Топ-топ болып жасаған адамдардың хайуандардан айырмашылығы сол, олар бірін-бірі қорғады, сыртқы жауға бірлесіп қарсы тұрды, өздерінің жол басшысының айтқанын істеді. Осыдан олардың адамгершілік қасиеттері қалыптаса бастады, өз тәжірибелерін жас ұрпаққа үйретіп отырды.

Алғашқы қауымдық құрылыстың ежелгі дәуірлерінен-ақ бала тәрбиесінде ойын, ойыншық үлкен мәнге ие болды. Бұлар арқылы балалардың ойлау дәрежелері дамыды, бірін-бірі тез түсінетін болды.

Питекантроптар бірнеше мыңдаған жылдар барысында дамып, жабайы тұрмыстан адамдық дәуірдің балалық кезеңіне өтті. Бұл кезеңдегі антропологиялық типтерді **синантроптар** (қытай адамы) деп атаймыз.

Синантроптарда ойлау операциялары дамыды. Олар элементар санау системасын ойлап тапты. Алғашқы кезеңде олар бір, екі сандарын білген. Бірді бір қолмен, екіні екі қолмен көрсеткен. Үштен жоғары сандарды көп деген белгімен көрсеткен. Санаудың екінші басқышы деп 3-тен 20-ға дейінгі сандарды менгеруді айтамыз. Үшінші басқышында санау үшін бармақтар пайдаланылған.

Синантроптар өз табыстарын бөлу үшін арифметикалық 4 амалды (бөлу, алу, қосу, көбейту) ойлап тапты.

Бұл дәуірде синантроптар етті пісіріп жеуді үйренді, нәтижеде адам қанының химиялық құрамы жақсарды, ми дамыды.

Қауымдасып өмір сүрген адамдар өзінің іс-әрекеті үшін қауым алдында жауапкер болды. Бұл жастардан жауапкершілікті, тәртіптілікті, өзара көмекті, жақсы менен жаманды ажырата білуді талап етті. Осылайша синантроптардың адамгершілік мінез-құлықтары дами бастады. Орта палеолит дәуірінде жерді мұз басты. Бұл адамдарды табиғат қиыншылықтарына төзуге, өз жағдайларын жақсарту үшін амалайла табуға мәжбүр етті. Синантроптар дене жағынан да, ақыл-ой жағынан да жетіле түсті. Сөздің пайда болуы арқылы олардың бет құрылысында өзгеріс пайда болды. Нәтижеде, бұдан 100 мың жыл бұрын жасаған **неандерталь** типіндегі адамдар пайда болды. Олардың ми көлемі қазіргі адамдардың ми көлеміне жақындасқанымен, қыртыстары әлі дамымаған еді. Осы дәуірде түсінікті сөйлеу, абстракт ойлау аздап дамыды.

Тілдің, сөздің пайда болуы нәтижесінде адамдар бала тәрбиелеу тәжірибелерін сөз арқылы беріп барды. Міне осы соңғы палеолит-мезолит дәуірінде антропосоциогенез нәтижесінде педагогикалық іс-әрекеттер пайда болды.

Адамдардың адамгершілік сезім-түсініктері пайда болды, әйел-қыздарды сыйлау, әйелдердің жақсы жаққа өзгеруіне себеп болды. Мысалы, өздеріне жеке индивид (ер) таңдады, қан араласуына тиым салынды, жыныстық қарым-қатынасты ретке келтірді. Бұл адамдардың морфологиялық құрылымын жақсартты, әдептілік мінез-құлқын дамытты.

Осылайша, адамның әлеуметтік субъект ретінде қалыптасуына үш түрлі жағдайды меңгеру себеп болды: 1) тіршіліктің материалдық жағын қамтамасыз ететін өндіріс тәжірибе тәсілдерін үйрену; 2) өндірісті қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар тәжірибесін меңгеру; 3) өндірісті қамтамасыз ететін рухани тұрмыс тәжірибелерін үйрену.

Рулық қоғамға дейінгі алғашқы қауымдық құрылыста жастардың білім алуы дегенде еңбек ету тәжірибелерін үйрену түсініледі. Жас балалар үлкендердің қарамағында болып, шаруашылыққа тиісті жұмыстарды үйренген. Балалардың балалық дәуірі 10-12 жасында тоқтап, өспірімдік кезінен аңшыларға қосылып аң аулаған.

Бұл дәуірде әрбір жыныстық үш түрлі жас ерекшеліктері болды: 1) балалар мен жасөспірімдер, 2) некелік қатынасқа жеткен және қоғамдық өмірге араласуға мүмкіндік алған ересектер, 3) рулық тайпаның барлық қоғамдық тұрмысына, шаруашылық жұмыстарына басшылық жасаушы қариялар.

Аналық рулық қоғамда адамдардың жынысқа және жасқа ажыратылуы еңбекпен тәрбиенің де жыныс пен жасқа ажыратылуына себеп болды.

I.1.3. Алғашқы қоғамның ыдырау кезеңінде тәрбие

Неолит дәуірі Орта Азия мен Қазақстанда б.э.д. 7–5 мың жылдықтарға тура келеді.

Бұл дәуірде жастарға тасты тегістеу, жылтырату, жер астынан шақпақ тастарды қазып алу өнері үйретілді. Шақпақ тастардан кетпен, пышақ, орақ, келі-келісап т.б. заттар жасады.

Неолиттің соңғы дәуірінде жіп иіру пайда болды. Жастар қойдың, ешкінің жүнінен жіп тоқуды, жіптен тор, тұзақ тоқуды меңгерді. Осылайша жастарға табиғаттың байлықтарын өз қа-

жеттеріне пайдалану үйретіліп, саналы әрекетке жетелеп отырылды.

Диханшылықтың, мал шаруашылығының пайда болуы, табиғат байлықтарын өз қажеттеріне қарай өндіру адамдардың әлеуметтік-экономикалық тұрмысын жақсартты, жамуды жеделдетті.

Жастарды тәрбиелейтін тұңғыш тәрбие мекемелері – «**жастар үйі**» ашылды. Мұнда қыздарға бөлек, ұлдарға бөлек дәстүрлер үйретілді, діни және әдептілік тәрбиесі, жеке гигиена бойынша насихаттар берілді.

Қоғамның даму барысында адамдар есте сақтау, ой-пікірді жеткізу үшін түрлі амал-тәсілдер ойлап тапты. Мысалы, орамалдың ұшын түйіп қою, символикалық заттарды пайдалану. Бұл әрекеттерді «**мнемоника**» деп атайды. Мнемониканы хабар беруде де қолданған, мұны «сөзсіз хат» деп атайды.

Бұдан кейін **пиктографиялық** жазулар (суретті жазу) пайда болды. Пиктографиялық жазудың екінші басқышы **идеографиялық** (графикалық белгілер белгілі бір уақиғаны көрсетеді) жазуға ұласты.

Б.э.д. 4-мыңжылдықта бұлардан да күрделірек **иероглиф** жазуы (бір ұғымды белгілейтін сурет белгісі) пайда болды.

Иероглифтің дамуы **әріпті жазудың** пайда болуына негіз қалады. Иероглиф негізінде б.э.д. 2-мыңжылдықта қалыптасқан арамей, авесто, грек жазулары шығыс халықтарының финикий жазуы негізінде жүргізілген.

Неолит дәуірінде табиғат туралы ғылым, медицина, фармакология туралы ғылымдар пайда болды. Бұл ғылымдардан элементар білім беретін алғашқы мектептер ашылды.

Аналық-рулық қоғамның ыдырау кезінде, яғни б.э.д. 5–3 мыңжылдықта Орта Азия мен Қазақстанда мысты, бронзаны, темірді пайдалана бастады. Бронзадан қаружарақ жасады. Еңбек құралдарының түрі көбейді. Жастарға теміршілік, зергерлік өнерлері үйретілді. Сауда-сатық істері пайда болды. Кемелер жасады, ат, түйе жегетін арбалар істеді.

Өндіріс күштерінің дамуы еңбектің жынысқа бөлінуін жеделдетті. Темір өндіру, мелиорация, ирригация, диханшылық мал шаруашылығы ер адамдардың еңбегіне айналды. Әйел

үй шаруашылығымен ғана шұғылдана бастады. Матриархаттық қоғам патриархаттық қоғамға айналды.

Жеке жанұя, жеке меншік пайда болды. Қоғамда билеуші топтар: жрецтер, көсемдер, ақсақалдар пайда болды. Олар еңбекке баулу тәрбиесінен білімге үйрету тәрбесін бөле бастады.

Осылайша, Орта Азияда б.э.д. I-мыңжылдықта алғашқы мемлекеттік белгілер пайда боды. Құлдар мен құлиеленушілер арасында дене еңбегі мен ой еңбегі бөлінді. Құлиеленушілер өз балаларына иероглифтік және алфавиттік жазуларды, астрономияны, табиғи ғылымдарды, арифметиканы, геометрияны, медицинаны, географияны т.б. ілімдерді үйретті.

I.1.4. Адамгершілік мінез-құлықтың қалыптасуы және оны пайдалану

Алғашқы қауымдық құрылыстың бастапқы кезеңдерінде-ақ питекантроптар мен синантроптардың тату жасауы үшін барлығы мақұлдаған тәртіп пен мінез-құлық нормалары зәру болды.

Жастарды әділеттікке үйретті. Себебі, тапқан азықтарын тең бөлу керек еді. Сонымен бірге істеген тәртіпсіздіктері, қылмыстары үшін жазаланды.

Еңбек арқылы әрбір индивид қауымның ішінде абыройға ие болды. Сондықтан еңбек ету индивидтің ішкі қажеттілігіне айналды. Адамгершілік мінез-құлық пайда болды, оны бұзғанда өкінетін аруждан сезімдері оянды.

Тіл, сөз қатынастары арқылы бала тәрбиелеу тәсілдері дамыды. Жазу-сызуды үйренуге ұмтылды. Жастар бастапқы білімдерді үйрену арқылы ақыл-ойын жетілдірді. Адамгершілік мінез-құлықтар мазмұнға ие болып, жастар үлкендердің айтқандарын орындайтын болды.

Тәрбие нәтижесінде адамдар өздерін субъект ретінде танып біле бастады, өзін-өзі тәрбиелеу пайда болды.

Қауымдық құрылыста этникалық топтар – халық пайда болды. Халықтың пайда болуы аймақ, тіл, мәдениет тұтастығын, халықтың тәлім-тәрбиелік дәстүрін, халық педагогикасының қалыптасуын пайда етті.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Педагогика тарихы қандай ғылым? Оның міндеттері қандай?
2. Педагогика тарихы пәнінің предметі туралы айт.
3. Алғашқы қауымдық құрылыста тәрбиенің пайда болуына қандай жағдай себеп болды?
4. Алғашқы қауымдық құрылыста антропологиялық типтер өздерінің ұрпақтарын қалай тәрбиеледі?
5. Алғашқы тәрбие мекемелерінде жастарға не үйретілді?
6. Алғашқы мектептер қашан пайда болған?
7. Адамгершілік мінез-құлықтардың жастар тәрбиесіндегі орны қандай?

I.2. Ежелгі дәуірлерден VII ғасырға дейінгі кезеңде Орта Азияда тәрбие, білім беру және педагогикалық ойлар

I.2.1. Орта Азияда ежелгі дәуірлерден VII ғасырға дейінгі дәуірде тәрбиенің дамуына шолу. Соғды, Бактрия, Хорезм мемлекеттерінде тәрбие және оқыту

Бронза дәуірінің соңы мен темір дәуірінің басында Орта Азияның ауыл ынаруашылығымен айналысатын Бактрия, Соғды, Хорезм жерлерінде құлиеленушілік қоғам пайда болды. Бірақ бұл жерлердегі құлдық қоғам классикалық құлдық түрлерінен айырмашылық жасайтын еді. Құлиеленушілік бүкіл әлеуметтік-экономикалық, мәдени өмірді қамтыған антикалық емес, тек жериеленушілік формасында ғана көрініс тапты.

Бактрия, Соғды, Хорезмде жергілікті жазу өнері дамыды, білімді адамдар көп болды. Олар суару, егін егу кезеңдерін білді, каналдарды құру техникасын білді. Бұл жерлерде ауылшаруашылық календарлары ежелден қолданылатын еді.

Соғды (Сугут, Согдиана) – қазіргі Тәжікстан және Өзбекстан республикалары аймақтарындағы Зерафшан және Қашқадария өзендерінің алабында орналасқан ежелгі тарихи аймақ. Орталығы Марқанд (Самарқанд) қаласы болды. Б.э.д. VI-IV ғасырларда Ахемен мемлекетінің құрамына кірді.

Согдианада бала 5 жасқа жеткеннен кейін жазу және арифметика үйретілді, ержеткеннен кейін ұзақ елдерге сауда істерін үйренуге жіберді. Сауда ісі жақсы дамығандықтан, ақша жүйесі де дамыды. Мақта, жібек маталар тоқу дамыды, алтын-күмістен, басқа да қымбат металдардан нақышты зергерлік бұйымдар жасау өнері дамыды. Осылардан қорытынды шығаратын болсақ, балаларды жас кезінен еңбек пен өнерге тәрбиелегенін, оларға дене тәрбиесі мен сұлулықты сезінуді үйреткенін көреміз.

Хорезм – Әмударияның төменгі ағысында орналасқан тарихи өлке. Хорезмнің ең ежелгі археологиялық ескерткіштері неолит дәуіріне жатады. Әмударияның ежелгі Ақшадария атырауы аумағынан аңшылар мен балықшылардың қоныстары табылған (б.э.д. 4–3 мыңжылдықтар). Энеолит дәуірінде (б.э.д. 2-мыңжылдықтың басы) бұл жерлерді мекендеген халықтар қарапайым суармалы егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналыса бастаған.

Жергілікті және сырттан енген көркемдік элементтер негізінде б.э.д. IV–III ғасырларда Хорезмде өзіндік көркем мәдениет қалыптасты. Б.э.д. VI ғасырдың соңында Хорезмде өте тамаша скульптура мен живопись үлгілері табылған. Бұл өнер мектептерінің болғандығын дәлелдейді. Балаларға колөнерден басқа арифметика, оқу, жазу үйретілген.

Бактрия (Бактриана, Бактра) – біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықта Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Аумағы қазіргі Тәжікстанның батысын, Өзбекстанның Сұрхандария облысы мен Түрікменстанның шығыс өңірін, Ауғанстанның солтүстігін қамтыған. Халқы негізінен егіншілікпен айналысқан. Бактрияда ірі қалалар, дәрiсханалар, ғибадатханалар көп болған. Сол үшін ол «мың қала мемлекеті» деп аталған.

Б.э.д. I мыңжылдықтың орта кезінде-ақ, ірі елді мекендер мен қалалар болды. Оларда колөнер жақсы дамыды. Қала тұрғындары тоқымашылықпен, қыш құмыра жасаумен, ұсталық-

пен айналысты. Әсіресе, зергерлік өнері, сәнді бұйымдар жасау ісі жоғары дәрежеге жетті. Бактрияда дамыған қалалық өмір болды. Қолөнер кәсібі жетіле түсті. Сауда дамыды. Қала көшелерінде қолөнер шеберханалары қатарласа орналасты. Шеберлер алтын мен күмістен, әр түрлі металдардан, көктастан (лазурит) сәндік бұйымдар, еңбек құралдары мен қару-жарақтар жасады. Қыш құмыра жасаушылар, тоқымашылар, аспаздар, шарап және гүл сатушылар еңбек етті. Бактрияда ақша қарым-қатынасы жақсы дамыды. Мәдени өмірінде музыкалық аспаптар ерекше орын алды.

Б.э.д. VII–VI ғасырларда Орта Азияда өзбек, қазақ, қырғыз, каракалпақ, түрікмен халықтарының арғы аталары сақ-массагеттер жасағаны бізге тарихтан мәлім.

Сақ-массагеттер Әмудария мен Сырдарияның аралығындағы Қарақұм, Қызылқұм жерлерінде жасады. Олар бұл жерлерде қалалар салды, каналдар қазды. Мал шаруашылығы, ауылшаруашылық, қолөнер, сауда жақсы дамыды. Жастарды кәсіпке, өнерге үйретті.

Әмударияның жоғары ағысы мен Ауғанстанның сыртқы жағындағы Бактрия, Әмударияның орта ағысы мен Қашқадария төңіректеріндегі Соғды, Әмударияның құяр тұсы мен Арал теңізі территорияларындағы Хорезм мемлекеттерінде жастарға әдепті мінез-құлық тәрбиесімен қоса, ерлік, батырлық, әділеттілік, достық тәрбиесін беруге көп көңіл бөлген. Ұлдарды да, қыздарды да бірдей жаудан қорғануға керек болатын әскери тәрбиеге үйреткен. Сондықтан да Тумарис сынды қол бастаған ержүрек қыздар түркі халықтарының тарихында көп болған.

Бұл мемлекеттерде сауат үйрететін халық мектептері пайда болды, қалаларда өнер мектептері дамыды.

Сосонийлер мемлекеті тұсында өнерді бала тек әкесінен үйрену керек деген бұйрық шығарылды. Әскеридене тәрбиесімен әскери адамдар ғана шұғылданатын болды.

Орта Азия халықтарының құлиеленушілік тұсындағы әлеуметтік-этикалық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары зороастризм дінінің қасиетті «Авесто» кітабында бейнеленген.

Б.э.д. VI ғасырда Орта Азияда парсылар билік жасады. Ал б.э.д. IV ғасырда Орта Азияны Александр Македонский басып алды. Б.э.д. II ғасырдың ортасында Орта Азияда Грек-Бактрия мемлекеті құрылды. Б.э.д. I ғасырдан б.э. IV ғасырына дейін Орта Азия Кушан-Бактрия хандығының құрамында болды.

V ғасырда Орта Азияда ірі Эфталит мемлекеті құрылды, бірақ 563–567 жылдары түрік натистері бұл мемлекетті құлатты.

Жоғарыда айтылған дәуірлердегі Орта Азия халықтарының мәдени өмірі ежелгі Бактрия, Эллинистика, сақтар және Индия мәдениетін өз ішіне алған синтетикалық характерге ие.

1.2.2. «Авесто» – ежелгі дәуірдің мәдени жазба ескерткіші

Б.э.д. VII–VI ғасырларда Орта Азияда ең ежелгі діндердің бірі – **зороастризм** діні пайда болды. Зороастризм діні бірінші орынға адамды қойды. Сондықтан да оның адамзат тарихында алатын орны үлкен.

Зороастризм дінінің қасиетті кітабы **«Авесто»** 21 бөлімнен тұратын үлкен кітап болған. Бірінші 7 бөлімінде дүниенің жаратылуы және адамдардың туылуы туралы баяндалған. Екінші 7 бөлімі адамгершілік қасиеттер, әдептілік, тәлім-тәрбие және діни дәстүрлерге арналған болып, ал үшінші 7 бөлімі табиғат ғылымдарына, әсіресе медицина мен астрономияға арналған.

«Авесто» бізге толық жетіп келмеген. Александр Македонскийдің, одан кейін арабтардың жаулап алуы тұсында бұл кітап жағып жіберілген. Қудаланған «Авестоны» тығып жүріп, оның жанашырлары ¼ ғана бізге дейін аман жеткізіпті. Бізге дейін жеткен, 1324 жылы көшірілген соңғы нұсқасы қазір Копенгагенде сақталады.

«Авесто» оннан солға қарай жазылған. Кітап 48 алфавитті қамтыған авесто тілінде жазылған.

«Авестоның» бізге жетіп келген тараулары:

«**Ясна**» – 72 бабтан тұрады. Мұнда «Авестоны» мақаммен оқуға үйретеді, әртүрлі дұғаларды өлең түрінде айтуға үйретеді.

«**Виспарат**» – 24 бабтан тұрады. Бұл да діни өлеңдерді оқуға үйретеді.

«Яшта» – 22 бабтан тұрады. Құдайды, зұлымдыққа қарсы күштерді мадақтайтын өлеңдерден тұрады.

«Видевдат» – 22 бабтан тұрады. Бұл тарауда жақсылық құдайы Ахурамазда мен жауыздық құдайы Архиман туралы айтады.

«Кіші Авестода» құдайларға айтылатын дуалардың мәтіндері берілген.

«Авестода» балаларды оқыту мен тәрбиелеу мыналарды қамтиды: а) діни және адамгершілік тәрбиесі; ә) дене тәрбиесі; б) оқу мен жазуды үйрету.

Діни тәрбие балаға 7 жастан берілген.

Отқа табынушылардың қасиетті кітабы «Авесто» өз дәуірінің діни қағидаларын, мифтерін, философиясын, саясатын, тарихын, психологиясын, педагогикасын, медицинасын, фольклорын қамтыған энциклопедиялық шығарма болғандықтан, біз үйреніліп жатқан дәуірді осы кітаптың бізге жетіп келген тараулары арқылы ғана білеміз. Себебі, Орта Азияға қайта-қайта жасалынған шабуылдардың, басып алулардың кесірінен исламға дейінгі барлық жазба естеліктер, архитектуралық ескерткіштер, басқа да мәдени мұралар жойылып кеткен.

Зороастризмде балалардың дене тәрбиесіне, тазалық-гигиенасына аса көңіл бөлінгені туралы, оларды ерте жастан еңбекке баулығаны туралы айтылады.

«Авестода» жан-жақты жетілген адамды тәрбиелеу үшін балалардың ақыл-ойын, адамгершілік сезімдерін, еңбексүйгіштігін дамыту және тәрбиелеу керек дейді.

Кітапта жерге, табиғатқа құрметпен қарау, оны аялап-баптау мәселелері қарастырылады. Демек, отқа табынушылар экологияны сақтау ділгірліктерін өте жақсы түсінген.

Зороастризмде ағарту мен білімге де аса көңіл бөлінген. Баланың ілім-білім алуына жағдай жасаған. Оқытушылар қоғамның рухани жетекшілері ретінде бағаланған. Олар мектепте кіші жастағы балаларды оқытуда көрнекі құралдардан, сондай-ақ, әңгіме, сұхбат методтарынан пайдаланған.

«Авестода» туысқандардың өзара некеге отыруына қарсы болады. Семейлік тәрбиеге, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлініп,

көп балалы (3 баладан артық) жанұяларды мемлекет қарамағына алған.

«Авестода» адам өзін ұрлық, қастандық, зинақорлық сияқты пәлекеттерден аулақ ұстауын мәслихат береді. Көршілермен, өзге ел халықтарымен тату жасауға шақырады.

Арабтар басып алғанға дейін «Авесто» бала тәрбиесінде оқулық қызметін атқарды.

I.2.3. Халық ауыз әдебиетінде халық педагогикасының басталуы

Орта Азияның мәдени даму тарихында педагогикалық ойлар маңызды орын алады. Бұған қазақ халық педагогикасы мысал бола алады. **Халықтық педагогика** – тәрбие жөніндегі халықтың білім-тәжірибесі. Халық педагогикасының үлгілеріне халық ауыз әдебиеті, этнографиялық материалдар, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар т.б. жатады. Халықтың тәрбие жөніндегі ойлары, сенімдері ғасырлар бойы жинақталып, жоғарыдағыларда көрініс тауып, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп отырған.

Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой-пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы болып саналады.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой-толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс-термелерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақ-жанылтпаштар мен ән-күйлерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, дене, жанұя тәрбиесіне байланысты мәселелер болып саналады.

Қазақ халқы балаға бесікте жатқан күнінен ақ тәрбие берген. Тәрбиенің басты құралы «бесік жыры» болған. Баланың дені сау болып өсуі үшін тән тәрбиесін бере білген, тазалыққа аса назар аударған. «Тәні саудын – жаны сау» деп білген халқымыз көшіп-қонып жүрсе де, сулы, нулы, таза жерлерге үй тіккен. Үйішін, төсекорнын өте таза ұстаған. Дене тәрбиесіне аса мән бергенін қазақтың мынадай нақыл сөзінен білсек те бола-

ды: «бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық...».

Балаларды жас кезінен еңбекке баулығанын, еңбексүйгіштікке тәрбиелегенін «Еңбексіз өмір – сөнген көмір», «Еңбек түбі – береке» деген мақал-мәтелдерден көрсек болады. Әкесі мен атасы ұлдарды мал бағуға, аң аулауға, қолөнер шеберлігіне үйретсе, ал әжесі мен анасы үйшілік жұмыстарды, тамақ пісіруді, киім тігуді, өрмек тоқуды қыздарына үйретіп отырған.

Өнердің пайдасы туралы айтылатын ертегі-аңыздар қазақ халқында толып жатыр. Соның бірі – ертеден келе жатқан «Ер Төстік» ертегісі.

Балалардың ақыл-ойын жетілдіру үшін қазақ халқы балаларына жұмбақ-жанылтпаштар үйреткен. Ойынсауық кештерінде айтысқа түскен жастар өздерінің тапқырлығын, байқағыштығын, өнерін көрсетіп отырған. Жастардың ақыл-ойын ширатуда шешендік сөздердің, ән-күйдің, жұмбақ айтыстардың орасан зор мәні болды. Сондай-ақ дидактикалық ойындар да (бес сауақтың атын айту, лезде он қыздың яки он батырдың атын атау т.б.) ақыл-ой тәрбиесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерінен бірі болды.

Қазақ халқы балаларға жас кезінен әдепті мінез-құлықты, адамгершілік қасиеттерді сіңіруге әрекет етті. Мұнда халқымыз ертегілерден, мақал-мәтелдерден орынды пайдаланған. Мысалы, «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала» т.б. мақал-мәтелдер. Халық өзінің салт дәстүрлері арқылы да жастарды инабаттылыққа, ізгілікке тәрбиелеп отырған. Қазақта үлкеннің алдын кесіп өтпеген, келін қайын жұртындағылардың атын атамаған, жолға шығар жолаушы үлкендерден бата алған т.б. Қазақтың ырымдары, тиым салулары да тәрбиелік қызмет атқарған.

Жастарды ерлікке, отансүйгіштікке тәрбиелейтін дастан-жырларды үлкендер ай сәулесімен айтып отырған. Қазақтың өлең-жырларды жатқа айтқыштық жақсы қасиеті ұқпа құлақ балаларға үлкен мектеп болды десек жаңылыспаймыз. Бізге дейін жетіп келген небір жыр-дастандар, ертегі-аңыздар ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жетіп отырған. Мыңдаған жылдар өз

тындарманын ержүрек, батыл етіп тәрбиелеген. Сондықтан да жерімізді жаудан қорғауда ездiк танытып, құл болмағанбыз.

I.2.4. Ежелгi түркi жазба ескерткiштерiндегi тағылымдар

Түркi халыктарының ең ежелгi жазба ескерткiштерiнiң бiрi – «**Орхон-Енисей жазба ескерткiштерi**». Орхон-Енисей ескерткiштерiне Монғолияның Орхон өзенi маңайларынан табылған тастағы жазулар жатады. Олар: Бiлге қаған, Күлтегiн, Тоныкөк, Онгин, Суджа, Құлы-шора, Мойын-шора ескерткiштерi. Ескерткiштер VI–VII ғасырлардағы түркi ру-тайпаларының iргелi елi – Түркi қағанатының тұсында жазылған. Түркi құлпытасты «бiтiг тас», яғни «жазба тас» деп атаған. Бұл тас жазуларының табылу тарихын, жазба ескерткiштердiң әдеби-тарихи құндылығын В.Томсон, Р.Радлов, С.Е.Малов, С.Г.Кляшторний, Х.Орхун, И.В.Стеблева, Т.Текин, Нажиб Осим, Г.Айдаров, А.Рустамов, Ф.Абдурахмонов, Н.Рахмонов сияқты ғалымдар үйренген.

Бұл тас жазуларында V–VIII ғасырларда Орталық Азия территориясында болған тарихи оқиғалар бейнеленген. V–VIII ғасырларда Монғолиядан Каспий теңiзiне дейiн, Кавказ тауларынан Дон өзенiне дейiнге аралықты Түркi қағанаты дейтiн мемлекет алып жатты. VII ғасырдың басында Қағанат Батыстүркi және Шығыстүркi болып екiге бөлiндi. Жетiсу, Орта Азия Батыстүркi қағанатына кiрдi.

Түркi қағанатында түркiлер – қазiргi қазақ, өзбек, қырғыз, қарашай, қарақалпақ, ноғай, ұйғыр, татар, саха, хакас, әзербайжан, түркi, түркiмен, құмық, авар, балқар, башқұрт сияқты тiлi ұқсас, түркi тiлдерiнде сөйлесетiн ұлт пен ұлыстар өмiр сүрген.

Батыс түркi қағандығы аварларды батысқа ығыстырып, Едiл, Жайық бойын өзiне қаратты. Бiлге қаған мен оның iнiсi Күлтегiн осы ұлан-ғайыр қағанаттың тәуелсiздiгiн Қытай империясының шабуылынан қорғап келдi. Осы кезеңнiң саяси-қоғамдық, әдеби-мәдени өмiрiн баяндайтын жазба ескерткiштердiң бiрi – «Күлтегiн», «Бiлге қаған», «Тоныкөк» дастандары.

Жазба ескерткiштердегi өсиет сөздердi Бiлге қаған iнiсi Күлтегiн қайтыс болғаннан кейiн, оны өмiрлiк есте қалдыру

үшін өз ағайыны Иоллыгтегінге жаздырады. Автор түркілер тарихын олардың саяси аренаға шыққан кезі – VI ғасыр ортасынан бастап, 200 жылдық тарихты сөз етеді.

«Күлтегін» ескерткіші екі бөлімнен («Кіші Күлтегін», «Үлкен Күлтегін») тұрады. Бірінші бөлімінде түркі тарихы, екінші бөлімінде ел өсиеті бітілген.

Күлтегін ежелгі түркілердің жаужүрек, қайсар, жауынгер ұлы болған. Ал Тоныкөк талай қанды жорықтардың куәгері, үлкен өнер иесі, ойшыл-философ, халық дипломатиясының білгірі болған. Тас жазуларда ерлік пен ездік, соғыс пен бейбітшілік, құлдық пен тәуелсіздік, тәлім-тәрбие, тұрмыс-салт мәселелері баяндалады. Құлпытастағы жазуларға назар аударайық: «Бізге жеңіс әперген жерсуымыз – Отанымыз деп білу керек... Су ағысы тартылса – жас жапырақ қурайды, адамдардан күш кетсе – жат кісіге бағынады... Аштықта тоқтықты түсінбейсің». Құлпытастарда осы іспеттес жас жеткіншектерді елін, халқын сүйуге, ұнамды әдет-ғұрыптарға баулу, зеректік пен ойшылдыққа, батылдық пен тапқырлыққа тәрбиелеу мәселелері сөз болады. Сондайақ, құлпытастарда қырғыз, ұйғыр, оғыз, тоғызбағыз, соғды, карлұқ сияқты көптеген ұлт пен ұлыстың, ру мен тайпаның аттары кездеседі. Тас жазуларда осы аты аталған түркі тайпаларының арасында болған қырғын соғыстар да баяндалған. Өзара келіспеушіліктер мен мансапаққа таласулар досты дұшпанға, туысты жатқа айналдырады. «Күлтегін» тасжазуында бұл мәселе *«Жоғарыдан тәңірі баспаса, Төменде жер айрылмаса, Ей түркі халқы, байлығыңды, мемлекетіңді кім бұзды?»* деген жан айқайымен сұралынады. Сұраққа жауапты *«Тоныкөк»* жырынан табамыз. Онда былай дейді: *«Тоғыз оғыз халқы – өз халқым еді. Көк бен Жердің ашуынан ол халық бізге жау болды»*. Өзара бақталастық, тақталастық ағайын-туғанды ғана емес, ел мен елді де жауластырды. Сөйтіп, ұлы Тұран мемлекеті іштей бытырап, бөлініп кетті.

Тасқа қашап жазылған жазулардың мақсаты тәні бір, жаны бір түркі халықтарының бір-бірімен жауласуы мемлекеттің іштей ыдырауына әкелетінін көрсету болды. Ешкімге тәуелді болмай өмір сүрген ата-бабаларымыздың жолын қуып жасауды

насихат еткен бұл жазулар түркі халқын ауызбірлікке, сақтықтыққа, отансүйгіштікке шақырады.

Қасиетті түркі бабаларымыздан жетіп келген бұл жазулар әлі күнге дейін тәлімдік мәнін жоғалтпай келген аса құнды педагогикалық мұраларымыздың бірі болып есептеледі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Бактрия, Соғды, Хорезм мемлекеттерінде тәрбие мен оқу туралы айт.
2. «Авесто»ның тәрбиелік мәні қандай болды?
3. Халықтық педагогика дегеніміз не?
4. Халық педагогикасының үлгілеріне нелер жатады?
5. Халықтық педагогиканың бастауы болған халық ауыз әдебиетінің тәрбиелік мәні туралы айт.
6. «Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің» тәрбиелік мәні қандай?

I.3. VII ғасырдан XIV ғасырдың бірінші жартысына дейін тәрбие, мектеп және педагогикалық ой-пікірлердің дамуы

I.3.1. Исламның жайылуы және оның тәрбие мен оқытуға әсері. Мұсылман мектептері системасының пайда болуы және онда білім беру мен тәрбиелеу мазмұны

VII ғасырда Таяу және Орта Шығысты, сондайақ Орта Азияны арабтар жаулап алды. Арабтар ислам дінін тарату мақсатында басып алған жерлерінде діни мектептер ашты. Бұл мектептерде сабақ араб тілінде жүрді, ислам дінін уағыздайтын пәндер оқытылды.

Араб басқыншылары басып алған жерлерінің ғылыми, тарихи, мәдени және рухани байлықтарын талқандады, озық ойлы ғалымдарын, данышпандарын қуғындады, кітаптарды өртеді, соғды жазуын жойды.

Бірақ, арабтардың жойқындық саясатынан Орта Азия халықтарының цивилизациясы түгелдей жоқ болып кетпеді. Бірте-бірте ауыл шаруашылығы, сауда және колөнер қалпына келді. IX ғасырда Орта Азияның мәдени өмірі өркендей түсті.

Әсіресе, араб халифатының орталығы Меккеден Дамаскіге, одан Бағдатқа көшірілуі ғылымның дамуына үлкен септігін тигізді. Бағдат халифтары Әл-Мансур (754–776), Харон Рашид (786–833), әл-Мамун (813–833) обсерваториялар, «Даналық үйін» салдырды. Әл-Мамун «Даналық үйіне» мемлекеттік сипат берді.

Шығыс академиясы атанған «Даналық үйіне» көптеген елдердің ғалымдары шақыртылды. Греция, Индия, Сирия, Қытай елдеріндегі ғылыми әдебиеттерді алдырып, араб тіліне аударды. Осылайша Шығыс Гиппократтың, Платонның, Аристотельдің, Архимедтің т.б. ғалымдардың ғылыми мұраларымен танысты.

Аудармашылық өнері Шығыс ғылымының дамуына, Еуропаның Шығысты танып білуіне игі ықпал етті.

Бағдат обсерваториясы мен «Даналық үйінің» ғылыми жұмыстарына ұйтқы болған ортаазиялық ғалымдар Мухаммад Хорезми, Ахмед Ферғани, Ғаббас Жаухари, Ахмед Мервази т.б. дүниежүзілік маңызы бар ғылыми жаңалықтар ашты.

Орта Азияда ғылымның дамуына 1010 жылы Үргеніште ашылған «Мамун академиясының» маңызы зор болды. «Байтул хикма» деп аталатын бұл ғалымдар үйінде Беруни, ибн Сина, Мискавайх, ал-Масихи сынды энциклопедист ғалымдар еңбек етті.

Исламды зорлап енгізу арқылы араб тілі тек мұсылман мектептерінде ғана емес, жергілікті аристократтардың арасында да қолданыла бастады. Барлық діни және хұқықтық әдебиеттер, ресми қағаздар араб тілінде жазылды. Араб тілін білмеген адам төрелік жұмысқа тағайындалмады. Сөйтіп, Орта Азияда араб тілі ресми тіл дәрежесіне жетті.

1.3.2. Діни кітаптардың тәрбиелік мәні. Құранды қасиетті этикалық-философиялық шығарма ретінде үйрену. Хадис ілімінің пайда болуы

Ислам дінінің өз алдына қойған мақсатының бірі адал, әділ, енбекшіл, мейірімді, саналы, білімді мұсылман адамын тәрбиелеу болды. Ислам адамның орындау керек болған іс-әрекеттерін 5 категорияда белгілейді.

1. Парыз – орындалуы керек болған іс-әрекеттер.

2. Мандуб (сүнет) – міндетті емес, бірақ мақұл деп есептелінген іс-әрекеттер.

3. Мубох – ерікті іс-әрекеттер.

4. Макрух – орындалмауы керек болған іс-әрекеттер.

5. Арам – мүлде тиым салынған іс-әрекеттер.

Бұл «нормалардың» қай дәрежеде болуы қасиетті «Құран» және хадистерде жазылған.

Мухаммад пайғамбардың пікірінше, адамзат ұлты, нәсілі, дәулетіне қарамастан өзінің табиғатына сай мейірімді, кең пейілді болуы керек.

Исламның дүниелік дін ретінде жайылуы және басқа майда діндердің орнын басуының ролі зор болды. Өйткені бұл дінде басқа діндердің жақсы қасиеттері өз көрінісін тапты. Ислам дінінің 114 сүре және 6632 аяттан тұратын қасиетті кітабы «Құранда» әдептілік, имандылық, адамды бірінші орынға қою, қоғамға қызмет ету, жанұяны берік сақтау, ата-анаға құрмет мәселелері баяндалған. VIII ғасырдың соңына қарай Орта Азияда ислам дінінің үзілді-кесілді орнауы, әр бір мұсылманның «Құран» сүрелерін жатқа білуін міндетті етіп қою – адамдардың рухани дүниесін тазартты, мұсылмандық әдептілікті, мінез-құлықты, іс-әрекетті қалыптастырды.

Ислам дінінің Орта Азияда ресми дін дәрежесіне көтерілуінен бастап жас ұрпақ тәрбиесі ислам діні негізінде жүргізілді.

Хадис – Ислам дінінде «Құраннан» кейін тұратын қасиетті кітап. Хадисте Мұхаммед пайғамбарымыздың әдепті мінез-құлық және мұсылман қауымының моралдық нормалары туралы айтқан өсиеттері мен тұжырымдары жинақталған.

Хадистер әуелі ауызша тарап, VIII–IX ғасырларда қағазға түсіріле бастаған. Бұл дәуір хадис ілімі үшін «алтын ғасыр» болды.

Аллахтың елшісі Мұхаммед пайғамбар хадистерді жазып баруға тыйым салған еді. Себебі адамдардың хадистерді Құран аяттары деп ойлауынан қауіптенген. Мұхаммед пайғамбардың аузынан естіген хадистерді тек оның сахабалары жаттап алып отырған. Уақыт өте келе хадистерді жатқа білушілер азайып кетті. Сондықтан халифтер хадистерді топтауға бұйрық берді. Хадистерді топтап жазушы **мухаддистер** көп болды. Мағлұматтарға қарағанда, VIII–XI ғасырларда 400 ден аса мухаддис хадис ілімімен шұғылданған.

Ислам әлемінде ең сенімді, беделді деп саналатын алты Хадис жинағы бар. Бұл хадистерді топтағандардың барлығы біздің отандастарымыз. Ислам дінімен шұғылданатын ғалымдар алты кітапты төмендегілер деп көрсетеді:

1. Имам Исмаил әл-Бухаридің «Ас-сахих» жинағы.
2. Имам Муслим ибн әл-Хажжождың «Ас-сахих» жинағы.
3. Имам ибн Можжаның «Суннан» жинағы.
4. Имам Абу Дәуіт Сижистанидің «Суннан» жинағы.
5. Имам ат-Термизидің «Ал-жомеь ул-Кабир» жинағы.
6. Имам Ахмад ан-Насоидің «Суннан» жинағы.

Хадистерді жинақтаудан үш бағыт пайда болды.

1. «Мускад» бағыты. Мұнда әртүрлі тақырыптағы хадистер алфавит тәртібінде орналастырылған.

2. «Сахих» (сенімді) бағыты. Бұл хадистер ең сенімді, тура деп са-налады. Бұған негіз қалаған Имам Бухари болды.

3. «Суннан» бағыты. Бұл бағыттағы хадистерде сенімді, тура хадистермен бірге «әлсіздеу» хадистер де бар. Абу Дәуіт, ат-Термизи, ан-Насоидің, ибн Мажжалар осы бағыттағы хадистерді топтаушы мухаддистер саналады.

Дидактикалық сипаттағы хадистер адамдардың барлығы теңдікте, татулықта, еркіндікте өмір сүруі керек, қоғамды әділетті басқару керек деген идеяны көтеріп шықты.

Мысалы, 402-хадисте былай дейді: «Ешбір мұсылман адамының екінші бір мұсылман адамымен үш күннен артық сөйлеспей жүруі дұрыс емес».

Хадистер қоғамның әр бір мүшесінің білімді болуын үгіттейді. Ілімсіз қоғамда надандық, жауыздық, қулық-сұмдықтың өмірлігі жүреді дейді.

Хадистер, жоғарыда айтылғандай, адамзаттың рухани жетілуі туралы ой-пікірлерден тұрады. Егер, хадистерде көрсетілген іс-әрекеттерді, мінез-құлықтарды өз бойына сіңірсе, онда ол адам нағыз иманды, ынсапты, әділетті, ақылды, білімді мұсылман болады. Хадистерде айтылғандарды өзіне өмірлік серік ету арқылы әрбір мұсылман перзенті рухани жетіледі.

Демек, хадистерден тәрбиелік жұмыстарды алып баруда кең қолдану керек. Қазіргі күнде хадистер әрбір жанұяның, мектептің, мекемелер мен өндіріс орындарының тәрбиелік құралы бола алады.

Хадистерден тура пайдалану арқылы жастардың жан-жақты жетілуіне ықпал жасайтын болғандықтан, бірнеше хадистерді мысалға келтірейік.

Имам Исмаил ал-Бухаридің «Ал-Адаб Ал-Муфрад» жинағынан (–Т.: «Ўзбекистон», 1990).

44-хадис. Абу Хурайра екі кісіні көріп, олардың біреуіне: *«Бұл кісі саған кім болады?»*, деп сұрады. Ол: *«Бұл атам болады»*, деген еді, Абу Хурайра: *«Ондай болса атаңның есімін айтып шақырма, жүргенде одан ілгері жүрме және одан жоғарыда отырма»*, - деп насихат берді.

565-хадис. Абу Саид ал-Худри айтады: *«Кісі қағылмай, таймай тұрып ақылды, құлықты бола алмайды және әр бір жақсы-жаманды басынан кешірмей тұрып әкім, ғалым бола алмайды»*.

І.3.3. Имам Бухаридің хадистер жинағы және оның ислам іліміндегі орны

Хадис ілімін, ислам хұқықын жетік білген **Имам әл-Бухари 810–870 жылдары** өмір сүрген. Ол Бухарада дүниеге келген. 16 жасында қажылыққа барып, 4 жыл Меккеде жасаған. Соң Мұхаммед пайғамбар туралы үйреніп, хадистерді топтау мақсатында Хурасан, Ирак, Шам, Хижаз, Мысыр т.б. елдерде болып, уламалардан хадистер тыңдаған. Аңыздарға қарағанда,

әл-Бухари 600 мыңға жуық хадистерді жинақтаған. Сондай-ақ, хадис ілімімен шұғылданушы шәкірттер дайындаған.

Имам Бухаридің «Ал-Жомеъ Ас-сахих» («Сенімді жинақ») деп аталатын 4 томдық хадистер жинағы ең толық, тура, сенімді жинақ ретінде ислам әлеміндегі ең мәшһүр жинақ болып табылады. Бұл жинақта пайғамбарымыз және оның сахабалары туралы хадистермен бірге ислам хұқықы, ислам дәстүрлері, әдептілік, тәлім-тәрбие, тарих, этнография туралы мәліметтер де берілген. Бұл кітап ислам тағлымында «Құраннан» кейінгі екінші қайнар көз болып саналады.

Имам Бухаридің «Ал-Жомеъ Ас-сахих» шығармасының бір томы жақсы мінез-құлық, әдептілік туралы хадистерге арналған. Кейінірек ғұлама Ислам әлемінің әдебі, мінез-құлқы, тәрбиесі мәселелеріне арнап «Ал-адаб ал-муфрад» атты арнаулы хадистер жинағын жазды. Бұл шығарма 1322 хадистен тұрады. Кітаптың негізгі мақсаты жақсылық жасау, жамандықтың алдын алу болып, алдымен жақсылықты кімге жасау керек екені туралы мәслихат береді. Әрбір адам алдымен ата-анасын ырза ету керек дейді кітапта.

Имам Бухари шығармаларындағы көптеген хадистер баланы тура жолға салып тәрбиелеуге, перзенттің борышы мен міндеттеріне, ата-ананың борышы мен міндеттеріне арналған. Адамзатты тура жолдан адастырушы ұрлық, зорлық, өсек, өтірік, қиянат жасау, зинақорлық сияқты жағымсыз іс-әрекеттер қараланады. Хадистерден мысал келтірейік: *«Үш қасиетті өзінде сақтаған кісінің иманы бүтін болғайдыр:*

-ынсапты және әділетті болу;

-баршаға сәлем беру;

-кедей болып қалғанында да садақа беріп тұру». («Ал-Жомеъ ас-сахих». -Т., 1991, 1-том).

Имам Бухари бұдан да басқа бізге дейін жетіп келген бірнеше хадис тағлымын үйрететін кітаптардың авторы. Бізге дейін жетіп келмеген басқа да кітаптары бар екенін ғалымдар атап өтуде.

Сонымен, ұлы ғұлама ғалым Имам Бухари Мұхаммед пайғамбардың даналық сөздері жинақталған хадистерді тәртіпке келтіру арқылы, жастардың тәрбиесінде хадистен пайдалану

бойынша нұсқаулар беру арқылы тек қана Шығыс тәлім-тәрбиесіне емес, адамзат тарихына да үлкен үлес қосты.

1.3.4. Ат-Термизидің хадис іліміне қосқан үлесі

Мұхаммед Абу Иса ат-Термизи 824–892 жылдары өмір сүрген. Ол Термез қаласында дүниеге келіп, бастапқы білімді де осы қалада алған. Ол ұзақ жылдар Иракта, Исфahanда, Хуранда, Меккеде, Мадинада жасап, еңбек еткен. Имам ат-Термизи имам ал-Бухаридің шәкірті. Оның бізге дейін жетіп келген ең ірі шығармасы – «Ал-Жомеъ» кітабы. Мұхаммед пайғамбардың хадистері жинақталған бұл шығарма «Ал-Жомеъ ус-сахих», «Ал-Жомеъ ул-Кабир», «Суннан ат-Термизи» деген аттармен аталады. Ат-Термизидің хадистері ең сенімді алты хадистер жинағының бірі болып саналады.

Имам ат-Термизи хадистер жинағында тәлім-тәрбиеге, әдептілікке байланысты пікірлер көп кездеседі. Мысалы, *«Адамдарға шүкіршілік айтпайтын кісі Аллаға да шүкіршілік етпейді»*. *«Шын сабырлы адам деп мұсылман адамның басына іс түскендегі шыдамдылығына айтылады»*. *«Кімде кім бір көшет отырғыса яки егін ексе, олардың олардың өнімінен адамдар, хайуандар нәр алса, ол да садаға»*.

Ғалым Мұхаммед пайғамбардың әдепті мінез-құлқы туралы да мәліметтер береді. Пайғамбарымыздың әдеппен сөйлеуі, сөзді анық айтуы, орнымен күлуі, киіну мәдениеті, тамақтану әдебі, өзін-өзі ұстай білуі, адамгершілігі, әділеттілігі туралы айттып, одан жастарды үлгі алуға шақырады. Оның *«Аш-Шамолан-набавийа»* кітабының тәрбиелік мәні ерекше. Бұл кітапта Мұхаммед пайғамбарымыздың бейнесі мен ерекшеліктерін сипаттаушы 408 хадис бар. Ат-Термизидің тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері ислам әлемінде өте үлкен мәнге ие.

1.3.5. IX–X ғасырларда Саманидтер мемлекетінде тәрбие мен мектеп

Ислам діні мен ислам іліміндегі прогресшіл ой-пікірлер Орта Азия халықтарының қарсылығына ұшырамады. Бірақ ер-

кіндікті аңсаушы халық арабтардың басқыншы саясатына қарсы шығып, 875 жылы тәуелсіз Саманидтер мемлекетін құрды. Саманидтердің астанасы мұсылман діні ілімінің ең беделді орталығы Бухара қаласы болды. Саманидтер мемлекеті араб халифаты тұсындағы ислам тағлымын, араб мәдениетін, ілімін, философиялық және этикалық тағылымын әрі қарай дамытты. Бұл жұмыста Мухаммад ибн Муса Хорезми (780–850), Имам әл-Бухари (810–874), Имам ат-Термизи (824–892), Абу Абдулла Рудаки (860–941) сияқты данышпандар үлес қосты.

Саманидтер мемлекетінде жастарды әскери білім мен өнерге үйретті. Бұл арқылы күшті армия түзіп, мемлекетті нығайту болды. Мемлекетті басқаратын он уәзірдің бірі тәлім-тәрбиемен шұғылданды. Қалаларда жастар үшін мектеп, медреселер ашылды.

Орта Азияда бастауыш білім беретін оқу орнын «**куттаб**», «**мектеп**», ал орта білім беретін оқу орнын «**мешіт**», «**медресе**» деп атады. Кейбір медреселерде жоғары білім берілді. Бұл мектептер хатшы, кітап көшіруші, іс жүргізушілер дайындады.

Бұл дәуірде ханифилер сословиесіне тән «**мазхаб**» мектептері жұмыс істеді. Мұнда орташа байлардың, қолөнершілердің, саудагерлердің балалары «Құранды» және тұрмыста зәру болған білімдерді үйренді. Ақыл-ойын дамыту үшін талапкерлердің үйренген материалдарын анализ жасаған, ал зейінің, есін дамыту үшін сабақты бірнеше рет қайталап өткен.

IX–X ғ.ғ. Орта Азияда өндірістің дамуы оқымысты, қабілетті адамдарды керек етті. Діни мектептердегі білім беру бағдарламасы кеңейтілді. Енді балалардың жеке қабілетіне қарай кәсіпке үйретілді. Қосымша түрде табиғи пәндер үйретілді. Хатшылар, казылар даярлайтын «куттабтар» әр бір ауылда ашылып, оқу тегін болды.

Бұл дәуірде Орта Азияда «Низами» медресесі үздік білім беру оқу орнына айналды. Оқытушыларына жалақы, шәкірттеріне стипендия тағайындалды. Мұнда көптеген мұсылман мемлекеттерінен жастар келіп оқыды. XI ғасырдың соңында медреселер орта білім беретін және жоғары білім беретін болып бөлінді. Медреселерде дін, құқық, араб тілі және факультатив сабақтар оқытылды. Сабақ лекция формасында жүргізілді.

Осы медреселерде Хорезми, Ферғани, Бухари, Термизи, Рудаки, Фараби, Ибн Сина, Беруни т.б. ғұлама ғалымдар білім алды. Олар өздерінің ғылыми шығармалары арқылы Орта Азия халықтарының педагогикалық көзқарастарының дамуына ықпал етті.

1.3.6. XI–XIII ғасырларда Қараханидтер мемлекетінде тәрбие және мектеп

999 жылы Бухара мен Хорезмдегі Саманидтер мемлекетін **Қараханидтер** құлатып, 1212 жылға дейін билік жүргізді. Саманидтер тұсында жартылай тәуелсіз болған Хорезм Қараханидтер мемлекетінің құрамына кірместен өз алдына мемлекет болды. Қараханидтер мемлекетінің құрамына Мауарауннахр, Жетісу, Шығыс Түркістан өлкелері кірді. Қараханидтер батыс қағанат және шығыс қағанат болып екіге бөлінген. Шығыс қағанаттың орталығы Баласағұн қаласы болды, ал батыс қағанаттың орталығы Таразда, кейіннен Қашқарда болған.

Қараханидтер тұсында феодализм дамыды, қала құрылысы көбейді, ілім-білімге көңіл бөлінді. Шығыс халықтарының ғылыми жетістіктерін үйрететін мектеп-медреселер көптеп ашыла бастады. Мектеп-медреселерде білім алу Саманидтер мемлекетіндегідей араб-парсы тілінде емес, түркі тілінде жүргізіле бастады.

Қараханидтер мемлекетінде түркі халықтарының саны артып, ана тіліне болған тұрмыстық зәрулік күшейді. Түркі тілінің мәртебесі көтерілді. Ғылыми кітаптар әрі араб-парсы, әрі түркі тілінде жазылды.

XI–XIII ғасырларда Қараханидтер мемлекетінде Фараби, Ибн Сина, Берунийлердің педагогикалық идеяларын әрі қарай дамытушы ғалым-педагогтар өмір сүрді. Жүсіп Баласағунидің «Құтты білік», Ахмет Югнакидің «Хибатул хақайық», Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметтер», Махмут Қашқаридің «Диуани луғати ат-турк» сияқты педагогикалық шығармалары дүниеге келді. Бұл шығармаларда жастар тәрбиесі, әдепті мінез-құлық нормалары, білімділік, оқымыстылық мәселелері қарастырылды.

Сонымен, ислам дінінің жайылуы, ілім-білімнің дамуы, елдің әлеуметтік-экономикалық жағынан өркендеуі – IX ғасырда Орта Азияда рухани жетілуді бастап берді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Мұсылман мектептерінің ашылу себебін айт. Сабак қайсы тілде жүргізілген?
2. Діни кітаптардың тәрбиелік мәні қандай?
3. Хадис дегеніміз не?
4. Хадис ілімі қашан пайда болған?
5. Хадис ілімімен шұғылданған мухаддистерден кімдерді білесің?
6. Ат-Термизидің хадис іліміне қосқан үлесі туралы айт.
7. Имам ал-Бухаридің хадис іліміне қосқан үлесі туралы айт.
8. Қазіргі дәуірде хадис тәрбие құралы бола ала ма? Өз пікіріңді дәлелде.
9. Саманидтер мемлекетінде білім беру системасын айт.
10. Караханидтер мемлекетінде білім беру системасын айт.
11. Бұл дәуірде қандай ғылыми орталық болды?

I.4. Шығыс ояну дәуірінде педагогикалық ойлардың дамуы

I.4.1. IX–XI ғасырлар – Шығыс Ояну дәуірі

IX–XI ғасырлар тарихта Шығыстың Ояну дәуірі деп аталады. Шын мәнінде, адамзат тарихының «алтын дәуірі» деп аталған «Авесто» заманын бастан кешірген орта азиялықтар бұл кезеңге келіп рухани мәдениеттің ең биік сатысына көтерілген еді. Бізге жетіп келген тарихи мәліметтерге қарағанда, арабтар басып алғанға дейін Орта Азияда саяси-экономикалық, әлеумет-

тік-мәдени, рухани-ағартушылық өмірі тұрақты әрі өте жоғары деңгейде болған. Араб басқыншылығынан кейін 2 ғасырдай жергілікті халық отаршылдық саясатқа қарсы күресумен болды. IX ғасырға келіп ел еңсесін көтеріп, тәуелсіздік үшін күрескенін, тәуелсіз мемлекет құрғанын, түркі тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілгенін алдыңғы параграфта айттық. Осы дәуірде әлемді таң қалдырған жаңалықтарымен орта азиялық ғалымдар тарих сахнасына шықты. Олар математика, астрономия, философия, логика, медицина, әдебиет, музыка, т.б. ғылым салаларында жаңалықтар ашып, оны шет ел тілдеріне аудартып, ғылымның негізін қалады. Данышпандарымыз ғылыммен кейінгі ұрпақтың шұғылдануын аса қажет деп санады. Сондықтан өздерінің ғылыми-әдеби шығармаларында жастардың білім алуын, халыққа пайдасы тиер азамат болуын насихаттады. Сөйтіп, ілкі орта ғасырларда өмір сүрген әл-Хорезми, Әбу Насыр Фараби, Әбу Райхан Беруни, Әбу Әли ибн-Сина сияқты энциклопедист-ғалымдарымыз тәлім-тәрбие саласындағы ой-пікірлері, тұжырымдары, педагогикалық идеяларымен Шығыстың прогрессивтік педагогикалық ой-пікірлеріне негіз қалады.

I.4.2. Әбу Абдулла Мухаммед ибн Муса әл-Хорезмидің дидактикалық көзқарастары

Әбу Абдулла Мухаммед ибн Муса әл-Хорезми (783–850) Хорезмде туылған, Бағдатта қайтыс болған. Хорезми бастауыш білімді үйінде алған. Кейіннен Орта Азия қалаларында оқып, сондағы ұстаздардан сабақ алады. Өз бетінше парсы, үнді, грек тілдерін үйренген.

813–833 жылдары Бағдаттағы «Даналық үйінде» қызмет етіп, математика, геодезия, география, астрономия тағы басқа да ғылым салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Ол Индияға, Византияға экспедицияға шығады. Ғалымды замандастары “Әл Мажуси” деп мадақтаған. Бұл араб тілінен алғанда “Ғажайыптар иесі” деген мағынадағы сөз.

Әл-Хорезми өзінен төмендегідей ірі көлемді шығармалар қалдырды:

1. «Үнді есебі бойынша қосу мен азайту» – Көне Үндістан есептерінің және амалдарының талдануына арналған.

2. «Қалпына келтіру, салыстыру тәсілімен есептеудің қысқаша кітабы» – Алгебра ғылымының негізгі қағидалары мен амалдарын жинақтауға арналған.

3. Астрономиялық таблицалар (Зидж) – Жұлдызнамалық еңбек, яғни аспан денелерінің, ғаламшарлардың қозғалысын зерттеуге арналған.

4. «Жер бейнесі туралы кітап» – Планетамыздың географиясы, яғни Жер бедерін, елдер мен өзен, көлдерді, таулар мен шөлдердің орналасуын анықтап, картаға түсіруге бағытталған.

5. «Астролябияның көмегімен жасалатын нәрселер туралы кітап».

6. «Күн сағаты туралы кітап».

7. «Еврейлердің заманын анықтау және олардың мейрамдары туралы кітап».

8. «Тарих кітабы» – адамзат тарихына арналған туынды.

Әл-Хорезмидің жазған еңбектері оның замандастарының көрсетуінше берілген. Бізге дейін бұл шығармалардың жетеуінің ғана көшірмелері немесе жалпы мазмұны жетті. Анықтап көрсеткенде, жоғарыдағы тізімнің ішінен соңғы екеуі, адамзат мәдениеті мен тарихына арналған шығармалары бізге дейін сақталып жетпеген, тек атауы ғана таныс. Ғалымның **«Қалпына келтіру, салыстыру тәсілімен есептеудің қысқаша кітабы»** – алгебра саласындағы тұңғыш кітап. Араб цифрын қолданған.

Ғалымның **«Зидж»** («Астрономиялық таблица») кітабы тұңғыш дидактикалық кітап болып саналады. Мұнда есептеу ережелері ретімен баяндалады, содан кейін олар геометриялық жолмен дәлелденеді.

Хорезмидің әртүрлі ғылым саласында жазылған еңбектері тұңғыш кітап болып саналады. Ол өз шығармаларында 2 негізгі мақсатты шешеді:

1. Ғылым негіздерін түсінікті тілде баяндау.

2. Кейбір адамдарды оқыту мақсатында баяндау.

Бұдан келіп шығатыны: ғалым әрі ғылымды таратқан, әрі оқытуды мақсат еткен. Оны мынадан байқаса болады, мысалы, *«егер сен білуді қаласаң...», «онда былай істе»*. Мұндай педа-

гогикалық бағыттағы шығармаларға «**Индия арифметикасын**», «**Музыка кітабы**» т.б. жатқызуға болады.

Ғылыми еңбектерін бұл үрдісте жазуда оған, әрине, белгілі бір педагогикалық тәжірибелерге ие болғандығы, педагогикалық қызметпен шұғылданғандығы септігін тигізеді.

Хорезмидің кітабын оқып отырған оқушы оқытушысымен сұхбаттасып, пікірлесіп отырғандай болады.

Хорезмидің шығармалары өз дәуірінің ғана емес, өте ұзақ ғасырлар ең үздік педагогикалық шығарма болып саналды. Себебі, оның кітаптары көптеген ғалымдарды, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің тамаша факторы болып қала берді.

1.4.3. Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларында педагогикалық ой-пікірлер

Ілкі орта ғасырдың ойшыл-энциклопедист ғалымы **Әбу Насыр әл-Фараби (870–950)** ежелгі Отырар (Фараб – арабша аты) деген қалада дүниеге келеді. Ол ғылымды өз бетінше оқып үйренген. Бағдатта, Дамаскіде, Алеппода (Сирия) жұмыс істеген. Дамаскіде қайтыс болған.

Фараби философия мен ғылымның барлық саласына арнап 150-ге тарта еңбек жазған. Ол бірінші ұстаз атанған грек ойшылы, ғұлама ғалымы Аристотелдің еңбектерін ыждағатпен оқып үйренеді. «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика» еңбектерін араб тіліне аударды.

Аристотельдің философиялық идеяларын яғни дүниені материалистік тұрғыдан түсінуді дамыта отырып өзі де «**Кеменгерлік меруерті**», «**Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы**», «**Мәселелердің түп мазмұны**», «**Ғылымдардың шығуы**», «**Бакытқа жету**» сияқты көптеген философиялық еңбектер жазды. Бұл еңбектерінде қоғам, мемлекет, адамдардың қарым-қатынасы туралы өз пікірлерін жазды. Ол *зорлықсыз қоғам* болу керек деген батыл тұжырым айтты. Мұндай ізгі қала мемлекет басшысына байланысты деп шешті. «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасында» мемлекет басшысының *12 түрлі қасиетін* сипаттап берді: 1.Жақсы денсаулық. 2.Өткір зейін. 3.Есте берік сақтау. 4.Тез шешімге келу.

5. Анық және әдемі сөйлеу. 6. Оқу, білімге ұмтылу. 7. Құмар ойнаудан аулақ болу. 8. Шындықты және әділдікті айту. 9. Ар-намысты болу. 10. Дүниеқоңыз болмау. 11. Адамгершілікті болу. 12. Жөнсіз өжет болмау.

Өз шығармаларында Фараби оқыту, тәрбиелеу, мақтау, қарау, сенім, мәжбүрлеу, бақыт, білім, іскерлік, дағды, әдет т.б. **педагогикалық түсініктерге** сипаттама береді.

Жеке адамның қалыптасуында *рухани және құлық* тәрбиесінің орнын ерекше бағалайды.

Тәрбиеленгендік және білімділіктің мазмұнына ғылыми білімдерді игеруді, құлықтылық пен эстетикалық талғампаздықты жатқызады.

Оның пікірінше, егер, балаға жас кезінен дұрыс тәрбие берсе, онда ол өзінің мінез-құлқындағы кемшіліктерді жоюға, жағымды қасиеттердің әрі қарай дамуына әрекет етеді. Тәлім-тәрбие жанұяда, оқытушы жәрдемінде мектепте, әділетті басшысы болған мемлекетте жүзеге асырылуы мүмкін. Өркендеген мемлекетте жеке адам тәрбиесі жаппай жүргізіледі және мұндай қоғамда жасайтын адамдардың өздері де кәмілеттілікке ұмтылады.

Фараби адамды ақыл-ой және әдептілік жағынан бірдей тәрбиелеу керек дейді. *Ол тәлімге білім беруші, тәрбиеге мінез-құлықты қалыптастырушы* деп анықтама берді.

Ол ғылымдарды 5 ке бөлді: 1. Тіл білімі. 2. Логика. 3. Математика. 4. Табиғи ғылымдар. 5. Саяси ғылымдар. Оның пікірінше, математика, табиғаттану, метафизика ғылымдары адамның ақыл-ын дамытады, осы пәндерді анық түсіну үшін грамматика, логика, поэзияның орны ерекше, саяси ғылымдар (этика, юриспруденция) адамның қоғамдық ортадағы әдебін, мінез-құлқын бейнелейді. Ол педагогиканы саяси ғылымның құрамына енгізді.

Фараби оқытуда *тәжірибе* мен *көрнекілік* методына көп көңіл бөледі. Бұл методтар арқылы бала білімді терең меңгереді, өйткені, оның сезім мүшелеріне (сезу, көру, есіту, иіс сезімі, дәм) тікелей әсер етеді деп көрсетті. Сондай-ақ *жаттығу орындауды* оқытудың ең негізгі методы деп қарады.

Ғұлама ең анық, сенімді білімді ғана оқыту керек дейді.

Даньшпан ұстаз айтады: *«Мұғалімдік еткен адамның әдісі тым өктем және де тым асыра босаң болмасын. Егер тым қат-*

ты, үнемі ызгармен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егер өте босатып жіберген кішіпейлділік болса, онда оқушылар тарапының мұғалімін елемеу, оның ғылымына селсоқ қарау қаупі туады».

1.4.4. Әбу Райхан Берунидің ағартушылық көзқарастары

Энциклопедист ғалым **Әбу Райхан Беруни (973–1050)** ежелгі Хорезмнің Қият қаласында дүниеге келген. Мамун-ІІ патша тұсында ол «Мамун Академиясы» деп аталатын Данышпандар үйін 1009–1017 жылдары басқарған. 1017 жылы Хорезмді ғазнавийлер басып алғаннан кейін, Академия Ғазна қаласына көшірілді. Беруни 1048 жылы Ғазна қаласында қайтыс болды.

Беруни ғылымның әр саласына арнап 150 ден аса ғылыми еңбек жазған. Бізге 31 еңбегі жетіп келген. Ғалымның тәлім-тәрбиеге байланысты айтқан ой-пікірлері **«Ежелгі халықтардан қалған ескерткіштер»** немесе **«Хронология», «Индия», «Минерология»** кітаптарында көрініс тапты. Оның пікірінше, адамдарды жан-жақтама жетілдіру қажет. *Құлық, ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиелерін* үйлесімділікте беру керек.

Құлық тәрбиесі өзін ғана емес, өзге адамдарды да ойлауға үйретуді мақсат ету керек дейді. Ол адамдарда адамгершілік, достық, берік жігер мен мінез-құлық, еңбексүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру керек деп белгіледі.

Беруни халықты надандықтан, кедейшіліктен құтқарудың жолы білім үйрену, шыдамдылықпен еңбек ету деп есептейді. Сондықтан қоғамда *білім беруді жолға қою керек* дейді.

Ғалым өзінің ғылым жолына түскен замандастарын аса қадірлеп, олардан нені үйренгенін анық жазып отырған. Сонымен бірге ол ғалымдарды қоғамның алдыңғы қатарлы азаматы болуға шақырған.

Берунидің ғылыми мұраларында түсініктер көрнекіліктермен қоса сипатталған. Оқу материалдары бірізділікпен, тәртіппен баяндалған. Ол эксперимент, тәжірибе, бақылау методтарын пайдаланып теориялық қорытынды шығаруды ұстанған.

Ұстаз Беруни оқытудың ең күшті тәсілі – оқушының *білім алуға қызығуын ояту* деп көрсетті. Оқуға қызықпаған бала сабақта белсенді әрекетте болмайды деді.

Даньшпанның пікірінше, *жанұя* – қоғамның бастауыш ұйымы. Жанұя баланы отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке, басқа ұлттармен достық қарым-қатынасқа, бір кәсіпті игеруге тәрбиелеу керек.

Беруни балаға тән жазасын беруге қарсы болады. Ата-ананы ең басты тәрбиеші деп санайды.

«Минерология» кітабында ғалым *тәнді таза сақтау* жолдарын көрсетеді. Мысалы, ынашты, бетті қалай күту керек, тісті қалай тазалау керек, қандай киім кию керек, т.б.

Берунидің оқыту жайлы айтқан пікірлері қазіргі заман дидактикасының негізін қалаған болса, ал тәрбие жайлы ойлары арадан мың жыл өтсе де өз мәнін жоғалтқан жоқ.

1.4.5. Әбу Әли ибн Сина тәрбие мен оқыту туралы

Ілкі орта ғасырлардағы Шығыстың атақты ғалымы, дәрігері, психологы, педагогы **Әбу Әли ибн Сина 980 жылы** Афшона селосында дүниеге келді. Ортағасырлық ғалымдардың ішінен ибн Синаның ғана өмірі, қызметі туралы толық мәлімет бізге дейін жетіп келген. Ол өзінің алғашқы ғылыми еңбегін 17 жасында жазған. Кітаптарын араб, парсы тілдерінде жазды. Ибн Сина 1037 жылы Хамадонда қайтыс болады.

Ибн Синаның ғылыми мұрасы өз дәуірінің барлық ғылым салаларын қамтыған аса құнды, ірі еңбектерден құралған. Ол бала жанын жетік білген педагог ретінде **«Медицина ғылымының заңдылықтары»**, **«Шипа беруші кітап»**, **«Жан туралы кітап»**, **«Психология туралы кітап»**, **«Данышنامه»** сияқты бірнеше ғылыми еңбектерін бала тәрбиесіне арнады.

Ибн Сина тәрбие процесін өз ішіне *ақыл-ой, дене, эстетикалық, құлық, еңбек (кәсіпке үйрету)* тәрбиелерін қамтыған тұтас процесс ретінде қарастырды. «Медицина ғылымының заңдылықтары» кітабында ол баланы *6 жастан оқуға беру керек* дейді. Бірақ баланы *кітапқа бірден шырмап тастамау керек* екенін ұқтырады.

Ал жасөспірімдерді *ауыр жұмыстарға жезу* оның өсіп жетілуіне *зиян* жеткізетінін айтады. Дәрігер ретінде баланың *күн тәртібіне* аса мән береді. Балаға дене тәрбиесін берудің ғылыми негізін қалайды. Баланың бойында жағымды мінез-құлықты қалыптастыру үшін оны *тез ашуланудан, қатты қорқудан, ұйқысыздықтан* сақтау керек екенін ескертеді.

Әбу Әли ибн Синаның ең негізгі насихаты – *саулықты алдын ала сақтау*. Бұл жөнінде мынадай шарттар кояды: *тағамды талғай білу, денені шынықтыру және таза ұстау*. Бұл ережелер осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Денсаулықты сақтау жолдарын ғалым былай деп көрсетеді: *«Дене құрылысының гармониясын бір қалыпты ұстау, тағам мен ішімдікті талғау, дәрет тәртібін мұхияттау, киім мен ауа тазалығын ұстау, дене мен рух бірлестігін көздеу, ол үшін ұйқы тәртібін бұздырмау. Дене шынықтыру үшін жаттығулар әр адамның жасына, күшіне сәйкес әрқилы болуы қажет. Орта жастағыларға салт қыдыру тиімді болса, қуаты азайған қарияларға жаяу жүрген пайдалы. Сол сияқты бозбалаға шарт тағам қарттарға зиянды болуы ықтимал. Жасы келіп қартайған шақта ұйқыны көбейту, жылы сулы бұлау қабылдау, қышқыл, тұзды тағамды азайтып, сүт қоректерін, өсімдіктерді әсіресе сарымсақ, қызылша мен капустаны көбірек пайдалану керек»*.

Ғалым оқытуда төмендегі *дидактикалық принциптерге* сүйену керек дейді: оқыту жеңілден қиынға қарай, баланың бейімділігіне, қабілетіне және шамасына қарай жүргізілуі керек. Оқытуды дене жаттығуларымен байланыстырып жүргізу тиімді екенін көрсетеді.

Педагог-ғалымның мұғалімдік мамандыққа қойған талаптары Фарабидің талаптарымен сай келеді. Ол да оқытушының тым қатал яки тым жуас болуын жақтамайды.

Ибн Синаның педагогикалық принциптерінің ішіндегі ең маңыздысы – адамдарды хайуандардан айырып тұратын ақыл-парасаты оның өміріне әсер ете алуын көре білуінде.

Ибн Синаның педагогикалық көзқарасындағы тағы бір ерекшелік – баланың өсіп-жетілуінде *ортаның* ықпалы күшті екенін ашып беру болды. Ол адамгершілік, еңбек тәрбиелеріне де үлкен мән берді.

Ибн Сина оқытуды ұйымдастырудың *коллективтік формасын* жақтады. Коллективті түрде оқытуда баланың білім алуға қызығуы артады, есте сақтауы және сөз байлығы дамиды, бір-бірімен достық қарым-қатынаста болады, бірлесіп мәселелерді шешеді дейді.

Ғұлама *жақсылық пен жамандық, сыпайылық, құлықтылық*, ерік түсініктеріне философиялық сипаттама береді. Оның пікірінше, адамның ең жақсы қасиеті – өзінің жаман қылықтарын дер кезінде аңдап, оны жоюға ұмтылуы.

Өзіне дейінгі ғылымдарды тегіс меңгеріп, оны дамытуға салмақты үлес қосқан, әлемдік деңгейдегі жаңалықтар ашқан энциклопедист ғалым ойшыл, ғұлама Әбу Әли ибн Синаның ғылыми мұрасы әлем ғылымы мен мәдениетінің алтын дінгегі саналады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Шығыс Ояну дәуірі дегеніміз не?
2. Ояну дәуіріндегі жалпы педагогикалық және дидактикалық идеялар қандай?
3. Қараханидтер мемлекетінде кітаптар қай тілде жазылды?
4. Моралдық-этикалық шығармалар дегеніміз не?
5. Неге моралдық-этикалық тақырыптағы шығармалар көптеп жазылды?
6. Әл-Хорезми ғылыми шығармаларын қандай мақсатта жазған?
7. Әл-Хорезмидің дидактикасы дегеніміз не?
8. Фарабидің тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері қандай?
9. Фарабидің пікірінше «ізгі қалаһы» басқаратын хакім қандай болуы керек?
10. Берунидің ағартушылық идеяларын айт.
11. Берунидің «Минерология» кітабының тәрбиелік мәні қандай?
12. Ибн Синаның педагогикалық көзқарасын білдіретін шығармалары.
13. Ибн Синаның оқытудың принциптері, оқытуды ұйымдастыру туралы пікірлері.
14. Ибн Синаның дене тәрбиесі туралы педагогикалық теориясы.

1.5. Шығыс ояну дәуірінде тәлімдік-моралдық көзқарастар

1.5.1. Шығыс Ояну дәуірінде тәлімдік-моралдық көзқарастар

XI–XII ғасырларда Әмудария мен Сырдарияның төменгі ағысынан бастап Жетісу мен Қашқарға дейінгі кең өлкеде **Қараханидтер мемлекеті** билік құрды. Алғашқы феодалдық түрік мемлекетінде саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдай жақсарды. Ғылым-білім әрі қарай дамыды. Бұл дәуірдегі ең үлкен жетістік түркі тіліндегі кітаптардың жазылуы болды. Қараханидтер мемлекетінде жастар тәрбиесіне, олардың әдепті мінез-құлықты меңгеруіне, оқымысты болуына, кәсіп үйренуіне көңіл бөлді.

Бұл дәуірде жергілікті халық ислам дінінің күш-қуатын жақсы сезінген еді. Ағартушылық бағыттағы ақын-жазушылар да өз шығармаларында жастардың ислам діні уағаздаған моральдық қағидаларды бойларына сіңіруін насихаттады. Алғашқы түркі тілінде жазылған шығармаларда негізгі тақырып әдепті мінез-құлыққа, сөйлеу мәдениетіне, рухани дүниені байытуға арналды.

Осы дәуірде жазылған Махмұт Қашқаридің «Диуани луғати ат-турк», Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу біліг», Ахмет Йүгінекидің «Хиба тул хақайык» шығармалары, парсы тілінде жазылған Кайковустың «Қабуснаме» кітабы таза ағартушылық бағыттағы педагогикалық шығармалар болып саналады. Бұл кітаптарда ғалымдар адамның рухани жетілуіне баса назар аударады. Олардың пікірінше, адамның жан-жақты жетілуі үшін ең қерегі – әділеттілік, ілім үйрену, кәсіп игеру. Оған қоса достық, адалдық, махаббат, отансүйгіштік, шынайылық, жомарттық, еркіндік, батырлық сияқты қасиеттер де адамды рухани жетілдіре түсу. Жүсіп Баласағұни мен Махмұт Қашқари ақылдылық ілім-білім үйрену арқылы, әдептілік тілді тыйып, мәнді-мағыналы сөйлеу арқылы, бақыт еңбек пен адамгершілік қасиеттер арқылы келетінін кейінгі ұрпаққа ұқтырады.

Ахмет Йүгінеки мен Қожа Ахмет Иассауи имандылыққа, адамгершілікке, жомарттыққа, сыпайылыққа шақырған шығармалары арқылы орта ғасырларда тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлерді дамытты.

Сөйтіп, Шығыс Ояну дәуірінде энциклопедист-ғалымдардың ғылыми шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді әрі қарай өрбіткен, түркі тілінде жазылған шығармалар пайда болды және түркі халқының ұрпақ тәрбиесіндегі тәжірибелерін байытты.

1.5.2. Махмұт Қашқаридың «Диуани луғати ат-турк» шығармасында тәлім-тәрбие мәселелері

XI ғасырда өмір сүрген орта азиялық отандасымыз, ғұлама ғалым **Махмұт Қашқаридің** бізге жеткен әлемдік деңгейдегі кемел шығармасы – **«Диуани луғати ат-турк» («Түркі сөзінің жинағы»)**. Бұл кітап түркі тайпаларының әлеуметтік өмірі, тарихы, әдет-ғұрпы, тілі туралы. «Диуани луғати ат-турк» – қазіргі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра. Бұл кітапта орта ғасырдағы түркі рутайпаларының бәріне бірдей ортақ 6000 нан астам төл сөз бен жеке тайпаларға ғана қатысты диалект сөздер бар. Бұл сөздікке енген сөздер, мақалдар, өлең жолдары т.б. түркі тілдерінің сөз тудыру, сөйлем құру жүйелерін анықтай түсуге мүмкіндік береді. Өмірінен толық мәлімет жетпеген ғұлама туралы нақ осы кітаптан ғана азғана дерек білеміз.

Махмұт Қашқари Қараханидтер дәуірінде 1030 жылы туылған. 1090 жылы қайтыс болған. Бұл болжам ғана, нақты дерек жоқ. Оның қай рудың, ұлттың, халықтың өкілі екені белгісіз. Ең бастысы, ол – біз жасайтын елдің, жердің перзенті, біздің ана тіліміздің түп төркіні түркі тілінің білгірі, сол тілдің қасиетін кейінгі ұрпаққа жеткізуші ғұлама ғалымы, адамдарды ізгілікке, білімділікке, парасаттылыққа шақырушы данағөйі.

Махмұт Қашқари өз шығармасында *ілім үйренудің пайдасы, білімді адамдарды құрметтеу, қонақжайлық, әдептілік, ерлік сияқты қасиеттерді мадақтайды. Ал ашкөздік, қорқақтық, мансапқорлық, опасыздық, қатігездік сияқты қасиеттерді қаралай-*

ды. Балаларға жас кезінен білім беруді өзінің ұлына насихатында былай көрсетеді:

Ілім-білім үйрен, болма көкірек,
Мақтаншақтың абыройы төгілер тезірек.

Ғалымның айтуынша, ақылды адамның *зейіні өткір* болады. Ол жақсыны жаманнан айыра біледі.

Ол ілім-білім адамды іздемейді, керісінше адам оны іздеп табуы керек дейді.

Кітапта *әдепті мінез-құлыққа* ие болу арқылы адам өзін өр-көкіректіктен, опасыздықтан, мақтаншақтықтан сақтайтыны айтылады.

Көрші-қолаңмен *тату болу, қонақты ізетпен қарсы алу* да адамилық қасиеттердің бірі екенін көрсетеді.

Данышпын *дүниеқоңыздықты* қаралап былай дейді:

Мал жинауды сел келді деп есепте,
Тас сияқты домалатар мал иесін.

Ғалым тіл маманы болғандықынды, тілге аса көңіл бөледі. Халықтың тілін, тілінің құрылысын, байлығын, тазалығын үйреніп жүріп, ол *тілді абайлау керек* екенін ұғады. Оның *«әдеп алды – тіл»* деген сөзі халық ішінде мақалға айналып кетті.

Әрине, өз замандастары сияқты Қашқари да *еңбексүйгіш, кәсіп үйрену* сияқты қасиеттерді жастардың бойынан көргісі келеді.

Түркі халықтарына ортақ болған «Диуани лұғати ат-турк» өзінің ағартушылық бағыттағы насихаттарымен халықтың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерін, тәжірибелерін дамытты.

I.5.3. Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу білік» шығармасында тәлім-тәрбие мәселелері

Түркі әдебиетінің, мәдениетінің ірі өкілі **Жүсіп Баласағуни (1021-?)** атақты Баласағұн қаласында туып өседі.

Жүсіп Баласағуни «**Құдатғу білік**» («**Құтты білік**») дастанын 50 жасар шамасында жазады. Дидактикалық бағытта жазылған бұл кітапта адамның бойындағы 4 қасиет туралы әңгіме болады. Әділет – Күнтуды, Дәулет – Айтолды, Парасат – Оғдулмыш, Қанағат – Узғурмуш образдары арқылы адамдардың

тұрмыстіршілігін баяндайды. Жай баядап қана қоймайды, адамның рухани азық алу жолдарын, амал-тәсілдерін көрсетіп береді.

Жазушының мақсаты адамдарды дұрыс жалға бастау арқылы сол кездегі Қарахан мемлекетін нығайту еді. Дастанды оқыған Буғырахан Жүсіпке риза болып, оған «Хас Хажиб» деген атақ береді.

Шынында да, кітап авторы бұл атаққа сай еді. Кітапта тек тәлім-тәрбиелік насихаттар ғана емес, медицина, астрономия, табиғат, география, математика, философия, әдебиет ғылымдарынан да деректер берілген.

Ғалымның тәлім-тәрбие көзқарастары кітаптың 15- тарауына арқау болған. Ол *білім үйренуге* аса назар аударады. Білім ақылды, сананы шарықтайды, айналаны, өзінді танып-білуге жол ашады дейді. Әсіресе, ел басшыларының білімді, сезімтал, әділ болуын талап етеді. Ақылды әкім міндетті түрде білімді болатынын көрсетеді.

Жүсіп Хас Хажиб адамның адамгершілігі ақыл арқылы жетілетінін былайша айтады: *«ақыл-парасатқа еш нәрсе тең келмейді, одан асқан мәртебе жоқ»*.

Даньшпан тіл мәселесіне тоқталып, ұзақ өмір сүргің келсе, жақсы ісінмен бірге *жақсы сөзің* болсын дейді. Жастардың сөйлеу мәдениетін меңгеруіне жол көрсетеді.

Адам бойындағы *жағымды қасиеттерге* байсалдылық, қайырымдылық, биязы мінез және жайсаңдылықты жатқызады. *Жағымсыз қасиеттерді* өтірік айту, ішкілікке салыну, нәпсібұзықтық, мақтаншақтық, ашуланшақтық, іштарлық, көреалмаушылық, өзін-өзі ұстай алмау деп біледі.

Медицина, табиғат, қоғам туралы ғылымдардан мол хабары бар ұстаз жастардың *ғылыми білім* үйренуін ең дұрыс жол деп есептейді. Ғылымды үйренуден жалықпау керек, тоқтамай үйрену керек деп, ғылымды түпсіз, шексіз теңізге теңейді. Тек білім арқылы адамдар арман-мақсатына жетеді, тек білім арқылы қоғам ілгері дамитаынын былай суреттейді:

Дүниеде ғалым, даналар болмағанда,
Жерге жеміс егіні өнбес те еді.

Жүсіп Баласағуни кісілердің жанұялық өміріне де тоқталады. Әр бір адам жанұя құру керек, перзент тәрбиелеп, жетілдіру керек дейді.

Адамды ақыл-ой және рухани жағынан жетілдіру үшін, алдымен оған *дене тәрбиесін* дұрыс беруді айтады.

Дастанда қонаққа бару, қонақты күту, кездесулерде, той-жиында *өзін ұстау мәдениетіне* де тоқталған.

Қорыта айтқанда, Жүсіп Баласағунидің энциклопедиялық шығармасы бала тәрбиелеу ісінде ата-анаға да, оқытушыға да ауадай қажет құнды мұра.

«Құтты білік» – түркі халықтарының тәлім-тәрбиелік озық ой-пікірлерінің жиынтығы.

1.5.4. Ахмет Йүгінекидің «Хибатул хақайық» шығармасында дидактикалық көзқарастар

Ахмет Йүгінеки XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың 1-жартысында өмір сүрген түркі халықтарының атақты ақыны, ғалымы. Ол қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Йүгінек ауылында (Түркістан) дүниеге келген. Ғалымның өмірі туралы толық мәлімет сақталмаған. Бірақ іштен соқыр болып туылғаны туралы деректер бар. Ахмет Йүгінекидің бізге дейін жеткен жалғыз шығармасы «Хибатул хақайық» («Ақиқат сыйы») деп аталады.

Ахмет Йүгінекидің «Хибатул хақайық» кітабын оқып үйренген, ол жасаған дәуірді зерттеген, ғалым туралы пікір айтқан замандастарының еңбектерін мұқият үйренген ғалым-зерттеушілердің пікіріне қарағанда, ол өте зейінді, жады күшті, әлеуметтік өмірдің тыныстіршілігінен тәжірибе жинақтаған, адам психологиясының білгірі болған. Әйтпесе, соқыр бола тұрып көзі ашықтарға өмір сүрудің дұрыс жолына түсудің бағытын сілтей алған болар ма еді?!

«Хибатул хақайық» түркі тілінде жазылған «Құдатғу білік», «Диуани луғат ат-турк» сияқты педагогикалық шығармалардың жалғасы іспетті. Ұстаз да бұл кітапты жазудан максаты «адамдарға өнеге көрсету, білім беру, әдептілікке шақыру»

екенін ашып айтады. Бұл кітапты оқыған адамның «*тілі бал жегендей*» болатынын да ескертеді.

Йүгінекидің бұл кітабының қолжазба нұсқасы Түркияның Стамбул қаласынан табылған. Герат, Берлин сияқты қалалардан да қолжазбалары табылған болып, кітап тараулары әртүрлі көрсетіледі. Кітаптың қай нұсқасын алсақ та, онда ілім-білімнің пайдасы, тіл әдептілігі, зиялылық, адамгершілік мәселелері кең баяндалған.

Ақын суфизм тағылымына сүйеніп жазған бұл кітабында *екі дүниенің барын*, мәңгілік дүниеге бару үшін осы дүниеде қалай жасау керек екенін сөз етеді. Оның пікірінше, болмысты Аллатағала жаратқан. Дүниедегі барлық нәрсе орнын ауыстырып отырады. Сол сияқты адам да мынау өмірге келеді, уақыты біткеннен кейін кетеді. Адамзат өзіне берілген уақытта жағымды мінез көрсетпесе, пайдалы жұмыс істемесе, ол дүниені ластайды деген тұжырымға келеді.

Сондай-ақ, данышпан адамдардың ішінара бай-жарлы, мансапты-мансапсыз болып бөлінуіне қарсы шығады. Адам баласы Адам Ата мен Хауа Анадан бірдей жаратылған дейді. Тәрбие де осыған негізделуі керек, сонда қоғамда адамдарды алалау болмайтынын ұғындырады.

Ахмет Йүгінекидің тәлім-тәрбиелік ойларында ерекшеленетін пікірдің бірі ілім-білімнің құдіретін ашу. Ол табиғат және қоғам құбылыстарының сырын тек ғылым ашады дейді. Сондықтан ғылым соңына түсіп, Құдайды тануға ұмтылу керек дейді. «*Білімді кісі бағалы динарға, білімсіз адам жеміссіз ағашқа ұқсайды*» деген ой түйеді. Дастанда бұл пікірін былай өрнектейді:

Айтайын білім жайын, құнты бар бол,
Ей, достым, білімдіге ынтызар бол.
Ашылар білімменен бақыт жолы,
Білім ал, жолға түсіп бақыт толы.

Сөйтіп, ғұлама әлеуметтік өмірде орнын таба алмай жүрген жалқау, кертартпа, сабырсыз, салақ, мақсатсыз, көңілсіз, қорқақ, сұм, қу адамдарды білімсіздігі арқасында надандыққа бой ұрғандар деп қарайды. Надандық адамды жарға итереді дейді. Ақынның оқу-білімді насихаттаған өлең жолдары бірнеше ға-

сырлар бойы жастар тәрбиесінде теңдессіз тәрбие құралы болды.

Дастанда адамның әдепті мінез-құлқы қандай болуы керек екені туралы жан-жақты сипаттама беріледі. Ең алдымен, *«тілді тыйып ұстау керек»* дейді. Басқа келер бәлекі тілдің көрген ақылгөй ақын оқырманын абайлап, ойлап, мәнді сөйлеуге, өсек-өтірік айтуға, мылжын болмауға, сырын ашып абыройсызданбауға, біреудің жүрегін жаралайтын сөз айтпауға шақырады.

Ахмет Йүгінеки адам бойында *әдептілікті, жомарттықты, мейірімділікті, қарапайымдылықты* тәрбиелеу арқылы қоғамды жақсартуға болады, ал *надандық, қатігездік, сараңдық, тәкаппарлық* сияқты жағымсыз әдеттер арқылы қоғам азып-тозып кетеді деген құнды пікір білдіреді.

Қорыта айтар болсақ, орта ғасырлық ойшыл ақын Ахмет Йүгінеки адам бойында жақсы қасиеттерді тізбектеп көрсетіп, оған жетудің жолдарын, тәсілдерін нұсқады. Теріс әдеттердің адам үшін де, қоғам үшін де каншалықты зиян екенін, оны болдырмаудың, жоюдың жолдарын ашып берді. Дана пікірлерімен, пайдалы кеңестерімен, анық нұсқауларымен *«Хиба тул хакайык»* дастаны шығыс халықтарының тәлімдік ой-пікірлерін дамытты. Халықтың ертеңгі күніне сенімін оятты.

I.5.5. Кайковустың «Қабуснаме» шығармасында этикалық-дидактикалық көзқарастар

Шығыс классикалық педагогикасының озық үлгілерінен бірі *«Қабуснаме»* кітабын **Унсурулмаолий Кайковус** 1082–1083 жылдары жазған. Ол 1021 (1022) жылы Каспий теңізінің оңтүстік жағалауындағы Гилан тайпасындағы ұсақ феодалдың жанұясында дүниеге келген. Кайковус жас кезінен ғалымдардың, ақындардың, өнерпаздардың ортасында болып, сұхбаттарын тыңдап өседі. Өзі де ілім-білім үйренуге ден қояды. Музыкадан, табиғат туралы ілімдерден хабары болады. Кайковус Бухара, Самарқанд, Хорезм сияқты мәдениет, ғылымы өркендеген қалаларда болып, ғалымдардың еңбектерімен танысады, тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерімен ортақтасады.

Кайковус өз дәуірінің ірі феодалы, көп байлықтың иесі болуына қарамастан, педагогикалық қызметпен де айналысады. Ол қоғамның келешегі бала тәрбиесіне байланысты екенін жақсы аңғарды. Сөйтіп, жас ұрпақты қалай тәрбиелеу туралы ой-пікірлерін, көрген-білгендерін, оқыған-түйгендерін баласы Гиланшахпен ортақтасу мақсатында «Қабуснаме» кітабын жазады.

«Қабуснаме» 44 тараудан тұрады. Оның 4 тарауы діни сипатта жазылған да, қалған 40 тарауы әлеуметтік тұрмысқа арналған. Әрине кітаптың авторы ірі феодал болғандықтан феодалдың тұрмыс-тіршілігін бүгешүгесіне дейін көрсетін береді. Кітапты оқып отырып біздің қоғамымызға жат кейбір жағдайларды баяндағанын мақұлдасасaq та, бала тәрбиесіне арналған құнды пікірлерін қабылдаймыз. Өйткені кітапта бала дүниеге келген бастап қандай тәрбие беру керек екені білімділікпен баяндалған. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың борышы, міндеті қандай болуы керек, баланың әке-шеше алдындағы борышы, міндеті қандай болуы керек деген сұрақтарға жауап берілген. Мысалы, 5-тарауда былай дейді: «...*ата-анаға ізет пен құрметті қанша көп қылса, олардың саған қылған дұғалары сонша тез орындалар*». (Аударма автордікі).

Кайковустың пікірінше, адам елдің құрметіне нәсілі, атағы арқылы бөленбейді, керісінше *кәсібі, ақылы* арқылы абырой табады. Дүние-мүлкің асып-тасып жатса да бір кәсіпті үйреніп, сонымен шұғылдан, елге пайданды тигіз дейді.

Ол баласына *шешен* болуды насихаттайды. Бірақ алды-артыңды ойлап сөйле, сөзді қор қылма, мәнді-мағыналы сөзді айт деп ескертіп отырады.

Жігіттік және қарттық шақтарға баға беріп, былай дейді: «*жеңілтек жігіттердің бірі болма, жігіттерге салмақты болған жарасады*». «*Ей перзент, қарттық шаққа жеткенде жігіттің ісін істеу орынсыз және жігітке де қарттың ісін істеу әбестік болады*». Бұл ойы арқылы әрнәрсенің өз уақытында болғанын мақұлдайды.

Кайковус уақытты үнемді пайдалануға, тағамды жеудің тәртібіне, шарап ішудің зиянына да аса мән береді. Үй болу үшін үйлену керек, үйленетін қызды қалай табу керек деп, баласына

ой тастайды. Үйленетін қызың шешесінің тәрбиесін алған, әкесінің дінге беріктігін (Құдайға құлшылық етуін) көрген болсын дейді. Перзентің дүниеге келсе, алдымен, жақсы есім қой, ақылды тәрбиешенің қолына бер, атта жүруді, найзаласуды, түрлі ойындарды, суда жүзуді үйрет, кәсіп үйрет, әдепті мінез-құлыққа баулып, ілім үйрену үшін мұғалімнің қолына тапсыр, дейді.

Кайковустың бала тәрбиелеу туралы пікірлерінің ішінде ерекше аталатыны **жуванмардтік** туралы айтқандары. **Жуванмард** – адамилық, жомарттық деген мағынаны білдіреді. Оның пікірінше, адам бойындағы ақылдылық, шыншылдық сияқты асыл қасиеттермен бірге жуванмардтік та болуы керек. Ол жуванмардтік дегенде мынаны түсінеді: айтқан сөзіне өзі амал кылса, шындыққа қиянат жасамаса, ізгі істерді істесе – жуванмардтықтың негізі осы.

Жуванмардтік жолға түскен адам өзін үш нәрседен сақтау керек дейді. **Біріншісі** – көзді жаман назардан, **екіншісі** – қолды жаман істен, **үшіншісі** – тілді жаман сөзден сақтау. Сонда жер бетіндегі ең жақсы адам боласың дейді.

Сонымен, Кайковустың өз баласына арнап жазған үгіт-насихаттары, мәслихаттары ата-аналар үшін де, тәрбиеші-мұғалімдер үшін де аса бағалы тәрбие құралы болып саналады. Әр бір адам, мейлі ол бай болсын, мейлі ол кедей болсын, мейлі ол оқымысты болсын, мейлі ол надан болсын өз баласын ел-жұрт құрметтейтін азамат ретінде көргісі келеді. Құрметке бөленудің жолы әрі ұзақ, әрі қиын. Данышпан ғалым көрсеткендей, *«еңбек ету керек, денені жалқаулық пен бекершіліктен құтқару керек. Жалқаулық пен бекершілік дененің ауырлауына, ауру болуына алып келеді. Егер, денеңді өзіңе бойсындыра алмасаң, мәртебелі болмайсың»*. Ол барлық нәрсеге адамның өзі себепші болатынын 44 тараудан тұратын «Қабуснамесінде» толығымен ашып береді.

Бакылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Тәлімдік-моралдық көзқарастар дегеніміз не?
2. Ағартушылық бағыттағы шығармалардың мақсаты не?

3. Махмуд Қашқаридің тәлімдік үгіт-насихаттары өз ішіне нелерді алады?

4. «Диуани лугати ат-турк» қандай шығарма?

5. Жүсіп Баласағуни адамның қасиеттерін «Құдатғу біліг» дастанында қалай көрсетеді?

6. «Құдатғу біліг» дастанының негізгі кейіпкерлері кімдер?

7. Қашқари мен Баласағунидің білімді болудың пайдасы, сөйлеу мәдениеті туралы пікірлерін салыстырып көрсет.

8. Ахмет Йүгінеки білімділіктің пайдасын, надандықтың зиянын қалай түсіндіреді?

9. Қайковустың «Қабуснаме» кітабы өз дәуіріндегі қай тайпаның балаларын тәрбиелеуге арналған?

10. «Қабуснамені» дидактикалық шығарма деуге бола ма?

11. «Қабуснаме» неге ағартушылық бағыттағы түркі жазба ескерткіштерімен бірге үйреніледі?

12. Осы сарындас тағы қандай ортағасырлық шығармалады білесің?

I.6. XIV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырларда Мауарауннахрда тәрбие және мектеп

I.6.1. Әлеуметтік өмірдің тәлім-тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар дамуына әсері

XII–XIV ғасырларда саяси, экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан өркендеп келе жатқан Тұран жері тағы да бір басқыншылықты басынан өткізді. Тарихтан мәлім, Шыңғысхан және оның ұрпақтары Орта Азия мен Қазақстанның үстінде ат ойнатып, неше ғасырлар бойында жинақталған материалдық және рухани байлықтарды талқандап, даму процесін екі ғасырға кешіктірді.

Әскери күштері жағынан жоғары тұрғанымен монғолдар мәдени-рухани жағынан орта азиялықтардан әлдеқайда төмен

болды. Сондықтан оларға ислам дінінің ережелері, талаптары мақұл келді. Берке хан тұсында басқыншы буддистер ислам дінін қабылдады. Ал Өзбек хан тұсында (1312–1342) түркі тілі ресми тіл дәрежесіне көтерілді. Монғолдардың қол астында болуына қарамастан бұл дәуірде Орта Азияда құқық пен тәртіп мәселелері ислам діні негізінде болды.

XIV ғасырдың басында Орта Азия халқы монғол басқыншыларына қарсы күрес бастады. XIV ғасырдың ортасына келіп ортаазилықтар шабуылшылардан бүтіндей құтылды.

Монғол-татарларынан Орта Азия жерін тазартуға басшылық жасаған Әмір Темір тарқалып кеткен халықтың басын жиып құдіретті мемлекетке айналдыруды мақсат етті. Ол XIV ғасырдың 70-жылдарынан 1388 жылға дейін Мауарауннахр, Қорасан, Хорезм мемлекеттерін біріктіріп, орталықтандырылған мемлекет орнатты. Орталықтандырылған темурийлер мемлекетінде мәдениет, экономика және ғылым жылдам дами бастады. Самарқанд пен Гератта медреселер, кітапхана және обсерватория құрылды. Табиғи ғылымдарды үйренуге қызығушылық күшейді. Математика, астрономия, география, тарих, әдебиет, философия және тәлім-тәрбиеге байланысты ғылыми еңбектер пайда болды. Діни білімдер дамыды.

Атои, Саккоки, Хайдар Хорезми, Лутфи сияқты әдебиетке үлкен үлес қосқан жазушылар, Руми, Жамшид ибн Масуди, Али Қушчи сияқты математик ғалымдар, Алишер Науаи, Абдурахман Жами, Мухаммед Бабыр секілді сөз зергерлері, Камолиддин Бехзод сияқты ұлы суретші, Хандамирдей тарихшылар бұл дәуірдің мәдени өмірін, ғылымын биік белеске көтерді. Әрине мұндай ұлы істің басында Әмір Темір және оның ұрпақтары тұрды. Маварауннахрда ғылым-білімнің дамуы Ұлықбек атымен тікелей байланысты.

Бұл дәуірге келіп жекеменшік мектептер пайда болды. Үйде мұғалім жалдап балаларды оқыту дәстүрге айналды. Балаларды 6 жастан оқыта бастады. Олар мектепте сауат ашып, кейін медреседе діни және дүниелік ілімдерден білім алды. Дін барлық ғылымдарға үстемдік жүргізді.

1.6.2. Әмір Темірдің мәдениетті, ғылымды, ағартуды дамытуға қосқан үлесі

Әмір Темір 1336 жылы 9 апрелде Кешке қарасты Қожа илғор ауылында туылған. Әкесі Әмір Тарағай Қазанханның тұсында кіші мансап иелеп тұрған. Анасы Тегина Бегім бұқаралық ғалым Убайдулохтың қызы болған

Әмір Темірдің балалық шағы туралы мағлұматтар аз жетіп келген. Өзінің өмірбаянында алдымен үйінде сауат ашқанын, 7 жасқа толғанда медреседе оқығанын жазады. Ол 9 жасынан бастап намаз оқитын болған. 16 жасынан бастап, әкесінің айтуымен, әскерлерге басшылық жасайды. Ержүрек, қайсар, соғыстарда шыныққан Әмір Темір бүкіл Орта Азия жерін өзіне бағындырып, Солтүстік Кавказ, Сирия, Туркия жерлерін де басып алады. Сөйтіп, құдіретті темурийлер мемлекетіне негіз қалайды. Атақты қолбасшы 1405 жылы 18 февралда Отырар қаласында қайтыс болады.

Әмір Темір мемлекет басшысы ретінде өте әділетті болған. Өзі туралы айтқан мына пікірлер оған дәлел: *барлық адамдарға байыппен және әділдікпен қарадым, байды кедейден жоғары қоймадым, ислам дініне берік болдым, кедей-кепшікке жиі-жиі садақа үлестіріп отырдым, халыққа рақымшылық жасадым, алдымен тәңріге құлшылық етіп, содан кейін күнделікті жұмыстарымды бастадым, барлық уақыт әділетті сөйлеуге әрекет еттім, әрдайым уәдемнің үстінен шықтым, әрдайым өзімді Аллахтың жердегі мүлкінің қорғаушысы деп білдім және оны бекерге ысырап етпедім, әрдайым тәңрінің әмірін және пайғамбарымыздың хадистерін толық орындауға ұмтылдым, ынсап байрағын жоғары көтердім және иманды таратуды борышым деп білдім, дін басыларымен сұхбат құрып, оларды зер салып тыңдадым.*

Әмір Темір тарихта тек атақты қолбасшы, айбынды мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, елдің басын біріктіріп, бейбітшілік орнатқан, халықтың ілім-білім үйренуі үшін оқу орындары ашумен піұғылданған ағартушы ретінде, қол астындағы халқын имандылыққа, әділеттілікке, білімділікке үндеген тәр-

биеші ретінде де белгілі. Зерттеушілер оның бізге қалдырған үгіт-насихаттарын төмендегідей топтасырады:

Ислам діні мен шарияғат заңдар туралы үгіт-насихаттары. *Қайсы мемлекетте діннен қайту орын алса, адамдары түрлі жат діни ағымдарға кірсе, ол мемлекет күйреуге жақын, - деп, халықты дініне берік болуға шақырады.*

Мемлекет және оны басқару бойынша үгіт-насихаттары. Әмір Темірдің мемлекетті басқару туралы ережелері «Темур тузуклари» деген атпен бізге жетіп келген кітапта баяндалған. Ол мемлекетті басқаруды бірінші кеңес, екінші *мәслихат*, үшінші *тиянақты қаулы*, іскерлік және *сергектік*, төртінші *сақтық* негізінде амалға асырған. *«Әр кімнен кеңес алдым. Әр кімнен пікір үйрендім, қайсысы пайдалы болса, оны көңілімде сақтап, істете бастадым»*, дейді көреген басшы.

Патша және уәзірлер туралы үгіт-насихаттары. Әмір Темір уәзірлердің кең пейілді және пәк көңілді, нәзік және ақылды, шыдамды және икемді болуын қалады. Оның пікірінше, *негізі таза, нәсілі пәк, ұлы заттардан болған жақсы адамдарды тауып, уәзір сайлау керек. Себебі, негізі таза кісі өмірде қателіктерге жол қоймайды.*

Әдептілікке байланысты үгіт-насихаттары. *«Ешкімге қаһармен қатты мәміледе болмадым. Тәңірдің қаһарына ұшырамайын және ісімді бұзып, халімді мүшкілдетпейін деп»*. Әмір Темір тек әділетті басшы ғана емес, әдептілікті де өзіне серік етіп, оны кейінгі ұрпаққа аманат етіп қалдырған дана.

Дос пен дұшпан туралы үгіт-насихаттары. *«Шын дос ешқашан досынан ренжімейді, егер ренжісе, кешірімін қабылдайды»*, - деп, достыққа адал болуды насихаттайды. *«Егер, дұшпаның бас ұрып келсе, рақымшылық жасап, жақсылық істе»*, - деп, дұшпада да кешіре білуге үйретеді.

Сөз және сыпайы сөйлеу туралы үгіт-насихаттары. Әмір Темір тілді қылыштан да өткір деп суреттейді. *«Бір ауыз тәтті сөз қылышты қыңға кіргізер»* деп, сыпайы сөйлеуді өмірде өрнек еткенін көп рет ескертеді.

1.6.3. Мектеп пен медреселерде тәлім-тәрбие ерекшеліктері

Бұл дәуірде білім алу екі басқыштан тұрды: 1) **бастауыш білім** – мектеп, 2) **орта білім** – медресе. Сонымен бірге **қары-хана** және **далаилхана** деген бастапқы оқу орындары да болды. Оқуды ұйымдастыру мұсылман діндарларының қолында еді. Мұсылман мектептері көптеп ашыла бастады. Өйткені ұл балалар Құранды оқи білуі, дұға қайтара алуы керек еді. Мектептің оқытушысы ер кісі болып, оны **домла (молда)** деп атады. Көптеген молдалардың білімі мектептік дәрежеде болды. Тек шамалы бөлігі медреселерде тәлім алған еді.

Мектепке қабылдау мерзімі тұрақты болмады. Жас мөлшері де шегараланбады. Қаладағы мектептерде балалар 15–17 жасқа дейін, ауылда 13–15 жасқа дейін оқыды. Балалар таңертеңнен кешке дейін жыл бойы оқи берді. Оқушылар демалысқа жұма күндері және діни мерекелерде шықты. Оқушы «Құранды» жатқа білгеннен кейін хатм өткізілді.

Мектепте әр бала молданың тапсырмасымен бір кітапты оқыды. Оқу программасы, сабақ кестесі болмады. Оқушылар сыныптарға бөлінбеді. Оларды оқып жатқан кітаптарына қарай топтады. «**Тахтахан**дар» – алфавитті үйренушілер. Оқытушы оқушыларға 32 араб алфавиті жазылған тақтай береді. Бұл әріптерді оқушылар 1–2 жыл жаттады. «**Абжад**хан»дар – «Абжадты» оқитындар, яғни 1-ден 1000-ға дейінгі араб жазуындағы санауды үйренеді. Бұларды үйренгеннен кейін «**Хафтияк**ты» (Құранның жетіден бірі, жеңілдетілген түрі) оқуға өтеді. Оларды «**шафтияк**хан»дар деп атайды. Парсы-тәжік тілінде жазылған «**Хафтияк**ты» аяқтағаннан соң оқушылар оқытушысына садака береді. «**Құран**хан»дар – «Құранды» үйренушілер. Құраннан соң парсы тілінде жазылған «**Чухар** кітапқа» өтіледі. Одан кейін өзбек тілінде жазылған «**Суфи Оллаер**» кітабы үйретілді.

Оқушыларды сыныптан-сыныпқа көшірмеді, оқу материалын бітіруіне қарай басқышпен оқытты. Қазіргі түсінік бойынша, оқушыларға баға қойылмады, класс журналы болмады. Жақсы үлгірген оқушыларды ауызша мақтайтын болған.

Кейбір мектептерде қабілетті балаларға арифметикадан элементар білім берілді. Ал кейбір мектептерде балалар жазуға үйретілді. Оқудың бұл түрі кітаптарды көшіріп жазумен аяқталды. Бұл өте ауыр еңбек еді, сондықтан соңына дейін жетуге әркім де шыдай алмайтын. Бұл топта оқитындарды «**житобаттар**» деп атады.

Қыздар үшін арнайы мектептер болмады. Оларды атындар, бибахалифалар (молдалардың, ишандардың әйелдері) өз үйлерінде оқытты.

Жоғары дәрежелі діни оқу орны – **медресеге** мектеп бітірген жастарды қабылдады. Медреселер кіші, орта және үлкен медреселерге бөлінді. Кіші медреселер 15–20 бөлмеден тұратын, аз табысты болды. Орта медресе 30–40 бөлмесі бар, жоғары табысқа ие. Бұл медреселердің оқу істерін муфти мен аға мударрис басқарды.

Мударрис – оқытушы барлық оқу пәндерінің үстінен басшылық жүргізеді.

Муфти – жоғары мансапты діндар.

Үлкен медресе 100–150 бөлмесі бар, табысы жоғары және оқушылары (муллавачча) өте көп. Медресені охун, улома, муфти басқарады.

Охун – діни әкімшілік орнындағы адам.

Улома – діни ғалым, ислам дінін насихаттаушы.

І.6.4. Мырза Ұлықбектің педагогикалық идеялары мен ағартушылық қызметі

Әмір Темірдің немересі **Мырза Ұлықбек** (шын аты Мухаммад Тарағай) **1394 жылы 22 мартта** Иранның Султания қаласында дүниеге келді. 15 жасынан ел басқару ісіне араласты. Әмір Темір қайтыс болғаннан кейін орталықтандырылған теурилер салтанаты екіге бөлініп, Қорасан және Мауарауннахр атты екі мемлекет құрылды. Сонын Мауарауннахрына Мырза Ұлықбек әкім болып тағайындалды. Ұлықбек әмірлік еткен дәуірде Мауарауннахрда әлеуметтік-экономикалық, мәдени-ғылыми өмір өркендеді. Көптеген мәдени құрылыстар салынды. Әмір Темір дәуірінде басталған «Бибі ханым» мешіті, «Гөр

Әмір» күмбезі және «Шахи Зинда» ансамблінің құрылысын аяқтады. Оның басшылығымен Бухарада, Самарқанда, Ғыждуанда салынған жаңа типті медреселер діни оқу орны емес, нағыз ғылыми орда болды. Әсіресе, Самарқанд медресесі ғылыми академия іспетті еді. Көрнекті ел басқарушының ел алдындағы, келешек ұрпақ алдындағы ең ұлы еңбегі – XV ғасырда-ақ аты әлемге әйгілі болған астрономиялық обсерватория салдыруы болды. Ұлықбек обсерваториясында ғалымдар маңызды астрономиялық бақылаулар мен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мауарауннахрдың орталығына жүздеген ғалымдар мен шайырларды, суретшілер мен архитекторларды, құрылысшылар мен кітап көшіргіштерді топтап, Самарқанды әлемнің әйгілі өркениетті қаласына айналдырды. Мырза Ұлықбек 1449 жылы қайтыс болады.

Елінің өркендеуіне көп үлес қосқан Ұлықбек мырзаның аты тарихта, ең алдымен, атақты ғалым ретінде қалды. Ол астрономия, математика, тарих саласында құнды еңбектер жазып қалдырды. Оның басшылығымен жазылған **«Төрт ұлыс тарихы»** кітабында Алтын Орда, Иран, Монғолия және Орта Азия тарихы баяндалады. Осы күнге дейін бұл кітапқа әлемнің көптеген шығыстанушылары жүгінеді. Ғалым басшылығында Ұлықбек обсерваториясы ғалымдары **«Зиджи Курагоний»** атты астрономиялық таблица жаратты. Әлі күнге ғылымдық бағасын жоғалтпаған бұл кітап төрт бөлімнен тұрады: 1) *календарлар туралы*, 2) *уақыт өлшеу жөнінде*, 3) *планеталардың қозғалысын анықтау жайлы*, 4) *астрономиялық мағлұматтар*. Бұл кітаптың кіріспесінде обсерваторияда өткізілген бақылаулар негізінде түзілген таблицалар беріледі. Бірінші бөлімінде эрлар мен түрлі календарлар туралы айтылса, ал екінші бөлімі математика мен астрономияға арналады. Үшінші бөлімінде тригонометриялық таблицалар берілген. Соңғы төртінші кітабында астрология ілімі мысалдармен түсіндіріледі.

Самарқанды Шығыстың ғылыми ой-пікірлерінің орталығына айналдырған Ұлықбек ғылыммен айналысқан оқымыстыларға кең жағдай жаратты. Оның шарапаты нәтижесінде Қазы Заде Руми, Ғиясиддин Жамшид ал-Коши, Али Құсшы, Ұлықбек академиясында қызмет етіп, математика, геометрия, астрономия

ғылымдарының өркендеуіне үлес қосты. Бұл ғалымдар Ұлықбектің өзі сияқты медреселерде сабақ берді. Медреселерде діни білімдерден басқа математика, геометрия, астрономия, медицина, география ілімдері де оқытылды. Мауарауннахрдай байтақ елге патшалық ете отырып, педагогикалық қызметпен айналысуға уақыт тапқан Ұлықбектей данышпанның терең ағартушылық ой-пікірлері бар. Оның пікірінше, тәлім-тәрбиеде математика, астрономия пәндерін оқыту аса маңызды, себебі, бұл пәндер баланың ақыл-ой күші мен қабілетін жетілдіруде қажетті құрал болады, ал тарих пен әдебиет балалардың отансүйгіш болып жетілуіне қызмет етеді. Ол *«білімдерді меңгеру өте қиын және азапты... оған жету үшін өмірді үйрену, шаршамай-шалдықпай шұғылдану, өз ақылын жетілдіру қажет»*, - дейді.

І.6.5. Ұлықбек дәуірінде мектеп реформасы

Ұлықбек билік басын келгеннен кейін ағарту саласында реформалар жасады. Ең алдымен жеке меншікке қарайтын медреселерді мемлекеттің қарамағына өткізіп, оған мемлекеттік қазынадан ақша ажыратып отырды. Енді медреселерде оқуға кедей балаларының да қолы жетті. Оқу мерзімі 15–20 жылдың орнына 8 жыл етіп белгіленді, сабақ аптасына 5 күн жүргізілді.

Ағартушы оқу мазмұнына да өзгерістер енгізді. Медреселерде араб тілі, Құран, риторика, хадис, логика, заң, метафизика, математик, астрономия, медицина, география, тарих, әдебиет оқытылатын болды. Ол және оның замандас, пікірлес ғалым серіктері түсінікті, оңай жана оқулықтар жазды.

Реформатор педагог медреселердегі жеке оқытудың орнына коллективтік оқытуды енгізді. Ұлықбек медресесінде диспут методы пайдаланылды. Шәкірттедің алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алуы үшін оқытушылардан практикалық сабақтар өткізуді талап етті. Ең жақсы бітірушілерді өзі таңдап обсерваторияға жұмысқа алды.

Оқытушының жеке басы оқушы үшін үлкен роль ойнайтынын түсінген педагог-ғалым медресеге оқытушыларды қатаң талаптармен таңдап алды. Әрбір оқытушының терең білімге ие болуы ең басты орында тұрды.

Оның медресесінде оқу күні анық ұйымдастырылды, қатан тәртіптегі сабақ кестесі болды, шәкірттердің сабаққа қатысуы қадағаланып отырылды.

Энциклопедист ғалым, көрнекті мемлекет қайраткері, реформатор педагог Мырза Ұлықбек бүкіл ғұмырын жас ұрпақтың білім алуы үшін, елінің көркеюі үшін, халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсы болуы үшін арнады. Біз бүгін оның түркі елін әлемге мәшһүр еткен ғылыми еңбектерін, адамилық ақыл-парасатын, ғалымдық көрегенділігін үлгі-өнеге тұтамыз.

1.6.6. Захриддин Мухаммед Бабырдың педагогикалық ой-пікірлері

Әмір Темірдің тағы бір ұрпағы Захриддин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы Әндіжанда туылған. Бала Бабыр түркі, араб, парсы тілдерін жетік білген, тарих, философия, табиғаттану, архитектура және соғыс өнері бойынша білім алған. Әкесі қайтыс болғаннан кейін 12 жасар Бабырды Ферғанаға әмір етіп тағайындайды. Оның бар мақсаты теуриийлер мемлекетінің құдіретін тіктеп, орталықтандырылған Мауарауннахр мемлекетін құру болды. Бірақ Шайбани ханның қарсылықтарына шыдай алмастан, Ауғанстанға кетеді. Ауғанстанды басып алған Бабыр әрі қарай Үндістанға жорыққа шығады. 1525 жылы Үндістанды өзіне қаратқан Бабыр 300 жыл әмірлік еткен Ұлы Моғол империясына негіз салады. Бабыр патшалығы Үндістанның дамуына өте көп еңбек сіңірген. Бабыр 1530 жылы Агра қаласында қайтыс болады.

Көрнекті мемлекет қайраткері Бабырдың бізге Отан, достық, махаббат тақырыбын жырлаған өлеңдері мен «Бабыр-наме» атты көркем туындысы мұра болып қалды. Ол өлеңдерінде *«ар-ождан-ның таза болса, өзгелер де саған адал болар»* деп, адамилық қасиеттерді мадақтап, оған жетудің жолдарын көрсетіп отырды.

Ғалым өлең құрылысы, музыка теориясы, соғыс өнері туралы бірнеше ғылыми еңбектер жазды. Ол көне түркі жазуы үлгісінде араб графикасын істеп шықты. Бірақ діншіл фанаттар бұған қарсы шығып, оны халық арасында таратпады.

Түркі халықтарына ортақ мұра саналатын Бабырдың мемуарлық шығармасы «Бабырнаме» шағатай тілінде жазылған. Қытап

үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың басындағы өзі қатысқан Орта Азиядағы саяси оқиғалар баяндалады. Екінші бөлімінде Ауғанстанда болған жылдарындағы тарихи оқиғалар, ал үшінші бөлімінде Үндістанның солтүстік өңірінде болған саяси оқиғалар баяндалады. Бұл елдердің саяси өмірін табиғатымен, халқының тұрмыс-тіршілігімен қоса суреттеп, әрі көркем шығарма әрі оқырмандарға мол тарихи деректер қалдырды. «Бабырнаменін» құндылығы сонда, мұнда ежелгі Түркістан, Отырар, Сайрам сияқты қалалар, Сырдария, Арыс сияқты өзендер туралы, Жәнібек хан, Қасым хан, атақты ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати, ақын Хасен Әли сияқты жиырмадан астам қоғам қайраткерлері туралы мәлімет береді – бұл бір. Екіншіден, түркі халықтарының ортақ тілі – инағатай тілі туралы жазба жәдігерлік болып саналады. Үшіншіден, кейінгі ұрпаққа XV–XVI ғасырларда өскен өсімдіктер, тіршілік еткен жан-жануарлар, өзен-теңіздер туралы құнды материалдар қалдырады. Сол дәуірде өмір сүрген халықтардың мәдениеті, әдебиеті, өнері, салт-дәстүрлері туралы естеліктер айтады.

Энциклопедиялық шығарма болған «Бабырнаме» ағылшын, неміс, орыс, француз, үнді, парсы, түрік, жапон тілдеріне бірнеше рет аударылып, баспадан шықты. Жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлықтаушы бұл кітап адамзат тарихының баға жетпес ескерткіштерінің бірі болып саналды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. XII–XIV ғасырлардағы тарихи жағдайдың Отра Азия халықтары мәдени-әлеуметтік өміріне әсері қандай болды?
2. Орталықтандырылған темурийлер мемлекеті және онда ғылым мен мәдениет туралы айт.
3. Әмір Темірдің мәдениетті, ғылымды, ағартуды дамытуға қосқан үлесі қандай?
4. Әмір Темірдің педагогикалық ой-пікірлеріне сипаттама бер.
5. Осы дәуірдегі білім беруді ұйымдастыру формаларына сипаттама бер.
6. Оқыту мазмұны қандай болды?

7. Мырза Ұлықбектің Мауарауннахрды өркендетуге қосқан үлесін айт.
8. Ұлықбектің ағарту саласын реформалаудан мақсаты не еді?
9. Ұлықбектің ғылыми мұралары туралы айт.
10. Бабырдың педагогикалық пікірлері қандай?
11. «Бабырнаменін» түркі халықтарының тарихындағы орны қандай?

I.7. XIV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырларда Мауарауннахрда және Қазақстанда педагогикалық ойлардың дамуы

I.7.1. Абдурахман Жамидың педагогикалық ой-пікірлері

XIV-XV ғасырларда ортаазиялық ғалымдардың дүниелік ілімдерді үйренуге ықыласы тағы да арта түсті. Адамзат тарихы осы дәуірде табиғат сырларын, аспан әлемін зерттеген отандас ғалымдарымыздың әлемдік деңгейдегі ғылыми жаңалықтарына куә болды. Сонымен бірге олар өз трактаттарында әлеуметтік-құлықтық мәселелерге де тоқталады. Шығармаларында адамның ақыл-ойы мен қабілеттерін, биік адамилық қасиеттерін жоғарыға көтеру күшейеді, бала тәрбиесінде гуманистік идеялар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды насихаттайды.

Нуриддин Абдурахман Жами 1414 жылы Қорасанда туылған. Өз елінде бастапқы білімді алғаннан кейін, Самарқанда медреседе оқиды. Ол жерде Мырза Ұлықбек, Қазызада Руми, Али Қушчи сияқты ғалымдардың қолында білім алады. Ол лингвистика, логика, философия, құқықтану, табиғаттану, математика, астрономия сияқты ғылым салаларының білгірі ретінде танылды. Оның жүзге жуық шығармасы ғылым мен мәдениеттің мәселелеріне арналған. Жами парсы тілінің грамматикасы

касы бойынша оқу құралын және араб тілі оқулығына комментарий жазған. Ақын 1492 жылы қайтыс болады.

Жамидің «Бахаристан» («Көктемгі бақ») шығармасы XV ғасырдың ең жақсы педагогикалық ескерткіші ретінде бағаланады. Кітап Сағдидің «Гүлстан» шығармасы үлгісінде жазылған болып, 8 тараудан тұрады. Кітапқа тұрмыс-тіршілік туралы, құлық туралы әңгімелер, нақыл сөздер, данышпандардың өсиеттері енгізілген.

Ақын 7 дастаннан тұратын «Хафт авранг» («Жеті тақ») шығармасында адамзат нәсілінің ең жақсы қасиеті ретінде *адамилықты, әділдікті, махаббатты, достықты, ерлікті, еңбексүйгіштікті, даналықты, жомарттықты* көрсетеді. Ол біреуге жақсылық жасап, одан жауап күтуді сауапты іске жатқызбайды. Қанағат жасай алған адамды нағыз адамгершілік қасиетке ие деп қарайды.

Жамидің үлкен арманы «*пәк адамдар қаласын*» құру болды. Ол арманын өзінің «Ескендірдің данышпандылығы» кітабында баяндайды. Ұстазы Аристотелден терең білім алған атақты қолбасшы Ескендір Зұлқарнай әлемді айналып жүріп бір қалаға келеді. Қаладағы тыныштық, үйлердің есігінде құлыптың жоқтығы, халқының жайбарақат тұрмыс-тіршілігі оны таң қалдырады. Мұның мәнін үйренген Ескендір, қалада әділет үстемдік ететініне, адамдар оған бойсынатынына көз жеткізеді. Мұндай дәстүрдің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанына, қала әкімінің даналығына риза болады.

Жамидің пікірінше, адам иелеп тұрған лауазымына қарай емес, *адал еңбегіне* қарай бағаланады. Данышпан ғалым жастардың білім алуын жақтады. «*Білім алудан мақсат – адамдарға пайдалы болу*», - деп есептеді. Білімді кітаптан іздеу керек дейді. Сондықтан жас ұрпақты кітап оқуға, кітапты бағалауға шақырды.

Жами өзіне дейінгі педагогикалық ой-пікірлерді қуаттай отырып, ата-ананың бала тәрбиесіне ерекше мән беруін талап етті. Ол тәрбие арқылы балада *адамилық, достық, қарапайымдылық, адалдық, жомарттық, еңбексүйгіштік* сияқты қасиеттерді қалыптастыруға болады деп сенді.

1.7.2. Жалалиддин Дауанидың этикалық көзқарастары. «Ахлоқи Жалолий» трактатының педагогикалық ой-пікірлерді дамытудағы орны

Шығыстың атакты ойшылдарының бірі, педагогикалық ой-пікірлерге үлкен үлес қосқан ғалым Жалалиддин Дауани 1427 жылы Иранның Дауан ауылында туылған. Шираз қаласындағы медреседе оқып жүріп, шариғат және құқық ілімдерін терең үйренеді. Шираз қаласында біраз жылдар қазы болып істейді. Одан кейін медресеге оқытушы болып орналасады. Осы жылдарда философия, логика, этика, алгебра, геометрия, әдебиет ғылымдарын жан-жақты үйренеді. Аристотель, Платон сияқты грек ғалымдарының еңбектеріне түсініктеме жазады. Иран, Ирақ, Үндістан, Ауғаныстан сияқты көптеген мемлекеттерге саяхатқа шығып, сол жерлердің ғалымдарымен кездеседі. Дауани 1502 жылы қайтыс болады.

Энциклопедист ғалым Дауанидың философия, логика, заң, педагогика, этика, математика және геометрия ғылымдары бойынша жүзге жуық шығармасы бар. Оның «Рисолаи исботи вожиб» («Қажеттіліктің дәлелі туралы трактат»), «Рисолат ул-муфрадот» («Заттар туралы трактат»), «Рисолат ул-хуруф» («Әріптер туралы трактат»), «Рисола дар элм ун-нафс» («Психология туралы трактат»), «Тарикати тарбит ул-авлод» («Балаларды тәрбиелеу методтары») сияқты шығармалары көп жылдар бойында оқу әдебиеті ретінде оқу орындарында оқытылған. Дауанидың ең үлкен шығармасы «Жалюли этикасы» («Ахлоқи Жалолий») қоғамдық-саяси, әлеуметтік-этикалық және педагогикалық мәселелерге арналған. Кітаптың бірінші бөлімінде ғалым әдептіліктің негізгі категориялары болған *әділдік, батылдық, ақылдылық, ұялшақтық* туралы жазған. Екінші бөлімінде «адамның ішкі жағдайы мен әлемі» туралы сөз өрбіген. Мұнда *жанұялық өмірге, яғни ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасы, олардың бір-біріне сенім көрсетуі, лайықты балаларды тәрбиелеуі, балаларына мамандықты игертуі, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық ережесі* сияқты мәселелерге үлкен мән берген. Кітаптың үшінші бөлімі «Мемлекетті басқару және патшалар саясаты» деп аталады. Мұнда ел басқарушы

мен халықтың ортасында өзара әділетті қарым-қатынас болуы және адамдардың қоғамдық келісімі орнатылуы қажеттілігін нықтап көрсетеді.

«Жалоли этикасы» кітабында Дауани адам өмірінің барлық жақтарын қамтуға әрекет еткен. «...Адам өзінің өмірінде басқалардың қолдауын қажетсінеді, қолдаудың ережесі сүйенішке, достық пен махаббатқа негізделеді. Сондықтан, адамның досы қанша көп болса, өз мақсатына жетуі оңай болады...», деп, адамдардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруін насихаттайды. Ғалым кәсіппен байланысты мынадай пікір айтады: «адамда барлық кәсіпке бірдей қабілеті болмайды, керісінше, оның белгілі бір кәсіпке ғана бейімділігі болады». Шынында да, әр кәсіптің басын тұтамын деу бекер. Халық ондай адамдарды аздап ұша алатын, аздып суда жүзе алатын, аздап жүтіре алатын үйрекке ұқсатады.

Ортағасырлық Шығыстың атақты ойшылы бұл аса құнды педагогикалық шығармасы арқылы өзінен алты жүз жыл алдын өмір сүрген Фарабидің қоғамдық көзқарастарын жақтайтынын және оны өз дәуіріне сай етіп дамытатынын көрсетеді. Дауанидің «Жалоли этикасы» кітабы XX ғасырға дейін Самарқанд және Бұхара қалаларындағы медреселерде оқу кітабы ретінде оқытылды. Педагогикалық ой-пікірлердің дамуына белгілі дәрежеде әсер еткен бұл кітап көптеген тілдерге аударылды. Бірнеше мемлекеттердің кітап қоймаларында осы күнге дейін кітаптың қолжазбалары сақталынауда.

I.7.3. Әлішер Науаниның шығармаларында тәрбие және адамгершілік мәселелері

Ұлы ғалым, ақын, мемлекет қайраткері **Әлішер Науан 1441 жылы** Герат қаласында білімді адамдардың жанұянда дүниеге келген. Жас кезінен поэзияға, тілдерге қызықты, ислам ілімін үйренді. 15 жасынан бастап түркі және парсы тілдерінде өлең жазатын ақын ретінде танылды.

Әлішер Герат, Мешхад қалаларындағы медреселерде оқып, логика, философия, математика, музыка ғылымдарын терең меңгереді. 1469-1476 жылдарда Қорасанда мемлекет басқару

ісіне қатысады. Оның басшылығында Гератта мектеп, медресе, кітапхана, оқу залы, көпір, ауруханалар құрылады. Өзінің есебінен ғалымдар мен ойшылдарға, ақындар мен өнер адамдарына материалдық көмек көрсетіп тұрды. Науаи әкімшіліктен өзі сұранып кетеді де, қалған өмірін ғылымға, әдебиетке арнайды. Өлішпер Науаи 1501 жылы Гератта қайтыс боады.

Өлішпер Науаиның әдеби және ғылыми мұрасы аса көп және сан қырлы болып, оның отыздан артық кітабы бар. Ұлы данышпанның қаламынан туған бес кітаптан тұратын «Хамса» дастаны, «Махбуб ул-қулуб», «Хайрат ул-Аброр», «Лисон ут-тайр», «Насойим ул-мухаббат», «Назмул жавохир» шығармалары адамзат қоғамын жақсартудың әдіс-тәсілдерін көрсетіп берген аса құнды педагогикалық еңбек болып есептелінеді.

Өлішпер Науаиның педагогикалық идеялары терең гуманизмімен ерекшеленеді. Ол адамды дүниедегі ең жоғары *асыл тіршілік иесі*, әлемнің қымбатты сыйы, ал баланы үйге қуаныш пен бақыт әкелетін, үйді нұрға толтыратын шамшырақ деп есептеген. Адам тек өз баласын ғана жақсы көріп қана қоймастан, барлық баланы – келешек ұрпақты жақсы көруі керек деп жазды.

Ол мемлекетті адамшылығы бар, білімді және әділетті адам басқару керек деп есептейді. Адамзаттың бәрі бірдей, халықтар өзара тең, ал адамдардың жасаудан мақсаты – еңбек етуінде деп білді.

Данышпан ғалым адамның ақыл-ойы мен ғылымды жоғары бағалады. Ол *«білім мен данышпандық – адамның әшекейі»*, деп, - жазды. Ол осы пікірі арқылы адамның жан-жақты жетілуінде ғылым-білімнің орнын, ақыл мен зейіннің маңызын, ақыл-ой тәрбиесінің мәнін ашып береді. «Хайрат ул-Аброр» дастанында *ілімді күнге, айға және күндізге* теңейді. Ал білімсіздікті *қарағы түнекке* ұқсатады. Сондықтан баланы жас күнінен білім алуға үйрету керек дейді. Білімділік адамды да, бүкіл халықты да надандықтан құтқарады деп сенеді. Жан-жақты жетілген адам тек білім алумен шектелмеуі керек, оның бойында *әділеттілік, қамқорлық, жомарттық, әдептілік, кішіпейілділік, қанағат, ынсап, ар-ұждан, шыншылдық, достық, махаббат* сияқты адамилік қасиеттер де болуы керек дейді. Мұндай қасиеттерді тәрбиелеудің жолдарын шығармаларындағы Фархад,

Шірін, Шапур, Мехинбану, Ләйлі, Мәжнүн, Бахрам образдары арқылы көрсетеді.

«Хайрат ул-Аброр» дастанында ата-ананың бала тәрбиесіндегі орнын былайша көрсетеді:

Баланы өмірге әкелдің бе, білуің қажет сенің,
Жастайынан қандай тәрбиені оған беруін.

(Аударма автордікі).

Дидактикалық сарында жазылған бұл дастанда ата-ананың перзент алдындағы міндеттері, перзенттің ата-ана, халық алдындағы борышы мен міндеттері айқын көрсетіп берілген.

Ұлы ағартушы жылдар бойы жинақтаған тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлерін «Махбуб ул-қулуб» («Көңілдердің сүйгені») шығармасында қорытындылайды. Бұл кітап үш бөлімнен тұрады. Оның бірінші бөлімінде әр түрлі типтегі адамдардың мінез-құлқы, жағдайы және көңіл-күйі; екінші бөлімінде жағымды мінез-құлық пен жағымсыз мінез-құлық; үшінші бөлімінде адамның мінез-құлқы туралы насихаттар баяндалған. Насихаттарының бірінде былай дейді: «Тұрақсызда ұят жоқ, ұятсызда тұрақ жоқ. Кімде екеуі жоқ болса – оның иманы жоқ. Иманы жоқта – адамилық та жоқ». Ол иманды адамда барлық адамилық қасиеттер болатынына сенеді.

Гуманист ақынның қай шығармасын оқысаң да, онда адамды ұлықтап, оны биіктерге көтереді. Адам – табиғаттың тамаша сыйы, сондықтан адамдар айналасына жақсылық нұрын себу үшін білімді, бір кәсіптің иесі болуы керек, табиғатқа, адамзатқа жат болған барлық жағымсыз іс-әрекеттерден, қылықтардың өзін қорғауы керек, меңгерген білімі мен кәсібін халықтың игілігіне жұмсауы керек деген гуманистік көзқарасын білдірді.

1.7.4. Науаинның мектеп пен медреселерді дамытудағы еңбегі. Науаинның оқытушы жайлы пікірлері

Науаин халықтың балаларына тәлім-тәрбие беру үшін мектептер ашуға камқорлық жасады. Ол Иран және Түркістан өлкелерінде төменгі мектептер, сауат ашу мектептерін ашуға ат салысқанын Құсайын Байқара сұлтанмен жазысқан хаттары арқылы білеміз. Гератта өз қаржысына «Ихласия» медресесін

құрдырды. Медресенің ең үлгілі білім ордасына айналуы үшін қаржысын аямаған. Науаи ілім алғысы, кәсіп үйренгісі келетін жастарға сол кездегі мектеп-медреселердің қажетті білімді бере алмауын қатты сынады. Мектептің қоғам өмірінде үлкен мәнге ие екенін ескерткен ұстаз, өз дәуіріндегі мектептердің схоластикалық білім беруіне қарсы шықты. Мектеп балаға дүниелік ілім үйретуі керек, жан-жақты білім беруі керек деп есептеді. «Ұстаз-шәкірт» жолымен білім алу әрдайым да мүмкін емес дейді. Сол дәуірдегі кейбір ұстаздардың шәкірттерінің жолын байлап, ілім-білім үйренуіне тосқауыл болатынын, тек өзіне ғана қызмет етуі үшін әрекет жасайтынын шығармаларында мысалдармен көрсетіп берді. Оның пікірінше, мектеп халыққа нұр себеді, дұрыс жол көрсетеді, балаларды білімді етеді.

Науаи мектепте де, үйде де баланы қорқытып, ұрып-соғып тәрбиелеуді қаралады. *«Баланы сүю керек»*, сонда ғана баланың жүрегіне қуаныш ұялайды, айналасына мейрімді болады, дені сау, ақыл-ойы жетік болады деп түйді. Мейрімсіз, надан оқытушылардан баланы қорғау керек дейді. Олардың ойынша, баланы тек таякпен ғана молда қылуға болады. Таяқтың күшінен жазым болған қаншама балаларды, сауатсыз күйінде мектеп бітірген қаншама түлектерді айтып, ашынады. Бұлар мемлекеттің, халықтың соры дейді.

Бұл дәуірде арнайы оқытушылар даярлайтын оқу орындары болған жоқ. Науаи осы мәселені мектепке білімді, ұжданды оқытушыларды шақырумен шешуге болатын айтады. Әлішер Науаи шәкірттерге шын мәнінде тәлім-тәрбие беретін ұстаздарды аса құрметтейді. *«Бір әріп үйреткен адамды да ұстаз»* деп көкке көтереді. *«Егер, оқытушысына шәкірті ырза болса, онда ол ұстаздан Аллахтың өзі де ырза болады»*, - деген пікірді білдіреді. Бірақ кейбір оқытушылардың қатігездігін, надандығын, әдепсіздігін, паракорлығын әшкерелейді. Бала тәрбиесімен шұғылданатын оқытушылар қандай болуы керек, неден сақтануы керек екенін былайша сипаттайды: *«...Оқытушы шенге ұмтылмауы керек, ол өзі білмейтінін оқытуға әрекет етпеуі керек. Ол абырой үшін тыңдаушыларды жинамауы, сабақта өзін көрсету үшін айқайламауы керек. Ол рухани ғылымдарды білуі*

керек. Ол өзін рұқсат етілмегендерден шетте ұстауы керек, лас жұмыстарға араласпауы керек».

Ұлы ұстаз Әлішер Науаи құнды педагогикалық ой-пікірлерімен педагогика ғылымын биік белеске көтерді. Өзінен кейінгі гуманистік педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлес қос-ты.

1.7.5. Қазақ жырауларының шығармаларында тәлім-тәрбие мәселелері

XV ғасырдан бастап қазақ даласында хандық дәуір басталды. Хандар мемлекетінің іргетасын бекіту, өздерінің абырой-атағын асыру мақсатында жыраулардан пайдаланды. Жырау кім? Жырау – ханды мадақтаушы сарай ақыны ғана болып қалмай, халықтың мұнмұқтажын ханға жеткізуші *елші*, ел мен елді татуластырушы *дипломат*, өнегелі сөз айтатын *шешен*, жастарға өсиет айтатын *ақылгөй*, ауызбіршілік пен ынтымақты насихаттайтын *данышпан*, батырлық пен батылдықты жырлайтын *жыршы*, билікке араласып, мемлекеттік істерді шешуге атсалысқан *көсем* болды. Қазақ мемлекетінің құрылу кезеңінде жыраулар осындай миссияларды орындаумен бірге мемлекеттің шегараларын жаулардан қорғауда жауынгерлердің алдына түсіп, атой салып, ерлік танытты.

Сөйтіп, жыраулар XV–XVIII ғасырларда қазақ жерінде мемлекетшілікті сақтап қалуда көсем сөзімен, шешен тілімен, ерлігімен, даналығымен үлкен рөл атқарды. Олардың өлең-жырлары елді біріктірді, ел билеушілерді сабасына түсірді, жастарға тәрбие берді.

Сайын даланың осындай дана жырауларын дала педагогтары деп атауға әбден болады. Өйткені, XIII–XVIII ғасырларда өмір сүрген қазақ жыраулары өз творчестволарында жастарға адамгершілік-әдептілік, әскери-патриоттық, бірлік-татулық, білімділік-еңбексүйгіштік тәрбиесін беруді насихаттайды.

Қазақ жырауларының көшбасын, XV ғасырдың орта шенінде өмір сүрген атақты қазақ ақыны, философы **Асанқайғы** бастап береді. Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханның (1456–1473) жырауы және ақылшысы болған Асан Сәбитұлын халық

қамын, елінің болашағын ойлап, қайғырып жүргені үшін, жұрт оған «қайғы» деген лақап қосып, «Асанқайғы» деп атап кеткен.

Асан айтқан деген нақыл сөздер мен толғау-жырлар халық арасында кең тараған. Ол жырлар қазақ халқының орта ғасырдағы тұрмыс-тіршілігімен байланысты болды. Асанды аса қайғыртқан жағдай – бұл елге ырыс әкелетін, малға жайылым болатын жер мәселесі еді. Елдің ішінде сондай «жерұйықты» іздеп Асанқайғы желмаямен желіпті деген сөз бар. Жүрген жерінің бағасын беріп, артынан тарихи ескерткіш қалдырғаны тағы бар. Ол қазақ даласының жер-суы, тау-тасы, өріс-жайлауы, аң-құсы туралы, оларды қорғау туралы құнды пікірлер қалдырған. Мысалы:

Көлдің суын жамандап,

Еділ қайдан табасың? – деген өлеңінде табиғат жаратқан ешнәрсені қорлауға болмайтынын ұқтырады.

Асанқайғы шығармаларында адамгершілік мәселесі негізгі орын алады. Ол адамгершіліктің негізі адамның өзін-өзі танып білуінде, өзіне-өзі баға бере алуында деп тұжырымдайды.

Ғылымым жұрттан асты деп

Кеңессіз сөз бастама.

Жеңемін деп біреуді

Өтірік сөзбен қостама, – деп, адамдарды өзін-өзі тергеп тұруға шақырады.

Асанқайғы – сөз қадірін түсінген ақын. Ол *«таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады»* деп, болар-болмас нәрселерді сөз етуден, әдепсіз сөйлесуден сақтануды насихаттайды. Мұның үшін *кішіпейілділік, қарапайымдылық, қайрымдылық, ұстамдылық, сыйластық* сияқты адамгершілік қасиеттер адамның бойында болуы керек дейді. Жастарға *«Мінезі жаман адамға енді қайтып жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен жалған айтып суыспа. Ашу дұшпан, артынан түсіп кетсең қайтесің, түбі терең қуысқа...»*, – деп ақыл айтады.

Қазақ даласының абыз ақыны Асанқайғы өзінің тәлімдік ой-пікірлерімен, қанатты сөздерімен тәлімдік-тәрбиелік жыраулар поэзиясының негізін қалады.

Қазтуған Сүйінішұлы (XV ғасыр) жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Қазтуған Сүйі-

нішұлының туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазақтың XV ғасырдағы айтулы жорық жырауы. Әскербасы, батыр болған. Еділдің Ақтума, Бозан бойларында туып-өскен. XV ғасырдың орта шенінде іргесі жаңадан қаланған Қазақ хандығына қоныс аударған. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, ол артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Оның өлеңдері *жауынгерлердің көшпелі өмірін, тұрмыс-тіршілігін, көзқарасын және олардың айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын* бейнелейді. Қазтуған жыраудың бізге жеткен шығармаларынан қазіргі кезде **«Бұдырайған екі шекелі», «Алаң да алаң, алаң жұрт», «Белгілі биік көк сенгір»** деп аталатын үш толғауы ғана бар. Осы үш шығарманың өзі-ақ Қазтуғанның қиялының ұшқырлығы, кеңдігі, суреттеу тәсілдерінің байлығы мен әсемдігі орта ғасырларда қазақтың ақындық өнерінің жоғары дәрежеде әрі өзіндік сипатқа толы болғанын танытады.

Жырау «Бұдырайған екі шекелі» толғауында әрі жырау, әрі батырға тән өз портретін өзі жасайды. Өлеңнен бір үзінді оқып көрейік:

Айдаса – қойдың көсемі,
Сөйлесе – қызыл тілдің шешені,
Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы.

Жырау өзінің портреті арқылы ер жігіт қандай болуы керек екенін көрсетеді. «Белгілі биік көк сенгір» өлеңінде ер азамат қандай жағдайға тап болса да өзін ұстай алуы керек дейді.

Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазак қылар деп! -

аяқталатын бұл толғау шынында да жастарды *төзімділікке, ержүректікке* шақырады.

Қазтуған жыраудың ең көлемді толғауы – туған жерімен, ата қонысымен қоштасу жыры. Бұл жырда тарихи оқиғалар, тарихи жерлер сөз болған.

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,

Қайран саланың жатқан аңғары-ай,
Ақ шалмалы пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай!

«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» деп аталатын бұл жыр тарихи фактілерге бай. Орта Азия халықтарының тарихын жасауда таптырмас құндылық болып есептеледі.

Доспамбет жырау (1490–1523) – қазақ хандығының құрылу кезеңінде өмір сүрген, ұлттық әдебиеттің қалыптасуында көрнекті рөл атқарған ұлы тұлғалардың бірі. Доспамбет – жырау, қолбасшы, батыр. Ол Ноғай ордасында әскери қолбасшы болған. Дешті Қыпшақты көп аралаған, Бақшасарай мен Стамбулда болған. Өз заманында жақсы тәрбие алған, парасатты білгір Доспамбет жырларында түркілік тұтастық идеясы бар. Ол Қырым хандығын, Ноғай ұлысын және қазақ халқын бірлікке, елдікке, тәуелсіздікке шақырады.

Доспамбет жыраудың жырлары *Отан қорғауға, туған жерге деген сүйіспеншілікке* арналған болып, елінің өткенін сағынышпен, мақтанышпен еске алып отырады. Жырау ол заманды «Айнала бұлақ басы – Тең», «Тоғай, тоғай, тоғай су», «Азау, азау дегенін», «Арғымаққа оқ тиді», «Айналайын, Ақ Жайық», т.б. өлеңдерінде қайтып келмес бақытты өмір ретінде толғайды. Мысалы:

Азаулының Стамбулдан несі кем?!
Азаулының Аймадет Ер Доспамбет ағаның
Хан ұлынан несі жоқ,
Би ұлынан несі кем?!
Тәңірінің өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менің несібем!

“Айнала бұлақ басы – Тең” атты бұл өлеңінде жырау өзі туып-өскен Азов теңізінің бойын, өз елін, өз қауымын мақтанышпен атайды. Доспамбет *ел қорғау, жорық* тақырыбына арналған жырларында елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, *отанышылдық рухты* бәрінен биік қояды. Патриоттық рухта жазылған осындай өлеңдерінің бірі – «Тоғай, тоғай, тоғай су».

Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Туған айдай нұрланып,

Дулыға кидім, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұшпан аттым, өкінбен.

Бұл толғау ел басына күн туғанда ерлердің орны қай жерде болуы керек екенін көрсетеді.

Доспамбет жыраудың шығармалары бізге дейін толық жеткен жоқ. Көпшілігі жорық үстінде қолма-қол айтылған. Ел жадында сақталғандары ғана бізге жеткен. Осы азғана жырларының өзінен оның дауылпаз жырау болғанын көреміз.

Қазақтың атақты жырауы, ержүрек жауынгері Шалкиіз Тіленшіұлы (1465–1560) Жайықтың шығысында дүниеге келген. Шалкиіз жыраудың әкесі Тіленші өз тұсындағы ірі феодалдардың бірі болған, ал шешесі Ноғай Ордасының ұлы биі Мұсаның қызы екен. Көшпелі шонжарлар ортасынан шыққан жырау еш таршылық көрмей өседі. Бұл жағдайлар оның тұлға ретінде қалыптасуына және шығармашылығына ықпал етті. Шалкиіз жырларының жыраулар поэзиясындағы орны ерекше. Жырау туындылары әсерлі, өткір, аз сөзге көп мағына сыйғызған сұлу сазды көркемдігімен ерекшеленеді. Оның «Асқар, асқар, асқар тау...», «Қоғалы көлдер...», «Арғымақ ару аттар...», «Ор, ор қоян, ор қоян...», т.б. шығармаларында орта ғасырлық қарапайым көшпелілердің өмірі туралы жазылған. Ал «Алаштан байтақ озбасы...», «Жапырағы жасыл жаутерек», «Ер Шобан», т.б. жырлары ерлікті, отансүйгіштікті асқақтатады.

Шалкиіздің халық арасына ең көп тараған шығармалары – «Би Темірге айтқаны», «Би Темірді қажы сапарынан тоқтатуға айтқан» толғаулары. Бұл толғауларында атақты Темір бидің қасында жүріп, билік айтқанын, жау шапқанда жалындап алда қарсы шыққанын суреттейді. Темірдің билігін де, білгірлігін де, адамилығын да, халықшылдығын да жырлаумен бірге, ел билеген бидің жанында жасық адамдар болмауы керек екенін, қасына асыл адамдарды жинаса ғана халқын адал басқара алатынын былайша ескертеді:

Есендікте малынды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұшпанның қолы жете алмас!

Шалкиіз жырларының негізгі тақырыбы – *адамгершілік* мәселесі. Ол жақсы менен жаманға баға береді, ізгілік, парасаттылық, адамгершілік қасиеттер адамның қандай іс-әрекетінде, мінез-құлқында көрінетінін ашып көрсетеді. Осындай тақырыптағы жырларының бірінде адамилыққа жетудің жолдарын былайша суреттейді:

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жақсы жамандылығың жақсылыққа жыр етер.
Бір жаманға басың қосып сөз айтсаң,
Сол жаман сырың сақтамай,
Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер.

Шалкиіз жыраудың осындай парасатты жырлары келешек ұрпаққа өсиет болып қалды.

Жиенбет Бартоғашұлы (XVI–XVII ғасыр арасында өмір сүрген) – қазақтың аса талантты жорық жырауы, қабырғалы биі, ержүрек батыры. Жиенбеттің жас шағы қазіргі Батыс Қазақстан аймағының Өзен, Жем, Арал аралығындағы ауылдарда өткен. Он алты жасынан бастап хандар, билер, батырлар жанында жүріп, ел билігіне араласады. Өсе келе ол Есім ханның беделді биі әрі батыры дәрежесіне көтеріледі. Талай ұрыс, шайқастарға қатысып, ерлік көрсетеді. Ханның жауынгер жасағын басқарып, жеңімпаз қолбасшы болады. Жиенбет жырау – қазақ тарихындағы ел басқарушылардың ішінен көсем деңгейіне көтерілген елеулі тұлғалардың бірі.

Жиенбет өмір сүрген дәуір – қазақтардың сыртқы жауларға, яғни Жоңғардан шыққан қалмақтарға қарсы қаһармандық күрес дәуірі болды. Сондықтанда оның «Еңсегей бойлы Ер Есім», «Қол-аяғым бұғауда», «Басы саудың түгел-дүр», «Әмірің қатты, Есім хан» атты жырларында *ерлік, батырлық* ерекше жырланады, *жүрексіз, қорқақ, опасыз мінез-құлықтар* әшкереленеді. Ақынның өр мінезін, өз бетінен қайтпайтын өжеттігін, халқы үшін жанын пида етуге дайын ержүректігін мына өлең жолдарынан көреміз:

Меніменен, ханым, ойнаса,
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,

Жылқыдағы асау тайындай.

Беріктігімді сұрасаң

Қарағай менен қайындай.

Ерлігіне жараса өрлігі бар Жиёмбет ханның алдында да, халықтың алдында әділдікті жақтап сөйлейтін батыл болған. Ол Есім ханның ерлігін де, елдігін де мадақтап, қателік жіберсе, онысын аямай сынап тастай алған аса беделді, аузы дуалы абыз ақын болды.

Әмірің қатты Есім хан,
Бүлік салып, бұйырдың
Басын бер деп батырдың –
Қанын ішіп қанбаққа,
Жанын отқа салмаққа.
Атадан жалғыз мен емес,
Хан ие, ісін жол емес.
Жолбарыстай Жолымбет

Құрбандыққа қол емес, - деп, Жолымбет батырды өлімнен сақтап қалады. Бұл жерде Есім ханды райынан қайтара алған жырау хан мен халықты татуластыра алды. Жиёмбет жыраудың творчествосы бүкіл қазақ халқының басын біріктіріп, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуға; хан-төрелердің елді әділетті басқаруына; ер жігіттердің еңсесі биік, жаужүрек болуына арналған.

Сарыұлы Ақтамберді (1675–1768) – атақты жырау, қол-басшы батыр, қоғам қайраткері. Ұлы жүздің Ошақты руынан. Әкеден де, шешеден де жалғыз болған Ақтамберді күреске ерте араласқан жауынгер-жырау қатарына жатады. Ол ел басқару ісіне қатысып, 1742 жылы Орта жүз ру басшыларының Орынборда ант беру жиналысына өкіл болды. 1738–1752 жылдары қазақ-қалмақтың қанды қақтығыстарының барлығына дерлік қатысқан. «Ақтабан шұбырынды» деп аталатын қанды соғысты бастан өткерген. Ес білгеннен бастап 70 жыл бойы ат үстінен түспей, батырлығымен елі мен жерін қорғады, шешендігімен халқының бірлігін сақтады, әділетті билік айтып елді қиянаттан қорғады, нақыштап толғау айтып жыраулық өнерін эпостық жанрмен байытты. Оның «Күлдір де күлдір кісінетіп», «Уа, қарт Бөгембай», «Менімен ханым ойнаспа», «Жауға шап-

тым ту байлап», «Заманым менің тар болды», «Отбасар орны отаудай» және тағы басқа өлең-толғаулары отансүйгіштік сезімге толы.

Ақтамбердінің соғыстан шаршап, бейбіт, өмірді аңсап жазған «Күлдір де күлдір кісінетіп» өлеңінде былай дейді:

Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам!

Жыраудың арманы – *тыныштық, бейбітшілік*. Бейбіт күнде елдің тату өмір сүруін мақсат еткен ақын толғауларында көп өсиет айтады. Мысалы:

Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең,
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең.

Тілеуұлы Үмбетай жырау (1706-1778) қазіргі Ақмола облысы, Ерейментау ауданында көшпелі шаруаның жанұясында дүниеге келген. Ол жастайынан қаһармандық жырларды, көне аңыздарды, шешендік сөздер мен қиссаларды жақсы білетін әкесі Тілеудің қасында жүріп, сөз өнеріне ден қояды. Жырау халық шежірелерінен, шешендік сөздерінен, халық дастандарынан көп тағлым алып, ел тарихына өте қанық болған.

Үмбетей – ерлікті жырлап, ел тыныштығын көкsep өткен жалынды ақын. Жырау ел қорғаны болған Бөгембай, Қаракерей Қабанбай, Қаз дауысты Қазыбек, батыр Жәнібек, Сары, Баян мен Сағымбай сияқты батырлардың ерліктерін жырына арқау еткен. Әсіресе, Бөгембай батырға арналған «**Бөгембай өліміне**», «**Батырың өтті – Бөгембай**», «**Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту**» толғауларында Бөгембай батырдың ерлігін, ел амандығы жолында атқарған қызметтерін шынайы бейнелеп береді. Үмбетей жыраудың толғаулары өз дәуірінің шындығын, тарихи оқиғаларын, халықтың арман-мұраттарын кейінгі ұрпаққа жеткізумен қатар, тарихи тұлғалардың ел өмірінде қандай

маңызды орын алғанын, олардың тарихи еңбектерін, жеке адам ретіндегі қасиеттерін айқындай танытуда да бағалы қызмет атқарады.

Үмбетай жырау дидактикалық-риторикалық сипатта жазған өлеңдерінде әлеуметтік-отбасылық мәселелерді де көтереді. **«Бұқарға»** өлеңінде:

«...Кетеген болса түйең жау,

Тебеген болса биең жау,

Ұрысқақ болса ұлың жау,

Керіскек болса келін жау...», – деп өмірден көрген-білген, танып-таразылаған жағдайларынан айтып, бала тәрбиесіне аса көңіл бөлу керек екенін ескертеді.

XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі – **Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693–1787)**. Бұқар жырау Абылай ханның ордасында мемлекеттік істерге тікелей араласқан қабырғалы би; ханға тікелей ақыл айта алған данышпан; халықты бірлікке, елдікке шақырған көсем; көптің сөзін сөйлеп, алдағыны дәл болжай алған әулие; терең ой, мағыналы сөз айтқан ділмар шешен адам болған. Жыраулардың ішінде бізге дейін ең көп жеткен шығармалар – Бұқардың өлең-жырлары. Бұқар жырау шығармаларының басты тақырыбы – *халқына, отанына деген сүйіспеншілік, халықтың бірлігі, адамгершілік, бейбітшілік, әділеттілік*. Ол қазақ халқын бір орталыққа бағынған іргелі ел болуға үндейді. Көреген ақын қазақ халқын ұлттық бірлікті сақтау үшін Абылайдың қасына жұмылуды насихаттайды. Ол **«Абылай ханның қасында»**, **«Ал, тілімді алмасаң»**, **«Ай, Абылай, Абылай»**, **«Қазақтың ханы Абылай»**, **«Ханға жауап айтпасам»**, **«Басыңа біткен күніңіз»**, **«Ай, Абылай, сен он бір жасыңда»**, **«Ал, айтамын, айтамын»** өлеңдерінде Абылайды бірлік идеясын жүзеге асыра алатын қайраткер ретінде жырына қосады, сыртқы жаулармен күресте қазақ жүздерін біріктіретін қолбасшы, ержүрек батыр ретінде суреттейді. Ал егер, ханның ісі халық мүддесіне қайшы келсе, оған ақыл айтып, тізгіндеп отырады. Бұқар жырау өз өлеңдерінде халқының басынан кешкен тарихи оқиғаларды, өз дәуірінің тарихи тұлғаларын шынайы бейнелейді. Бізге осы толғаулар

арқылы сұрапыл «ақ табан шұбырынды жылдардың» шындығы жетіп келді.

Данагөй ақын көптеген өлеңдерінде жастарды жерін жаулардан қорғар ержүрек жауынгер, еліне пана болар азамат болуға үндейді:

Ер жігітке жарасар,
Қолына алған найзасы.
Би жігітке жарасар,
Халқына тиген пайдасы.

Бұқар жырау – қазақ халқының іргелі, өнегелі ел болуын жырлап өткен, қазақ елінің дербес, тәуелсіз мемлекет болуы үшін күрескен ұлы перзенті. Бұқардың айтқан асыл сөздері бүкіл халықтың ортақ мүддесіне қызмет етті.

Жоғарыда аты аталған ақын-жыраулар шығармашылығы сөз қадірін түсінген қазақ халқының асыл құндылығы болып, тарихын таразылап, келешегін болжауына жол көрсетіп отырды. Жыраулар поэзиясы жастарды адал өмірге, адамилық қасиеттерге үйрететін өмір кітабына айналды.

Бакылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Жамидің педагогикалық көзқарастарының мәні қандай?
2. Жами армандаған «пәк адамдар қаласы» туралы пікірінді айт.
3. Дауанидің педагогикалық мәселелерді көтерген шығармасы қалай аталады?
4. Дауанидің «Жалоли этикасы» кітабының мазмұнын айтып бер.
5. Әлішер Науаинның педагогикалық идеясындағы гуманизм неден тұрады?
6. Әлішер Науаинның педагогикалық шығармаларына сипаттама бер.
7. Науаинның «Махбуб ул-қулуб» еңбегін неге тәлім-тәрбие туралы хадистер деп атайды?
8. Жыраулар поэзиясы дегеніміз не?
9. Жыраулар көтерген негізгі тақырыптар қандай?

I.8. XVII ғасырдан XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін Орталық Азия және Қазақстанда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлардың дамуы

I.8.1. Бұхара әмірлігінде, Хиуа және Қоқан хандықтарында тәлім-тәрбие. Мектеп пен медреселерде оқыту мазмұны

XIV–XVI ғасырларда Орта Азия халықтарының мәдениеті жоғары дәрежеде дамыды. Мәдени өмірдің биік жетістіктеріне, әрине, орталықтандырылған құдіретті Темурилер мемлекеті арқылы қол жеткен болатын.

Бірақ сол жетістіктерді қолда ұстап қалу, әрі қарай дамыту XVI ғасырдың басында мүмкін болмады. Мұның ең басты себебі орталықтандырылған мемлекеттің ішінде өзара ұрыстардың болуы, мемлекетті басқару үшін аяусыз күрестің ұзақ уақыт жүргізілуі болды. Сондайақ, әлеуметтік өмірде діннің, зұлымдықтың үстем болуы шайбонилердің (1500–1600) темурилер жасаған бай мәдениетке ие бола алмауына әкеп соқтырды. Орталықтандырылған мемлекет 3 хандыққа бөлініп тынды. XVIII ғасырдың 2-жартысында Орта Азия территориясында үлкен-үлкен үш мемлекет болды: **Бұхара әмірлігі** (1753 жылдан тәуелсіз мемлекет болған), **Хиуа хандығы** (XVII ғасырдан бастап Хорезм мемлекеті Хиуа хандығы деп атала бастады), **Қоқан хандығы** (XVIII ғасырда құрылған). Ұзақ уақыт жалғасқан қырғын соғыстар халықтың тұрмысын нашарлатты, рухын езді, мәдени өмірін әлсіретті.

Әйтседе, Орта Азия хандықтары дәуірінде XVI – XVIII ғасырларда тек ұрыстар, таққа таласулар ғана болып қойған жоқ, мәдени өмір де жайлап жылжи берді. Бұхара әмірлігін басқарған Шайбанихан, Убайдуллахан, Абдуллахан II, Субханқұлыхан; Хиуа ханы Абулғазыхан; Қоқан ханы Умархан ілім-білімнің, әдебиеттің дамуына қамқорлық жасаған. Бұл үш хандықты біріктіріп тұрған күш өзбек тілі болды. Мемлекеттік мекемелерде парсы тілі де қолданылды, ал ғылым мен мектепте араб тілі

маңызды орын иеледі. Хандықтарда 7–9 жастағы ұлдар діни мектептерге баруы міндетті болды. Олар Құранды оқи білуі керек еді. Сабақ араб тілінде жүргізілді. Діни мектеп және медреселерден басқа бұл дәуірде «мактабдолар» мектебі де болды.

Орта Азияда мектептер жыл бойы жұмыс істеді. Жұма, діни мейрам күндері сабақ жүргізілмеді. Мектептер үшін арнайы ғимарат салынбады. Ургутте, Ходжикентте, Сайробта үлкен шынарлардың ішінде мектеп болды. Оқытушыларға үкімет жалақы төлемеді. Олар шәкірттердің ата-аналарынан сыйлықтар алып тұрды. Мысалы, әр бейсенбі күні, кітаптың бір бөлімін бітіргенде, діни мейрамдарда.

Медреселер жоғары типтегі діни мектеп болып, үшке бөлінді. **Кіші медресе** 15–20 бөлмесі бар, материалдық-экономикалық базасы (вакуф) шағын. **Орта медресе** 30–40 бөлмесі бар, вакуфтік табысы жоғары, оқу жұмысын *муфтий* мен *ага мударрис* басқарады. **Үлкен медресе** 100–150 бөлмесі бар, табысы маңызды, шәкірттері (муллавачча) көп, медресені ахун, улома, муфтий басқарады.

Шәкірттер араб, парсы, өзбек тілдерін, есеп, астрономия, философия, логика, әдебиет, география, тарих, медицина, жанұялық қатынастарды, сауда жұмыстарын үйренді.

Аштарханийлер (1601–1753 – осы уақытқы дейін Бұхара хандығы деп аталған, 1753–1920 жылдары маңғыттар басқарғаны үшін Бұхара әмірлігі деп аталған) дәуірінде әлеуметтік-экономикалық, саяси өмір әлсіреді, дін мемлекет ісін де басқарды. Діни көзқарас орта ғасырлардағы анық ғылымдар бойынша жеткен жетістіктерді жоққа шығарды. Сөйтіп, саяси, экономикалық, мәдени жақтардан артта қалған мемлекетке айналды. XVII ғасырда **Бұхара хандығының** ірі қалаларында 150-ге тарта медресе қызмет істеді.

Медреселерде заманның өркендеуін үйрететін білім берілуі нашар болды. Дегенмен, орта ғасырлардағыдай болмаса да, математика, геометрия, химия, астрономия, философия, логика саласында ғылыми ізденістер бірен-саран алып барылды. Бұл дәуірде халық емшілігі жоғары дәрежеде дамыды. Бұхара медреселерінде Құран, фикх (мұсылман юриспруденциясы), шари-

ғат негіздері, діни әдебиеттер және астрономия, философия, математика оқытылды.

Хиуа хандығының басында 1511 жылдан 1804 жылға дейін Шайбанихан ұрпақтары билік құрды. 1804–1920 жылдары Қоңыраттар династиясы билікте болды. Хиуа хандығында тарихтану, архитектура, музыка, кітап шығару, көркем жазу өнері дамыды. Бастауыш білім мектептерде, орта және жоғары білім медреселерде берілді. XIX ғасырда 1500 бастауыш мектеп, 130-ға жуық медресе болған.

Қоқан хандығында (1709–1875 жылдары) да бастауыш білім діни мектептерде, орта және жоғары білім медреселерде берілді. Қоқан медреселерінде негізінен діни ілім үйретілді. Дүниелік ілімдерден әдебиет, тарих, құқық, логика, математика, геометрия пәндері оқытылды. XIX ғасырда Қоқан қаласында 15 медресе болған. Қоқан хандығында Бұхара медресесін бітіргендердің абыройы жоғары болған.

1.8.2. Қыздар мектебі және онда оқыту мазмұны

Орта Азияда «қыздар мектебінде» 7-ден 11 жасқа дейінгі бай жанұялардың қыздары оқытылды. «Қыздар мектебінде» қыздарға ислам діни ережелері үйретілген және бастауыш білім берілген. Бұл мектептер атындардың үйінде ашылған. Оқытудың сапасы атынның білім дәрежесіне байланысты болған. Қыздардың ішінен атыңға жәрдемші етіп «халфа» таңдалған. Ұлдар мектебінен айырмашылығы сол, бұл мектептерде әріптерді қосып, буындап оқуға үйреткен, парсы-тәжік, түрік тіліндегі әдебиеттерден, музыкадан мағлұмат алған, үй шаруашылығы істеріне дағдыландырылған. Оқыту методы ретінде «чистондарды» айтуға жаттықтырған. Қыздар мектебінен Увайси, Дилшад (Барно) сияқты өзбек ақындары жетіліп шықты. Қыздар мектебі негізінен Қоқан хандығында болған.

Жахон атын Увайси (1780–1845) Марғұлында туылған. Ол алдымен анасының мектебінде оқып, халифалық міндетін орындап, кейін өзі де қыздарды оқытқан. Өлең жазып, елге танылған. Нодирабегим Увайсиді өз қарамағына алып, сарайда қыздарды оқытуына жағдай жасайды. Увайси сарайда қыздарға

хат танудан бастап музыка ілімінен де сабақ береді. Ақын қыздардың зейінін арттыру үшін өлеңмен жұмбақтар жасырған, шәкірттеріне жауаптарды өлеңмен қайтаруға үйреткен. Ол өлеңімен де, оқытушылық қызметімен де қыздарды білім алуға үндеп отырған. Белсенділікті, білімділікті насихаттаған.

Мохларойим Нодира (1792 – 1842) Андижаңда туылған. Ол Қоқан ханы Умарханның өмір жолдасы болған. Ағартушы ақынның өзбек, тәжік тілдерінде жазылған үш шығармалар жинағы бар. Ол ақын-жазушыларды, ғалымдарды жинап, қыздардың оқуына жағдай жасап, ағартушылық идеяларын таратқан.

Нодираның адам мен табиғат туралы көзқарасында тек өзінің сезімдері мен махаббаты ғана емес, адам тәрбиесі туралы көрнекті ойлары да көрініс тапқан. Оның пікірінше, адам барлық жанзаттардың ішіндегі ең жоғарысы, ең ұлысы. Адам өмірдің сұлулығынан ләззат алуы керек.

Нодираның тәрбие туралы көзқарасында адамилық идеялар – *әділеттілік, ынсаптылық және халық мүддесі* маңызды орын алады.

Дилшад (Барно) (1800–1905) Уратөбеде туылған. Оның бізге дейін 3 қолжазбасы табылған. Оның өзбек және тәжік тілдерінде жазған 140-тан астам өлең және ғазалдары бар. Дилшадқа Ферғаналық имам үйленеді. Имамның анасы үйінде қыздар үшін мектеп ашқан еді. Алдымен Дилшад қайыненесіне қыздарды оқытуда көмектеседі, кейіннен мектепті өзі басқарады. Тарихи деректерге қарағанда, Дилшад 800-ден аса қыздардың сауатын ашқан. Оның оқушылары «Хафтияк» пен «Чор китоб» кітаптарын қысқаша үйренген. Негізінен, Науаи, Фзули, Қожа Хафиз, Мырза Бедил шығармаларын оқуға көп көңіл бөлінген. Дилшадтың мектебіне оқу қыздардың ана тілінде жүргізілген. Ағартушы ақын қыздардың араб алфавитін оңай үйренуі үшін түрлі тәсілдер ойлап табады. Мысалы, қалжыңмен әріптерді бір нәрсеге ұқсату. «Нун» әрпін құстың ұясына ұқсатады. Мұндай әдіс-тәсілдер түсініксіз әріптер мен сөздерді жаттап алудан әлдеқайда маңыздырақ болды. Бұлай оқу арқылы оқушылар айналасына зер салып қарауға үйренді, нәрселерді салыстыру арқылы олардың ойлауы дамыды.

XIX ғасырдың соңы XX ғасыр басында өзбек демократтық бағытындағы әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірі **Анбар атын (1870–1915)** Қоқанда Бузрукқожа ауылындағы ұста Фарманқұл жанұясында дүниеге келеді. Ол жеті жасқа толғанда өз ауылындағы қыздар мектебінің ұстазы Дилшадтан тәлім-тәрбие алады. 15 жасында ол Захидқожа атты наубайға тұрмысқа шығады. Өткір зейінді Анбар тез арада акын болып жетіледі. Ол әдебиетте Дилшад, Мукимий, Фурқаттардың ізін қуады. Өз дәуіріндегі әлеуметтік мәселелерге көзқарасын білдірген. 30 жастарында бай жауыз әйелдердің жасаған қастандығынан оның денесі жарақаттанады.

Төрт баланың анасы Анбар аяғы істемей жатып қалғанда да үмітін үзбеді. Анбар атынның бізге дейін өзбек, тәжік тілдерінде Анбарай, Анбариниса, Анбар атын сияқты аттармен жазылған көптеген лирикалық шығармалары, сонымен қатар оның әлеуметтік көзқарасын көрсеткен **«Қаралар философиясы»** атты шығармасы жетіп келген.

Анбар атынның лирикалық және философиялық шығармаларында қара күштер өз үстемдігін жүргізген заманынан наразылық, еркектер және әйел-қыздардың ортасындағы теңсіздікті қаралау, үкіметтің жүргізген саясатынан жиіркену сияқты сезімдер өз көрінісін тапқан.

Ақынның қарапайым әйелдерге жанашырлық, достық және жарық күндерге үміт сияқты әлеуметтік пікірлері ерекше мәнге ие. Анбар атынның лирикалық шығармалары және философиялық көзқарастары өзбек әдебиетінің алтын сандығын байытып тұрады.

Анбар атынның нақыл сөздері: Ол бір заман келіп, осы заман аңыз болып, бұл замандағы өтірік және жаладан ештеңе қалмайды. Осы өтірікші және жаман адамдардың өздері де жер бетінен жоқ болады.

Заман келіп біз сияқты қарапайым адамдар абыройға кенеліп, өз армандарына жетеді. Қарапайым адамдар жақсы күн кешіріп, тыныш өмір сүреді. Олардың ұрпақтары жақсы тәрбие алып, өте мейірбан және ақ көңіл, отансүйгіш, еңбексүйгіш болып ержетеді.

Ол заманда барлық адамдар кең пейілді болады. Ол заман келіп адамзат әдебі өте жоғары дәрежеге жетеді. Әйел-қыздар өз ақыл-ойының дәрежесіне сай жұмыс істейтін немесе қызмет атқаратын болады. Ол кезеңде қыздар дүниелік ілімге ие болып, олар еңбекте жұбайларына теңдей көмекшіге айналады.

1.8.3. Мунис Хорезмидің «Сауаттылыққа оқыту» кітабы - каллиграфия бойынша өзбек тіліндегі тұңғыш оқу құралы

Шермухаммад Авазбай ұлы Мунис Хорезми (1778–1829) Хорезмде туылып-өскен. Ол әрі тарихшы, әрі тәржіман, әрі көркем жазу мектебіне негіз салған ғалым. Оның әдептілікке, әділеттілікке, адамгершілікке арналған **«Мунисул-ушшоқ»**, **«Фирдавс ул-икбол»**, **«Равзат ус-сафо»** атты кітаптары бар. Ақын «Мунисул-ушшоқ» кітабында өз дәуірінің әлеуметтік мәселелерін терең ашып берген. Ол қарапайым халық пен әкім-байлардың арасындағы алшақтықты көрсетіп береді. Бұл екі тап өкілдері үшін құлық нормалары да, құқық та, саясат та, заң да бірдей емес дейді. Зорлықшыл қоғам барлығын өзіне бағындырып алғанын қатты сынайды. Ол әділетті хан болса ғана қоғам да, халық та түзелетініне сенеді. Әділетті патшаның ел басқаруын армандаған гуманист ақын оны былай сипаттайды:

Патша сол, егер ол әділеттікпен мүлкін

(елін-жерін) түзетіп,

Ашына қамқор, тоғына шат болса әр кез

халқының. (Аударма автордікі).

Мунис Хорезмидің өлендері демократтық сарында жазылған болып, оқырманды білім алуға үндейді. Білімді адаммен кітап туралы сұхбаттас, надандармен бірге дастархандас болудан өзінді сақта деп мәслихат береді. Ілім-білімді жас кезінде алмасаң, кейін кеш болады, кәсіпсіз қаласың, деп ұқтырады. Ол адамилық қасиеттерге *қарапайымдылықты, қамқоршылықты, жомарттықты, турылықты, қонақжайлықты, жан қиярлықты* жатқызады. Мұндай қасиеттерді баланың бойына жастайынан сіңіріп бару керек дейді. Адамның жағымсыз қасиеттері деп *мақтаншақтық, маңғаздық, надандық, дөрекілік, рақым-*

сыздық, парақорлық, байлыққұмарлық, жалақорлық, көреалмастық, иштарлық сияқтыларды айтады. Олардың адамдар өмірі үшін қауіпті екенін өлеңдерімен айқындап береді.

Ақын 1804 жылы «Саводи таълим» («Сауаттылыққа оқыту») атты каллиография бойынша оқулық жазды. Кітап 2 бөлімнен тұрады: 1) теориялық бөлімде каллиография туралы мәлімет; 2) практикалық бөлімде өлеңмен әріптердің жазылуын, өлшемін көрсетеді. Мысалы, әліп (а) үш нүктеге тең, ені – нүктенің үштен біріне тең болуы керек дейді. Ғалым алдыңғы жазулардың қателіктерін тауып, әріптерді дұрыс жазу сауаттылыққа үйрететінін дәлелдейді. Бұл дидактикалық шығармада ағартушы ақын көркем жазу методикасы туралы құнды пікірлер береді. Мунис Хорезмидің «Саводи таълим» атты өзбек тілінде тұңғыш жазылған каллиография бойынша оқулығы әлі күнге мәнін жоғалтпай келеді.

1.8.4. Мухаммад Садық Қашқаридың «Жақсы адамдар әдебі» кітабында адамгершілік мәселелері

Мухаммад Садық Қашқари (1740–1843) Қашқарда туылып-өскен. Ол ортағасырлық ағартушы ғалымдардың жолып қуып, әдептілікке үйрететін бірнеше кітаптар жазады. Олар: «Одоб ас-солихин», «Зубдат ал-масойил», «Дурр ал-музохир», «Тазкиран хожакон». Бұлардың алдыңғы екеуі түркі тілінде жазылған. «Одоб ас-солихин» – «Жақсы адамдар әдебі» кітабы 7 бөлімнен тұрады. Оның пікірінше, адам әдептілік ережелерін меңгеріп алмаса, жақсы құлықты және таза болмаса, онда ол бүкіл әлемге жамандық таркатады. Жазушы кітаптың *бірінші бөлімінде* рұхсат сұрау, сәлемдесу, амандасу, қол алысу ережелерін баяндайды. *Екінші бөлімінде* ұйықтау, киім кию, жолға шығу әдептері туралы айтады. *Үшінші бөлімінде* сұхбатасу әдебі туралы айтылады. *Төрінші бөлімінде* аурудың жағдайын сұрау, қайғыға ортақтасу туралы да айтылады. *Бесінші бөлімінде* қонақ күту, қонаққа бару әдебі туралы, ал *алтыншы бөлімінде* жепішу әдебі туралы насихат береді. *Жетінші бөлімде* сапарға шығу тәртібі туралы айтады. Мысалы, сәлемдесудің 12 әдебі туралы айтады. Ұйықтағанда есікті, ыдыстарды жауып,

көрпе-төсекті қағып жату. Киімді әдептілік ережелеріне сай киіну. Жолда алаңдамай, басқаларға кедергі келтірмей, үлкендердің алдына түсіп алмай жүру. Сұхбаттасуға тазаланып бару, отыру ережесіне бойсыну.

«Жақсы адамдар әдебі» кітабы жан-жақты жетілген жастарды тәрбиелеуде үлкен мәнге ие

1.8.5. XVII–XIX ғасырдың біріншіі жартысында Қазақстанда ағарту саласындағы өзгерістер

XVIII-XIX ғасырлар арасы Орта Азия мен Қазақстан үшін ірі оқиғаларға толы болды. Әсіресе, қазақ еліне жоңарлардың қайта-қайта шабуыл жасауына төтеп бере алмаған кіші жүздің ханы Әбілқайыр хан Ресейден көмек сұрайды. 1731 жылы Қазақстанның батыс бөлігіндегі кіші жүз өз еркімен Россияға қосылды. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ хандары сыртқы саясатта Ресейге арқа сүйейді. Орыстармен одақтасу, олардың қазақ жеріне келуіне жол ашты. Осылайша патшалы Россияның қазынаға бай Қазақстанды, одан кейін бүкіл Орта Азияны бодандау саясаты басталды. Бұл прнесс XVIII ғасырдың 2-жартысынан XIX ғасырдың 2-жартысына дейін созылды. Ресей қол астынан кіруге қарсылық жасаған жерлерді әскери күшпен басып алып отырды. Біз үйреніп отырған кезең – Орта Азия мен Қазақстанның Ресей патшалығының қол астына ету кезеңі. Осы дәуірге дейін көшпелі қазақ елінде діни мектептер мен медреселер ғана болса, XVIII ғасыр соңында орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. Россияның отарына айналған Қазақстанда патша өкіметінің билеу саясатына көмектесетін қазақ чиновниктерін дайындау мақсатында ашылған бұл мектептер кейіннен орыстандыру жолын ұстады. Ең алғашқы **орыс-қазақ мектебі** 1789 жылы Омскіде «**Азиялық училище**» деген атпен ашылды. 1841 жылы Жәңгір ханның ордасында **орыс мектеп-пансионы** ашылды. 1825 жылы **Неплюев**, 1846 жылы **Орынбор кадет корпусы** ашылды.

Діни мектептерде де, орыс-қазақ мектептерінде де бірыңғай оқу бағдарламасы, оқулық болған жоқ. Орыс-қазақ мектептеріне тек қазақ байларының балалары ғана қабылданды.

Орыс-қазақ мектептерінің мақсаты халыққа білім тарату болмаса да, оның прогрестік жақтарын атап өту керек. Қазақ балаларының орыстармен бірге оқуы олардың орыс тілін жетік меңгеруіне, орыс мәдениетімен, әдебиетімен таныс болуына, орыс тіліне аударылған Европа әдебиетімен таныс болуына септігін тигізді. Орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленген Шокан, Ыбырай, Абай сынды біртуар ұлдар ұлттық демократиялық мәдениет пен әдебиетті қалыптастырды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. XIV-XVI ғасырларда Орта Азияның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағдайы қандай болды?
2. Бұл дәуірдегі мектептер мен медреселерге сипаттама бер.
3. Бұхара әмірлігінде, Хиуа және Қоқан хандықтарында мектеп пен медреселерде оқыту мазмұны қандай болды?
4. Қыздар мектебіне сипаттама бер.
5. Қыздар мектебі өкілдерінің творчествосында қыздар тақырыбы қалай көрсетілген?
6. Жахон атын Увайсидің педагогикалық қызметін айт.
7. Дилшад ақынның педагогикалық қызметін сипаттап бер.
8. Дилшад оқытуда қандай әдістер қолданған?
9. Анбар атынның әлеуметтік көзқарастарын сипатта.
10. Анбар атынның «Қаралар философиясы» не туралы жазылған?
11. Мунис Хорезмидің ағартушылық-дидактикалық көзқарасын сипаттап бер.
12. «Саводи таълим» не туралы кітап?
13. Мухаммад Садық Қашғаридің этикалық көзқарасының мәнін түсіндір.
14. «Одоб ас-солихин» кітабының мазмұнын айтып бер.
15. XVII-XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстанда мектептер системсы қандай болды?

1.9. XIX ғасырдың 2-жартысы – XX ғасыр басында Орта Азия мен Қазақстанда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар

1.9.1. XIX ғасырдың 2-жартысында Түркістанда мектептер жүйесі

XIX ғасырдың 2-жартысына дейін Орта Азияда мектептер жүйесі төмендегідей болды:

1. Бастауыш діни мектептер. Орта Азияда ең көп тараған бастауыш діни мектептерде балалар 6 жастан бастап оқыды. Оқу мерзімі балалардың сабақты меңгеруіне байланысты болды.

Бұл мектепте «Әліппе», «Хафтияк», «Чохор китоб», Сұфи Оллаёр шығармалары және Құран оқытылды. Мектепте тәрбиелік жұмыстар Құран және хадистерге негізделіп жүргізілді.

Қалалардағы бастауыш діни мектептерде оқу, жазу, есептеу үйретілді. Ақындардың өлеңдері де оқытылды. 1894 жылда Түркістан өлкесінде 10000 ға жуық діни мектептер болды.

2. Қарыханалар. «Қарыхана»да Құранды мәнерлеп оқуға үйретті. Бұл оқу орнына Құран текстерін ұзақ оқи алатындар қабылданды. Соқырларды қабылдауда жеңілдіктер болды. Қарыхананы бітіргендер халық ортасында жүріп дінді уағыздады.

3. Далаилханалар. Далаилхана сияқты оқу орындары негізінен Самарканд, Бухара, Андижан қалаларында санаулы ғана болды. Мұнда «Далаил-Хайрат» кітабын оқып, жаттайтын болған. Аса қабілетті балалар 7 аптада, әйтпесе 1 жылда болған. Далаилхананы бітіргендер көшелерде, базарларда, жиындарда Аллахқа мадақтаулар оқыды.

Қыздар мектебі атындар үйінде ұйымдастырылып, қыздарға жазу өнері тереңірек үйретілді. Қалған білім ұлдар мектебіндегідей болды.

Медресе. Медреселерде орта және жоғары білім берілді. Үлкен қалалардағы медреселерде ислам дініне байланысты пәндерден басқа логика, құқық, араб грамматикасы, математика, география, әдебиет, тарих т.б. оқытылды.

Орталық Азияны Патшалық Россия басып алғаннан кейін мектеп пен медреселердің қызметінде өзгерістер болды. Бұл мектептер үшін Қазан, Индия, Иран мемлекеттерінен оқулықтар баспадан шығарылып әкелінді. Ташкентте оқулықтар литография методымен баспадан шығарыла бастады. Мектептерде оқыту өзбек, араб, парсы-тәжік тілдерінде жүргізілді. ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесінің ірі қалаларында медреселер саны төмендегідей болды: Бұхарада – 80, Қоқанда – 40, Самарқанда – 22, Марғыланда – 28, Ташкентте – 17, Хиуа хандығында – 130, бұларда 5000 аса шәкірт болды.

Орта Азияда Россия патшасының отарына айналғанға дейін мектептер діни болып қалды.

1.9.2. Патшалық Россияның Түркістандағы мектеп саясаты

ХІХ ғасырдың 2-жартысында Орта Азияның барлық жері Патшалық Россияның отарына айналды. 1867 жылы бұл өлкеде **Түркістан генерал-губернаторлығы** ұйымдастырылды. Губернаторлықта Жетісу, Сырдария облыстары түзілді. 1890 жылдан Самарқанд, Ферғана, Каспий бойы облыстары және Арал флотилиясы қосымша түзілді.

Орта Азия Ресейдің қол астына өткеннен кейін бұл өңірге мыңдаған орыс жанұялары қоныс аудара бастады. Ең шұрайлы жерлерді орыстарға тартып алып берді.

Түркістан генерал-губернаторының бұйрығымен әрбір қалада **орыс мектебі** ашылды.

Ең алғашқы «приходская школа» Қазалы мен Перовта 1860 жылы ашылған болса, Ташкентте 1866 жылы алғашқы **бастауыш орыс мектебі** ашылды.

Түркістанда ашылған орыс мектептерінде Ресейдегі орыс мектептерінен артық жағдай жаратылды. Орыс балалары тереңірек білім алды, өнер үйренді. Бұл мектептерге жергілікті ұлт өкілдерінің балалары да қабылданды. Бірақ жергілікті балалар оқуға қиналғаннан кейін **орыс-тузем мектептері** ашылды. Ең алғашқы орыс-тузем мектебі 1884 жылы Ташкентте ашылды. Бұл мектептің орыс сыныптарында орыс тілі, ариф-

метика, тарих, география пәндері оқытылды. Ал туземдік сыныптарда орыс тілінен сауат ашу, арифметика және мұсылман діні оқытылды. Әкімшілік жергілікті халықтың білім алуынан қорқып, тек сауат аштырудан әріге өтпеді.

Каспий бойы облыстарында орыс-тузем мектептерінің орнына 4 еркектер мектеп-интернаты ашылды.

Бірінші орыс-тузем мектебінің мұғалімі, мұсылман мектептерінің инспекторы В.П.Наливкин орыс-тузем мектептерін жергілікті халыққа ана тілінде білім бермеуде айыптады. Ол жергілікті халыққа білімді медреседе ана тілінде беруді жақтады. Бірақ оның қойған мәселелері қолдау таппады.

Патшалық Россияның отарлап алған жерлерінде орыс мектептерін ашып, оларға жергілікті ұлт өкілдерінің балаларын оқуға тартудан мақсат орыстандыру саясатын жүргізу болды. Бірақ бұл саясат Ильминскийдің «миссионерлік саясатынан» айырмашылық жасады.

Н.И.Ильминский Россия басып алған өлкелерде орыс мектептерін ашып, оған басқа ұлттың балаларын да оқуға қабылдау керек, мектепте алдымен ана тілінде білім беріп, кейін орыс тілінде оқыту керек, орыс тілінде оқыту арқылы христиан дінін уағыздау керек деген идеяны алға тартты. Бұл идеясы Волга бойындағы халықтар арасында (чуваш, марий) мақұлданды. Қазақстанда да бұл система амалға асырылды. Қазақ балалары үшін ашылған орыс-қазақ мектептерінде оқушылар қазақ тілінде сауат ашып, орыс тілін терең үйренді. Бірақ Ильминскийдің миссионерлік саясаты түпкі мақсатына жете алмады. Өйткені, Ыбырай сияқты озық ойлы педагогтар «Ильминский система-сын» қазақ балаларының тек білім алуына пайдаланды.

Ал Түркістанда орыстандыру саясаты өте абайлап жүргізілді. Біріншіден, Түркістанның бірінші генерал-губернаторы Кауфман барлық мұсылман оқу орындарының ісіне араласпау саясатын ұстады. Екіншіден, бұл өлкеде мұсылман діні өте терең тамыр жайған еді. Егер, христиан дінін мектептерде уағыздайтын болса, жергілікті халық бұл саясатқа тікелей қарсы көтеріліске шығуы мүмкін еді. Сондықтан жергілікті халық өкілдерінің балаларын орыс мектебінде оқытып, орыстандыруды мақсат еткенмен, миссионерлік әрекеттер жүргізу қауіпті болды.

1.9.3. Жергілікті халықтар үшін орыс тіліндегі мектептердің ашылуы

Түркістанға жіберілген орыс офицерлерінің, чиновниктерінің балалары үшін Ташкентте (1876 ж.), Верныйда (1877 ж.) **еркектер және қыздар прогимназиялары**, кейіннен **гимназиялар** ашылды. Гимназистер грек, латын тілін үйренуден босатылды. Бұл гимназияларда алғашқы жылдары орыстардан басқа қазақтар мен татарлар ғана оқыды.

Орыс казактары үшін діни «**приходская школа**»лар ашылды.

Капиталистік шаруашылықтың кіріп келуімен **реалдық училищелер, кәсіптік оқу** пайда болды. 1871 жылы Ташкентте халықтық қолөнер мектебі, 1873 жылы Түркістан жібекшілік мектебі, 1887 жылы Верныйда, Қапалда, 1890 жылы Бішкекте, 1892 жылы Ашхабадта, 1897 жылы Ташкентте, 1904 жылы Ташкент және Самарқандта гидротехника, ирригация және темір жол училищелері, бақша, ауылшаруашылығы, жібекшілік мектептері ашылды.

1896 жылы Ташкентте заводтарды ремонттаушы кадрлар даярлайтын училищелер ашылды.

Мектептерге мұғалім даярлау мақсатында 1879 жылы Ташкентте 4 жылдық **Түркістан мұғалімдер семинариясы** ашылды. Мұнда жергілікті тілдерден қазақ тілі, ал 1884/85 оқу жылынан бастап өзбек, тәжік тілдері оқытылды.

Бұл оқу орындары Түркістанда мәдени-экономикалық дамудың жеделдеуіне үлкен үлес қосты.

1.9.4. Түркістанда жадид қозғалысы. Жаңа методты (жадид) мектептердің ашылуы

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында мұсылман зиялы қауымы оқу-тәрбие жұмыстары мен оқыту әдістерін реформалау мәселесін көтеріп шықты. Жаңа методты мектептерді ашу идеясымен шыққандарды «**жадидшілер**» деп атады. Жадид – жаңалық, жаналық таратушы деген араб сөзі.

Жадид мектептерін ашудан мақсат – мектептерде балаларға діни және дүниелік ілімдерді бірге үйрету, сабақты ана тілінде үйрету, сабақты сынып-сабақ формасында өту, оқушыларды парталарға отырғызып, көрнекіліктерді пайдаланып оқыту болды.

Түркістанда жадидтік қозғалыстың дамуында И. Гаспиринский шығарған «Тәржіман» газетінің (1893–1914) ролі зор болды. Ол газетте мұсылман мектептерін қайта құру идеясын көтеріп шықты.

Исмаил Гаспиринскийдің ұлты – қырым татар, 1851 жылы туылған, 1914 жылы қайтыс болған. Ол алғашқы жадид мектебін 1884 жылы Бақшасарайда ашты. Мектеп оқушыларына арнап «Хўжа сибён» («Балалар мұғалімі») деген оқулық жазды. 1888 жылы жазған «Рахбари муаллимин» кітабында мектептің құрылыс жоспарынан бастап сыныптардың жиһазына дейін, парталардың, досканың, мұғалім столының орналасуына дейін жазды. Сабақ кестесін түзу жолдарын, қоңырау, демалыс, емтихан туралы жазды. Ол өз мектебінде 3–5 әріпті үйретіп, олардан сөз жасап, бұл сабақты толық меңгергеннен кейін жаңа сабақ бастауды талап етті.

Осылайша XIX ғасырдың 80-жылдарында мектеп концепциясы мен жаңа методты мектептерге И.Гаспиринский негіз қалады. Ол өз методын Түркістан мұсылмандарының арасында жаю үшін 1893 жылы Түркістанға келеді. 1893 жылы 8-июнде Самарқандда тұңғыш жадид мектебін ашады. Екінші жадид мектебі 1898 жылы Қоқанда ашылады. Осы жылы Токмақта, 1899 жылы Әндіжанда, Ташкентте ашылады. 1903 жылы Түркістанда **102 бастауыш және 2 орта жадидтік** мектеп болды.

Жаңа методты мектептерде ислам дінімен бірге ана тілінде оқуға, жазуға үйретілді. Арифметика, география, табиғаттану, тарих сияқты пәндер оқытылды.

Жадидтік қозғалыстың, жадид мектептерін ұйымдастырудың көрнекті өкілдері М.Бехбуди, А.Шакури, С.Саидазизов, А.Авлони, Мунаввар қары Абдурашидханов, А.Фитрат, И. Рахматуллаев т.б. болды. Олар өздері ұйымдастырған мектептер үшін математика, география, тарих, табиғат, әдебиет оқулықта-

рын жазды. Сонымен бірге оқу құралдары, методикалық нұсқаулар, газет-журналдар шығарды.

Жадид өкілдері Патшалы Россия тұсында да, совет өкіметі дәуірінде де қудаланумен болды. Жадид мектептерін түрлі желеулермен жауып тастап отырды.

Ұлттың мүддесі үшін, ұлттың келешегі үшін күрескендерден, ұлттың сауатты, білімді болуынан шошынған отаршылар жадидшілерді репрессияға ұшыратты.

1.9.5. Түркістанда педагогикалық ойлардың дамуы

XIX ғасырдың 2-жартысынан басталған тарихи жағдай Түркістан зиялыларының көзқарастарына әсер етпей қоймады. Олар патшалы Россияның басқыншылық саясатына қарсы шықты, ұлттың келешегі өз ана тілінде білім алып, еркіндікте өмір сүруінде деп білді. Өздеріне дейінгі ұлы ағартушылардың адамилыққа негізделген педагогикалық идеяларын әрі қарай дамытты. Бұны Ахмад Дониш, Фурқат, Муқимий, Аваз Утар, Завқий және басқалардың творчествосында көру мүмкін.

Жадидтік қозғалыс өкілдері мектепті, ағарту жұмыстары мен тәлім-тәрбие жұмыстарын дұрыс жолға қойып, оны дамыту арқылы ұлттық тәуелсіздікке өркениетті елге айналуға қол жеткізу мүмкін деген идеяларын көтеріп шықты.

Ахмад Дониш 1827 жылы Бұхарада туылған. Ол Петербург, Москва қалаларында болып, ол жерлердегі ғылым мен мәде-ниеттің дамуын Бұхарамен салыстырып көреді. Ол өз елінде барлық салада реформа өткізу керек екенін түсінеді және бұл ойын Бұхара әміріне жеткізеді. Бірақ әмір оның ұсыныстарын қабылдамайды. Сөйтіп Ахмад Дониш ғылыммен, әдебиетпен шұғылданады.

Жазушы өзінің тәлім-тәрбиеге, морал мен этикаға байланысты ой-пікірлерін **«Наводирул вақо»** шығармасында баяндайды. Кітапта адамдардың мінез-құлқы, неке әдебі, қайын ене мен келін туралы, адам өмірінде еңбектің, кәсіптің пайдасы туралы құнды пікірлер айтылған. Әсіресе, жастардың білім үйреніп, бір кәсіпті игеріп, қоғамға пайдалы азамат болуын насихаттауы – ақынның педагогикалық көзқарасын көрсетеді.

Ахмад Дониш мұғалімдік кәсіпті иелегендердің моралдық бейнесін сипаттап, олардың азғындық жолға түспеуін, білімін жетілдіріп отыруын, балалардың мүддесін бірінші орынға қоюын талап етеді.

Закиржан Халмұхаммад ұлы Фурқат 1858 жылы Қоканда туылған. Ол медреседе тәлім алды, сауда жұмысымен айналысты. Парсы тілінен «**Чор дарвеш**» және «**Нух манзар**» кітабын өзбекшеге аударды. Фурқат дүние кезіп, 51 жасында Жаркентте қайтыс болды.

Ақын өзінің өлеңдерінде еркіндікті, әділеттікті, достықты, білім алуды, Отанға деген махаббатты жырлайды. Ол публицистикалық мақалаларында ағарту жұмыстарын, мәдениетті көтермейінше елдің әлеуметтік-экономикалық тұрмысы жақсармайтынын айтады. Гимназиялардың оқу істерін үйреніп, Түркістандағы мектеп-медреселердің оқу тәртібін гимназиядағыдай қайта құру керек дейді. Оқытуды ұйымдастыру, оқыту формалары мен методтары туралы пікірлерін айтады.

Ол оқытудың класс-сабақ формасын, оқытуда көрнекілікті қолдануды мақұлдайды.

Педагогтың Платондай білімді болуын, педагогикалық шеберлікке ие болуын мәслихат береді. Тәрбиенің мақсаты, оны жүзеге асыру жолдары, тәрбие методтары туралы да құнды пікірлер айтады.

Махмудхужа Бехбуди 1874 жылы Самарқанда дүниеге келді. Ол діни білім алады. Меккеге барып, қажы болып қайтады. Қазан, Кавказ, Стамбул, Қырым жерлеріндегі қалаларда болып, саяси жағдайларды, әлем мәдениетін үйренді.

Бехбуди Түркістанның келешегін жаңа методты мектептер ашумен жақсартуға болатынына көзі жетті. Ол жергілікті басылымдарда дүниелік ілім үйренудің пайдасы туралы, жан-жақты жетілген азаматты тәрбиелеу туралы, ағарту системасын қайта құру туралы мақалалар шығарды. Сөйтіп, жадидшілік қозғалысын ұйымдастырды, оның басшыларының бірі болды.

Ол өзбек және тәжік тілдерінде «**Китобул афтол**», «**Мухтасари тарихи ислом**», «**Мадхали жўғрофияи умроний**», «**Мухтасари жўғрофияи Руссий**» атты оқулықтар мен оқу құралдарын жазды. «Падаркуш» драмасы оған үлкен атақ әкелді.

Бехбудидің ашқан 2 басқышты жадид мектебінде оқу мазмұны төмендегіше болды:

Бірінші басқыш – 4 жыл:

Бірінші жыл – парсыша, арабша жазу, оқу, есептеу, намаз оқу.

Екінші жыл – «Хафтияк», имандылық сабағы.

Үшінші жыл – ислам ғибадаты, тажвид заңдылықтары, парсы-түркі әдебиеті.

Төртінші жыл – үшінші жылдағы оқуды жалғастыру, парсы-түркі тілі, арифметика, тарих, ислам тарихы, география.

II басқыш – 4 жыл:

Бірінші жыл – араб тілі, география, астрономия, тәржіма, тарих, ислам тарихы, «Гулистан», парсы-түркі тілі.

Екінші жыл – араб тілі, медицина, тарих, ислам тарихы, тіл, есеп, әдеп-тілік сабағы.

Үшінші жыл – араб тілі, есеп, ислам, жалпы тарих, орыс тілі, іс жүргізу қағаздары.

Төртінші жыл – араб тілі, орыс тілінде іс жүргізу, тәлім, әдебиет, мектеп пен өмір, табиғат.

Бұл мектепті бітірген оқушылар исламтанушы, редактор, бизнесмен, оқытушы болып істеуі мүмкін еді.

Түркістан зиялыларының ең көрнекті өкілі Махмудхужа Бехбуди ағарту саласында істеген ұланғайыр қызметін халықтың келешегін жақсарту үшін істеді.

Жадидшілік қозғалысының көрнекті өкілдерінің тағы бірі **Мунаввар қары Абдурашидханов 1878 жылы** Ташкентте туылды. Ол Ташкент және Бұхара медреселерінде білім алды. Оның ашқан жадид мектебінде оқу мерзімі 3 жыл болды.

Мунаввар қары жадид мектептері үшін «**Адиби аввал**», «**Адиби соний**» оқулықтарын жазды.

Мунаввар қары тұңғыш Түркістанда ашылған Халық университетінің (1918 жыл, 13 май) ректоры болған. Ол медреселерді де Европа үлгісінде білім беретін оқу орындарына айналдыруды ұсынды.

Атақты ағартушы, жадид мектептерінің негізін қалаушылардың бірі **Абдурауф Фитрат (1886–1939)** тәлім-тәрбиеге, ағарту істеріне, оқыту методтарына, білімді адамды тәрбиелеу

жолдарына арналған ой-пікірлерін «Рахбари нажот» кітабында баяндайды.

Фитраттың пікірінше, бала тәрбиесінде тек жанұя емес, барлық қауым мүшелері жауапты. Ол балалардың жан-жақты жетілуі үшін дене тәрбиесінің, ақыл-ой тәрбиесінің және әдепті мінез-құлық тәрбиесінің орны ерекше екенін көрсетіп берді.

Тұңғыш өзбек педагогы **Хамза Хакимзада Ниязи (1889–1929)** Қоқанда туылды. Медреседе толық оқымай, өз бетінше білімін жалғастырады.

Хамза 1911 жылы Қоқанда жетім және кедей балалары үшін мектептер ашты. Оқушыларға арнап «**Енгил адабиёт**», «**Ўқиш китоби**» деген оқулықтар жазады. 1919 жылы балалар үйінің меңгерушісі болып тағайындалды. Балалар үйінде 3 сыныптық мектеп ашады. 1925 жылы оны Ферғанада сауатсыздықты жою бөлімінің меңгерушісі етіп тағайындайды. Ол 1928 жылы Шахмарданда 4 сыныптық мектеп ашады. Хамза өзі ашқан мектептерде жаңаша білім беру методикасын жариялайды. Ол ескі мектептердегідей әріптерді құрғақ жаттатуға қарсы шығып, дыбыс методын пайдаланып оқытуды қолданады.

Атақты педагог өзінің педагогикалық көзқарастарында әрбір адам қоғам, табиғат және хайуанаттар әлемі туралы білімге ие болуы керек дейді. Балаларға ақыл-ой тәрбиесін, әдепті мінез-құлық тәрбиесін беру туралы ой-пікірлерін айтады.

Абдулла Авлони 1778 жылдың 12 июлінде Ташкентте, шағын кәсіпкер-тоқымашының жанұянда дүниеге келді. Абдулла 7 жасында ескі мектепте, 12 жасқа толғаннан кейін медреседе оқиды. 15 жасынан өлең жазып, оны «Тәржіман» газетінде шығарып тұрады.

Абдулла Авлони ағартушылық идеясын ұстанған жадидшілердің қатарына қосылып, халықтың санасын ояту үшін газет-журналдар шығару керек екенін түсінді. 1907 жылы оның басшылығында «**Шухрат**» және «**Осиё**» газеттері шығарыла бастады. 1913 жылы «**Тұран**» атты театр труппасын түзеді.

Абдулла Авлони мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрмысан жақсарту үшін мектеп ашу, оқытудың мазмұнын өзгерту, балаға жан-жақты тәрбие беру керек екенін батыл айтып, осы тақырыптағы мақалаларын газет-журналдарда жариялап

отырды. Өзі де жаңа методты мектептер ашу ісіне атсалысты. 1907 жылы Ташкенттің Мирабад және Дегрез кварталдарында жаңа методты мектептер ашты. Тұрмысы нашар жанұяндағы балалардың оқуы үшін **«Жамияти хайрия»** фондын түзіп, олардың оқуына жәрдем берді. **«Мектеп кітапханасы»** деген кітап дүкенін ашты.

Авлони осындай әлеуметтік белсенділік танытып, ағартушылық қызметпен шұғылдана жүріп мектептер үшін оқулықтар және оқу кітаптарын жазды. 1912 жылы **«Биринчи муаллим»** («Бірінші оқытушы»), **«Иккинчи муаллим»** («Екінші оқытушы»), 1913 жылы **«Туркий гулистон ёхуд ахлоқ»** («Түркі гүлзары яки әдеп»), **«Мақтаб гулистони»** («Мектеп гүлзары») кітаптары баспадан шықты.

Абдулла Авлони Октябрь революциясынан кейін дипломатиялық жұмыстарда болды, ағартушылық қызметпен шұғылданды, ғылыми-педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ағартушы-педагог Абдулла Авлони 1943 жылы қайтыс болды.

Терең педагогикалық білімге ие болған Авлони өзбек ғалымдарының ішінде бірінші болып **«Педагогия»** бала тәрбиесі туралы ғылым деп дұрыс анықтама береді.

Ғалымның пікірінше, тәрбие арқылы *«дене қуатты болады, пікір нұрланады, құлық әдеміленеді, зейін ашылады»*. Сондықтан баланы туылған күнінен бастап дұрыс тәрбиелеу керек деп ұғындырады. Ол **«Туркий гулистон ёхуд ахлоқ»** атты педагогикалық шығармасында балаға *дене тәрбиесі, пікір тәрбиесі, құлық тәрбиесі* берілуі керек екенін айтады.

Туып тастағанмен болмас бала,

болар бәле сізге,

Жан-тәні тәрбие көрсе,

болар жолдас сізге, - деп,

тәрбиенің адам өміріндегі орнына тоқталып, тәрбиенің жолдары, методтары және тәсілдерін өз кітабында баяндайды.

Педагог кітабында дене тәрбиесіне аса мән береді. *«Дененің сау және қуатты болуы адам үшін ең керекті нәрсе ... ең алдымен, денсаулық ережелерін білу, денсаулыққа теріс болған нәрселерден сақтану керек»* деп, бала тәрбиесімен шұғылданатын-

дарға тәрбиені неден бастау керек екені туралы дұрыс мәслихат береді.

Дене тәрбиесін жеке гигиенаны сақтау арқылы алып бару керек екенін былай түсіндіреді: *«Пәктік арқылы әртүрлі аурулардан құтылып жанымыздың қадірін білер едік. ...ескі киімдерді кию айып емес, жаңа киімдерді кір қылып, майын шығарып жүру зор айып және күнә»*. Баланың дұрыс жетілуіне әсер ететін факторлардың ішінде жеке гигиенаны ерекше атап өткен ғалым: *«пәктік зейін және ұғымды кең және өткір қылады. Халық арасында құрмет және абыройға бөлейді. ... Пәктік – мұсылмандықтың тамыры»*, деген тұжырым айтады.

Абдулла Авлони өз кітабында баланың мінез-құлқын, сезімдерін дұрыс тәрбиелеуді көрсете отырып, мұнда тәртіптің орны үлкен дейді. *«Шәкірттер мектеп пен медреселердегі заманға сай құрылған нұсқа мен тәртіптерге бағынулары қажет»*, - деп, ол тәртіп болмағанда адамдар жер жүзінде жасай алмайтынын ескертеді. Сондықтан балаларды ерте жастан тәртіптілікке үйрету керек дейді.

Ұстаз бала тәрбиесімен шұғылданатын мұғалімдердің қоғамдағы орнына дұрыс баға беріп, оларға үлкен жауапкершілік жүктейді: *«... тәрбие мұғалімдердің жәрдеміне мұқтаж, пікірдің қуаты, көркемдігі, кеңдігі мұғалімнің тәрбиесіне байланысты»*.

Түркістан өлкесіндегі жоғарыда аты аталған жадидші педагог-ғалымдар мектеп ашу, бала тәрбиелеу істерін мемлекеттік саясат дәрежесіне көтеруге атсалысты.

І.9.6. Қазақстандағы мектептерге шолу. Қазақстанда педагогикалық ой-пікірлер

70-жылдарға дейін Қазақстанда ағарту ісімен шұғылданатын мемлекеттік мекеме жоқ еді. 1871 жылы Қазан қаласында татар, башқұрт, қазақ мектептерінің инспекторы деген лауазым тағайындалды. Мұндай лауазым 1874 жылы Торғай оқу округінде ұйымдастырылды. 1879 жылы бұл округте **халық училищелерінің инспекторы** болып Ы. Алтынсарин тағайындалды.

1885 жылы Батыс-Сібір оқу округі ұйымдастырылып, ақмола және Семей облыстарының инспекторы тағайындалды.

XIX ғасырдың соңында Ішкі (Бөкей) ордада 24 орыс-қазақ мектебі, 60 мұсылман мектебі мен медреселері болды.

Торғай облысының уездерінде 2 және 1 сыныптық орыс-қазақ училищелері, орыс-қазақ ауылдық мектептері, әйел-қыздар мек-тептері, кәсіптік-техникалық оқу орындары ашылды.

Оралда еркектер мен қыздар гимназиясы, қолөнер мектебі, 2 және 1 сыныптық орыс-қазақ училищелері, болыстық мектеп, діни училище, Орал казактарының әскери мектебі, Гурьев теңіз мектебі, мұсылман мектептері болды.

Ақмола облысында және Семей облысында қазақ балалары үшін мектеп-интернаттар болды, кейіннен олар төменгі дәрежелі ауылшаруашылық мектептеріне айналдырылды. Орыс-қазақ мектептері 80-жылдардың соңында ашылды. Бұл жерлерде де «приходская школа»лар болды.

Орыс-қазақ мектептері мемлекет қарамағында болды. Алғашқы кездерде байлардың балалары қабылданса, кейіннен кедейлердің балалары да қабылданды.

Қазақ қыздары үшін арнаулы мектептер 1883 жылы Ішкі ордада, 1888 жылы Ырғызда, 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтөбеде ашылды. Ал 1895 жылы Қостанайда орыс-қазақ қыздар прогимназиясы ашылды.

Қазақстандағы мұсылман мектептері 6 ай жұмыс істеді. Молдалар халық қыстауға көшкенде ғана барып сабақ берді.

XIX ғасырдың 2-жартысы және XX ғасырдың басында Қазақстанда атақты ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин, ұлы ғұлама Абай, атақты педагог-тар Ә.Диваев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Х.Досмухамедов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Торайғыровтар мектеп, оқу-тәрбие жұмыстары бойынша өз көзқарастарын білдірді.

Абай, Шәкәрімдер баланы жан-жақты тәрбиелеу жолдарын көрсетсе, Ыбырай мектеп ашып, бала оқытты, оқулықтар жазды.

Ахмет Байтұрсынов «Әліпби», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш» атты оқулықтар жазып, араб графикасында қазақ

алфавитін түзсе, Халел Досмухамедов физиология, психология пәндерінің терминдік атауларын қазақша сөйлетті.

Міржақып Дулатов «Есеп құралы» (1921, Ташкент), «Қирағат» (1924), Мағжан Жұмабаев «Бастауыш мектептегі ана тілі» (1928), «Сауатты бол» (1926), «Педагогика» (1922) атты оқулықтар жазса, Жүсіпбек Аймауытов пен Сұлтанмахмұт Торайғыров бала оқытып өз шығармаларында білімділікті, әдепті мінез-құлықты насихаттады.

Сонымен, XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасырдың басындағы ағартушы-педагогтардың педагогикалық көзқарастары бір арнаға барып құятынын көріп отырымыз.

Олардың басты тақырыбы: балаға дұрыс тәрбие беру, ақыл-ойын, ерік-жігерін, мінез-құлқын жетілдіру, дүниелік ілім үйрететін мектептер ашу, бала тәрбиесін мемлекеттік саясат дәрежесіне көтеру, ағарту системасы мен мәдени өмірді жақсарту арқылы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту болды. Өздері мектептер ашып, бала оқытып, оқулықтар жазып мектептер тарихында, педагогика тарихында үлкен өшпестей із қалдырды.

I.9.7. Ы.Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметі

Аса көрнекті ағартушы, этнограф-ғалым, қазақ әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы, ақын әрі жазушы **Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы** Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келген. Әкесі 1844 жылы қайтыс болып, жас Ыбырай атасы Балғожа бидің тәрбиесінде болады. Бұл дәуірде Қазақстан түгелімен Россияның қол астына өткен еді. Патша үкіметі қазақ даласын бағындырудың, билеп-төстеудің жаңа әдісін қолдай бастады: қазақ балаларына арнап мектептер ашты. Бұл мектептердің мақсаты мектеп туралы Ережеде ашық айтылған: *«Мектеп құрудағы басты міндет – шекарадағы басқару ісін атқара алатын адамдарды, Ордадағы басқару қызметтеріне және тек қазақтар тағайындалатын басқа қызметтерге қабілеті бар адамдарды даярлап шығару»*.

Бұл мектеп 1850 жылы 22-августта Орынбор қаласында ашылды. Оған қазақтың 30 баласы алынды, солардың бірі тоғыз жасар Ыбырай болды. Ыбырай бұл мектепті 7 жыл оқып, 1857 жылы бітірді. Ерекше зерек Ыбырайды Орынбордың өзінде тілмаш етіп қалдырады. Бірақ Ыбырай оқуды бітірдім деп масаттанбайды, шентөрелікке әуестенбейді, өз бетімен оқып, білімін тереңдете береді. Ильминскийдің айтуынша, Орынборда тілмаш болып істеп жүріп, Ыбырай орыс тіліндегі маңызды, пайдалы кітаптарды тегіс оқып шығады. Ол Шығыс әдебиетімен танысады, қазақ тарихын зерттейді. Осының нәтижесінде 60-жылдардың басындаақ дүниеге көзқарасы кең, үлкен оқымысты қазақтың тұңғыш ірі білімпазы, ағартушысы болады.

Ыбырай өзінің алдында болған Шоқан, артын ала келген Абай сияқты қазақ халқының білімпаздарымен бірге халықтың азабын жеңілдетудің бірден-бір жолы – оны өнер-білімді, мәдениетті ету деп білді. Соның үшін ол қазақ арасында көптеп мектеп ашуды аңсады. *«Ыбырай ылғи оқу жұмысымен айналысуды, қазақ халқын ағарту жұмысына ат салысуды көксейтін»*, – дейді Ильминский. Халық ағарту жұмысына өзі сұранып, соған ақыры 1864 жылы ауысады. 1879 жылы 1-сентябрде Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалады, өмірінің соңына дейін осы қызметте болады. Ыбырай 1870–1880 жылдарда Торғай, Ырғыз, Ақтөбе, Николаев уездерінен екі сыныптық мектептер ашты. Әр бір облыс орталығында бастауыш мектептер аштырды.

Ыбырай қазақ қыздарын өнер-білімге, қоғамдық өмірге тартуға үлкен көңіл бөлді. 1887 жылы ол Ырғызда 20 орындық интернаты бар қыздар мектебін, Торғай қаласынан қолөнер училищесін ұйымдастырды.

Ыбырай оқытушылар дайындауға да зор көңіл бөлді. Оның бастамасымен 1883 жылдың 10 апрелінде Орск қаласында **қазақ мұғалімдерін даярлайтын тұңғыш мектеп** ашылды. Ол қазақтардың сауатты бөлігіне арналған мектептер жанынан тұңғыш кітапханалар ашып, оларды физика, химия, минерология, ботаника, зоология, тарих пәндерімен жабдықтауды ұйымдастырды. Ұстаз-ағартушы Л.Н.Толстойдың, К.Д.Ушинскийдің, Я.А.Коменскийдің педагогикалық идеяларын қазақ арасына

таратып, оларды насихаттап отырды. Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактикасын» қазақ даласына тұңғыш әкелуші де Ыбырай еді.

Әлемнің озық ойлы ағартушы-ғалымдарының ғылыми-педагогикалық көзқарастарын оқып-үйреніп, оған үн қосқан бірінші қазақ педагогы қыруар ұйымдастырушылық жұмыстармен бірге оқулықтар жазып, шығарды. 1879 жылы «Қазақ хрестоматиясын», сол жылы «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралын» жарыққа шығарды. Бұл кітаптарды автор орыс графикасына негізделген жаңа қазақ алфавитімен (Алтынсарин енгізген) жазды.

«Қазақ хрестоматиясы» К.Д.Ушинскийдің «Балалар әлемі» және басқа да классикалық педагогикалық шығармалар үлгісінде жазылды. Кітап 4 бөлімнен тұрады:

1. Тақпақтар, балаларға арналған әңгіме, ертегілер, оқушылардың туыскандарына хат жазу үлгілері.

2. Үлкендерге арналған әңгімелер.

3. Ауыз әдебиетінің үлгілері.

4. Мақал-мәтелдер.

Қазіргі күнге дейін мәнін жоғалтпай келе жатқан бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбексүйгіштік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, адамгершілік, жинақылық, тағы басқа осылар тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды.

Бір Құдайға сыйынып,

Кел балалар оқылық.

Оқығанды көңілге,

Ықыласпен тоқылық! – деп, кітаптың беташары оқуға шақырудан басталады. Хрестоматияға енгізілген өлең-жырлар, әңгімелер балалардың жасына, сана-сезіміне лайықты болып, олардың тілін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге, жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыруға қызмет етеді.

Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы» кітабы 8 бөлімнен тұрады. 1.Зат есім. 2.Сын есім. 3.Сан есім. 4.Есімдік. 5.Үстеу және шылау. 6.Көмекші сөз. 7.Етістік. 8.Қазақ тілінен орыс тіліне аударылатын текстердің үлгілері. Бұл қазақ балаларына орыс тілін үйрететін алғашқы оқу құралы

еді. Және өзінің түсінікке жеңілдігімен, орыс грамматикасының негізгі ережелерін анық жеткізе білуімен ерекшеленетін.

Бұл кітаптар Қазақстан мәдениеті тарихында жазба әдеби ескерткіш ретінде де, ғылыми негізде жасалған оқу құралы ретінде де аса маңызды орын алады.

1.9.8. Ы.Алтынсарин балаға жан-жақты тәрбие беру туралы

Педагог-ғалым баланы тәрбиелеу аса маңызды, қажетті әрі жауапты мәселе деп қарап, оған берілетін тәрбиені жан-жақты зерттеген. Ыбырай бала тәрбиесінде ананың ролі, оның аналық махаббаты ерекше орын алатынын көрсетеді.

«Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған.

.....
Қолын қатты тигізбей,
Кірлі көйлек кигізбей
Иісін жұпар аңқытқан».

Балаға бірінші берілетін тәрбие әрқашан ата-анасын, өзінің жақын достарын сыйлауға үйретуден басталуы тиіс дейді.

Ұлы ағартушы жас ұрпақтарға дұрыс тәрбие беру, оларды жас кезінен дұрыс баулу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Баланы дұрыс күт, түзу тәрбиеле, қисығын түзе, адасса айқын жолға сал деді. Бұл жөнінде де елге үлгі боларлық әңгімелер жазды. Мысалы, «Бағу-қағуда көп мағына бар», деген әңгімесі.

Алтынсариннің хрестоматиялық материалдарында еңбекке тәрбиелеу мәселесі елеулі орын алады. «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Атымтай Жомарт» т.б. бірқатар әңгімелерінде еңбектің адам өміріндегі орнын суреттейді. Ол еңбекті адамның құлқын түзейтін тәрбие құралы деп қарайды.

Педагогтың тәрбие жөніндегі негізгі тақырыбының бірі – талап. Жастық шақ жігер, қайраттың толы кезі. Бойдағы жасырын талант, өнерлерін жарыққа шығарып қалатын кез де осы. Ол үшін талап керек. Әр нәрсені жігермен істе, өзіңнің не нәрсеге қабілетің бар, ыңғайың бар, қолыңнан не келеді, соны жақ-

сы біл, қай өнердің соңына түссен, әрі өзіңе, әрі қоғамға пайда келтіре аласың, талаптан да таңдап ал дейді.

Жазушы тәрбиелік мәні бар шығармаларында балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеп отырды.

Баланы жан-жақты түсінігі бар, айтқанды тез ұғатын, қабілеті күшті азамат етіп шығару үшін, алдымен оқыту керек. Ол сонда ғана тәртіпті түсінетін, оған мойынсұнатын саналы азамат болып қалыптасады дейді. Оған мысал: **«Өнер-білім бар жұрттар», «Кел, балалар, оқылық»** сияқты өлеңдері.

Ыбырай *адамгершілік* тәрбиесіне баса назар аударды. Оның адамгершілік мәселесіндегі түсінігі мынадай:

Иманды ер құдайынан ұялады,

Ұялып несінен сый алады.

Ренжітпе пенде болсаң бейшараны,

Кәріп көңілі бір сынғақ бияла-ды.

Ыбырай қоғамның ертенгі ұрпағы – жастарға зор сенім білдірді. Ол қазақ балаларын туғаннан дарынды, зерек деп сипаттайды. Тек балаға жан-жақты тәрбиені дұрыс бере білуіміз керек дейді.

1.9.9. Ыбырай ашқан мектептің мақсаты мен мазмұны

Қазақ балаларының ана тілінде оқуын армандаған Ы.Алтынсарин 1864 жылы мақсатына жетті. 1864 жыл 8-январда Торғай қаласында тұңғыш қазақ мектебі ашылып, Ыбырайдың өзі соған мұғалім болады.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық үмітіміз, қазақ халқының келешегі осында, тек осы мектептерде ғана» деп жазған Ыбырай, 1864 жылдан 1889 жылға дейінгі жиырма бес жылдық өмірін қазақ балаларына мектеп ашу, оларды оқыту, тәрбиелеу, оларға арнап оқулықтар, оқу құралдары, методикалық кітаптар жазу жұмыстарына сарып етті.

Ыбырай өзі ашқан мектепте оқу программасын кеңейтті. Мектептегі оқу программасы төмендегідей болды:

1. Оқу, газа жазу.
2. Орысша сөз сөйлеу.

3. Грамматика.

4. Арифметика.

5. Жер шары, дүние бөлшектері. Европаның басты қалалары мен мемлекеттері жөнінде мағлұматтар.

6. Татар тілі (оқу, жазу).

Оқыту ана тілі – қазақ тілінде жүргізілді. Программада орыс тіліне баса назар аударды. Себебі, жоғарыда айтқандай, оқушылар орыс тілінде іс жүргізе алатын болуы керек еді. Алғашқы жылдары мектебінде татар тілі оқытылғанымен, кейіннен оны алып тастады. Бұл мектепте балалар 4 жылдың ішінде орысша оқып, жаза алатын болды. Арифметиканың 4 амалын (қосу, азайту, көбейту, бөлу) толық меңгерді. Жер шары туралы түсінікке ие болды. Мектептегі оқыту ісі – бірін-бірі оқыту тәсілімен (ланкастер системасы бойынша) жүргізілді. Қазақ балалары мемлекет есебінен қабылданды.

Ы.Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тұрған кезде орталықтандырылған мектептерді ұйымдастырды, тамаша мектеп ғимараттарын салдырды. Мектептер аштырғаннан кейін оқу құралдары мен нұсқауларды қайта қарап, оқушылар мен мұғалімдер үшін кітапханалар аштырды. Бос уақыттарында бау-бақша ісімен айналысты. Сондай-ақ, Алтынсариннің барлық мектептерінде ән-күй мен гимнастика сабақтары оқытылды.

Алтынсарин жалпы білім беретін мектептер ашумен қатар, практикалық сипаттағы оқу орындарын ашуға ұмтылды. Торғайда жақсы жабдықталған шеберханалармен, іскер етілген **қолөнер училищесін** ашты. Қазақ балаларына стипендия тағайындалды.

Ал 1887 жылы Алтынсариннің бастамасымен Ырғызда **қазақ қыздарына арналған училище** ашылды. 1888 жылы училищенің жанынан қазақ қыздары үшін 20 орындық **пансион** ашылды. Мұнда қол еңбегі, орыс тілі, арифметика оқытылды.

1891 жылы Торғайда **әйелдер училищесі** интернатымен ашылды. 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтөбеде осындай интернаттары бар әйелдер мектептері ашылды.

Жанкүйер ағартушы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіне лайық болыстық және ауылдық мектептердің түрлерін белгілейді. Ол болыстық мектептер мынадай болып ұйымдастырылуы тиіс деп есептеді: *«Бұл мектептердің құрылысы – халықтың тұрмыс жағдайына үйлесімді болуға тиіс, сондықтан ол мектептер ауыл көшкенде көшіп, қыстағанда бірге қыстайтын болуы керек»*. Болыстық мектептер басқа болысқа қарасты жерлердің орталығынан қолайлы пункттерден ашылады. Оларға жергілікті төзімді материалдан жылы үйлер салынып беріледі, олардың әрқайсысында бір сыныптық бөлмесі, шәкірттер тамақтанатын асхана, мұғалімдер үшін бір бөлме болуы тиіс. Болыстық мектептерде оқу 15-сентябрден 1-майға дейін болады, ал 1-майдан бастап мектеп өзінің барлық жабдығымен киіз үйге шығады. Сөйтіп, жергілікті халықпен бірге көшіп, оқу жұмысын жүргізе береді. Оқу мерзімі – 4 жыл.

Ал, ауылдық мектептер сауат ашу мектебінің көпшілікке арналған жаңа түрі болды. Ауылдық мектептер екі жылдық оқу мерзімімен ашылды, олар жақын жердегі болыстық мектептердің бөлімшесі болып саналып, олардың меңгерушілерінің бақылауында болды. Мұғалімдері өздерінің шәкірттерін жылына бір рет болыстық мектептер жанындағы комиссияға әкеліп, сынақтан өткізді. Ауылдық мектептер көбейгеннен кейін, өкімет ол мектептерге материалдық көмек көрсетті.

Алтынсариннің мектебіндегі оқушылар аз уақыттың ішінде орыс тілінде сөйлеуге, оқуға, жазуға, санауға үйренді, күнделікті машықтарды (ағаш өңдеу, іс тігу) үйренді. Мектептерде саналы біліммен қоса саналы тәрбие беру де жолға қойылды. Небір машақаттармен ашқан мектептері арқылы Ыбырай қазақ халқының арасына мәдениет пен ілім-білімнің ұрығын себуге тырысты.

I.9.10. Ы.Алтынсарин мұғалім туралы

Алтынсарин қазақ мектептеріне керекті мұғалімнің маңызы және оны даярлау туралы мәселеге ерекше көңіл бөлген. Ол жөнінде былай дейді: *«Халық мектебі үшін басты тұлға – мұғалім, ең тамаша деген педагогикалық басшылық, ең жомарт*

деген мемлекеттік жарлық та, тыңғылықты педагогикалық бақылау да онымен теңесе алмайды». Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесуге тиіс; әр бір затты ықыласпен, шұбалаңқы сөздер және керексіз терминдерді қолданбастан, қарапайым тілмен түсіндіру керек. Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыста барлық іс мұғалімнің ең жақсы оқыту тәсілдерін табуында, балалармен дұрыс сөйлесе білуінде.

Мұғалім оқушының жас ерекшелігі мен ұғым дәрежесін әрқашан жадында ұстауы, үлгерімі төмен оқушыларға баса назар аудара отырып, ұғыныңқы, қарапайым тілмен түсіндіруі қажет, сондай-ақ, озық оқушыларды да ынталандырып отыруды ұмытпау керек дейді.

«Маған ең қымбаттысы жақсы мұғалім, себебі, мұғалім – мектептің жүрегі» немесе «Егер, оқушыға бір нәрсені түсіндіргенде ол ұқпаса, оны кінәлама, мен соған түсінікті етіп қондыра алмадым деп, өзіңді кінәла» деген сияқты пікірлер айтады.

Алтынсарин мұғалімдерге методикалық кеңестер берумен бірге, мектептерді педагогикалық-методикалық әдебиеттермен толықтырып отырды. Ол Коменский, Ушинский, Толстой, Бунаковтардың педагогикалық еңбектерін қосымша құрал ретінде мұғалімдерге ұсынады.

Өз заманының алдыңғы қатарлы азаматы, озық ойлы адамы Ыбырай Алтынсарин, ең алдымен, өз халқын жанындай сүйіп, өнер-білімге үндеуімен бізге қымбат.

Екіншіден, қазақ балаларына арнап мектеп ашуы, олардың ана тілінде білім алуы, орыс тілін жетік меңгеруі үшін жағдай жасауы – қазақ халқының тарихындағы ұлы еңбегімен ұлы ағартушы болып қалады.

Үшіншіден, мектептерге арнап оқу құралдары мен методикалық нұсқаулар жазған. Сөйтіп, қазақ тарихында тұңғыш рет нағыз педагогикалық ой-пікірдің негізін салды. Оның «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқытудың бастауыш құралы», «Мактубат» атты кітаптары тұңғыш қазақ оқулығы ретінде тарихта қалды.

Төртіншіден, өзінің оқу кітаптарына арнап танымдық, тәрбиелік мәні зор, көркемдігі жоғары көптеген өлеңдер мен әңгімелер жазды. Сөйтіп, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің алғашқы нұскаларын жасады.

Ы.Алтынсаринге дейін де қазақ арасына оқыған, озат ойлы, зор пікірлі адамдар шыққан. Бірақ олардың озық ойлары мен ізгі пікірлері іс жүзінде асырылмай, тек қиял түрінде ғана қалып қойған. Ал Ыбырайдың олардан артықшылығы сол – ол халыққа оқу-білім беруді тек армандап қана қоймаған, ол бірден іске кіріскен, қимыл-әрекет жасаған, өзі мектеп ашқан, бала оқытқан, оқулықтар жазған, ғылыми еңбектер жазып, өрелі ой-пікірлер айтқан. Орыстандыру мақсатында қазақтарға мектеп ашуға көмектескен Ильминский, Алекторов, Григорьев сынды орыс миссионерлерінің іс-әрекеттерін аса айдалықпен, данышпандылықпен қазақ халқының пайдасына жаратып отырған.

Осыдан бір жарым ғасыр алдын қазақ даласында ана тілінде білім беретін тұңғыш мектеп ашқан ұлы ағартушы, қазақтың келешегі мектепте екенін көре білген данышпан, тәрбиенің тал бесігі өзінің үйін деп шешкен педагог-ғалым, ана тілінде білім алуға қазақ балаларын артынан ерткен ержүрек ұстаз, қазақ тілінің нәрін кітабына сіңіріп, оны оқушысына жеткізе алған ғұлама жазушы Ыбырай Алтынсарин өзінің туған халқымен бірге жасап келеді.

І.9.11. Абай Құнанбаев творчествосында баланы жан-жақты тәрбиелеу мәселелері

Қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы, данышпаны **Абай Құнанбаев 1845 жылы Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген**. Әуелі діни мектепте, содан кейін Семейдегі Ахмет Риза мектебінде оқып білім алды. Арасында 3 ай «приходская школада» орысша оқыған. Әкесі Абайды оқудан шығарып алып, 13 жасынан ел басқару жұмысына қосады. Абай өз бетінше ізденіп, араб, парсы, түркі әдебиеттерін оқиды. Шығыс, Батыс, орыс елдерінің әдебиеті мен мәдениетіне, философиясына терең үніліп, озық ойлы идеяларымен сусын-дап, ғылымға, өлеңге бой ұрған.

Абайдың педагогикалық ой-пікірлерін талдаудан алдын, оның жасаған дәуіріне, заманына тоқталып өтейік. Абай туып өскен Қазақстанның Шығыс бөлігі Ыбырай еліндей мектептерге бай болған жоқ. Ел әкімдері жастарға арнап мектептер ашуды міндетіне алмады. Қазақтың байы да, кедейі де білім алуға құлықсыздау болды.

Данышпан Абай қазақ халқының осылайша оқу-білімнен қол үзіп, күн өткізу үшін жасауын қатты сынға алды. Өзінің бүкіл саналы ғұмырын жастар тәрбиесіне арнауды алдына мақсат етіп қояды.

Абайдың педагогикалық ой-пікірлерін талдау жасап қарайтын болсақ, ол поэзиялық және прозалық шығармаларында жастарды оқу-білімге, еңбек етуге, өнер үйренуге, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге шақырып отырды. Абайдың қайсы өлеңін, қара сөзін алсақ та тәрбиелік мәнге ие екенін көреміз. Мәселен, «**Жасымда ғылым бар деп ескермедім**», «**Қалың елім, қазағым**», «**Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат**», «**Сегіз аяқ**», «**Ғылым таппай мақтанба**» сияқты өлеңдерінде және 50 ге жуық қара сөзінде жастарға білім-ғылым үйренуді үндеумен қоса, ерінбей адал еңбек етудің қадір-қасиетін де ұқтырады. Абайдың барлық шығармаларының негізгі арқауы да – еңбек. Оның пікірінше, еңбек қана адамның тұрмыс жағдайының жақсаруын, жан-дүниесінің жақсылық сезімдерге бөленуін қамтамасыз етеді.

Данышпан Абай еңбек ету, еңбексүйгіштік адамды жалқаулықтан, надандықтан сақтайтынын өлең сөзінде де, қара сөзінде де қайта-қайта қайталайды. Елде жалқаулар, надандар, топастар көбейсе, не болатынын **3-қарасөзінде** былайша көрсетеді: *«әр бір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тарта-ды; әр бір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әр бір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әр бір ақылсыз надан, арсыз келеді; әр бір арсыз жалқаудан сұрамасақ, өзі тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады»*. Осыдан барып халық кедейленіп, қайыршылық халге түсетінін көрсетті. Өз заманындағы кейбір адамдардың бойындағы жалқаулық, надандық әрекеттері кедейшілікке алып келетінін аямай әшкереледі. Кедей-

шіліктен құтылудың бір жолы егіншілікпен айналысу, қолөнер кәсібін және сауда-саттық жасауды үйрену екенін айтты.

Сондықтан да ол жастарға еңбек етуге, пайдалы кәсіптен шұғылдануға кеңес береді. Кәсіп үйрену арқалы адам өзінің қоғамдағы орнын табатынын «Сегіз аяқ» деген өлеңінде былай баяндайды:

... Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.
Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол, бай тап,
Адам бол, мал тап,
Қуансаң, қуан сол кезде...
Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.

Өлеңнен көрініп тұрғандай, адал еңбектің арқасында ғана адам өзінің адамилық тұлғасын қалыптастырады. Ұлы ақын адал еңбек деп «қолөнерді меңгеруді, егіншілікпен айналысуды, оқу оқып, білім алуды» айтады. Шығармаларында осындай адал еңбекке қалай жетуге болатынын көрсетіп береді. Ол михнатпен (бейнетпен) мал табу үшін:

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық, - деп, ең алдымен, баланы талаптануға үйрету керек, оның бойына өнерді сіңіру керек, жағымды іс-әрекеттерге үйрету керек деп ескертеді. Содан кейін барып баланы кәсіпке баулу керек дейді. Кәсіптің пайдасын **33-қарасөзінде** былайша көрсетеді: «Егер, мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтмайды». Шынында да, талапты бала өзінің бейіміне қарай бір кәсіпті меңгеруге әрекет етеді. Сол кәсібімен өзін, отбасын асырайды, еңбегінің жемісін елмен бірге бөліседі.

Еңбектің мән-мағынасын өте жақсы түсінген кемеңгер Абай «өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың», деген өсиет қалдырды. Сөйтіп,

әр бір адам қоғамның бір мүшесі ретінде адамзат қоғамының жарқын болашағы үшін еңбек ету керек екенін насихаттайды.

Ұлы ағартушы өз дәуірінің теріс ықпалынан жастарды арашалап отырды. Оның үшін жастарды адамгершілікке тәрбиелеуді ашық ұсынды.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошимын кейінгі жас балалардан

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, - деп, жастардың жағымсыз мінездерін қатаң сынады. Білімсіздік, надандық, жалқаулық баланы адамгершіліктен жұрдай етеді дейді. Ол адамгершілік дегенде елді, халықты сүю, ержүректік, достық, татулық, әділеттілік сияқты қасиеттерді түсінді және осыларды насихаттады.

Данышпан Абайдың тағы бір көтерген үлкен мәселесі – *жан тазалығы, тән тазалығы, ар тазалығы.*

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,

Салынсаң, салдырауық қадір қоймас.

Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,

Төбетке өлекшінің бәрі-бір бас.

яки,

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,

Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек, - деп, жігіт-қыздарды салауатты өмір сүруге үндейді.

Абай жастарды, ең алдымен жанұяда, мектепте, содан кейін әдебиет арқылы тәрбиелеуді ұсынды. Балалардың дүниеге көзқарасын қалыптастыруда жанұяның ролі зор екенін ескертеді. Сондықтан ата-аналардың өздері де жақсы тәрбиеленген болуы керек дейді.

Гуманист Абай *интернационализмді* қуаттады. Ол білім алуды, шаруашылықпен айналысуды орыс халқынан, тағы басқа да халықтардан жерінбей үйренуге шақырды.

Бала тәрбиесінде поэзияның, музыканың тәрбиенің тәрбиелік мәні күшті екенін көрсетті.

І.9.12. Абай білім алу туралы

Ұлы ағартушы Абай Құнанбаев өзінің бүкіл саналы ғұмырын адам тәрбиесіне арнады. Оның шығармаларының басты мақсаты жан-жақты жетілген азаматты – Абайша айтсақ, «толық адамды» тәрбиелеу болды.

Абай «толық адамды» білім беріп, кәсіпке үйретіп, имандылыққа баулу арқылы ғана жетілдіруге болатынын бүкіл шығармасында көрсетіп отырды. Әсіресе, білімді, білім үйренуді көп насихаттады.

Байлықтың ең асылы – білім деп білген Абай, алдымен, баланы оқуға қалай ынталандыру керек деген мәселені шешіп алды. Оны **39-қарасөзінде** былай баяндайды: *«Ғылым-білімді бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады»*. Ал білім мен ғылым кітапта деп, кітапты оқып-үйрену жолымен білім-ғылымды меңгеруге болатынын былайша көрсетеді:

Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге.

Ғұлама Абай осы ой-пікірлері арқылы өркениетті ел болудың, мәнді-мазмұнды өмір сүрудің бірден-бір жолы дүниелік ілім үйренуде, сол алған біліміңді халқыңа, Отаныңа жұмсай білуде деп түйді.

Мектептің білім мен тәрбие берудегі маңызын ескере отырып, Абай жас буынға мектепте жүйелі білім беру қажеттігін айтады. Ақын ол үшін қазақ балаларын оқытатын мектептер ашып, онда мынаған назар аудару керек дейді: *«Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек, дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әр бір жолда үйретушілерге беріп сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хәтта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберсе, жақсы дін*

танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді».

Абай балаларға ана тілінде білім беруді, шын ғылыми білімдер беруді, содан кейін араб, парсы тілдерін үйренуді ұсынды. Оны **25-қарасөзінде** былайша түсіндіреді: «*Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза* (ана тілінде дегені) *оқыса болады. ... Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. ... Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі*». Шынында да, ғылыми еңбектер көп жазылған тілдерді білу, сол тілдегі ғылыми дүниені оқып үйрену ешқашан күн тәртібінен түспейтін мәселе болған. Жаһандануға бет бұрған бүгінгі күнде әлем мемлекеттері көп тілді білу, сол тілдерде еркін сөйлей алуды қолдап-қуаттап отыр. Бірақ Абай алдымен өзінің ана тілін жетік меңгеру керек екенін, әйтпесе «*бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол – ақынның білімсіз бишарасына*» айналатынын айтады.

Ұстаз ғылымды үйрену ісіне тек пайда көздеп қарауға қарсы болды. Ол балаларға әуелі олардың ақыл-ойын, дүниетанымы мен мәдениетін дамытарлық жалпы білімдер беру қажет деп есептеді.

Абай оқыту процесінде ақыл-ойды дамыту керек екендігін, онсыз білім алуға болмайтындығын өте дұрыс көрсетеді. Ойлау мен қиялдауды дамыту айналадағы дүниені, құбылыстар мен заттарды жан-жақты терең танып білуге мүмкіндік береді.

Білім оңайлықпен қолға түспейді, тек төзімді еңбек ету арқылы ғана білім алуға болады дейді. Ақын ғылым жолын қалаған жастарға «*үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, гибадаты гибадат болмайды*», - деп, оларға тынбай талаптануға, үздіксіз ізденуге кенес береді.

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, -

деген Абай, бала тәрбиесімен шұғылданатын баршаның өзінен үлгі алуын мәслихат береді.

Абай – халқының кемелденуі үшін, өсіп-өркендеуі үшін өлшеусіз үлес қосқан кемеңгер. Тәлім-тәрбие жұмыстарын алып барудың жөн-жорығын көрсеткен педагог. Ұлағатты сөз айтып, оны халқына өлеңмен, қара сөздерімен жеткізген ұлы ақын, данышпан. Балаға берілетін тәрбие өз ішіне нелерді қамтитынын анықтаған ғалым. Халқын білім алуға, өнер үйренуге шақырған ұлы ұстаз. Осыдан келіп шығып айтар болсақ, Абай Құнанбаевтың білім мен ғылымды меңгерудің пайдасы, білімділіктің құдіреті, оқымысты елдің жарқын келешегі туралы айтқан құнды ой-пікірлері бүгінгі күнде де өскелең ұрпаққа үлгі болып тұр.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Россия басып алғанға дейін Түркістанда қандай мектептер бар еді?
2. Россияның отарына айналғаннан кейін қандай оқу орындары ашылды?
3. Орысша оқытудан мақсат не еді?
4. Жергілікті халықтың балалары орыс мектебінде қалай оқыды?
5. Түркістан үшін орыс мектептерінің пайдасы болды ма?
6. Жадидтік қозғалыс дегеніміз не?
7. Жаңа методты мектептер қалай пайда болды? Онда оқыту мазмұны қандай болды?
8. Сол дәуірдегі Қазақстанның мектептеріне шолу жаса.
9. Түркістан өлкесіндегі педагогикалық ой-пікірлер туралы айт.
10. Ы.Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық қызметі туралы айт.
11. Ыбырай ашқан тұңғыш қазақ мектебінің тарихы туралы айт.
12. Алтынсариннің бастауыш мектебінде оқыту мазмұны қандай болды?
13. Ыбырай тағы қандай мектептер ашты?

14. Ы. Алтынсариннің баланы жан-жақты тәрбиелеу туралы пікірлері.

15. Ы. Алтынсариннің оқу кітаптарына сипаттама бер.

16. Ыбырайдың мұғалім туралы пікірлері қандай?

17. Ыбырай Алтынсарин педагогикалық теориясының педагогика ғылымын дамытуға қосқан үлесі қандай?

18. Абайдың өлеңдерінде ілім-білім тақырыбының жырлануы.

19. Абайдың қарасөздерінде бала тәрбиесі туралы пікірлер.

20. А. Құнанбаевтың казак мәдениеті тарихында алатын орны қандай?

21. Ыбырай және бүгінгі қазақ мектебі туралы өз ойыңды айт.

1.10. 1917–1991 жылдарда Өзбекстанда білім беру системасы мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы

1.10.1. Советтік Түркістанда халыққа білім беру жүйесін ұйымдастыру (1917–1924)

Отандық педагогика тарихында совет дәуіріндегі білім беру және педагогика тарихы үш этапқа бөліп үйреніледі:

1) 1917–1924 жылдарда Түркістанда білім беру мен педагогика;

2) 1924–1945 жылдарда Өзбекстанда білім беру мен педагогика;

3) 1945–1991 жылдарда Өзбекстанда халық ағарту саласы мен педагогиканың дамуы.

Бұл тарихи дәуірлердің өзіне тән ерекшеліктері болды.

1917 жылы ноябрь айында Түркістанда үкімет Советтердің қолына өтті. Осы жылы Түркістанда Халық ағарту комиссариаты құрылды. 1917 жылдың 13 декабрінде тәрбиелеу және білім

беру жұмыстарын діни ұйымдардан Халық ағарту комиссариатына беру туралы декрет шығарылды.

Түркістанда совет үкіметін нығайту үшін мәдени революция жасау керек болды. Экономикалық жағынан артта қалғанына және сауаттылық мөлшері аз болғанына қарамастан мәдени революция жолына кірісті.

Бұл мәселеде партия және совет органдары РСФСР ОАК және ХКС декреттерін, Түркістан республикасының декреттерін басшылыққа ала отырып шіркеуді (діни орын) мемлекеттен, мектептен бөлді, сословиелік мектептерді жойды, ұлдар мен қыздардың бірге оқуын енгізді.

Мәдени төңкеріс. Кеңес үкіметі құрылған күннен ақ білім берудің басты міндеті *сауатсыздықты жою* болды. Үлкен жастағылар арасындағы сауатсыздықты жою ең өзекті міндеттердің қатарында тұрды. 1919 жылғы 26-декабрде 5 жастан 50 жасқа дейінгі халықты орыс немесе ана тілінде сауатты болуға шақыратын **«РСФСР тұрғындары арасында сауатсыздықты жою туралы»** декрет қабылданды. Бұл бойынша әркім өз ана тілінде және орыс тілінде білім алуы мүмкін еді. Бүкіл ел бойынша сауатсыздықты жою пункттері немесе бөлімшелері пайда болды, хат танытатын мектептер ашылды.

«Сауатсыздықты жою туралы» Түркістан декреті (1920 жылғы қыркүйек) РСФСР декретінен біраз өзгешелеу болды. Үлкендердің жасы 40 жасқа дейін төмендеді, қай тілде сауат ашу халықтың өз еркімен таңдалып, жұмыс күні тек оқытындар үшін ғана емес, сонымен қатар оқытатындар үшін де 2 сағатқа дейін қысқартылды. Түркістан декретіне өзгертулер енгізіліп, оған сәйкес мектептен тыс сауат ашқан адамдар марапатталып отырды. Ал араб тілінде хат танығандарға европалықтарға қарағанда 1,5 есе көп төленді. Сауатсыздықты жоюда оқуға үйрету, жазуға үйрету, санауға үйрету міндетті болды. Орыс тілінде сауат ашудың мерзімі 2–3 ай болса, жергілікті халық үшін 3–6 ай болды. 1923 жылға келіп, сауатсыздықты жою курстары 6 айға созылды. Бағдарламаға Түркістан туралы саяси сауаттылық, экономикалық білімдерді үйрету қосылды. 1930 жылдан сауаттылардың орташа саны 27,3 пайызды құраған болса, 1940 жылға келіп бұл көрсеткіш 98 пайызға жетті. 1920 жылы Түр-

кістанда «Сауатсыздықты жою бойынша төтенше комиссия» құрылды. Мұндай комиссиялар Түркістандағы әр бір уәлаят, уездерінде, қалаларда да құрыла бастады. Комиссияның міндеті педагог кадрларды даярлау, оқулықтар жазу, сауатсыздардың есебін алу болды.

Түркістанда жаңа мектептердің ашылуы. 1918 жылғы 31-октябрде РСФСР халық ағарту комитетінің «Аз ұлттар мектептері туралы» қаулысы қабылданды. Бұл құжат Түркістанда ұлттық мектептердің ашылуында маңызды болды. Онда «әр бір ұлттың өкілі өз ана тілінде бастауыш, орта және жоғары білім алу мүмкіндігіне ие» деп жазылған болатын. 1919 жылы мартта өткен партияның VIII съезінің бағдарламасында халық ағарту саласы бойынша мынадай міндеттер белгіленді:

1) 17 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздарға тегін және міндетті, жалпы әрі политехникалық білім беру;

2) балабақшалардың тармақтарын құру;

3) ана тілінде оқытатын бірыңғай еңбек мектебі принципін толық жүзеге асыру, мектептердің діннен бөлінуін қамтамасыз ету;

4) оқушыларды тамақпен, аяқ киіммен және оқу құралдарымен мемлекет есебінен жабдықтау;

5) оқу-ағарту саласында коммунизм идеяларымен шындалған жаңа кадрларды даярлау;

6) еңбекшілерді ағарту жұмыстарына белсенді қатысуға тарту;

7) жұмысшылар мен шаруалардың өз білімдерін жетілдіруіне мемлекеттік жәрдем көрсету (кітапханалар, үлкендер үшін мектептер, халықтық үйлер мен университеттер, курстар, лекциялар, кинематография, т.б.);

8) 17 жастан бастап кәсіптік білім беруді дамыту.

Ең бастысы, жалпы білім беретін мектептерді ұйымдастыруға, жастарды отансүйгіштікке, интернационалдық рухта тәрбиелеуге көп көңіл бөлді.

Совет үкіметінің алғашқы жылдарында Түркістанда ағарту саласында мынадай міндеттерді шешу мәселесі қойылды:

- жаңа мектепті ұйымдастыру және нығайту;

- бұл мектептерге еңбекшілердің балаларын тарту;

- мектепке жаңа идеялық мазмұнды енгізу;
- халық училищелерінің директоры, инспекторы лауазымдарын жою.

Мәдениет және ағарту мәселелері. Түркістан Кеңес республикасының XI съезінде талқыланды (1922 ж.). Халық ағарту комитетінің баяндамасы бойынша төмендегі пункттерден тұратын **резолюция** қабылданды:

1) ағарту саласына бөлінген жалпы мемлекеттік бюджеттің 14 пайызы аз, оның мөлшерін 20 пайызға көтеру;

2) кедей жұмысшылар мен диқан балаларын қалалық мектептерге тартып, тегін білім алуын қамтамасыз ету;

3) түрлі лауазымдарға сайланған жергілікті оқытушыларды мектепке қайтару.

Мектеп құрылысының негізгі мәселесі оқытушы кадрларды даярлау болды. Қазақ төңкерісіне дейін оқытушылар даярлайтын жалғыз педагогикалық оқу орны – Түркістан мұғалімдер семинариясы болды. 1879–1917 жылдар аралығында семинария 450 оқытушы даярлап шығарған болса, соның бірнешеуі ғана жергілікті ұлт өкілдерінен болды. Кеңес оқытушыларын жаппай даярлау мақсатында көптеген курстар ұйымдастырылды. 1921 жылы 850 мұғалімдер даярлап беретін курстар болды. Әліппелер, оқу құралдары баспадан шықты. Оқыту әдістері газет-журналдарда ірі әріптермен басылып шыға бастады.

1918 жылдың 21 апрелінде Ташкентте **Түркістан халық университеті** ашылды. Оның құрамында әдебиет-философия, әлеуметтік-экономикалық, табиғаттану-математика, ауыл шаруашылығы және техника сияқты 5 факультет болды.

1920 жылдың 7 қыркүйегінде Ташкентте **Түркістан мемлекеттік университеті** ашылды (қазіргі Мырза Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университеті). 1935 жылы кейбір факультеттер базасында Ташкент мемлекеттік педагогикалық институты (қазіргі Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университеті) ашылды. 1918–19-оқу жылында Түркістанның бірнеше аумағында педагогикалық оқу орындары жұмысын бастады.

1920 жылы жаңа типтегі оқу орындары – **Халық ағарту институттары** пайда болды. Бұл институтардың бітірушілері

2-басқыштағы мектептерге жұмысқа жіберілді немесе өз оқуларын жоғары оқу орындарында жалғастырып отырды. 1929 жылы халық ағарту институттары педагогикалық техникумдарға айналдырылды.

Түркістан халқы үшін ұлттық кеңес мектептерін құру шаралары. Мәдени төңкерісті жүзеге асыруды Ленин ұлттық мәселені шешудің жолы деп білді. Осыған орай әрбір ұлт өзінің ана тілінде білім алатын жаңа политехникалық еңбек мектебін құруға ерекше назар аударды. Оқу-ағарту жұмыстарында 1918 жылы аз ұлт ісі бойынша құрылған Халық комиссариаты, кейіннен РСФСР Халық ағарту комитетінің қасындағы аз ұлт істері бойынша кеңесінің (1921 ж.) маңызы үлкен болды.

Түркістан Халық ағарту комитетінде де осындай бөлім – **Аз ұлттар кеңесі** жұмыс атқарды. Ол жерде өзбек, қазақ, тәжік, жергілікті еврей, иран-әзербайжан, неміс, т.б. ұлттық бюролар болды. 1921 жылы Түркістан АССР ХАК жанында Вакуфтердің бас басқармасы ұйымдастырылып, оған ескі әдістегі мектептердің тізімін алу және мектептер үшін сауатты мұғалімдер даярлау міндеті жүктелді. Жаңа мектептің қалыптасуы үшін оқу-тәрбие жұмыстарын жаңаша әдістермен жүргізу талабы қойылды. Түркістан Республикасының Халық ағарту комитеті жанында *өзбек, қазақ, қырғыз, түрікмен және тәжік тіліндегі комиссиялар* құрылды. Оларға өз ана тілдерінде оқулықтар, оқу әдебиеттері мен әртүрлі педагогикалық әдебиеттер жазып шығару міндеті жүктетілді. Ташкент қаласындағы алғашқы мұсылман типографиясы оқу комиссиясы тарапынан жасалған алфавиттерді, оқулықтарды, бағдарламалар мен методикалық құралдарды Орта Азия халықтары тілінде басып шығарды.

1921 жылы РСФСР ХАК жанынан Мемлекеттік ғылыми кеңес құрылды. Оның міндеті мектептер үшін бағдарламалар істеп шығу, оқу-әдістемелік құралдар және басқа да материалдар дайындау болып белгіленді. Мемлекеттік ғылыми кеңес комплекстік бағдарламалық идеяларын Батыс Европаның тәжірибелерінен алды. Ғылыми кеңестің істеп шыққан бағдарламасы пән бойынша емес, кешендік болып; міндетті емес, ұсыныстық сипатта болып түзілуімен ерекшеленді.

Бірақ Мемлекеттік ғылыми кеңестің жалпылай кешендік бағдарламасы Орта Азиядағы мектептер үшін біршама қиындықтар тудырды. Өйткені жоғарыдан түсірілген жаңа идеялар мен нұсқауларды оқытушылар көп те қолдап-қуаттамады. Сондықтан ол бағдарламалардың іске асуы көптеген қиындықтармен болды. Олар Түркістан АССР і мен Өзбекстанның оқу бағдарламаларына шатастырулар тудырды. Онсыз да педагогикалық білімнің аздығы оқытушыларға Мемлекеттік ғылыми кеңестің кешенді бағдарламаларын жүзеге асыру қиын болды әрі көп уақытты босқа жіберіп, білім беру сапасын төмендетті. Әсіресе ана тілі, математика, география пәндері бойынша мұғалімдердің жетіспеушілігі жұмысты одан әрі қиындатты.

Тәжірибе-еңбек мектептері. Ташкентте ашылған К.Либкнехт атындағы (жетекшісі В.Ф.Лубенцов), К.Г.Чернышевский атындағы (жетекшісі Н.В.Дегтярова, Н.П.Архангельский) мектептер тәжірибесі басқа мектептерге оқу-тәрбие және методикалық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыруда үлгі болды. Басқа мектептің мұғалімдері үшін К.Либкнехт атындағы атындағы мектепте ашық сабақтар ұйымдастырылды. Оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыруда жақсы нәтижелерге жетті.

Бұл мектептер тәжірибесіне сүйене отырып 1919 жылы Ташкенттің ескі қала бөлігіндегі Бесағашта Алмаи атындағы I және II басқыштағы мектеп-интернат ашылды. Мұнда сабақтар жақсы жиһаздалған физика, химия, математика, тарих кабинеттерінде өтілді. Мектепте драма, ән, радио үйірмелері жұмыс істеді. Мектептің шеберханасында, жер усатогында оқушылардың еңбек дағдылары қалыптасты. 1921 жылы бұл мектепке үлгілі-тәжірибе деген атақ берді. Ал кейіннен мектеп қалашығы салынды. Қалашықта 9 жылдық мектептен тыс балабақша, 2 жылдық педагогикалық, ауыл шаруашылығы сыныптары ашылып, мұндағы оқу техникуммен теңестірілді. Мектептегі негізгі бағыт политехтендіру мәселесі мен оқушыларды еңбекке баулуға қаратылды.

1918 жылы өте қиын жағдайға қарамастан мектеп, мектеп-интернаттар мен балалар бақшалары саны 400-ге жетті. 1920 жылдың сентябріне дейін қысқа мерзімді педагогикалық курс-

тарда 1140 оқытушы жергілікті халық өкілдерінен дайындалды. 1522 адам білімін жетілдірді.

1921/22 оқу жылында Түркістан республикасында оқу-тәрбие мекемелері 2403-ке жетті.

Қысқа мерзімді оқытушылар курстарының базасында Ферғанада облыстық педагогикалық техникум ұйымдастырылды. Техникумның жанында «намуна мактаби» ұйымдастырылды. Бұл техникумда оқығандардан атакты ғалымдар, педагогтар т.б. шықты.

Солардың бірі Ақылхан Шарафутдинов. Ол 1918 жылы Той Төбеде ең алғашқы бастауыш совет мектебін ашты. «Әліппе» оқулығын жазды.

I.10.2. 1924–1945 жылдарда Өзбекстан Республикасында білім беру мен педагогика

Түркістан АССР құрамына Хиуа және Қоқан хандықтарынан басқа Орта Азияның барлық территориясы, сондай-ақ Қазақстанның бір бөлігі кірді.

1924 жылы Орта Азия республикаларын құру туралы қаулы қабылданып, Орта Азияда Өзбек, Тәжік, Түрікмен, Қырғыз және Қазақ республикалары құрылды. Өзбек ССР Халық ағарту орталығында 1924 жылдан 1928 жылға дейін басты назар мектеп жүйесін дамытуға қаратылды. 1925 жылғы 1-жалпыөзбектік съезд кеңесінде республикада мектептерді дамыту бағдарламасы қабылданды. Оның негізінде бірыңғай еңбек мектептерін құру жатты. Съездің шешімі бойынша көрсетілген нұсқаулар: *республикада жаппай бастауыш білім беруді жүзеге асыруға кірісу; жаңа оқулықтар мен оқытушыларға әдістемелік құралдар дайындау, жергілікті тілде оқитын мектеп оқушылары үшін балалар кітаптарын басып шығару.*

Бірақ бұл кезде діни мектептер әлі де көп болатын. Кеңестік еңбек мектептерінің дамуы бірте-бірте ескі әдістегі мектептерді ығыстыра бастады. 1928 жылы Өзбек ССР-і Халық Комиссарлар Советінің қаулысымен ескі әдістегі мектептер жабылды.

1922–1927 жылдар аралығында Өзбекстанда **3 типтегі мектептер** болды: *кеңестік, вакуфтық және медресе-мектеп-*

тер. Ескі әдістегі мектептер жабылған соң Өзбекстанда бірыңғай еңбек мектептерінің принциптері жүзеге асырыла бастады. Ауыл мектептерінде оқу 3 жылдық делінгенмен, 2 жыл оқытылды. Бұл бастауыш білім мен орта білімнің ұштасуына кедергі жасады. Әсіресе ауылдық жерлердегі 2-басқыштағы толықсыз орта мектептер ісіне кедергі келтірді.

1926 жылдан бастап **1 басқышты, 2 басқышты, фабрика-завод жетіжылдық мектептері,** ауылдарда **жас диқандар мектептері** ашыла бастады. Жас диқандар мектебінде жалпы білім берумен қатар түрлі агротехникалық әдістер де үйретіле бастады. Оқушылар мұнда алған білімдерін өз үйлеріндегі бау-бақшаларда қолдана бастады.

1927 жылдан бастап әйел-қыздардың білімін көтеру жұмыстары алға басты. Пәрәнжіге қарсы күрес басталды. 1925 жылдан бастап әйелдер сауатсыздығын жою бойынша жұмыстар ауқымды жүргізілді. Барлық оқу орындарында олар үшін орындар бөлінді (брондалды). Жұмысшы факультеттері мен кәсіптік-техникалық мектептерде әйел-қыздар үшін дайындау сыныптары ашылды.

Кәсіптік-техникалық системада әйел-қыздар үшін тоқу, жібек жіпті иіру, шеберлік мектептері жұмыс жүргізді. Сауатсыздықты жою мектебінен шыққан көптеген әйел-қыздар жалпы білім беру курстарында, сондай-ақ мұғалімдік курстарында оқи бастады. 1925 жылы әйел-қыздар үшін 21 сауатсыздықты жою мектебі ашылып, онда 1200 өзбек қызы оқитын еді.

Латын алфавитін енгізу (1928 ж.).

1926 жылы Бакуде Түркітілдес халықтардың 1-съезі болды. Оған кеңес мемлекетінде жасайтын барлық түркі тілдес халықтардың өкілдері қатысты. Олар латын алфавитін енгізуді дұрыс деп тапты. Содан бастап өзбек алфавитін латын алфавитіне ауыстыру жұмыстары басталып кетті. 1926 жылғы тамызда өзбек тілі мамандарының қатысуымен конференция өтті. Онда 9 дауысты, 23 дауыссыз дыбыстан тұратын жаңа алфавиттің жобасы дайындалды. Конференциядан соң жаңа алфавиттің кестесі, қолданбалар, әліпте, орфографиялық сөздік шығарылып, оқытушыларды даярлау курстары ашылды. 1929 жылға келіп, араб

алфавиті толығымен латынға ауыстырылды. Латын алфавиті мемлекеттік жазу негізі ретінде 11 жыл өмір сүрді.

Жалпы міндетті бастауыш білімнің енгізілуі.

1930 жылдың 15 қыркүйегінде Өзбек ССР Халық ағарту комитеті мен Орталық Атқару комитеті тарапынан қабылданған “**Республика жастары мен балаларына жаппай бастауыш білім беру туралы**” қаулы республикада бастауыш білім беру үшін қойылған мықты қадам болды. Қаулыға сәйкес:

1) 1930–31-оқу жылында жаппай бастауыш білім алудың міндеттілігін 8 жастан енгізу;

2) 8–10 жас аралығындағы балалардың оқудан тыс қалмауы;

3) 11–15 жас аралығындағы сауатсыз жас жеткіншектердің арнайы 1-2-3 жылдық жасөспірімдер мектебінде сауат ашуы міндетті болды.

Өзбекстанда педагогикалық білім берудің дамуы.

Педагогикалық жоғары оқу орындарына қабылдау күшейтілді. 1933–1937 жылдары республикада 26 техникум, 5 жұмысшы факультеті (рабфак) болып, мұғалімдер жоғары оқу орындарында даярланды. Олар: Орта Азия университеті, САМГУ, Ташкент, Бұхара, Ферғана пединституттары еді.

Сталинге табыну тәртібі және оның Өзбекстандағы оқу-тәрбие жұмыстарына тигізген кері әсері.

30-жылдары халыққа білім беру дами бастады. Сауатсыздық жойылып, жалпы бастауыш білімнің міндеттілігі енгізілді. Жаңа мектептер ашылып, ана тіліндегі газет-журналдар жарық көре бастады. Театр, жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу мәселелері тармақтары кеңейтілді. 1933 жылы мектеп оқулықтары туралы партияның Орталық Комитетінің қаулысы қабылданды. Қаулыда бірнеше жылдарға арналған тұрақты оқулықтар даярлау қажеттігі атап көрсетілді. Осы қаулыға сәйкес, 1933 жылғы оқу программалары бойынша оқулықтар даярлаудың жоспары бекітілді, бұл жұмысқа әр мамандықтан ғалымдар мен методистер қатыстырылды.

1934–1935 және одан кейінгі оқу жылдарында мектептің оқу жоспары мен оқу программалары жетілдіріле түсті. Жаңа программаға сай тұрақты оқулықтар жасалды. Мектепте әр сыныпқа тұрақты бөлме бекітілді. Оқу жұмысын ұйымдастыру-

дың негізгі формасы сабақ болып белгіленді (1932 ж.). Оқытуда мұғалімнің жаңа материалды ауызша баяндау түрінде, жоғары сыныптарда лекция түрінде түсіндіруіне үлкен мән берілді. Мектепте мұғалімнің ролі күшейтілді. Әр сыныптарға тәрбие жұмысын басқару үшін жетекші белгіленді. Олар 1934 жылдан бастап сынып жетекшілері деп аталынды. 1935 жылы партияның Орталық Комитеті мен СССР Халық Комиссарлар Советі «Бастауыш, орталау және орта мектептің ішкі тәртібі және олардың оқу жұмысын ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдады. Қаулы бойынша СССРде оқу жылының басы 1-сентябрь болып белгіленді, оқу жылы төрт тоқсанға бөлінді, оқу жылының аяқталу мерзімі белгіленді. Осы жүргізілген шаралардың нәтижесінде совет мектебінде жалпы білім берудің дәрежесі көтерілді.

Мұның бәрі өте дұрыс болғанмен, әлеуметтік-мәдени қайта қалыптасу партияның идеологиясы мен шектеулеріне негізделді. Орта арнаулы және жоғары оқу орындарында негізінен жұмысшы мен шаруа семьяларынан шыққан балалар оқыды. Республикадағы шығармашыл қауым үшін бұл өте ауыр кезең еді. Білім алуға таптық тұрғыдан қарау, яғни пролетарлық мәдениетті жоғарыға шығару халықтың ғасырлар бойы жинаған ұлттық құндылықтарын жоюға әкеп соқты. Араб жазуының латын әрпіне, одан орыс графикасына өтуі де Орта Азия халықтарының рухани жақтан өркендеуіне едәуір кері әсерін тигізді.

1938 жылы ақпанда ұлттық республикаларда орыс тілін үйрену туралы қаулы қабылданды. Осы кезеңде жазуды унификациялау мәселесі де қаралды. 1940 жылы латын графикасы негізіндегі өзбек жазуы **орыс графикасындағы алфавитке** өтті. Сонымен 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардың ішінде жергілікті халық белгілі бір уақыт сауатсыз болып қалды.

Тоталитарлық тәртіптің қалыптасуы жеке басқа табынушылыққа әкеп соқтырды. Оның астарында ұлтшылдыққа қарсы күрес деген ұран жатты. Республиканы өз жолымен дамытуға әрекет жасаған жергілікті халықтың ұлтжанды ойшылдары, ғалымдары, педагогтары, ақын-жазушылары нәубет құрбандарына айналды, көбісін атып тастады. Көпшілігі өзбек мектептері үшін жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын жазды, өзбек тілін, ұлттық салт-

дәстүрлерді, ұлттық құндылықтарды терең үйрену керек екенін айтты, тәлім-тәрбие бойынша халықтың ең жақсы тәжірибелерін пайдалануды ұсынды. Бірақ озық ойлы бұл ұлт зиялыларын ұлтшыл, пантюркист, жәдидші, халық жауы деген атпен репрессияға ұшыратты.

Фашизмге қарсы соғыс жылдарында мектеп пен педагогика (1941-1945).

1941 жылдың 22-июнінде фашистік Германияның Кеңес Одағына баса көктеп кіруі өзбекстандықтардың да бейбіт өміріне қатер төндірді. Көптеген мұғалімдер, студенттер мен жоғары сынып оқушылары соғысқа аттанып кетті. Өзбекстанға Ресей, Украина, Белорустың ғылыми мекемелері, Ғылым Академиялары (22 ғылыми-зерттеу институты, 16 жоғары оқу орны, 2 кітапхана) эвакуацияланды. Сондай-ақ, Өзбекстанға ата-анасыз қалған көптеген жетім балалар әкелінді. «Гуманизм – өзбек халқының ұлттық рухының құрамдас бөлігі», - дейді Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов. Бұған дәлел ретінде соғыс кезінде түрлі ұлттардан құралған (орыс, татар, чуваш, беларусь, еврей, украин, т.б.) 14 жетім баланы бауырына басқан ташкенттік қарапайым темірші Шомахмудов Шоахмад пен оның жұбайы көп балалы батыр ана Бахри Акрамованың аттары аңызға айналып, күні бүгінге дейін үлгі болып келеді. Олардың артын ала көптеген жанұялар да соғыс кезінде жетім балаларды асырап алды. Осындай ауыр соғыс жылдарында да партия мен өкімет халық ағарту саласына көңіл бөлді. Өзбекстанда 7 жылдық білім беру 10 жылдыққа ауыстырылды. Соғыс басталғанда өндіріс орындарына кеткен жастар үшін 1943 жылы кешкі мектептер ашылып, олар күндіз жұмыс істеп, кешкісін сонда оқыды. Республикамызға эвакуацияланған жетім балалар киім-кешекпен, жатар орын және тамақпен қамтамасыз етілді. Кейбір мектептерде бастауыш сынып оқушылары үшін күндізгі сауықтыру орындары (санаторийлер) ашылды. Оларда тәрбиешілер басшылығында балаларға күніне 3 рет ыстық тамақ берілді, сонда үй жұмыстары орындалды. Көптеген мектеп ғимараттары госпиталь және басқа да соғысқа қажетті мекемелерге айналдырылды. Бұл оқытуды 3 ауысымда жүргізуге әкеп соқтырды. Оқулықтар, оқу құралдары, отын, көмір сияқтылар жетіспей жатты.

Мектеп жұмысын жақсарту шаралары.

1943 жылы Өзбекстан Халыққа ағарту комитеті «Өзбекстан оқушылары үшін Ережені» бекітіп, ол 1944 жылы жүзеге асырылды. Ережеге сәйкес оқушы үйде, қоғамдық орындарда өзін қалай ұстау керек екендігі белгіленді.

1944 жылы оқыту істеріндегі жарысу тоқтатылды. Үлгерімнің жоғары пайыз көрсеткіші бойынша жүгірудің орнына, терең білім алу үшін аянбай еңбек ету ұсынылды. 1944 жылы 5-балдық сандық бағалау жүйесі енгізілді («үлгілі», «жақсы», «қанағаттанарлық» дегеннің орнына). Бұл оқушылар білімін тексеруді жақсартты. 1944 жылдың маусымында өкімет «Мектептегі оқу жұмысының сапасын жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Оған сәйкес:

1) бастауыш пен 7 жылдық мектепті аяқтау үшін бітіру емтихандарын, ал мектеп бітірушілер кәмілеттік аттестат алу емтихандарын тапсыру керек екендігі міндеттелді;

2) үздік бітіргендерді алтын және күміс медальдармен марапаттау енгізілді.

1944–1945 оқу жылында мектептің 1-сыныбына қабылданғандардың жасы 8-ден 7-ге дейін төмендетілді. Бұл балабақша мен мектеп арасындағы қашықтықты қысқартты.

Соғыс кезіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстары әскери-патриоттық рухта болды. Әдебиет, тарих, география пәндерін оқытуға ерекше көңіл бөлінді. Мектептерде Өзбекстанның Кеңес Одағының ең мықты ақын-жазушылардың шығармалары оқытылды. Ал физика, химия және биология пәндері тәжірибелермен ұштастырылып, өмірмен байланыстырылып оқытылды. Пәндерге әскери-қорғаныс тақырыптары енгізілді.

1943–1944 оқу жылында республикадағы ірі қалалар мен мектептерде ұлдар мен қыздар бөлек оқытыла бастады. Мұндай шешім оқу-тәрбие жұмыстарына кері әсерін тигізді. Әсіресе ер балалар оқытын мектеп оқушыларының тәртібі нашарлап кетті. 1954 жылға келіп бұл шешім жоққа шығарылды.

1943 жылы Мәскеуде Педагогикалық ғылымдар академиясы құрылды. Сол жылы Өзбекстанда да Ғылым Академиясы жұмысын бастады. Оның алғашқы президенті Т.Н. Қары-Ниязов болды. 1944 жылы Өзбекстан Ғылым Академиясының құрамында 22 ғы-

лыми-зерттеу институты бар еді. 1943 жылға келіп Республикада 41 жоғары оқу орны болды (соның 12-сі эвакуацияланған болатын).

I.10.3. 1945–1991 жылдарда Өзбекстанда халық ағарту саласы мен педагогиканың дамуы

Соғыстан кейін бүкіл ел халық шаруашылығын тіктеуге кірісіп кетті. Өзбекстанда 7 жылдық мектептердің саны артты, жалпы білім беретін мектептердегі тәлім-тәрбие жұмыстарының мазмұны да өзгерді. Оқу-методикалық көрнекілік құралдар көптеп шығарыла бастады. Балалар әдебиетінен аудармалар және түпнұсқадағы кітаптар көкбейді. Өзбек тіліне ерекше назар аударыла бастады. **1949 жылы республикада жаппай міндетті 7 жылдық білім беру енгізілді.** Соғыстан кейін жұмысшылар мен ауыл жастары үшін мектептер көбейді.

1951–1955 жылдары орта мектептерде политехникалық оқыту жолға қойылды. 1954–55 оқу жылынан оқу жоспарларына еңбек сабақтарын бастауып сыныптардан бастап оқыту жолға қойылып, электротехника, машинаны үйрену, ауыл шаруашылығы сабақтары жоғары сыныптарда (8–10) оқытылатын болды.

1959 жылы республикада: «Өзбек ССРінде мектеп пен өмірді байланыстыруды күшейту, халық ағарту жұмыстарын одан ары дамыту туралы» Заң қабылданды және республикада **жаппай міндетті 8 жылдық білім беру** жүйесіне өтілді. Заңда белгіленгендей, мектептегі орта білім 2 басқышка бөлінді.

I. Жалпы 8 жылдық политехникалық еңбек мектебі. Ол толықсыз орта мектеп базасында құрылды.

II. 9 жылдықты енгізу, түрлі типтегі мектептерді нығайту, өндірістік оқу, ауыл және жұмысшы жастардың кешкі мектептері, арнаулы оқу орындары дами бастады. Мектеп туралы заң оқытушы кадрлар даярлау міндетін алға тартты. Орта білім алған жастардың артуына байланысты педагогикалық училищелер орта мектеп базасындағы 2 жылдық оқу орындарына айналдырылды. 1952 жылдан бастап арнаулы мамандандырылған педагог кадрларға сұраныстың артуына байланысты оқытушылар институты педагогикалық институттарға айналдырылды. 1965–66 оқу жылы-

на келіп педагогтардың жалпы саны 120,8 мыңға жетті. Соның 50 мыңын әйел-қыздар құрады. Соған қарамастан, әсіресе, ауылдық жерлерде педагог кадрлар жетіспей жатты. Т.Н. Қары-Ниязов атындағы Өзбекстан педагогикалық ғылыми-зерттеу институты педагогика саласындағы жаналықтарды жинақтап, ұйымдастырып, басшылық жасап отырды. Институт педагогика тарихы мен теориясы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуді, сондай-ақ дербес методика, мектепке дейінгі тәрбие, психология, дефектология, балалар физиологиясы бойынша да зерттеулер жүргізді. Институтта мектептегі білім беруді жетілдіру бойынша теориялық тәжірибелер жүргізілді, жаңа бағдарламалар, оқулықтар шығарылды.

1972 жылы «Жастарға жалпы орта білім беруді аяқтап, жалпы білім беретін мектептерді дамыту туралы» қаулы қабылданды. Халық ағарту комитетінің бөлімдерінде 1975 жылға дейін жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларына өтуді аяқтау міндеті тұрды. Бұл процесс 1985–1986 жылдарға дейін созылды. Жастардың білім алуға деген ынтасы төмендегендей болды. Бірақ жалпы орта білім беру туралы қаулыға сәйкес мектеп директорлары барша бітірушілерге орта білім туралы куәлікті беруге міндетті болды. Оқу жоспарлары мен бағдарламалар шектен тыс қиындатылды. Мұны ата-аналар, мұғалімдер, тіпті оқушылар да айтты.

70–80-жылдарға келіп мектептердегі жағдай төмендеп кетті. Онда дағдарыс пен тоқырау белгілері біліне бастады. Оқушылардың білім алуға деген қызығушылығы төмендеді, оқушыларға қойылатын талаптардың босаңсуы олар тәртібінің нашарлауына әкеп соқтырды. Отбасылық тәрбие күйзеліске қарай бет бұрды, жауапкершілік төмендеді. Оқушылар еңбектен бөліп қойылды. Тәрбие жұмыстары қағаз жүзінде ғана болып, білім көрсеткіші бойынша пайыз соңынан қуу өршіді. Оқытудың формалары мен әдістері дамымай, кері кете бастады, педагогтар мен балалар арасында да алшақтықтар байқала бастады.

Білім мазмұны тек қана орталықтың көрсетуімен ғана жүзеге асырылуы тиіс болды. Барлық оқу жоспарлары мен бағдарламаларды Кенес Одағындағы Білім беру министрлігі бекітіп, жер-жерлерде оның орындалуы сөзсіз болды. Оқу жоспарларында ұлттық ерекшеліктер ескерілмеді.

Бірақ заман жастардан өз уақытында ержетуді, компьютерлік сауатты болуды, күрделі мамандықтарды меңгеруді талап етті. Дегенмен, мектеп балалар педагогикасындағы өзінің консервативтік ұстанымында қала берді. Сырттай қарағанда, баланы көшенің теріс тәрбиесінен қорғап қалатындай күйде болды.

1980–1990 жылдары елімізде жаппай халыққа орта білім беру саласында біраз жұмыс жүргізілді. Соның бірі оқуға 6 жастан бастап алу мәселесі болды. Сондайақ, ауылдық жерлердегі шағын комплектілі мектептер проблемаласын шешу, бастауыш мектеп пен балабақша комплексін ашу, баланы мектепке алдын ала даярлау, жаппай орта білім беруге көшу, мектепаралық оқу шеберханаларын ашу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Алайда, акселерация балалардың физиологиялық пісіп-жетілуін жеделдетті. Олар мектептегі қатып қалған мазмұн, мектеп жұмысындағы формализмнен жалығып, өздерінің мүдделерін «бейресми» қауымдастықтарда қанағаттандыруға тырысты. Осындай қарама-қайшылықтардың шиеленісуі мектеп реформасына деген қажеттілікке алып келді. 1984 жылы мектепті реформалау үшін «Жалпы білім беретін және кәсіби мектеп реформасының негізгі бағыттары» қабылданды. Бірақ реформа, қоғамдық өмірдегі қайта құрудан алдын, тек білім беру саласында ғана басталғандықтан, оның жүзеге асырылуына кедергілер көп болды, сөйтіп тығырыққа тірелді. Оның үстіне бұл реформа экстенсивті (сандық) сипатта болды. Мектепті реформалау кезінде материалдық және қаржылық ресурстар бөлінбеді. Экономикадағы тоқырау, рухани және мәдени салалардың дамуындағы кемшіліктер білім беруге әсер етті. Атап айтқанда, көптеген мектептер, әсіресе ауылдық жерлерде, типтік жобалар бойынша салынбады, бітпеген күйінде пайдалануға берілді. Ауыл мектептерінің шамамен 70% інде су құбыры және канализация тізімі болмады, жартысынан астамында орталықтан жылыту болмады. Ауыл мектептеріндегі мындаған ғимараттарда коммуникация тізімінің бірде-бірі жоқ еді. Республиканың көптеген мектептері, әсіресе ұжымдық және басқа да шаруашылықтардың күшімен салынған мектептер жабдықтармен, жиһаздармен және инвентарлармен нашар қамтамасыз етілді. Себебі, халыққа білім беру саласы қалдық принциптен қаржыландырылды.

Кадрларға келетін болсақ, республика мектептері оқытушы кадрлармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілді. Сексенінші жылдардың ортасында қалаларда күндізгі жалпы білім беретін мектептерде мұғалімдердің 80% і жоғары білімді болды. Ауыл мектептерінде жағдай әлдеқайда нашарау болды: жоғары білімі бар мұғалімдердің саны жеткілікті болмады. Бұл ауыл мектептеріндегі оқушылардың білім сапасына кері әсерін тигізді. Әсіресе, физика, математика, шет тілдері және т.б. мұғалімдердің саны аз болды. Тоталитар мемлекеттің әкімшілік-командалық жүйесі жіберген қателіктері білім беру саласына да өзінің кері әсерін тигізді. Олардың арасында Компартия әзірлеген оқыту моделіне бағытталған білім беруде мектептің оқу жоспарлары мен программалары түрлі аймақтардағы ұлттар мен ұлыстардың көзқарасын, тұрмыс салтын, әдет-ғұрыптарын ескерместен, оқушыларға тәлім-тәрбие беруде біркелкілікті талап етті. Сөйтіп оқушылардан сөзсіз орындауды және мойынсұнуды талап ететін авторитарлық педагогика дами бастады.

80-жылдарда мектептегі реформа жүргізу әрекеті сәтсіз болды. Себебі, ол жан-жақты дайындалмаған еді, халыққа білім беруді тиімді қаржыландыру механизмі істеп шығылмаған еді, өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыратын оқыту методтары істеп шығылмаған еді. Оқушылардың оқуына, сапалы білім алуына оларды ұзақ уақытқа мақта теріміне шығару да кері әсер етті. Халыққа білім беру бөлімдері қысқы және көктемгі каникулдарды қысқарту, кейбір пәндер бойынша сабақтарды қысқарту, программалық материалды тығыздау сияқты зиянды тәжірибелер арқылы қалдырылған сағаттардың орнын толтыруды пайдаланды.

Өзбекстан 1991 жылы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін республикада білім беру мен педагогиканың ықпалды, шынайы реформасы басталды.

I.10.4. Сыдық Раджабовтың өмірі мен қызметі, оның педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі

Сыдық Раджабов 1910 жылы 1-апрелде Қазақстан Республикасының Әулиеата (қазіргі Тараз) қаласында өмірге келген. Ол осы қалада толықсыз орта мектепті бітіріп, 1926 йили Ферғана

педагогика техникумына оқуға түседі. Техникумды 1930 жылы аяқтайды. Осы аралықта 1928–29 жылдарда Қашқадарияның Ғузар ауданындағы алыс бір ауылында ашылған мектепте мұғалім болып жұмыс істейді. 1930 жылы Ферғана педагогика институтына оқуға түседі. Институтты аяқтағаннан соң, 1934–37 жылдарда Өзбекстан педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында оқиды. 1935 жылы жаңадан ашылған Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының «Педагогика» кафедрасына оқытушы лауазымына жұмысқа қабылданады. Соғыс жылдарында «Қызыл Өзбекстан» газетінің жауапты хатшысы болып істейді.

Сыдық Раджабов 1947–1963 жылдарда Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика» кафедрасы меңгерушісі лауазымында, 1960–1966 жылдарда Өзбекстан педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының директоры лауазымында істейді. 1966 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтына жұмысқа қайта келеді және осы институттың «Жалпы педагогика» кафедрасын 1990 жылға дейін басқарады.

С.Раджабов XIX ғасыр және XX ғасыр бастарында Бухарада мектеп пен ағартудың дамуы бойынша ғылыми ізденістер жүргізіп, 1941 жылы кандидаттық диссертациясын қорғайды. Сыдық Раджабов Өзбекстанда педагогика ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғаған бірінші ғалым болып есептеледі. 1917–1957 жылдардағы Өзбекстан мектептері тарихын үйренген ғалым, осы тақырып бойынша докторлық диссертациясын Москвада қорғады және 1958 жылы алғашқылардан болып педагогика ғылымдары докторы ғылыми дәрежесін алды.

Ғалымның жазған ғылыми мақалаларында жастарды адамгершілікке, еңбекке, отансүйгіштікке тәрбиелеу тақырыбы айрықша орын алды. Педагог-ғалым бірнеше методикалық кітаптарында К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко және Х.Х.Ниязилердің педагогикалық көзқарастары мен қызметтерін сипаттап берді. 1960 жылы оған профессор ғылыми атағы берілді.

1968 жылы профессор Сыдық Раджабов СССР Педагогика ғылымдары академиясының академигі болып сайланды.

Академик Раджабов Шығыс ғұламаларының педагогикалық мұраларын оқып-үйренуге және оны жалпы жұртшылыққа таратуға өте үлкен еңбек сіңірді. Әсіресе, өзі басы-қасында жүріп, 1986 жылы «**Антология педагогической мысли Узбекской ССР**» кітабын Москваның «Педагогика» баспасынан бастырып шығаруы Өзбекстан ғылымы үшін өте үлкен жетістік болды. Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында тек бірнешеуі ғана мұндай маңызды, салмақты педагогикалық еңбекті жарыққа шығарғанын есепке алсақ, Сыдық Раджабов педагогика ғылымы тарихын аса құнды деректі материалдармен байытқан отансүйгіш ғалым болып есептеледі.

Ғалымның тағы да бір үлкен еңбегі Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактика» шығармасын орыс тілінен өзбек тіліне аударуды ұйымдастыруы болды. С.Раджабовтың жауапты редакторлығында профессор Малла Очиллов бұл кітапты аударып, 1975 жылы баспадан шығарды.

Сыдық Раджабовтың Өзбекстанда педагогика ғылымының дамуына қосқан ең үлкен үлесі, әрине, педагогикалық институттардың студенттері үшін «**Педагогика**» оқулығын баспадан шығаруы болды. Ғалым оқулықтың редакциясын басқарды, бірнеше бөлімдерін өзі жазды, қайта-қайта толықтырып 1962, 1966 және 1981 жылдарда баспадан шығарды.

Өзінің ғылыми-педагогикалық қызметі барысында жас ғалымдарға әрдайым көмектесіп келді. С.Раджабов ұзақ жылдар бойында педагогика ғылымдары бойынша ғылыми дәреже беретін мамандандырылған Кеңесті басқарып, тек Өзбекстан үшін ғана емес, Орталық Азия мемлекеттері үшін де ғалымдар даярлап беруде өте үлкен қызмет етті. Академик Раджабов 7 ғылым докторын, 130 ғылым кандидатын даярлады.

Сыдық Раджабовтың *әлеуметтік салада* алып барған қызметі де ауқымды болып, ол халық арасында сауатсыздықты жою; халықтың тұрмыстық мәдениетін көтеру; мәдени-ағарту бойынша насихат жұмыстарын алып бару; елдің ішінде баспасөздің әсер ету ролін күшейту; жастар жетекшісі ретінде қызмет алып бару; соғыс жылдарында әскерлердің жауынгерлік рухын көтеру және жеңіске сенімін арттыру бойынша өзінің азаматтық үлесін қосты.

С.Раджабов өзінің шығармаларында «оқытуды дифференциялау; оқушылардың күші мен зейінін белгілі бір сала бойынша білімдерді үйренуге бағыттау; өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақыл-ой жағынан тәрбиелеумен бірге оларды еңбекке үйрету және кәсіптік дағды мен іскерліктерін қалыптастыруға назар аудару; оқушыларды пікірлеуге үйрету; олардың белсенділігін арттыру; оқытудың нәтижелі методтарын істеп шығу» сияқты маңызды міндеттер оқытудың сапасы мен тиімділігін арттырады деген педагогикалық көзқарасын ашып береді.

Сыдық Раджабов жалпы орта білім беру мазмұнын «оқытудың барлық сатыларында оқу жаспаулары және оқу программаларының мазмұны ғылым мен техника және әлеуметтік өркениет талаптарына сай болуын қамтамасыз ету; кейбір оқу пәндерінің арасындағы байланысты орнату арқылы білімдердің сапасын күшейту; білім беру мазмұнында оқытуды ұйымдастыру формалары мен оқу материалы арасындағы тепеңдікті белгілеу; еңбек тәлімі мен кәсіпке бағыттау жұмыстарын тағзы да дамыту; мектепте құлықтық, эстетикалық және дене тәрбиесін бірізді ұйымдастыру және оның тиімділігін арттыру» жолдары арқылы жетілдіру керек деген ғылыми тұжырымға келеді.

Өзбекстанда педагогика ғылымының дамуына қосқан аса үлкен қызметі үшін Сыдық Раджабовға 1964 жылы «Өзбекстан Республикасында еңбегі сіңген ғылым қайраткері» атағы берілді. Бірнеше орден және медалдармен наградталды.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Түркістанда совет үкіметінің алғашқы жылдарында ағарту саласында қандай міндеттер тұрды?
2. Мәдени революция алдына қандай негізгі міндеттерді қойды?
3. Түркістан халық университеті қашан ашылды? Онда қандай факультеттер болды?
4. Түркістан халықтары үшін ұлттық мектептер ашу бойынша Түркістан Халық ағарту комитеті қандай шаралар жүргізді?
5. Әйел-қыздар білімін жетілдіру қалай жүргізілді?

6. 1924–1941 жылдарда Өзбекстанда білім беру саласын дамыту міндеттері мен проблемалары туралы не білесің?

7. 1941–1945 жылдарда білім беру саласында қандай өзгерістер болды?

8. XX ғасырдың 50–60-жылдарында мектептер мен педагогиканың дамуын сипаттап бер.

9. XX ғасырдың 80 жылдарында халық ағарту саласындағы тоқыраудың себептері не? Мектеп реформасы неге нәтиже бермеді?

10. Сыдық Раджабовтың өмірі мен педагогикалық қызметі туралы айт.

11. С.Раджабовтың педагогикалық ой-пікірлерін ашып бер.

II ТАРАУ. ТӘУЕЛСІЗ ӨЗБЕКСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ СИСТЕМАСЫ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ

II.1. Тәуелсіз Өзбекстан Республикасында білім беру системасы. Тәуелсіздік жылдарында педагогикалық ой-пікірлердің дамуы және стратегиялық бағыттары

II.1.1. Тәуелсіз Өзбекстанда білім беру системасында жүзеге асырылған реформалар

Өзбекстан тәуелсіздікке кол жеткізгеннен соң демократиялық-құқықтық мемлекет құруға қаратылған кең ауқымды реформаларды жүргізіп, нарықтық қатынастарға негізделген күшті азаматтық қоғамды дамытуға кірісті. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті Ислам Каримов айтқандай, біздің еліміздің өсіп-өркендеуі, Өзбекстанның ХХІ ғасырда әлем қоғамдастығында иелейтін беделді орны перзенттеріміздің бүгін қандай білім мен тәрбие алып жатқанына байланысты.

Сонымен, егемендікке жеткеннен соң алға қойылған ұлы мақсаттар, мемлекет саясатындағы ең өзекті мәселелердің тек жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, ақыл-ойы терең, рухы биік, білімдердің көп түрін меңгерген жас ұрпақты, сонымен қатар дербес пікірлей алатын, ұлы мемлекет құра алатын жастардың өсіп-өнуіне көрсетіліп жатқан қамқорлықтың дәлелі екендігін де айта кетті.

Білім беру саласын реформалауда бұрыннан қалыптасқан заңдылық базасы өз ықпалын тигізді. Өзбекстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, әр бір азамат білім алу құқына ие, оның үстіне мемлекет олардың жалпы білімді тегін алуына кепіл болады.

Тәуелсіз Өзбекстанның «Білім беру туралы» Заңы бірінші рет 1992 жылы 2 июльде қабылданды. Бұл алғашқы Заң 7 бөлімнен, 44 баптан тұрды. «Білім беру туралы» Заңда білім беру са-

ласы бойынша жалпы ережелер; Өзбекстан Республикасында білім беру жүйесінің құрылымы; білім беру жүйесін басқару; білім беру процесі қатысушыларының құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері; тәрбие мен оқытудың айрықша жағдайларына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік жақтан қорғау; білім беру мекемелерінің құқықтық статусы, білім берудің материалдық базасы және оны қаржыландыру; білім беру жүйесінде халықаралық байланыстар өз көрінісін тапты.

«Білім беру туралы» Заң бойынша жалпы орта білім үш басқыштан: бастауыш (I—IV сыныптар), тірек (V—IX сыныптар) және орта (X—XI (XII) сыныптар) басқыштардан тұрады. Тірек білім алу міндетті болып, ол орта білім беретін мекемелерде, әр түрлі кәсіптік және орта арнаулы оқу орындарында орта білім алуды жалғастыру құқығын береді.

Бұл Заңда білім беру Өзбекстан Республикасында қоғамды әлеуметтік-экономикалық, рухани және мәдени дамытудың үстем саласы ретінде бағаланады. Сондай-ақ, Өзбекстан Республикасында білім беру саласындағы мемлекеттік саясат жалпы-адамзаттық құндылықтарды, халықтың тарихи тәжірибесін, мәдени және ғылым саласындағы дәстүрлерді, қоғамның болашақ дамуын есепке ала отырып жүргізілетіні көрсетіп берілген.

Өзбекстанда білім беру саласын реформалау барысында шет елдердің білім беру саласындағы тәжірибелері үйреніліп, лицей мен гимназиялар ашылды. 1992–1993 оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарына студенттерді қабылдау, әлемнің өркендеген мемлекеттері сияқты, тест сынақтар арқылы амалға асырыла бастады. Білім беру саласын реформалаудың нәтижесінде оқушылар, студенттер, профессор-оқытушылар, басқа да маман кадрлар әлемнің көптеген дамыған елдерінде білімдерін жетілдіруге мүмкіндік алды. Мұнда Өзбекстан Республикасының үкіметі, «Умид» ва «Устоз», «Конрад Аденауэр» және басқа қорлардың қызметтері өте жоғары болды.

Алайда, еліміздегі саяси-экономикалық тұрақтылық, білім беру саласындағы өзгерістер 1992 жылғы қабылданған «Білім беру туралы» Заңды қайта қарауды қажет етті. Осы мақсатта Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің 1997 жылдың 29-авгусында болып өткен IX сессиясында жетілдірілген «Білім беру

туралы» Заң қабылданды. Жаңа Заң 5 бөлімнен, 34 баптан тұрады. Заң бойынша Өзбекстан Республикасында 9+3 схемасы бойынша 12 жылдық міндетті тегін білім беру системасы қабылданды.

1) жалпы орта білім беретін мектепте 9 жыл оқығаннан соң, оқушылар кейінгі 3 жылда мамандандырылған кәсіптік колледждерде немесе академиялық лицейлерде білім алады.

2) Республикамызда мектепте оқыту 7 тілде – *өзбек, қарақалпақ, орыс, қазақ, қырғыз, тәжік, түрікмен* тілдерінде жүргізіледі.

Жоғары білім беру орта арнаулы, кәсіптік білім негізінде екі басқышта амалға асырылады: бакалавриат және магистратура басқыштары.

Осы IX сессияда **«Қадрларды даярлаудың ұлттық программасы»** да қабылданды. Программаның **максаты** – білім беру саласын түбірімен реформа жасау, оны өткеннен қалған идеологиялық сарқыншақтардан толық тазарту, дамыған демократиялық мемлекеттер дәрежесінде, жоғары рухани және моралдық талаптарға жауап беретін жоғары білікті кадрлар даярлау Ұлттық системасын жарату.

1990–2000 жылдарда жалпы білім беретін мектеп оқушыларының саны 4053,0 мың оқушыдан 4676,1 оқушыға артты, оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету 100% ке, мектептерде компьютер оқу кабинеттерінің ашылуы 68,2% ке жетті.

2004-2010 жылдарда мектепте білім беруді дамытудың жалпыұлттық бағдарламасы іске асырылды. Нәтижесінде 7800-ден астам жалпы білім беретін мектеп қайта құрылды, жөнделді және қайта жаңартылды, олардың жалпы саны 9860 қа жетті. 8 мыңнан астам білім беру мекемелері күрделі жөндеуден өтті, газ және сумен қамтамасыз етілді. Орталықтандырылған канализация тармақтарына ұланды.

2011 жылы ең заманауи оқу-зертханалық жабдықтар ұсынылды, 46300 оқушыға арналған 166 жаңа мектеп салынды және қайта жаңартылды, 151 мектеп күрделі жөндеуден өтті. 852 мектепте заманауи компьютерлік сыныптар ашылды. 9400 ден астам жалпы білім беру мектептері Ziyonet электрондық ақпараттық желісіне қосылды.

Білім беру саласын реформалаудың нәтижесінде заман талаптарына жауап беретін мемлекеттік білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдары істеп шығылды. Озық педагогикалық технологиялар мен оқытудың интерактив методтарынан кеңінен пайдалануда. Әр бір оқу орны оқу әдебиеттерінің, сонымен қатар, электрондық оқу әдебиеттерінің үлкен ресурстарына ие, өздерінің ақпараттық ресурстық орталықтары бар.

Мемлекетімізде жоғары білім беру системасында бакалавриат пен магистратурадан тұратын екі басқышты халықаралық стандарттарға өту жүзеге асырылды. Тәуелсіздік жылдарында жоғары оқу орындарының саны 37-ден 66-ға дейін өсті. Халықаралық Вестминстер университеті, Сингапур менежменті дамыту институты, И.М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ институты, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық университеті, Турин политехникалық университеті, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Кореяның Инха университеті сияқты халықаралық жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды.

Елімізде өсіп келе жатқан жас ұрпақты жан-жақты жетілдіру мәселелері әрқашан күн тәртібінен түспей келе жатқан ең ділгір мәселе ретінде қаралынады. Балалар мен жасөспірімдердің спортпен белсенді түрде шұғылдануына, әсересе, тәуелсіздік жылдарында ерекше назар аударылды.

Өзбекстанда мектеп оқушыларының «Умид ниҳоллари», коллеж бен лицей оқушылары арасында «Баркамол авлод», студенттердің Универсиада атты жыл сайынғы жарыстарының әлемде баламасы жоқ үш басқышты системасы жаратылды. Барлық оқу орындарында, соның ішінде ауылдарда халықаралық стандарттармен жабдықталған спорт залдары, спорттық кешендер ашылды. Мұның нәтижесінде балалар мен жасөспірімдер жаппай спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстана бастады. Өзбекстанның әлемдік деңгейдегі спорт жарыстарында алдыңғы орындарға шығуына да осындай игі істер себеп болуда.

Білім беру саласында жүзеге асырылып жатқан реформалар жастардың ғылым, өнер, техника және басқа салаларда үлкен

жетістіктерге жетуіне негіз болды. Мектеп пен лицей оқушылары, жоғары оқу орындарының студенттері осы жылдарда математикадан, химиядан өткізілген халықаралық олимпиадалардан жұлдесіз қайтқан емес. Өнердің түрлі салаларында Өзбекстан жастары жоғары деңгейдегі жарыстарда әлемнің майталман мамандарын таң қалдырып жүр.

II.1.2. Өзбекстан Республикасының Конституциясы, «Білім беру туралы» Заңы және «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» – мемлекетте тәлім-тәрбиені ұйымдастыру және кадрлар даярлаудың құқықтық негізі

Өзбекстан Республикасында білім беру әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өмірдің аса маңызды бағыты болып саналады. Білім берудің құқықтық негіздері мемлекет Конституциясында, «Білім беру туралы» Заңда және Кадрлар даярлаудың ұлттық программасында көрсетілген.

I. Өзбекстан Республикасының Конституциясы (1992 жыл, 8-желтоқсан). Ата заң Өзбекстан халқының еркі мен қалауынан келіп шығып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды үйлестірген түрде жастардың санасында қалыптастырудың құқықтық негіздерін өзінде көрсетіп берген. Конституция барлық азаматтар сияқты жастардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық және нормативтік аспектілерін де көрсетеді.

Мысалы, Конституцияның 4-бабында «**Өзбекстан Республикасы өзінің территориясында жасайтын ұлттар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарап, олардың дамуына жағдай жасайды**» деп, Өзбекстан халқын ұлтына қарамастан Өзбекстан Республикасының азаматтары құрайтыны, еліміздегі барлық азаматтар бір түрлі құқық пен еркіндікке ие екені белгілеп қойылған.

Сонымен бірге, Өзбекстан Республикасы Конституциясының 41-бабында «**Әркім білім алу құқығына ие. Мемлекет тегін жалпы білім алуға кепілдік береді. Мектеп ісі мемле-**

кеттің бақылауына алынған» деп белгілеп қойылған. Бұл Өзбекстанда туылып өскен әр бір бала мектеп жасына жеткеннен кейін тегін білім алуы мемлекет Конституциясымен қорғалатынын көрсетеді.

Сондай-ақ, Президенттің 1993 жылдың 29-желтоқсандағы Жарлығына сәйкес қазан айының бірінші жексенбісі – халық ағарту қызметкерлері күні (кәсіби мереке ретінде) деп белгіленді. 1997 жылдан бастап 1 қазан – **«Мұғалімдер мен тәлімгерлер күні»** жалпыхалықтық мереке ретінде демалыс күні деп жарияланды. Мұның барлығы жас ұрпақты жоғары дәрежедегі салт-дәстүрлеріміз бен рухани құндылықтарымызға адал болуға тәрбиелейтін педагог кадрлардың еңбегіне берілген үлкен баға болып есептелінеді.

II. Өзбекстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңы (1997 ж.). «Білім беру туралы» Заңның мақсаты азаматтарға тәлім-тәрбие беру, кәсіптік даярлаудың құқықтық негіздерін белгілеу, әр бір адамның білім алудан тұратын конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Заңның 4-бабыныңда **«Азаматтар ұлты, тілі, жынысы, жасы, діни сенімі, әлеуметтік келіп шығуы, дәрежесі, қызмет түрі, мекені және Өзбекстан Республикасында қай уақыттан бері жасауына қарамастан білім алу құқығына ие»** деп, Өзбекстанда жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың конституциялық құқықтарын нығайтқан.

Білім алу құқығы:

1) мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру мекемелерін дамыту;

2) өндірістен қол үзбей және қол үзген күйде білім беруді ұйымдастыру;

3) білім беру және кадрлар даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары негізінде тегін оқыту, сондай-ақ білім беру мекемелерінде ақылы негізде кәсіпке үйрету;

4) барлық түрдегі білім беру мекемелерінің түлектері келесі деңгейдегі оқу орындарына кіруде тең құқықтарға ие болу;

5) отбасында немесе өз бетінше дербес білім алған азаматтарға аккредитациядан өткен білім беру білім беру мекеме-

лерінде экстернат тәртібінде аттестациядан өту құқықын беру арқылы қамтамасыз етіледі.

Заңның 3-бабында Өзбекстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясат принциптері көрсетіп берілген. Олар: *оқыту мен тәрбиенің гуманистік, демократиялық сипатта болуы; білім берудің үздіксіздігі және бірізділігі; жалпы орта, сондай-ақ орта арнаулы, кәсіптік білімнің міндеттілігі; орта арнаулы, кәсіптік білімнің бағытын академиялық лицейде яки кәсіптік коллежде таңдаудың ерекшелігі; білім беру системасының зиялылық сипаты; білім берудің мемлекеттік стандарты шегінде білім алудың жалпыға ашықтығы; білім беру программаларын таңдаудың бірлігі және дифференциалдылығы; білімділікті және дарындылықты көтермелеу; білім беру системасында мемлекеттік және қоғамдық басқаруды үйлестіру.*

Заңның 7-бабында Республикада білім берудің мемлекеттік стандарттары белгіленетіні көрсетілген. Оқу орындары оқу жоспарының өздік варианттарын, өздерінің оқу бағдарламаларын таңдай алады, бірақ бірыңғай білім беру стандарты болуы керек. Басқаша айтқанда, білім берудің мақсаты бірдей, бірақ жетістікке жету жолдары басқаша болуы мүмкін. Мемлекеттік білім беру стандарттарын орындау Өзбекстан Республикасындағы барлық оқу орындары үшін міндетті болып саналады.

III. «Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» (1997 ж.). Бұл программа мемлекеттің кадр саясатын іске асырудағы стратегиялық негізі болып саналады, барлық деңгейлерде жоғары білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың біртұтас системасын дамытуға, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға қызмет етеді. Программада, Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И. А. Каримов сөзімен айтқанда, кадрларды даярлауға біз өзіміздің айрықша және табандылықпен жаңа жолмен баратынымыз белгілеп берілген.

Кадрларды даярлаудың ұлттық моделінің компоненттері – *жеке адам, мемлекет және қоғам, үздіксіз білім, ғылым және өндіріс.* Ұлттық программада бұл компоненттердің әрқайсысының кадрлар даярлауда орындайтын функциялары анық, дәл көрсетіп берілген.

Жеке адам – кадрлар даярлау системасының бас субъекті мен объекті, білім саласындағы қызметтердің тұтынушысы және оны істеп шығарушы.

Мемлекет және қоғам – білім беру және кадрлар даярлау системасының қызметін тәртіпке салу және бақылауды жүзеге асырушы кадрлар даярлау және оларды қабылдап алудың кепілі.

Үздіксіз білім – жоғары білікті кадрлар даярлаудың негізі болып, білімнің барлық түрлерін, мемлекеттік білім стандарттарын, кадрлар даярлау системасының құрылымы мен оның қызмет етуін өз ішіне алады.

Ғылым – табиғат және қоғам дамуы туралы, фундаментал және қолданбалы ғылымдарды қалыптастырушы, жоғары білікті кадрлар даярлаушы және олардан пайдаланушы, озат педагогикалық және ақпарат технологияларын істеп шығарушы.

Өндіріс – кадрларға болған сұранысты, сондай-ақ олардың дайындық сапасы мен дәрежесіне қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі заказ беруші, кадрлар даярлау системасын қаржы және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін процестің қатысушысы.

Кадрларды даярлаудың ұлттық программасының **басты мақсаты** – жан-жақты жетілген, білімді, парасатты, өнегелі, қазіргі заман талабына жауап бере алатын азаматты тәрбиелеуді және жоғары дәрежелі білікті кадрларды даярлау.

Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы және оның моделі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім беру процесін заманауи кезеңге көтеруге бағытталып, оның жүзеге асырылуы Өзбекстанның халықаралық аренада лайықты орын алуында маңызы зор.

II.1.3. Тәуелсіздік жылдарында педагогика ғылымы дамуының негізгі бағыттары

Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстанда педагогикалық ой-пікірлердің мазмұнын үйреніп, оларда баяндалған педагогикалық идеяларды жинақтау негізінде олардың төмендегі негізгі бағыттар бойынша дамығанын айтуға болады:

I. Педагогика ғылымының методологиялық идеяларының жетілдірілуі.

1. Тоталитар құрылыс дәуірінде үйренілуіне тиым салынған ұлттық-педагогикалық көзқарастардың үйренілуі және педагогика ғылымына енгізілуі.

2. Әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өркениетте жетекші орын иелеген идеялардың педагогикалық көзқарастарда өз көрінісін табуы.

II. Педагогикалық білімдердің әлеуметтік-саяси негіздерінің байытылуы.

1. Білім беру мазмұнында ұлттық тәуелсіздік идеясы мен идеологиясы негіздерінің, гуманистік және демократиялық көзқарастардың сипатталуы.

2. Ұлттық-мәдени мұра үлгілерінен пайдалану, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар.

III. Жеке адамды әлеуметтендіру.

1. Еркін, дербес ойлаушы, шығармашыл, әлеуметтік белсенді жеке адамды қалыптастыру.

2. Жеке адамда жоғары рухани-моралдық сипаттарды қалыптастыру.

3. Жас ұрпақта әлеуметтік болмысқа саналы қатынасты қалыптастыру.

IV. Білім беруде жанаша көзқарастардың пайда болуы.

1. Жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауда шешуші рөл атқаратын үздіксіз білім беру жүйесінің жолға қойылуы.

2. Білім берудегі мемлекеттік және қоғамдық басқарудың жолға қойылуы.

3. Білім беру маркетингі және білім беру қызметі салаларының ұйымдастырылуы.

4. Білім берудің жаңа дидактикалық параметрлерін анықтау.

5. Жаңа оқу пәндері мен оқу курстарын оқытудың жолға қойылуы.

6. Ынтымықтастықта оқыту мен өзіндік білім алудың кең таралуы.

7. Білім алғандықты диагностикалаудың жаңа тәсілдерінің іс жүзіне енгізілуі (рейтингтік жүйе, мониторинг).

V. Тәрбие процесінде элеуметтік қоғамдастық әсерінің күшейуі.

1. Тәрбие процесінде жанұя-жұртшылық-оқу орындары ынтымақтастығының дамуы.

2. Тәрбие процесінде мемлекеттік емес және коммерциялық емес ұйымдар арасында ынтымақтастың жолға қойылуы.

3. Тәрбие процесінде медиа және мультимедиялық тәсілдердің мүмкіндіктерін кеңінен қолдану.

VI. Педагог кадрларды кәсіби жетілдірудің жаңа системасына негіз салынуы.

1. Педагог кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесінің реформалануы.

2. Педагог кадрлардың үздіксіз шеберлігін жетілдіріп бару системасының амалға асырылуы.

VII. Білім беру саласында халықаралық ынтымақтастықтың жолға қойылуы.

1. Педагог кадрлардың әлемнің дамыған мемлекеттерінде кәсіптік біліктілігін арттыру үшін қажетті жағдайларды жасау.

2. Студенттердің таңдаған мамандықтары бойынша шет елдерде білім алуын ұйымдастыру.

3. Үздіксіз білім беру жүйесінде халықаралық донорлық ұйымдардың қызметтерінен пайдаланудың құқықтық негіздерінің істеп шығылуы.

4. Өзара тәжірибе алмасу бағдарламалары шеңберінде ғылыми, ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың жүзеге асырылуы.

VIII. Арнаулы педагогиканың ғылыми негіздерінің байытылуы.

1. Аномал балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамытуда ұлттық және халықаралық тәжірибенің үйлесіміне қол жеткізу.

2. Инклюзивті білім берудің амалға асырылуы және «Баршаға арналған білім» бағдарламасының сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Өзбекстанда жоғарыдағы бағыттар бойынша жүргізілген педагогикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері педагогика ғылымын жаңа фундаментал және практикалық білімдермен байытты. Атап айтсақ:

1) оқушы-жастарда салауатты өмір салты мәдениетін дамытудың сабақ-тастық мен үздіксіздік принциптеріне бағыну механизмдері жетілдірілді;

2) педагогикалық процесті жобалау және болашақ мұғалімдерде жоба жасау мәдениетін дамыту технологиясы жетілдірілді;

3) білім сапасы мониторингін моделдестіру жетілдірілді;

4) модернизацияланған дидактикалық жабдықтауды құру және инновациялық білім беру жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастыру моделдерін іс жүзінде қолдану технологиясы жетілдірілді;

5) озық халықаралық тәжірибелер негізінде жаңа буын оқулықтарын жасаудың эргономикалық талаптары әзірленді;

6) дарынды оқушылармен жұмыс істеудің менторлық (тәлімгерлік) жүйесі жетілдірілді;

7) оқушы-жастарда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету компетенттілігін дамыту үшін нейролингвистикалық программалау технологиялары жаратылды;

8) кадрларды қайта даярлау және біліктілігін арттырудың электрондық жүйесі құрылды;

9) интерактивті бағдарламалық тәсілдер негізінде әлеуметтік және табиғи-математикалық пәндерді оқытудың әдістемелік негіздері жетілдірілді;

10) оқушы-жастарда құндылықтар жүйесін дамыту технологиясы әзірленді;

11) педагогикалық компаративистика (салыстыру) негізінде оқу-тәрбие процесінің дамуын зерттеу принциптері анықталды.

II.1.4. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А.Каримов тәуелсіз Өзбекстанды дамытудың рухани-моральдық негіздері және жоғары руханиятты жеке адамды тәрбиелеу туралы

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И. А. Каримов басшылығында мемлекетіміз 1991 жылдан бастап тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылды. Өзбекстан бұл бақытқа бей-

біт, парламент жолымен жетті. Бұрын-соңды еліміз мұндай ұлы өзгерісті көрмеген еді. Дүниенің 120-дан астам мемлекеті Өзбекстанның тәуелсіздігін тән алды. 40-тан астам шет ел мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды. Өркениетті мемлекеттердің қатарын қосылу үшін Өзбекстан өзінің жаңару және даму жолын белгілеп алды.

И.А.Каримов өзінің «Ўзбекистоннинг ўз истиклол ва тараққиёт йўли» шығармасында тәуелсіз Өзбекстанды дамытудың рухани-моральдық негіздері мына қағидаларға негізделеді деп көрсетті:

- 1) жалпыадамзаттық байлықтарға сенім;
- 2) халқымыздың рухани мұрасын қалпына келтіру және дамыту;
- 3) адамның өз мүмкіндіктерін еркін көрсетуі;
- 4) отансүйгіштік.

Президент Өзбекстанның келешегін жалпыадамзаттық байлықтар – әділет, теңдік, татулық, адамилықты берік сақтаумен байланыстырады. Сонда ғана елімізде бейбітшілік пен демократия, өркендеу, мәдениет, ұждан еркіндігі және әрбір адамның жан-жақты жетілуіне жағдай болады дейді.

Халықтың рухани дүниесін дамыту – Өзбекстанда мемлекет пен қоғамның ең зәру міндеттерінің бірі екенін дәлелдей келе, И.А.Каримов былай деді: *«Руханият – тағдырдың сыйы емес. Руханият адамның көңілінде болуы үшін ол шын көңілмен және ұжданмен, ақылы және қолымен еңбек етуі керек. Бұл байлық адамға өмірде тыныштық бағыштайды, байлық арттыру үшін күн көруге жол бермейді, пәлекеттерден аман сақтап қалады, материалдық қиыншылықтар кезінде ерік-жігерді нығайтады»*. Ол жастардың рухани дүниесін дамытуда тәлім-тәрбиенің мүмкіндіктері көп екенін айтады. Адамның, халықтың, қоғам мен мемлекеттің энергиясы руханият болуы керек дейді. Бұл үшін отандық және әлемдік мәдениет, әдебиет, өнер туындылары әр бір семьяның игілігіне айналуы керек дейді.

Өзбекстанды дамытудың үшінші қағидасы етіп **«адамның өз мүмкіндіктерін көрсетуін»** айтады. Республикамызда әр бір

азаматтың білімділігін, іскерлігін көрсету үшін толық мүмкіндіктер жаратылатынын айтады.

Жаңартылған қоғамның сенімді компасы патриотизм екенін Каримов өз еңбегінде толық ашып береді. Патриотизм – бұл халқы үшін, өз мәдениеті үшін мақтаныш, Отанының символдары мен тарихына құрмет, халықтың ар-намысы, мәдениеті, әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау. Халқына, оның салт-дәстүрлері мен тіліне махаббат пен құрметті тәрбиелемейінше, өз Отанының патриот азаматын тәрбиелеуге болмайды, - дейді Каримов.

Ислам Каримов негіздеп берген 4 қағиданың бір-бірімен үйлесуі – қоғамымыздың рухани пәк болуына, адамдардың рухани дүниесінің жаңарып, жетілуіне негіз болады.

Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А.Каримов жетекшілігінде мемлекетте саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени салаларда үлкен бетбұрыс жасалынды. Осылардың ішіндегі жемісті еңбек бұл – жас ұрпақты рухани жағынан жетілдіру және оларға берілетін тәлім-тәрбие системасындағы түбегейлі өзгерістер.

Ислам Каримов өзінің «*Ўзбекистоннинг ўз истиқлол ва таракқиёт йўли*» (1992), «*Ўзбекистон – келажак буюк давлат*» (1992), «*Юксак малакали мутахассислар – таракқиёт омилли*» (1995), «*Фан равнақисиз буюк давлат куриб бўлмайди*» (1995), «*Юксак маънавиятсиз келажак йўк*» (1996), «*Янгича та-факкурга кенг йўл*» (1997), «*Замонавий кадрлар – таракқиётимизнинг муҳим омилдир*» (1997), «*Баркамол авлод – Ўзбекистон таракқиётининг пойдевори*» (1997), «*Тарихий хотирасиз – келажак йўк*» (1998), «*Юксак маънавият – жамият таракқиётининг асоси*» (1998), «*Фарзандларимиз биздан кўра кучли, билимли, доно ва албатта бахтли бўлишлари шарт*» (1998), «*Озод ва обод Ватан, эркин ва фаровон ҳаёт – пировард мақсадимиз*» (2000), «*Юксак маънавият – енгилмас куч*» (2008) сияқты көптеген шығармаларында, баяндамаларында, сөзінде, сұхбаттарында жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше назар аударған. Ол «*эр қандай ұлттың келешегі, адамзат тарихында тұтқан орны, дәрежесі және даңқы өз перзенттерінің ақыл-ой және дене жағынан жетілгеніне байланысты*» екенін көрсетіп берді.

Ислам Каримов Тәуелсіз Өзбекстанның келешегі – жастарды дене, ақыл-ой, рухани жағынан жетілдіру мәселесіне қоғамның ең актуал, басты мәселесі ретінде қарады. Бұл мәселелерді шешуде ол ұлттық идеяға сүйену керек дейді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ ұлттық идея, ұлттық идеология орнату туралы айтып келді.

Әр қандай мемлекет өзінің дамуы үшін сол мемлекетте өмір сүріп жатқан халықтың ортақ мақсат-мүдделерін көрсететін ұлттық идеяны тірек деп біледі. *«Ұлттық идея дегенде, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып өтіп, гасырлар бойында қадірленіп келе жатқан, осы елде өмір сүріп жатқан әр бір адам және күллі халық жүрегінде терең тамырлап, оның рухани қажеттілігі мен өмірлік талабына айналып кеткен, керек болса, әрбір ұлттың ең ізгі арман-талабы және мақсат-мүдделерін түсінсек, мұндай кең ұғымның мән-мазмұнын сипаттаған боламыз деп ойлаймын»*³.

Ұлттық тәуелсіздік идеологиясы қоғамның рухани өміріне өзіндік үйлесімділік, тұтастық және ортақ мақсат орнатады. Егер, ұлттық тәуелсіздік идеологиясы халықтың нағыз мақсат-мүддесін көрсете алса, қоғамда көпшілік азаматтар және әлеуметтік топтар жағынан бағаланса, руханияттың барша салаларынна күшті әсер етеді, тәрбиенің негізгі факторларының біріне айналады. Міне осындай маңызды принципті есепке алған түрде, Ислам Каримов *«ұлттық идея және идеологияны қалыптастырмайынша, тәлім-тәрбие салаларын реформалау, адамдар санасын өзгерту, оларды жалтыадам-заттық мақсаттарға бағыттау мүмкін емес»*⁴ деп ерекше атап өтеді.

Сондай-ақ, Ислам Каримов өз шығармаларында қазіргі ең маңызды, ең басты міндетіміз – қоғамымызды, ең алдымен, жас ұрпақты кемелдендіру, олардың санасында ұлттық идея және идеология, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту, өзін тану, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар сезімінде тәрбиелеуден тұруын да ерекше атап өтеді.

³ Каримов И. А. Юсак маънавият - енгилмас куч. – Т.: Маънавият, 2008 - Б.71.

⁴ Каримов И. А. Озод ва обод Ватан, эркин ва фаровон хаёт - пировард максадимиз. 8-жылд. – Т.: Ўзбекистон, 2000 - Б.27-28.

И.Каримов «Жоғары руханият – жеңілмес күш» кітабында адамды адам ететін «руханият» ұғымы оның санасы және рухымен тығыз байланысты болып, әр бір адам, қоғам, ұлт және халықтың өмірінде ерекше рөл атқаратынын атап өтті.

Осы пікірді жалғастыра отырып, ол *«Руханият – адамды жан-дүниесін тазартуға, рухани тұрғыдан кемелденуге үндейтін, адамның ішкі дүниесін, ерік-жігерін мықты ететін, иман-сенімін бүтін қылатын, ар-ұжданын оятатын теңдесі жоқ күш, оның барлық көзқарастарының өлшемі болып табылады»⁵*, деген тұжырымға келеді.

Руханият саласында оң шешімді қамтамасыз етудің басты міндетін И.А. Каримов былайша көрсетеді: *«Бұл саладағы басты міндет – ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру, өзімізді танып білу, ұлттық идея мен идеологияны қалыптастыру және біздің рухани өміріміздегі қасиетті дініміздің орны мен беделін қалпына келтіру сияқты тәуелсіздік жылдарында басталған ізгі істерімізді бірізді жалғастыру, оларды жаңа деңгейге көтеру және әсерімділігін нығайту. ... Осы саладағы жұмыстың түпкі мақсаты – иманды, ерік-жігері күшті, дербес азамат руханиятын қалыптастыру. Яғни дербес өзіндік көзқарасқа ие, ата-бабаларымыздың аса құнды мұраларына және заманауи ойлауға негізделіп өмір сүретін жан-жақты жетілген – кемел адамды тәрбиелеуден тұрады»⁶*. Өсіп келе жатқан ұрпақтың рухани дүниесін жетілдіруде ол ағартушы-ғалым Абдулла Авлонидің *«Тәрбие біз үшін не өмір – не өлім, не игілік – не қасірет, не бақыт – не апат мәселесі болып табылады»* деген пікірін ұстанатынын айтады. Шынында да, осы күнге дейін аса маңызын жоғалтпаған бұл құнды пікір жастар тәрбиесіне жете көңіл беру керек екенін көрсетеді.

И.Каримов үкімет басына келген күннен бастап жастар тәрбиесіне айрықша көңіл бөлді. Балалар мен жасөспірімдердің білім алуына жағдай жарату, спортпен айналысуы үшін спорт ғимараттарын салдыру, өнер мен кәсіп үйренуіне ерекше назар аудару –

⁵ Каримов И.А. Юксақ маънавият – енгілмас куч. – Т. Маънавият, 2008 – Б.19-20.

⁶ Каримов И.А. Озод ва обод Ватан, эркин ва фаровон хаёт – пировард мақсадиимиз. 8-жилд – Т.: Ўзбекистон, 2000. – Б. 19-20.

бұл И. А. Каримовтың мемлекетті басқарған кездерінде бір сәтке де естен шығармаған ең сүйікті жұмысы еді.

Әсіресе, жаһандасуды желеу етіп жастарды жаулап алып жатқан «жабайы мәдениеттен» сақтануда қырағылық танытқанын бүгін бүкіл әлем мойындап отыр. Тәуелсіздіктің бастапқы қиынқыстау жылдарында-ақ Бірінші Президент халқымыздың рухани дүниесін жетілдіруді басты мәселе ретінде қарады. Ол *«шынында да адам баласы бұл дүниеде рухани тазарып, ерік-жігері мықты, иманы бүтін, ар-ұжданы ояу болып өмір сүрмесе, адам өмірінде қандай мән-мағына қалады?»*, - деп жастарға рухани тәрбие беруді бірінші орынға қойды.

Руханияттың мәнін Ислам Каримов былайша түсіндіреді: *«Біздің руханиятымыз жасырлар бойы миллиондаған адамдардың тағдыры арқылы қалыптасты. Оны өлшеп те, соңына жетіп те болмайды. Ол адам үшін бүтіндей бір Әлем...»*

*Жер, отбасы, ата-ана, перзенттер, туған-туысқандар, көршілер, халық, тәуелсіз елімізге адалдық, адамдарға құрмет, сенім, жасад, ұждан, бостандық – руханияттың мәні осындай кең. Адам оны адам дәрежесіне көтеретін негіздердің негізін өз ақылымен толық түсіне алмайды. Адам өзін халықтың бөлішегі деп сезгенде ғана, ол туралы ойлап еңбек етіп жасағанда ғана руханиятпен байланысады»*⁷.

Жастардың рухани дүниесін қалыптастыру олардың рухани мұраны қаншалықты терең меңгергеніне байланысты болады. **Рухани мұра** – рухани дамудың жемісі, адамның ақыл-ойымен жаратылған, болашақ ұрпақты ізгілікке жетектейтін, адамдардың санасы мен көзқарастарының өсуіне, әлемді танып білу барысындағы іс-әрекеттеріне күш-қуат беретін ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан тарихи құндылықтар жүйесі. И. Каримов. *«Жоғары руханият – жеңілмес күш»* кітабында көрсетіп бергендей, *«Әр қайсы халық яки ұлттың руханиятын оның тарихы, өзіне тән салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарынан, өмірлік құндылықтарынан бөлек қарап болмайды. Бұл орында, әрине, рухани мұра, мәдени байлықтар, көне тарихи ескерткіштер ең маңызды фактор ретінде қызмет ететін болады»*.

⁷ Каримов И. А. Истиклол ва маънавият – Т.: Ўзбекистон, 1994. – Б. 7-8.

Ислам Каримовтың жоғары руханиятты жеке адамды тәрбиелеу туралы ой-пікірлері мен идеялары осы күнге дейінгі ұлттымыз бен бүкіл адамзаттың басып өткен өркендеу жолы тәжірибесін ескере отырып әзірленді. Ол жоғары руханиятты жеке адам өзінен-өзі пайда болмайтынын ескертіп, әр бір адам білімдерді терең игеріп, ақыл-ойын жетілдіруі керек екенін ұқтырды. Бұл орында білім беру мекемелерінің алдында тұрған міндеттердің бірі оқу мен тәрбиені қоса алып бару керек деп ескертті. Ол бұл пікірін былайша тұжырымдайды: *«Оқытуды тәрбиеден, тәрбиені оқытудан бөліп қарауға болмайды – бұл шығыстық көзқарас, шығыстық өмір философиясы»*.⁸ Шынында да, өмір философиясы көрсеткен жол – ең дұрыс жол.

II.1.5. Өзбекстан Республикасын әрі қарай дамыту бойынша 2017–2021 жылдарға арналған «Әрекеттер стратегиясында» тәлім-тәрбие мәселелері

2017 жылдан бастап Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзияевтің бастамасымен еліміздегі білім және ғылым жүйесін жетілдіру бойынша ауқымды және дәйекті жұмыстар жүргізіле бастады. Өзбекстан Республикасын әрі қарай дамыту бойынша 2017–2021 жылдарға арналған **«Әрекеттер стратегиясында»** білім беру мен ғылым саласын дамытудың басым бағыттарын былайша белгіледі:

-үздіксіз білім беру системасын одан әрі жетілдіру, сапалы білім беру қызметтерінің мүмкіндіктерін арттыру, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін жоғары білікті кадрларды даярлау саясатын жалғастыру;

-білім беру мекемелерін салу, реконструкциялау және күрделі жөндеуден өткізу, оларды заманауи оқу-зертханалық жабдықтармен, компьютерлік техникамен және оқу-әдістемелік құралдармен жабдықтау арқылы материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша мақсатты шаралар қабылдау;

-мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің желісін кеңейту және осы мекемелердегі балалардың жан-жақты интеллектуал,

⁸ Каримов И.А. Юсак маънавият – енгилмас куч. – Т. Маънавият, 2008 – Б.44.

эстетикалық және дене жағынан дамуы үшін жағдайларды түбегейлі жақсарту, балалардың мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне тартылуын қамтамасыз ету, педагогтар мен мамандардың біліктілігін арттыру;

-жалпы орта білім сапасын тереңдету, шет тілдері, информатика және математика, физика, химия және биология сияқты маңызды және талап жоғары болған пәндерді тереңдетіп оқыту;

-балаларды жаппай спортпен шұғылдандыру, оларды музыка мен өнер әлеміне тарту мақсатында жаңа балалар спорттық ғимараттарын, балалар музыка және көркемөнер мектептерін салу және қайта құру, қолданыстағыларын реконструкциялау;

-кәсіптік коллеждердің оқушыларын нарықтық экономика және жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне жауап беретін мамандықтар бойынша даярлау және оларды жұмысқа орналастыру жұмыстарын жетілдіру;

-білім беру мен оқыту сапасын бағалаудың халықаралық стандарттарын енгізу арқылы жоғары оқу орындары қызметінің сапасы мен тиімділігін жоғарылату, жоғары оқу орындарына қабылдау квотасын біртіндеп ұлғайту;

-ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті ынталандыру, ғылыми және инновациялық жетістіктерді жүзеге асырудың тиімді механизмдерін құру, жоғары оқу орындары және ғылыми-зерттеу институттары құрамында мамандандырылған ғылыми-тәжірибелік зертханаларды, жоғары технологиялық орталықтар мен технопарктерді құру.

Әрекеттер стратегиясында белгіленген бағыттар бойынша міндеттерден келіп шығып, елімізде 11 жылдық білім беру жүйесіне көшу, академиялық лицейлер мен кәсіптік колледждерді оңтайландыру, жаңа жоғары оқу орны мен филиалдарын құру, университет пен институттарда 12 бағыт бойынша кешкі және сыртқы бөлімдер ашу, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің желісін кеңейту, мемлекеттік болмаған білім беру қызметтерін ұсыну, педагог кадрлар мен халыққа білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесін жетілдіру бойынша түбегейлі реформалар жүргізілуде.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Өзбекстан Республикасы қашан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады?
2. Өзбекстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында білім беру саласындағы реформаларды сипаттап бер.
3. Өзбекстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңының мақсаты не?
4. «Білім беру туралы» Заң (1997 ж.) қабылданғаннан кейінгі білім беру саласындағы жетістіктерді баянда.
5. Өзбекстан азаматтарының білім алу құқықтары мемлекет Конституциясында қалай көрсетілген?
6. Өзбекстан азаматтарының білім алу құқықтары «Білім беру туралы» Заңда қалай көрсетілген?
7. Кадрлар даярлаудың Ұлттық программасының мақсаты не? Ұлттық моделдің компоненттерін көрсетіп бер.
8. Білім беру саласында Өзбекстан Республикасының мемлекеттік саясат принциптері қандай?
9. Тәуелсіздік жылдарында педагогика ғылымы дамуының негізгі бағыттарын ашып бер.
10. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А.Каримов тәуелсіз Өзбекстанды дамытудың руханиморалдық негіздерін қалай белгілейді?
11. И.А.Каримовтың жоғары руханиятты жеке адамды тәрбиелеу туралы көзқарастары қандай?
12. Өзбекстан Республикасын әрі қарай дамыту бойынша 2017–2021 жылдарға арналған «Әрекеттер стратегиясында» білім беру мен ғылым саласын дамытудың басым бағыттарын сипаттап бер.

III ТАРАУ. ӘЛЕМ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ШОЛУ ЖӘНЕ КОМПАРАТИВТІ ПЕДАГОГИКА

III.1. Ежелгі дәуірлерден XIX ғасырдың 1-жартысына дейінгі әлем педагогика ғылымының даму тарихы. Я.А.Коменскийдің педагогикалық теориясы

III.1.1. Ежелгі Шығыс, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим мемлекеттерінде мектеп пен тәрбие

Педагогикалық ойлар тарихы б.э.д. 5 мың жылдықтағы Ежелгі Шығыс цивилизациясынан бастау алады. Неолит дәуірінде ең алғашқа таптық қоғам Шығыста, содан кейін Греция мен Римде пайда болды.

Ежелгі Шығыста үстем таптың мақсатын көздеген мектептер ашыла бастады. Индияда ашылған **қауымдық мектептер** мың жылдар бойы өмір сүрді. Сонымен бірге қалаларда мектептер, храмдарда мектептер және бай адамдардың мектептері болды.

Мектептер Кіші Азия мен Африкада да көптеп ашыла бастады. Астрономия, арифметика, геометрия, медицина ілімдерінің бастамасы оқытылды. **Жрец** (абыз, дін жолын қуған) және **сарай мектептерімен** бірге жазу мектептері, **қызметкерлер мектебі** болды. Египеттегі жрец мектептерінде өте қиын иероглиф (бір ұғымды белгілейтін сурет белгісі) жазуына үйретті, ал жазу мектептерінде иерат (жазудың жеңіл түрі) жазуына үйретілді.

Ежелгі Қытайда **жоғары** және **төмен** деп аталатын мектептер болды. Жоғары мектептерде балалар жазуға (иероглиф), оқуға үйретілді, философия, мораль (діни) оқытылды. Астрономиядан да мәліметтер берілді

Өте ертедегі қолжазбаларда (Қытай, Индия, Египет) тәрбие туралы, мұғалімге қойылатын талап туралы құнды пікірлер айтылған.

Ежелгі Шығыс мәдениеті Ежелгі Греция және Рим мәдениетіне тікелей әсерін тигізді. Ежелгі Грециядағы бірнеше ұсақ құл иеленушілік мемлекеттердің ірілері Аттика (Орталығы Афина) және Локония (орталығы Спарта) болды.

Спартада құлдарға өте қатал болды. Құлдар көтерілісін басатын құл иеленушілерді тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. Құл иеленушілердің балалары 7 жастан 18 жасқа дейін мемлекеттік тәрбие мекемелерінде (агелла мектептерінде) тәрбиеленді. Мұнда дене шынықтыруға, қиындыққа төзуге, аштыққа, суыққа, шөлге шыдамды болуға, әскери жаттағуларды үйретуге көп көңіл бөлінді. Балалар анық және қысқа сөйлеуге үйретілді. Қыз балаларға да әскери және дене тәрбиесі берілді. Спартада құл иеленушілердің балалары қатаң тәртіпке және құлдарға қатыгез болуға тәрбиеленді.

Афиныда біздің жыл санауымызға дейінгі V–IV ғасырларда ғылым және мәдениет дамыды. Математика скульптура, құрылыс өнері дамыған Афины Шығыс елдерімен тығыз сауда жасады. Құл иеленушілерінің балаларына жан-жақты тәрбие (ақыл-ой, моральдық, эстетикалық, дене тәрбиесі) берілді.

Афиныда құл иеленушілердің жеті жасқа толған ер балалары грамматист және кифарист мектептерінде оқыды. **Грамматист** мектебінде оқуға, жазуға, санауға үйретті, ал **кифарист** мектебінде музыкаға, ән, тақпақ айтуға жаттықтырды. 13–14 жасында балаларды **палестра** (күрес) мектебіне көшірді. Онда олар 2–3 жыл дене шынықтырумен айналысады, жүзуге үйретіледі. Ерекше бай жанұялардың балалары әрі қарай **гимназияда** философия, саясат және әдебиетпен танысып, мемлекет басқару ісіне дайындық алды.

Ал құлдардың балалары оқымады. Олар «сөйлейтін құрал» ретінде пайдаланылды.

Қыз балалар жанұяда ғана тәрбиеленіп, үй жұмысына үйретілді.

Ежелгі Рим мемлекетінде мектептер екіге бөлінді: элементарлық және грамматикалық. **Элементарлық** мектептерде құлдардан басқа еркін халықтың (плебейлердің) балалары да оқитын болды. Бұл мектептерде жазу, сызу, санау үйретілді.

Грамматикалық мектептерде латын тілінің грамматикасы, грек тілі, риторика (әдебиет және тарих мәліметтерін бере отырып, шешендікке баулу) оқытылды. Кейінірек **риторика** мектептері пайда болды. Бұл мектептерде оқу ақысы өте жоғары болып, онда риторика, философия, заң, грек тілі, математика және музыка сабақтары оқытылды. Осы мектепті бітірушілер жоғары мемлекеттік қызметтерді атқаруға дайындық алды.

Рим империясы пайда болуымен, грамматикалық және риторика мектептері мемлекеттік мектептерге айналды.

III.1.2. Ежелгі Греция философтары (Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель) тәрбие туралы

Ертедегі грек ғалымдары мен философтары Демокрит, Сократ, Платон және Аристотель өздерінің еңбектерінде тәрбие мен оқыту туралы өте құнды пікірлер қалдырды. Олардың бұл пікірлері педагогика ғылымының дамуына себеп болды.

Сопылық философияның көрнекті өкілі **Сократ (б.э.д. 469–399)** адамның басты өмірлік мақсаты – құлықтық жағынан өздігінен жетілу болуы керек дейді.

Сократ философ-трибун ретінде тыңдаушыларын шындықты сұрақ-жауап арқылы өздері іздеп табуды үйретті. Мұны «сократ методы» деп атап кетті.

Көне Грецияның тәрбие мәселелерімен шұғылданған алғашқы ғалымдарының бірі – Демокрит. **Демокрит (б.э.д. 460–370)** тәрбие жұмысына аса мән беріп, былай дейді: *«жақсы адам табиғаттан болғанымен, жаттығу арқылы қалыптасады..., тәрбие адамды қайта қалыптастырады және оның қайтадан табиғатын жасайды».*

Ғалым білім атуда ең маңыздысы, қанша көп білім алу емес, интеллекті тәрбиелеу деп есептейді. Ол оқушыларды білім алуға мәжбүрлеу керек дейді. Сонымен бірге оларда борыш пен жауапкершілік сезімдерін де тәрбиелесе, оқу-тәрбие жұмыстары нәтижелі болады деген түйін айтады.

Көрнекті грек философы **Платон (б.э.д. 427–347)** тәрбиені мемлекет тарапынан ұйымдастыру керек дейді. Ол Спарта мен

Афины тәрбиесін ұштастыруға тырысты. Ол ең алғашқы болып мектепке дейінгі тәрбиенің қоғамдық болуын жақтады.

Платон ұсынған тәрбиелеудің мемлекеттік жүйесі (системасы):

1. 1-ден 3-ге дейін балалар жанұя тәрбиесін алады.
2. 3-тен 6-ға дейін тәрбиешінің жетекшілігінде ойын ойнайды.
3. 7-ден 12-ге дейін балалар мемлекеттік мектептерге қатынайды (оқу, жау, санау, әнкүй).

4. 12-ден 16-ға дейін палестра мектебіне қатынайды.

5. 16-дан 18-ге дейін гимназияда арифметика, геометрия, астрономия пәндерін үйренеді.

6. 18-ден 20-ға дейін эфебия, яғни әскери гимнастикалық дайындық алады.

7. 20-дан жоғары жастар, егер, ойлау сабақтарына бейімсіз болса, әскери қызмет атқаруға жіберіледі.

8. Ойлау қабілеті жоғары болған жастар білім алудың жоғары – үшінші сатысынан өтеді. 30 жасқа дейін философия, арифметика, геометрия, астрономия, музыка теориясынан білім алады. Олар мемлекет басқару ісіне дайындалады. Ал өте дарындылары тағы да 5 жыл оқып, философиялық білім алады, 35-тен 50 жасқа дейін мемлекет басқарады.

Қыздар Спарта еліндегідей дене шынықтыру мен әскери тәрбие алуы керек деп есептеді. Құлдар білім алуға жіберілмесін деді.

Платон *мекетпке дейінгі тәрбие, тәрбиенің бірізді мемлекеттік системасы* туралы құнды пікірлер айтты.

Атақты грек философы және ғалымы **Аристотель (б.э.д. 384–322)** тәрбиені мемлекеттік іс деп санады, қоғамдық тәрбие мен жанұядағы тәрбиенің өзара сабақтас болуын жақтады. Құлдарды «сөйлейтін құлдар» деп санады.

Аристотель ең алғашқы болып баланың дамуын кезеңдерге бөлді:

- 1) 7 жасқа дейін бала үйде тәрбие алады;

- 2) 7-ден 14-ке дейін мемлекеттік мектепке барады.

Ол тәрбиенің әр түрлі салаларының (дене, ақыл ой, моральдық) байланысты болуын жақтады. Бала дене шынықтырумен қатар оқуға, жазуға сурет салуға, музыкаға үйренуі керек; мек-

тепте елеулі білім алуы керек; әдебиетті, грамматиканы, тарихты, философияны математиканы, астрономияны, музыканы оқуы керек деп есептеді. Моральдық тәрбие беруде жанұяның ролін жоғары бағалады.

Қыздардың мұндай дәрежеде білім алуын қажет деп санамады.

Тәрбие жөніндегі Аристотельдің пікірлері кейінгі дәуірлерде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлкен әсер етті.

III.1.3. Ежелгі Римде (Цицерон, Сенека, Плутарх, Квинтилиан) педагогикалық идеялар

Ежелгі Римде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына Рим цивилизациясының ерекшеліктері әсер етті. Римдіктерде саяси қызметке құлшыныс жоғары болды. Бұл педагогикалық идеяларда да көрініс тапты.

Римдік ойшыл және саясаткер Цицерон (б.з.д. 106 – 43) толық білім алуға барлық адам да лайық емес, көпшілік тек «нан мен ойын-сауыққа» мұқтаж деп есептейді. Ол адамды *ашкөздік, ашуланшақтық, ақылдың күңгірттенуі апатқа алып келеді*, барлық нәрсені жеңетін *ақыл мен сезім ізгілігі апаттан құтқарады* деген идеяны алға тартады.

Рим философтарының бірі Луций Сенека (б.з.д. 4 – б.з.65) мектептегі формализмге қарсы шықты. Ол *білім беру арқылы дербес ойлайтын жеке адамды қалыптастыру керек*, - деді.

Грек-рим ойшылдарының ең көрнектісі Плутарх (б.з.д. 4 – б.з. 65) білімді римдік қоғамның талаптарына сай жан-жақта оқыту идеясын ұсынды. Баланы *анасы тәрбиелегенін* мақұлдады.

Рим философиясы мен педагогикалық ой-пікірлерінің көрнекті өкілі Марк Фабий Квинтилиан (б.з.42-118 ж) «Шешендікке тәрбиелеу туралы» кітабында риторика мектебінде мұғалім боп істеген тәжірибесін қорытты.

Квинтилиан балалардың *табиғи нышандарын* жоғары бағалады. Ол балалардың мектепте үлгілі, ұстамды, білімді мұғалімнің қолында тәрбиеленуін қажет деп санады. Ол балалардың ерте бастан сөйлеуіне көңіл бөлуді талап етті, тілді және музыканы оқыту баланың дұрыс сөйлеуін дамытады деп санады. Баланың логикалық жүйелі түрде ойлауын дамыту үшін матема-

тиканы оқытуды қажет деп есептеді. Балаларға берілетін білімнің негізі берік болуын талап етті. Квинтилианның педагогикалық еңбектері өте жоғары бағаланды.

III.1.4. Қайта өрлеу дәуірінде Батыс Европада мектеп пен педагогикалық ойлар

Феодалдық қоғамда үстемдік етуші сославилер феодалдар мен дін иелері бүкіл жердің және өздеріне бағынысты шаруалардың қожасы саналды. Феодалдық қоғамның негізгі тірегі дін мекемелері болды. Тәлім-тәрбие мәселесі дін ұйымдарының қолында болды.

Иранды Сирияны, Палестинаны, Египетті, Африканы солтүстік жағалауын VII–VIII ғасырларда арабар жаулап алды да, ірі мемлекет құрды. Мәдениеті ерте дамыған бұл мемлекеттердің жаулаушылары арабтар барлығына ие болды. Қытаймен Европамен, Индиямен, экономикалық байланыс жасады.

VIII ғасырда арабтар Пиреней түбегін жаулап алды. Батыс Европада мұсылман мектептері ашылды. Пиренейдегі Кордова Халифаты арқылы Батыс Европада Ежелгі Шығыс мәдениеті тарайды. Соның ішінде Аверрос деген атпен әйгілі болған араб философы Ибн-Рошданың түсіндірмесі арқылы Аристотельдің еңбектері тарай бастады.

IV ғасырда Рим империясы Батыс және Шығыс империя болып екіге бөлінді. Шығыс империя Византия деген атпен мың жылдай сақталды. Византияда Ежелгі Шығыс элементі сақталды. Шіркеу жанында мектептермен қатар, жоғар мектептер да болды, ол мектептерде діни кітаптар, Ежелгі Шығыс философияларының, ақын-жазушыларының еңбектері оқытылды.

Византия мәдениетін Шығыс Европа жеріне таратуда славяндар үлкен роль атқарды. Батыс Европа елдеріне Католик шіркеуі күшті әсер етті. Олар бүкіл оқыту мәселесін өз қолында ұстады. Орта ғасырлық монастрларда дінді тарату мақсатымен діни кітаптар қолдан көшіріліп көбейтілді. Монастырь мектептері, кейін собор мектептері ашылды. Шіркеулердің жанында ашылған мектептерде ұл балалар оқыды, онда латын тілінде дұға оқуға, діни әндер айтуға үйретті.

Монастырь және собор мектептерінде діни қызметкерлер мұғалімдік етті. Оқу мерзімі белгілі болмады. Ал шіркеу мектептерінде оқу бес және одан да көп жылға созылды. Мектептерде оқу өте қиын болды, діни кітаптарды түсінбеді. Бұл мектептерде дін иелерінің балалары оқытылды, ал ХІ ғасырдан бастап басқа сославилердің балалары оқытылды.

Монастырь және собор мектептерінде грамматика, риторика, діни философияның негіздері, дін ілімі оқытылды.

Феодалдың балаларына әскери әрі дене тәрбиесін беруге көп көңіл бөлінді. Онда **«жеті серілік өнер»** (*атқа салт міну, жүзгіру, қылыштасу, найзаласу, аң аулау, шахмат ойнау, өлең шығару*) қамтылды. Схолостикалық (дін мен ғылымды қатар) білім берді.

ХІІ–ХІІІ ғасырларда батыс Европада университеттер ашылды. ХІІ ғасырда Италияда, Францияда, Англияда, ХІV ғасырда Чехияда, кейінірек Польшада ашылды. Университеттерді ғалымдар өз инициативасымен ашып, өздері басқарды. Материалдық көмек көрсету мақсатында шіркеу билік жүргізуді қолына алды. Университеттерде төрт факультет болды. Дайындық факультетінде грамматика, риторика, философия, арифметика, астрономия және музыка оқытылды. Орта мектептің қызметін атқарған бұл факультетте оқу бесалты жыл болды. Одан кейін қалған үш (дін, медицина, заң) факультеттің біреуінде 5–6 жыл оқитын болды.

Қалада қол өнердің және сауданың дамуына байланысты қол өнершілер **нех мектептерін**, сауда қызметкерлері **фильдия мектептерін** ашты. Бұл мектептерде ана тілінде оқу және жазу үйретілді, есеп және дін сабақтары оқытылды. Кейін бұл мектептер бастауыш қала мектептеріне айналды.

Қайта өркендеу дәуірінде капиталистік өндіріс дамыды, буржуазия тобы туды. Ғылымның әр саласында жаңалықтар ашылды. Бұл дәурде қолөнершілер мен сауда қызметкерлерінің балалары үшін қала мектептерінде оқу ана тілінде жүргізілді. ХVІ ғасырда бастауыштан **жоғары латын мектептері** және **орта мектептер** (коллегиум, гимназия) ашыла бастады. Үстем таптың балалары оқитын бұл мектептерде оқу 8–10 жыл болды.

Қайта өрлеу дәуірінің философ-гуманисы итальялық **Витторина да-Фельтре (1378–1446)** гуманистік педагогика прин-

циптері негізінде «*Қуаныш үйі*» деген мектеп ашты. Бұл кең әрі жарық мектепте математика астрономия оқытылды, балалардың дене шынықтыруына, табиғатқа саяхат жасауына көп көңіл бөлінді.

Англялық **Томас Мор (1478–1535)** барлық балаларға қоғамдық тәрбие, бастауыш білім беруді жақтады, оқудың ана тілінде оқытылуын қолдады. Мектепте оқуға, жазуға үйртумен қатар арифметика, астрономия, геометрия, музыка, диалектика, жаратылыс сабақтарының оқытылуын талап етті.

Ол дене тәрбиесіне үлкен мән берді, еңбекке баулуды ұсынды. Жаппай бастауыш білім беруді, әйелдердің еркектерімен бірдей білім алуын жақтады.

Францияда гуманист-жазушы **Франсуа Рабле (1494-1553)** схоластикалық тәрбиеге қарсы шығып, гуманистік тәрбие беруді жақтады. Бұл туралы әйгілі «*Гаргантюа және Пантагрюэль*» деген романда схоластиканы қатты әжуаға алады. Ол оқытудың көрнекті болуын қолдады.

XVII–XVIII ғасырларда педагогика мен мектеп Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада адамзат үшін экономикалық және әлеуметтік үлкен өзгерістер болған жағдайда дамыды. Үкімет басында отырған адамдардың тәрбиесі мен білімі нашар болды.

Осы кезеңде тәрбие мен білім беру арқылы адамның рухани дүниесін жаңартып, еркін адамды тәрбиелеу идеялары пайда бола бастады. Педагогикалық мәселелер ғылыми зерттеу жұмыстарының ең басты объектіне айналды. Қоғамдық пікір педагогиканы педагогикалық процестің заңдылықтарын зерттейтін дербес ғылым болуын жақтады.

Сословиелік мектептерді қатты сынады. Басқаша қоғамдық және рухани құндылықтарды қалыптастыру жеделдей түсті, адам мен әлем концепциясы қайта қарастырыла бастады. Егер XVII ғасырда мейірімді адамды тәрбиелеу мәселесі тұрған болса, XVIII ғасырға келіп білімді адамды тәрбиелеу мәселесі көтерілді.

Сөйтіп, соңғы **Қайта өркендеу (XVII ғ.)** мен **Ағарту дәуірлерінде (XVIII ғ.)** тәрбие мен оқытудың жаңа программасы ұсынылды. Тәрбиенің мақсаты, бағыты қайта қаралды; білім беру программасына ана тілінде оқыту, анық және табиғи пән-

дерді кең түрде оқыту және ұлттық тарихты үйретуді енгізуді өз ішіне алған белсенді, дәлелді оқыту жарияланды.

Жаңа идеялардың жолында схоластика тұрды. Оның дәстүрлерін иезуиттер (кертартпа католик-монах ұйымының ордені) педагогикасы қатты қорғады. Олар тәрбие мен білім берудің дәстүрлі болмаған түрін ортағасырлық діни-авторитар педагогикамен үйлестіруге әрекет етті. Олар көне тілдерді оқытуды, Антиқ дәуір мәдениетімен танысуды, схоластикаға сүйеніп сенуге үйретуді жақтады.

Жаңа дәуір қарсаңында рухани өмірде діни ілімнен дүниелік ілімге өту басталды. Жеке адамның қоғамға кіру процесінде білім алудың ролі артты. Бұл педагогикалық ой-пікірлерде көрініс тапты. Бұрынғы гуманистік білімділіктен жаңа педагогиканың айырмашылығы сол, ол эксперименттік зерттеу нәтижелері негізінде шешім қабылдады.

Мысалы, ағылшын ғалымы **Френсис Бэкон (1561–1626)** ғылыми танымның мақсаты *бірізді эксперименттер жүргізу жолымен табиғаттың күшін меңгеру* болуы керек, деді. Бірақ адам табиғаттың бір бөлігі екенін мойындады.

Неміс педагогы **Вольфганг Ратке (1571–1635)** оқытудың табиғатқа сай болуын жақтады. Ол әрбір адамға педагогикалық білім бақытты өмір сүруі үшін қажет деп тапты. Ратке жаңа ғылым – *білім беру методологиясын* жаратты. Ғалым дидактика пәнін жеке адамның қалыптасуы туралы ғылым деп қарады.

Жаңа дәуір педагогтарының ішінде ерекше орын алатыны – **Ян Амос Коменский (1592–1670)**. Ғылыми педагогиканың негізін қалаған ғалым тәрбие мен оқытудың объективті заңдылықтарын системаға түсірді, алдыңғы педагогика жауап бере алмаған сұрақтардың шешімін тапты. (Мәтіннің соңында Я.А.Коменский туралы мағлұмат беріледі.)

Ағарту дәуірі Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада XVII ғасырдың 3-жартысы мен XVIII ғасырдың соңын қамтыды. Ағарту дәуірінің ғалымдары мектеп пен педагогиканы өзгеріп бара жатқан әлеуметтік жағдайға жақындату, адамның табиғатын ескеру сияқты жаңа идеяларымен шықты.

Ағарту дәуірі өзіне дейінгі Қайта өркендеу дәуірінің педагогикалық ой-пікірлерін жалғастырып, оны жаңа белеске көтерді.

XVII ғасыр ортасы мен XVIII ғасырдың аралығында Англияда буржуазиялық, Францияда Ұлы Француз революциясы болды. Бұл революция капитализмнің жеңісін орнатты.

XVIII ғасырдың ортасында Францияда капитализмнің феодалдық қатынастармен қайшылыққа кездесіп отырды, феодалдық тәртіп қолөнердің сауданың, мануфактураның дамуына кедергі болды.

Феодалдық қоғамға сай үш сословленің (бірінші – дін басылар, екінші – дворяндар, үшінші – шаруалар) үшіншісі феодалдық үкіметке наразы болды. Жаңа тап – буржуазия өз соңынан үшінші сословиені ертіп, королдық үкіметке, феодалдық көзқарасқа, діншіл әдет-ғұрыптарға қарсы шықты.

Осындай тарихи жағдайларда Джон Локктың саяси-әлеуметтік, философиялық және педагогикалық көзқарастары қалыптасты. Джон Локк (1632–1704) өзінің педагогикалық көзқарастарын «Тәрбие жөніндегі ойлар» және «Ақылды тәрбиелеу туралы» деген еңбектерінде баяндады.

Ол адамның туысымен бітетін идеяларға қарсы шықты. Оның көзқарасы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда тәрбиенің шешуші ролін мойындады. Локк тәрбие арқылы үстем тап өкілдерінің балаларын өз мүдделерін реттілікпен қамтамасыз ете алудың, буржуазиялық пысық іскерлік саналармен ерекшеліктер сіңіруді арман етті. Локктың ойынша үстем таптың жас өспіріміне (джентельмен) тәрбиенің бір ғана саласы емес, оған дене және адамгершілік тәрбиелері берілуге тиіс.

Локк оқу-тәрбие жұмысының мектепте жүргізілуіне қарсы болды. Ол мектепті балаларға теріс тәрбие беретін ұя деп есептеп балаларға үй тәрбиесінде білім беруді жақтады. Ол, әрине, сол замандағы аристократиялық отбасылардың тәжірибесіне сүйене отырып, балаларды жақсы тәрбиешінің қолына тапсыру керек деді.

Локк дене тәрбиесін басқа тәрбиенің негізі деп есептеп, дене тәрбиесіне өз заманына сай жүйесін ұсынды. Бала денесін ерте жастан бастап шынықтырып, оны қатаң режимге үйрету керек деді. Дұрыс ұйымдастырылған дене тәрбиесі баланы ерлікке, табандылыққа үйретеді деп есептеді.

Клод Адриан Гельвений (1735–1771) «Адам, оның ақыл ой қабілеттері мен тәрбиесі туралы» кітабында адамдар тең рухани қабілетпен туатынын, адамды адам ететін тек тәрбие екенін жазды. Тәрбие арқылы сол кездегі қоғамдағы әділетсіздіктерді жойып, жаңа қоғам орнатуға болады дейді.

Дени Дидро (1713–1784) негізінен тәрбие жөніндегі Гельвенийдің көзқарастарын қолдағанмен, ол өзінің «Гельвенийдің «Адам» атты шығармасына жүйелі түзетулер» деген еңбегінде баланың табиғи ерекшеліктері мен қабілеттерін мойындады. Бірақ тәрбиенің ролі мен орны жөніндегі мәселені дұрыс шеше алмады. Ол адам табиғатын өзгермейтін абстрактылық зат деп есептеді.

Француз материалистері өздерінің педагогикалық пікірлерінде схоластикалық оқуды, діннің мектепке үстемдігін батыл сынады, дінсіз және ақысыз бастауыш білім беруді талап етті.

Атақты француз жазушысы, ағартушы-философы, педагогы **Жан-Жак Руссо (1712–1778)** адамды адам қанайтын феодалдық қоғамды батыл айыптады. Ол өзі шыққан үшінші – төменгі сословиенің бостандық, теңдік қоғамда өмір сүруін армандады. Өзі өмір сүрген қоғамды бұзылған қоғам деп көрсетіп, барлық жастарды қоғамнан тыс жерде тәрбиелеу керек, сонда әділетті қоғам орнатамыз деп жазды. Бұл идеясын ол «**Эмиль, немесе тәрбие туралы**» атты романында Эмиль деген баланы тәрбиелеу арқылы көрсетті.

Руссоның педагогикалық концепциясында феодалдық әдет-ғұрыптан арылған, бостандықтағы, толық адамгершілігі бар адамды өсіру талабы жатады.

Руссо баланың өсу кезеңін 4-ке бөліп қарастырады:

1-кезең – баланың туған күнінен екі жасқа дейін. Бұл кезеңде бала тәрбиесінің негізі дене тәрбиесі болуы керек.

2-кезең – 2-ден 12-жасқа дейін. Баланың бұл кезеңде сыртқы сезім мүшелерін шынықтырып, дене шынықтыру тәрбиесін алып бару керек. Бала өз бетінше әр нәрсенің көлемі мен салмағын өлшесіп, бірақ оқытудың, ойлантудың, жаттығудың қажеті жоқ. Ол адамгершілік, ешбір абстрактылық ұғымдарды түсінбейді, жеке меншік идеясын ғана меңгереді деп көрсетті.

3-кезең – 12-ден 15-жасқа дейінгі кезеңде балаға ақыл-ой және еңбек тәрбиесін беру керек деп айтты. Бұл тәрбиелерді беруде сол кездегі шіркеулік мектептерді сынай отырып, білім мазмұнының түпкілікті жаңаруын талап етті. Баланың қызығуына, талабына сай алғашқы пәндер география, астрономия, табиғаттану оқытылуы керек, бала ойға салып ұғынбайынша ештеңені жаттапау, бүкіл білімді өз бетінше бақылап, ой таразысына салуы арқылы меңгерту керек деп есептеді. Ол сабақта қолданылатын көрнекілік әдісін табиғаттың аясында оқытумен ұштастырды. Оның шашыранды түрде берген білімі табиғатпен, практикамен байланыстыруы – педагогикада жаңа бағыт болды. Руссо дидактикасының негізі – баланың өзіндік әрекетін, зеректігін, зейінділігін, байқампаздығын, дамыту мақсатын көздеді. Руссоның пікірінше, баланың өсіп-жетілуінде дене еңбегі ең үлкен роль атқарады.

4-кезең – 15 жастан бастап жас өспірімге адамгершілік тәрбиесін беру керек деген пікір білдіреді.

Иоганн Генрих Песталоцци (1746–1827) 1774 жылы «Кедейлер үйін» ашты. 50 ге тарта жетім және панасыз балаларды бұл үйде ол оқуға, жазуға, санауға үйретті. Балалардың еңбек етіп, тапқан табысына балалар үйінің қаражатын өтемекші болды. Қаражаттың тапшылығынан тәрбие үйі 1780 жылы жабылып қалды.

Песталоцци мақсаты орындалмағаннан кейін әдеби еңбекпен айналысады. Швейцариялық шаруалардың өмірінен «**Лингард және Гертруда**» атты әлеуметтік-педагогикалық роман жазды.

«**Гертруда балаларын қалай оқытады**», «**Аналар кітабы**», «**Бақылау азбукасы**», «**Сан жөніндегі көрнекі ілім**» атты еңбектерінде Песталоцци бастауыш білім берудің жаңа әдістерін ұсынды.

Демократтық көзқарастағы Песталоцци жұмысшылардың адам төзгісіз жағдайын оқу мен тәрбие арқылы өзгертуге болады деп сенді. Адамдардың кедейлігін экономикалық жағдайдан емес, білімнің жоқтығынан көреді және қайта құрудың негізгі құралы – мектеп деп есептеді. Ол сословелік білім беру жүйе-

сіне қарсы болып, оқыту мен тәрбие барлық адамға бірдей берілуі керек екенін айтады.

Бала денесінің мықты әрі күшті болуы үшін туылғаннан бастап дене тәрбиесін беру керек, ана баласының денесін әрекеттендіріп отыру керек дейді. Ал есейгенде әскери жаттығулар жасауын, туристік походтарға, экскурсияларға шығуын мәслихат берді.

Песталотци «Лингард және Гертруда» романында мектептегі оқуды еңбекпен жалғастырып отыруды, яғни тоқыма станогында істеуді, мектеп участогында шаруашылықпен шұғылдандуды көрсетеді.

Мұндай еңбек тәрбиесі механикалық болсада, оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыру идеясы құнды болып есептеледі. Дұрыс ұйымдастырылған еңбек баланың ақыл-ойын дамытады, адамгершілікке үйретеді. Моралдық қасиеттерін қалыптастырады деп санады.

Бала тәрбиесін дұрыс ұйымдастыруда жанұяның әсресе ананың ролін өте зор бағалады. Ананың балаға дұрыс тәрбие беруі жақсы азаматтың жетіліп шығуының негізі деп есептеді. Баланың анаға деген сүйіспеншілігі бірте-бірте басқаларға да ауысады. Мұғалім осы сүйіспеншілікті әрі қарай дамытып, жалпы адамзатқа жақсылық істейтін биік моралдық қасиетке ие азаматты тәрбиелеуі міндетті.

Адамды жан-жақты дамыту идеясын ұсына отырып, оқыту арқылы тәрбиелеуді талап етті. Оқытуды балаға әрі білім беретін, әрі ойлау қабілетін дамытатын екі жақты мәнін айтып өтті. Оның бұл құнды пікірі қазір де мәнін жойған жоқ.

Песталотци оқытудың көрнекі болуы айналадағы дүниені дұрыс тануға, ойлау және тіл дамытуға пайдасы мол деп санады.

Білім белгілі жүйемен, ретпен берілуі керек, мектеп баланың қабілетін дамыту, білім берумен қатар, іс-әрекетке, дағдыға үйретуі соған жаттықтыруы қажет деді.

Ал балаға білім беретін мұғалім өте білімді, сол білімін балаларға бере алатын дайындығы бар адам болуы керек дейді.

Песталоцци бастауыш білім беру методінің негізін салды. Ана тілін оқытудың міндеті баланың сөйлеуін дамыту, сөздік қорын байыту деп анықтады.

Жазуға үйретуде әріптердің элементін жазуға жаттықтыруды, орфографиялық дұрыс жазуға мән беруді талап етті.

Арифметиканы оқыту бойынша да құнды пікірлер айтты.

Географияны оқытуда мұғалім оқушының өз тұрған жерін үйренуден бастауы керек, өз туған жерін жақсы білген бала жер шары туралы ілімге көшуі керек деп есептеді.

Иоганн Фридрих Герbart (1776–1841) Геттинг және Кенигсберг университеттерінде профессорлық қызмет атқара жүріп педагогикалық тәжірибелер жүргізді. Оны мына еңбектерінде баяндаған: «Тәрбие мақсаттарының негізіндегі жалпы педагогика» (1806), «Психология оқулығы» (1816), «Психологияны педагогикаға пайдалану жөніндегі хаттар» (1831), «Педагогика лекцияларының очеркі» (1835).

Герbart педагогика жүйесін этика және психологияға байланысты зерттеді. Ол метафизикалық көзқарасты болғандықтан психологиялық мәселелерді де метафизикалық тұрғыдан зерттеді. Оның ойынша адам жаны өзгермейтін қарапайым мазмұн. Жан адам денесімен ұштасу, байланысу кезінде өзіндік дербестікке ие болып, сол тән арқылы бірнеше түйсіктерге ұшырайды, адамдағы басқа денелермен байланысады, осыдан елестеулер туады. Ол психологияны елестеулер жөніндегі ғылым деп есептеді. Баланың елестеулеріне ықпал ете отырып, оның сезімдері мен еркінің де қалыптасуына әсер етуге болады деп есептеді.

Тәрбие процесін Герbart үш салаға бөлді: *басқару, оқыту және адамгершілік тәрбие*.

Ол басқарудың құралына қорқытып ұстауды, бұйрық және тыйым салуды, белгіленген ережелерді бұзғаны үшін үйде және мектепте қатаң жазалауды жатқызды. Бұлай басқаруды тәрбиеге кіріспе деп атады. Бұл, әрине буржуазиялық теріс көзқарас.

Оқытуда Герbart адамның алуан салалы қызығушылықтарын алды. Қызығушылықтың бірінші тобына жататындар:

1) эмпирикалық-айналасын қоршаған кейбір оқиғаларды білуге бағытталған;

2) ақыл-ой қызығушылығы – ойлауға негізделген;

3) эстетикалық – оқиғаларды көркемдік жағынан бағалай білуге бағытталған.

Екінші тобына жататындар:

1) симпатикалық қызығу – жеке адамдар арасында қатынас;

2) әлеуметтік қызығу – әр түрлі қоғамдық ұйымдардың ара қатынасын анықтайды;

3) дінге қызығу – діни ұғымды күшейтеді.

Бұл қызығушылықтар оқушылардың менгеретін білім мазмұнын анықтайды деп есептеген ол, практикалық өмірмен байланыспайтынын ескермеді. Оқытуда Герbartтың бала қызығушылықтарына сәйкес оқылатын білімнің шеңберін белгілей отыра, «оқу оқушылардың ақыл-ой әрекетін дамытуы тиіс» деген пікірі – құптарлық пікір.

Герbart адамгершілік тәрбиесін тек оқу арқылы жүргізіледі, тәрбие баланың әр салалы қызығушылықтары мен адамгершілікті елестеулеріне негізделеді деп есептеді.

Герbart зерттеген «оқудың тәрбиелілігі», әр салалы қызығушылық психология мен педагогикаға енді.

Көрнекті неміс педагогы **Фридрих Вильгельм Адольф Дистерверг (1790–1866)** студенттік жылдарында Руссо мен Песталоццидің педагогикалық идеяларымен танысады. Песталоццидің педагогикалық идеяларына сүйене отырып, бүкіл өмірін бала тәрбиесіне бағыттады.

1835 жылы Дистерверг **«Неміс мұғалімдерінің білімін жетілдіруге басынылық»** атты үлкен еңбегін жариялады. Бұл еңбектің бірінші бөлімі педагогика мен дидактиканың жалпы мәселелеріне, ал екінші бөлімі әр пәндерді оқытудың методикасына арналды. Ол 20 дан аса оқулық және оқу құралдарын жазды. Оның еңбектерінен алдыңғы қатарлы неміс педагогтары пайдаланды. Россияда оның **«Элементар геометрия»** деген еңбегі өте кең тарайды.

Дистерварг **«Тәрбие және оқыту жөнінде Рейн беттері»** (1827 жылдан бастап) атты журнал, **«Педагогикалық жылдық»** (1851 жылдан бастап) атты жинақ шығарып тұрды. Мәтін: Германия мұғалімдерін біріктіру, бастауыш мектептің мұғалімдерін даярлауды жақсарту, мектепті шіркеуге бағындырмақ болған 1854 жылғы реакциялық заңды ашкерелеу.

Дистервергтің тәрбие туралы ойлары Песталоццидің пікірімен ұштасады. Ол солслайелік білім беруге қарсы болды. Мектеп саналы адамгершілік рухта азаматтарды тәрбиелеу керек деп белгіледі. Оқытушылар балаларды зерттеп біліп, олардың дара ерекшеліктерін, зейін, ес, ойлау процестерін, әсіресе, балалардың белсенділігін дамытуды ұсынды. Дистерверг оқытуда балаға білім мен бірге тәрбие беруді талап етті. Ол білім беруде тарих, география, ана тілі мен әдебиетінің мәні зор деп білді. Ақыл-ойды дамытуда математика мен жаратылыстану пәндерін оқытылуын жақтады. Оның дидактикасы *33 заңмен жинақталған ережелерден* тұрады. Көрнекі оқытуды ол «жақыннан алысқа», «жай нәрседен күрделіге», «жеңілден ауырға», «белгіліден белгісізге» деген Коменскийдің ережелерімен байланыстырды, ал өзі «жайдан күрделіге» деген ережені «нақты ұғымдардан абстракты ұғымдарға қарай» деп анықтай түсті. Баланың оқу материалдарын саналы түрде игеруіне зор мән берді. Ол *«балалар түсіне алмайтын материалды балаларға оқытпа»*, *«уақытынан ерте ешнәрсе оқытпа»* деген ережелерді ұсынды. Ол оқытуда оқу жоспарына, жақсы оқулыққа үлкен баға берді. Дистерверг белгілеген оқыту дидактикасы, оның оқулықтары бастауыш мектептің дамуында үлкен роль атқарды.

Неміс мұғалімдерінің ұстазы Адольф Дистерверг мұғалімнің өз пәнін жете білуін, балаларды сүйюін, жақсы мінез-құлықты, әділ, талапкер болуын талап етті. Мұғалім халық арасында саяси-ағарту жұмыстарын алып баруы керек деді. Оқытушы өз білімін жетілдіріп отырумен бірге, тарих, әдебиет, педагогика, психология, методика жөніндегі жаңа еңбектермен үнемі танысып отыруы тиіс деді.

III.1.5. XII–XVII ғасырларда Россияда педагогикалық әдебиеттер

Шығыс славяндарда алғашқы қауымдық кезенненәк бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Халықтың жазба әдебиеті пайда болғанға дейін ауыз әдебиеті жастрады тәрбиелеуде үлкен роль атқарды. Жазу VIII ғасырда пайда болды. **988 жылы** Киев Русі

христиан дінін қабылдады. Орыс жерінде Кирилл (827–869) мен Мефодийдің (815–885) грек алфавиті негізінде жазған славян әліппесі тарады. Киев князы Владимир шіркеу салып, дін иелері мен үстем таптың балаларын оқытады. XI ғасырда Киевте әйелдер монастырында әйелдер училищесі ашылады. Киев мемлекеті XI–XIII ғасырларда Европа елдерінің ішінде мәдениетті, сауатты елдерден болды. Орыс мемлекеттерін басқарған княздар сауатты болды. Олар оқу, мәдениет үшін жағдайлар жаратып отырды.

Князь Владимир Монамахтың (1053–1125) өз балаларына қалдырған естелігі – «Владимир Монамахтың балаларына үйретуі» кітабы XII ғасырдың ең соны педагогикалық ескерткіші болып саналады. Бұл кітапта ақылды князь балаларына қалай жасау керек екенін үйретеді. Ол балаларын Отанды сүйуге, оны жаудан қорғауға, ержүрек болуға, үлкендерді сыйлауға, жетім-жесірлерді қорғауға шақырды. Бала тәрбиесінде әкеге қарап үлгі алуды басты тәсіл деп есептейді. Өзі бес тілді білетін әкесі – князь Всеволодты үлгі тұтатынын мақтаньшпен айтады.

XIII–XV ғасырларда орыс жері татар-монғол басқыншылығының қол астында қалып, көп күйзеліске ұшырады.

XVI ғасырда Москва княздығының басшылығымен орыс жері бір орталыққа бағынған мемлекет болып құрылды. XIV–XVI ғасырларда философиялық, моралдық және педагогикалық бағыттағы жинақ шығарылып тұрды.

XVI–XVII ғасырларда Украина, Белоруссия жерлері Поляк-Литва мемлекетінің қарамағында болды. Поляк пандары украиндар мен белорустарды поляктандыруға тырысты. Ұлттық қанауға қарсы күресте туысқандық мектептері күрес құралы болды. Ең алғашқы туысқандық мектебі 1586 жылы Львовта ашылды. Кейіннен басқа қалаларда да ашылды. Туысқандық мектептің өз Уставы болды. Бұл мектептер барлық сословиенің балалары үшін ашық еді. Мектепте класс-сабақ жүйесі элементтері болды, ана тілінің оқытылуына көп көңіл бөлінді.

Туысқандық мектептерде грек, латын тілдері, грамматика, риторика, диалектика, арифметика, геометрия, астрономия, музыка оқытылды. Бұл мектеп мұғалімдері XVI–XVII ғасырларда бірнеше славян тілі граматикасын құрастырып, баспадан шығарды.

1615 жылы Киевте ашылған туысқандық мектебі 1632 жылы жоғары дәрежелі оқу орнына коллегиумге, кейінірек академияға айналды. Киев академиясының үлгісімен 1687 жылы Москвада славян-грек-латын академиясы ашылды. Бұл академияда дін иелерін даярлады, бітірушілердің медицина мектептеріне, университеттерге түсіп оқитындары да болды. Мысалы, ғалым М.В.Ломоносов, жазушы А.Д.Кантемир, архитектор В.И.Баженов.

XVI–XVII ғасырларда Москвада алғашқы діни кітаптар баспадан шықты. 1634 жылы **Василий Бурцевтің**, 1694 жылы **Карион Истоминоның** әліппелері баспадан шықты.

XVII ғасырлардың 2-жартысында «**Балалар тәртібінің ережелері**» деген 164 сұрақ-жауаптан тұратын педагогикалық еңбек дүниеге келді.

XVIII ғасырда Россия экономикалық өркендеуде болды. Россия мәдениеті, ғылымы және техникасының дамуында **I Петрдің** реформалары негіз болды. Әсіресе, ағарту саласындағы реформаларды айтатын болсақ: ескі славян алфавитінің орнына жаңа жеңілдетілген алфавиттің енгізілуі, «Ведомости» газетінің шығуы, ғылыми еңбектердің аударылуы.

1701 жылы Москвада **I Петр математика және навигация** мектебін ашты. Бұл Европадағы тұңғыш реалдық училище еді. Мектептің негізгі мұғалімі **Леонтий Филиппович Магницкий (1669–1739)** деген әрі математик, әрі шебер педагог болды. Ол 1703 жылы арифметика оқулығын жазды. 1715 жылы бұл мектеп Петербургке көшіріліп, соның негізінде **теңіз академиясы** ашылды.

I Петр Петербург, Москва қалаларында артиллерия, навигация, хирургиялық, инженерлік мектептер ашылды. 1721 жылы Оралда **тау-кен мектебі, арифметикалық мектептер** ашылды.

1725 жылы Петербургте **ғылымдар академиясы** құрылды. Академияның жанынан университет, гимназиялар ашылды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Россиядағы мәдениет, ғылым, техника салаларындағы жетістіктердің барлығы орыс мемлекетінің патшасы **I Петр** атымен тығыз байланысты.

III.1.6. Орыс ғалым-педагогтарының педагогикалық идеялары

М.В.Ломоносов (1711–1765) 19 жасында славян-грек-латын академиясына оқуға түседі, кейіннен Петербургтегі академия гимназиясына оқуға жіберіледі. 1736 жылы оны шетелге оқуға жібереді.

1745 жылы Ломоносов химия профессоры, ал кейін академик болады. Ломоносов табиғаттың жалпы заңы – материяның сақталу және қозғалу заңын ашты, бұл заң қазіргі жаратылыс ғылымының негізі болып табылады. Ол орыс грамматикасын және әдеби тілін қалыптастырды. Ломоносов ғылыми еңбектерін орыс тілінде жазған тұңғыш академик. Ол 1748 жылы «**Риторика**», 1755 жылы «**Орыс тілінің грамматикасы**» оқулықтарын жазды. 1758 жылдан бастап университет пен гимназияға басшылық етті. Ол оқу жоспарын, оқу тәртібін, оқыту принциптері мен әдістерін белгіледі. Мектептің сословиелік болмауын жақтады.

XVIII ғасырдағы Россияда дворян балаларынан офицер дайындайтын әскери оқу орны – **кадет корпустары** ашылды. Алғашқы кадет корпусі 1731 жылы Петербургте ашылды. Бұл оқу орнында 4 класс болып, алғашқы екі жылда жалпы дәрежелі білім берілді. Жоғары сыныптарда арнаулы пәндер оқытылды, атта салт жүру, қылыштасу, би, музыка өнері үйретілді. Корпусті бітіргендер әскери қызметке жіберілді.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан орыс интеллигенциясы Ломоносовтың маңына жиналды. Ломоносовтың қатысуымен ашылған **Москва университетінде (1755)** философия, заң және медицина факультеттері болды. Университет жанынан 2 гимназия және гимназиялар үшін мұғалімдер даярлайтын оқытушылар семинариясы ашылды. Москва университетінің жанындағы баспахана мен әдеби ұйымдар шетел педагогтарының құнды еңбектерін орыс тіліне аударып бастырды. Соның ішінде Я.А.Коменскийдің, Д.Локктың, Ж.Руссоның еңбектері болды. 1782 жылдан бастап мұғалімдер даярлайтын **халық училищилері** ашылды. Халық училищилерінде оқытылатын пәндер бойынша оқу құралдары **Ф.И.Янкович (1741–1814)** басшылығында жазылды. Ол Коменскийдің идеясын жалғас-

тырған үлкен дидакт болды. «Халық училищилері оқытушыларына нұсқау» атты дидактикалық құрал жазды.

Иван Иванович Бецкой (1704–1795) Россиядағы оқу-тәрбие жұмысына елеулі өзгерістер енгізді, әртүрлі сословие үшін оқу-ағарту орындарын ашты. Атап айтсақ: көркемсурет Академиясы жанында училище, балалар үшін коммерциялық училище, Смольныйде бекзат қыздар үшін институт.

Бецкой балаларды қоғамнан бөлек тәрбиелеуді ұсынды. Ол дене шынықтыруға көп көңіл бөлді. Бецкой бала тәрбиесінде ана рөлін жоғары бағалады, сондықтанда әйел адамға құрметпен қарауды айтты. Әйел-қыздардың білім алуын жақтады.

Россияның оқу-ағарту тарихында көрнекті орын алатындардың бірі – **Николай Иванович Новиков (1744–1818)**. Журналист, баспагер Н.И.Новиков балалар үшін әртүрлі пәндерден оқулықтар басып шығарды, бірінші балалар журналын – «**Жүрек пен ақыл үшін балалар оқу кітабын**» баспадан шығарды және оның редакторы болды. Журналда педагогикалық тақырыптағы мақалалар да басылып тұрды. Оның пікірінше, тәрбиенің мақсаты белсенді, ізгілікті жеке адамды қалыптастыру болу керек. Ол тәрбиеде мынадай бағыттар болуы керек дейді: *дене, құлық және ақыл-ой*. Ғалым ағартушылық позициядан тұрып құлдыққа, крепостнойлыққа, рақымсыздық пен зорлық-зомбылыққа қарсы шықты. Мұндай жағдай адамзаттың надандығы арқылы пайда болады деп есептеді.

Фёдор Иванович Янкович (1741–1813) Австро-Венгриядан шақырылды. Янкович 1782 жылы құрылған халық училищилерін ашу комиссиясының мүшесі болды. Осы комиссия 1786 жылы «Халық училищилерінің Уставын» жариялады. Бұл Устав бойынша қалаларда 2 жылдық кіші және 6 жылдық бас халық училищилерінің оқу жоспарына: оқу, жазу, есеп, дін сабағы, көркем жазу, сурет, арифметика, тарих, география, грамматика, геометрия, механика, физика, жаратылыс, архитектура пәндері енгізілді. 1782 жылы Петербургте бас халық училищесі ашылды. Халық училищилері мұғалім даярлайтын оқытушылар семинариясының рөлін атқарды.

III.1.7. Я.А.Коменскийдің педагогикалық теориясы

Жаңа педагогиканың негізін қалаушы, ұлы славян педагогы **Ян Амос Коменский 1592 жылы 28 мартта** дүниеге келді. 1620 жылы ұлы педагогтың отаны чех басқыншыларымен күресте жеңіліп, өз дербестігін жойды. Я.А.Коменский «чехтық туыстар» атты қауымға мүше болды, кейіннен қауымның көсемі етіп сайланды. Қауымның көмегімен ол латын мектебін, соңынан университетті бітіреді. Карлово, Герборн, Гейдельберг университеттерінде ежелгі дәуір ойшылдарының және өз заманының атақты гуманистері мен философтарының ой-пікірлерімен танысады. Европа елдерін аралап қайтқан Коменский 1614 жылы Чехияға қайтып келіп, латын мекебін басқарады. 1618 жылы репрессияға ұшыраған қауым мүшелері Польшаға келіп паналайды. Коменский мұнда «туыстық мектепті» басқарады, ғылыми педагогикалық жұмыс жүргізеді. 1631 жылы «**Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі**» деген оқулығын жазып шығарады. 1632 жылы Коменскийдің есімін әлемге танытқан «**Ұлы дидиактика**» еңбегі жазылып бітті. 1633 жылы мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу ісіне арналған тұңғыш кітап – «**Аналар мектебін**» жазды.

1641–1654 жылдарда әдейі шақырумен Англияда, Швецияда, Венгрияда болды, Ф.Бэконның жолын қуушылармен ынтымақтасып, мектеп реформасы арқылы қоғамды түзетуге болатын жоспарын әзірледі. Осы жылдарда «**Әлемді суретпен бейнелеу**» оқулығын, «**Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары**», «**Жастарға арналған мінез-құлық ережелері**» атты педагогикалық шығармаларын жазды.

Коменский өмірінің соңғы жылдары Амстредамда жасады. Сол жерде 1657 жылы «**Ұлы дидиактикасы**» латын тілінде жарық көрді. «**Адам ісін түзету бойынша жалпыға бірдей кеңес**» атты 7 томдық кітабын жазып бітірді, оның 2 томы жарық көрді, ал қалған томдары 1935 жылдан кейін жарық көрді. Ұлы педагог 1670 жылы Амстредамға жақын жердегі Наарденде қайтыс болды.

Я.А.Коменскийдің көзқарасы сол дәуірдің ерекшеліктері мен қайшылықтарына байланысты калыптасты. Оның көзқара-

сының жаңа бағыттарына Қайта өркендеу дәуіріндегі гуманизмнің әсері күшті болды. Ол қанша діндар болғанымен адамға, оның ақыл-ойына сенушілікті бірінші қатарға қойып, адам ақылы *«ақиқатында бүкіл дүниеде зор»* деген қорытындыға келді. Коменский өзінің гуманистік көзқарасы арқылы адам туралы ортағасырлық көзқарастарға қарсы шықты.

Ол өз кезіндегі білім беру жүйесіне қарсы шықты. Халықтың төменгі тобының білім алмауы мемлекет тағдырына зиян екенін көрсетті. Я.А.Коменскийдің байлығына, жынысына қарамай жастардың ана тілінде жаппай білім алуын талап етуі, оның демократтық бағытын танытады.

Ұлы ағартушы адам тәрбие арқылы адам болады деген ойды билдіреді. Сөйтіп тәрбиенің күдіретін жоғары бағалайды. Балаға тәрбиені жас кезінен бастап тура беру керек дейді. Оның пікірінше, *«әрқандай баладан адамды жасауға болады»*. Ал өз кезегінде тәрбие мынадай міндеттерді атқаратынын көрсетеді: 1) өзін және айналасын танып білу (ақыл-ой тәрбиесі); 2) өзін-өзі басқару (құлық тәрбиесі); 3) құдайға жақындау (діни тәрбие). Орта ғасырлық педагогтардан ерекшелігі сол, тәрбиенің бірінші міндеті аса қажет, соны шешіп алу керек деп батыл ой тастады.

Я.А.Коменский тәрбие жұмысының табиғатқа сай болуын жақтады. Дұрыс тәрбие табиғатқа сәйкес ұйымдастырылады деген ой ғалымның барлық шығармаларында орын алған. Коменскийдің бұл идеясы педагогикада *«табиғатқа сәйкестілік принципі»* деп аталып кетті. Ол мұндай терең тұжырымға өмірді бақылау арқылы емес, өзінің жеке педагогикалық тәжірибелері арқылы келді. Коменскийдің табиғатқа сәйкестілік принципінің мәні сонда, *«адам табиғаттың бір бөлігі ретінде табиғаттың өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, сондай-ақ, адамдарға да қатысты басты, негізгі заңдылықтарына бағынады»*. Коменский тек тәрбиені ғана емес, оқуды да табиғатқа сәйкестілік принципіне негіздеп ұйымдастыру керек дейді. «Табиғатқа сәйкестілік принципі» оқудағы схоластика мен догматизмге қарсы күресте өте қажет деп есептейді. Ол құрғақ жаттау мен догматизмге қарама-қарсы оқытудың бала табиғатына, оның мүмкіндіктеріне сай болуын болуын талап етті.

Я.А.Коменский адам ақылының шыңдалатын жерін мектеп деп көрсетті. Оның ойынша, мектеп – «*барлық адамды барлық нәрсеге үйрететін*» адамгершіліктің шеберханасы. Сондықтан мектепке байдың және кедейдің де, атақты және беймәлімнің де перзенттері, ұл және қыз да жан-жақты білім алуы үшін баруы керек дейді.

Адамның табиғатынан келіп шығып, Коменский өсіп келе жатқан жас ұрпақтың жас кезеңдерін былайша бөледі: балалық, балғындық (жеткіншектік), жасөспірімдік, ержеткендік. Осы жас кезеңдеріне сай оқудың 4 сатылы кезеңін ұсынады.

1. Балалық кезең – туылғаннан 6 жасқа дейін – «Ана мектебі».

2. Балғындық (жеткіншектік) кезең – 6 жастан 12 жасқа дейін – «Ана тілі мектебі».

3. Жасөспірімдік кезең – 12 жастан – 18 жасқа дейін – Латын мектебі (гимназия).

4. Ержеткендік кезең – 18 жастан 24 жасқа дейін – Академия.

Әр сатыдағы оқу бір-бірімен байланысты болуы керек деген пікірі арқылы, *бір тұтас мектеп жүйесі* туралы демократиялық принцип ұсынды.

Данышпан оқудың мақсаты ғылыми білімді меңгеру және өмірге пайда келтіру деп деп білді. Ол латын тіліндегі оқуға қарсы шығып, бастауыш мектепте ана тілінде білім берілуі керек деген талабын қойды. Бастауыш білім ана тілінде берілсе ғана, балалардың ақыл-ойын дамыту жемісті шешіледі деді.

Коменский өз дәуіріндегі білім беру мазмұнына, яғни ескі тілге үйрету, формалистік грамматика мен риторикаға негізделген классикалық білім беру ісіне қарсы шығып, мектеп жан-жақты білім беру керек деп шешті. Ана тілі мектебі оқушыларға геометриядан мағлұматтар, географиядан, табиғаттанудан элементар білім беру керек, ән және еңбек сабақтары өтілуі керек және дін үйретілуі керек деген пікірімен бастауыш мектептің мәртебесін жоғарылатты.

Жеті серілік өнерді және латын, грек, ана тілін үйрететін өз дәуірінің орта мектебіне (гимназия) физика, география, тарих пәндерін енгізуді жөн санады. Латын мектебінің сыныптарын

Коменский алты түрлі атпен атады: *грамматикалық, физикалық, математикалық, этикалық, диалектикалық, риторикалық.*

Коменский академияда дін, құқық, медицина факультеттері болуы керек дейді.

Я.А.Коменский «Ұлы дидактикасында» оқытудың оңай және ұғымды жолын, мектеп үшін оқулықтар, оқу программалары, оқыту методтарын істеп шығуды ең негізгі міндет етіп қойды.

Ол әр бір ғылым саласы бойынша оқу кітаптары болу керек деген қағи-даны алға сүрді. Оқулықтар түсінікті, жеңіл тілмен жазылып, мағлұматтар толық болуы керек; материалдар жүйелі, оқушылардың қабылдауына оңай етіп орналастырылуы керек; оқушы оны мұғалімнің көмегінсіз де түсіне алатын болуы керек дейді. Бұл пікірін өзінің «**Тілдер мен барлық ғылымдардың ашық есігі**», «**Әлемді суретпен бейнелеу**» оқулықтарымен нақтылай түседі.

«Ұлы дидактикада» оқыту ісіне қойылатын **дидактикалық талаптар** былайша баяндалған:

1. Оқытуға қолайлы уақытты таңдау.
2. Оқушыларды сабақ оқуға ынталандыру.
3. Материалды біртіндеп күрделендіру (дәйектілік, жүйелілік).
4. Анық пайда кетіретін нәрсені ғана оқыту.
5. Саналы түрде меңгеретін нәрседен басқаны жаттатпау.
6. Бала табиғатын ескере отыру, қалаған нәрсені немесе оның меңгере алатын нәрсесін ғана оқыту.
7. Материалды меңгерту үшін мүмкіндігінше сыртқы сезімдерді қатыстырып оқыту.

Дидактикалық принциптері:

1. Оқытудың көрнекілігі.
2. Саналы оқу.
3. Оқудың жүйелі болуы.
4. Сатылы оқу.
5. Оқудың оқушы шамасына сай болуы.
6. Оқудың негізді болуы.

Коменский көрсеткен бұл дидактикалық принциптер оның педагогикалық жүйесінде бір-бірімен тығыз байланысты болды.

Оқытудың көрнекілік принципін Коменскийге дейін де көп ғалымдар айтқан. Коменский бұл принципті негіздеу барысын-

да мынадай ережені ұсынды: «*Көрінетіннің бәрін көрсету, естілетіннің бәрін есіттірту, сезілетіннің бәрін сезім мүшелеріне сездірту керек. Егер, қайсыбір затты бірнеше сезім мүшелерімен қабылдауға болатын болса, сол сезім мүшелерінің бәрін қатыстыру керек*». Ұлы педагогтың бұл ережесі дидактиканың «алтын ережесі» деп аталып кетті.

Коменский құрғақ жаттау мен догматикалық оқуға қарсы ілімді *саналы* түрде меңгеру талабын қойды. Әр бір пәнді түсінікті болғанша қайта-қайта оқыту керек, бірақ жаттап алуға мәжбүрlemeу керек дейді.

Дидактиканың *жүйелі және бірізділігіне* байланысты Коменский оқытудың «жақыннан алысқа», «белгіліден белгісізге», «нақтылыдан абстрактылығы», «жеңілден ауырға» қарай көшіп отыратын негізгі ережесін құрды. Ол алдымен оқушылардың сезімдерін дамыту керек, содан кейін жадын, әрі қарай ойлауын, соңында сөзі мен қолын дамыту керек дейді. Сонда оқушы меңгерген білімін дұрыс түсіндіре алады және іс жүзінде қолданады деп жол сілтеді.

Оқудың оқушы шамасына сай болуы туралы дидактикалық талабын қойған ғалым баланы зорықтырып оқытуға қарсы шығып, оқушының күшіне, жасына сай білім беруді талап етті.

Оқу негізді, берік болуы үшін жаттығуларды орындау және үйренген материалдарын қайталап отыру керек, әр бір тақырып соңында қысқа, дәл ережелермен қорытындыланып отыру керек дейді.

Я.А.Коменский білім беру ісін ұйымдастыруды түбірімен өзгерту керек деген ұсынысын білдірді. Ол дидактика саласында жаңашыл педагог болды, оқу жұмысын ұйымдастыру бойынша өзінің прогрессивті идеялары, принциптері мен ережелерін ұсынды. Алғаш рет оқу тоқсандарына бөлінген оқу жылы жөніндегі ұғымды анықтады. Оқу күнін, оқушыларға арналған демалысты, оқушыларды мектепке белгілі мерзімде қабылдау тәртібін, оқу жылының ұзақтығын, оқушылардың білімін есепке алуды, оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесін енгізді. Ол оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесіне негіз қалай отырып, сабақты ұйымдастыру бойынша құнды нұсқаулар берді. Сабақты қалай жоспарлау және қайтіп өту туралы мынадай нұсқаулар

берді: *сабақтың бір бөлігін оқушылардан сұрауға, екінші бөлігін жаңа материалды өтуге және өтілген материалды бекітуге арнау керек. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру, тәртіпті сақтау оқытушының міндеті екенін айтты. Әр бір сабақтың белгілі тақырыбы және басты міндеттері болуы керек дейді.*

Коменский чехтардың «Тәртібі жоқ мектеп, суы жоқ диірмен сияқты» деген мақалын бетке ұстап, мектеп тәртібіне аса көңіл бөлді. Бірақ ортағасырлық мектептің тән жазасына қарсы шықты. Баланы тәртіптілікке жақсы үлгімен, жылы сөзбен, ашық көңілмен үйрету керек дейді. **«Жақсы ұйымдастырылған мектептің заңдары»** кітабында мектептегі тәртіпті ұстап тұру бойынша құнды пікірлер береді. Мысалы, оқытушы оқушылардың білімін сабақта күнделікті тексеріп отыру керек, мектеп ректоры әр айда оқушылардың үлгеріміні тексеру керек, әр ширектің соңында сынақ, оқу жылының соңында сыныптан-сыныпқа көшу емтихандары өткізілуі керек. Оқушылар сабаққа кешікпей келуі керек. Егер сабаққа келе алмаса, ата-анасы себепін айтып хабар беруі керек.

Ортағасырлық мектептің дәстүріне мүлде қайшы ұсыныстары арқылы Коменский оқу баланың жас ерекшелігіне сай құрылып, қарапайым, балаға жатық болуын қарастырды.

Коменский балалар мен жастар мінезінде ерлік, өзін-өзі билеу, кішіпейілділік, сыпайылық, еңбексүйгіштік сапаларын тәрбиелеуді талап етті. Мұғалімдер де, оқушылар да сергек және бірін-бірі қадірлеп отыратын болсын, тәртіптің үлгісін мұғалімнің өзі көрсетіп отырсын деп талап етті.

Коменский мұғалімдік мамандықты ең мәртебелеі мамандық деп есептеді. Айналасындағылардың құрметіне бөлену үшін мұғалімнің мәдениетті, сауатты, еңбексүйгіш, балаларды жанындай жақсы көруін, әділ болуын талап етті. Оның пікірінше, мұғалім *«мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі»*.

«Мұғалімдерге тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес» деп, мұғалімнің қызметі арқылы қоғамның қандай болатынын меңзейді. Өмірге келетін бала қандай болып туылары ешкімге байланысты емес екенін,

бірақ дұрыс тәрбие беру арқылы оның жақсы болып шығуы оқытушының қолында екенін ескертеді.

Славян халқының ұлы педагогы, педагогика ғылымына жеке ғылым статусын алып берген Ян Амос Коменскийдің еңбектері дүние жүзі елдерінің педагогикалық ойы мен мектеп тәжірибесіне күшті әсерін тигізді. Оның оқулықтары көптеген тілдерге аударылып, 200 жылдай ең жақсы оқулық ретінде мектептерде оқытылды. Көптеген прогресшіл ғалымдар өздерінің оқулықтары үшін үлгі етіп алды.

Я.А.Коменскийдің педагогикалық идеялары заманауилық сипатын ешқашан жоғалтпайды. Себебі, ол жалпы халықтың жаппай білім алуы үшін тұрақты білім беру системасын істеп шықты. Әр бір ұлттың өз ана тілінде білім алуын насихаттауы қаншама халықтардың, елдердің ұлттық намысын оятты. Ол жалпыұлттық мектеп, мектеп жұмысын жоспарлау, адамның жас ерекшеліктеріне сай білім беру басқыштары, ана тілінде оқыту, гуманитарлық және ғылыми-техникалық жалпы білім беруді үйлестіру, оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесі сияқты мәселелерді көтеріп шықты. Бұл мәселелердің шешімін тауып, педагогика ғылымының дамуын бір ғасырға тездеіп жіберді. Оның дидактикасын орыстың алдыңғы қатарлы өкілдері, қазақтың тұңғыш демократ-педагогы Ыбырай Алтынсарин т.б педагогтар кең насихаттады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Ежелгі Шығыс, Ежелгі Греция, Ежелгі Рим мемлекеттеріндегі мектептерге сипаттама бер.
2. Ежелгі Греция философтарының педагогикалық көзқарастарын айтып бер.
3. Ежелгі Рим педагогтарының педагогикалық идеяларын айтып бер.
4. Орта ғасырлардағы Батыс Еуропаның педагогикалық ой-пікірлеріне сипаттама бер.
5. Соңғы Қайта өркендеу мен Ағарту дәуірлерінде ғылыми педагогиканың пайда болғанын дәлелде.

6. XII–XVII ғасырларда Россияда қандай педагогикалық әдебиеттер болды? Оларға сипаттама бер.

7. М.В.Ломоносовтың педагогика ғылымына қосқан үлесі қандай?

8. И.И.Бецкой, Н.И.Новиков және Ф.И.Янковичтердің педагогикалық қызметтеріне сипаттама бер.

9. П.И.Пирогов пен Л.Н.Толстойлардың педагогикалық идеялары мен тәжірибелерінің педагогика ғылымындағы орны қандай?

10. Я.А.Коменскийдің өмірі мен педагогикалық қызметі туралы айт.

11. Неге Я.А.Коменскийдің «Ұлы дидактикасы» педагогиканың жеке ғылым ретінде қалыптасуына негіз болды дейміз?

12. Я.А.Коменскийдің педагогикалық концепциясы қандай?

13. Я.А.Коменскийдің «тәрбие мен оқыту табиғатқа сәйкес болуы керек» деген пікіріне көзқарасың қандай?

14. Я.А.Коменскийдің оқулықтары мен педагогикалық шығармалары туралы айт.

15. Я.А.Коменскийдің дидактикалық принциптері мен оқытуға қойған талаптары қандай?

16. Я.А.Коменский мектеп тәртібі туралы не айтты?

17. Я.А.Коменскийдің педагогика тарихында алатын орны қандай?

III.2. XIX ғасырдың 2-жартысы мен XX ғасыр арасында әлемде педагогика ғылымының дамуы.

К.Д. Ушинскийдің педагогикалық мұрасы

III.2.1. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырда Батыс Европада, АҚШта, Россияда реформаторлық педагогика және оның негізгі ағымдары

XIX ғасырдың соңы – XX ғасыр басында педагогикалық проблемалар АҚШта, Батыс Европада қарқынды зерттеле бас-

тады. Осы кезеңде шет ел педагогикасында екі негізгі парадигма көзге тасталады. Оның бірі – алдыңғы педагогикалық ой-пікірлердің жалғасы болған *педагогикалық традиционализм*, ал екіншісі – *реформаторлық педагогика*.

Традиционализмге әлеуметтік педагогика, діни педагогика және оқу мен тәрбие процесі философиялық ой-пікірлерге негізделген педагогика жатады. Традиционалист-педагогтар осы педагогикалық ағым шеңберінде ойлағандарын атап өтуіміз керек.

Әлеуметтік педагогика өкілдері Эмиль Дюркгейм (1858–1917), Вильгельм Дильтей (1883–1911), Пауль Наторп (1854–1924), Эдвард Шпрайгер (1882–1963), т.б. педагогика ғылымы мен тәжірибесінің қайнар көзі әлеуметтік-тарихи білімдер деп қарастырды.

Діни бағыттағы педагогика өкілдері екі топқа бөлінді: бірінші топқа қайсы бір конфессияны қолдайтын ойшылдар, екінші топқа конфессиялық идеологиядан тыс болған ғалымдар. Бірінші топқа *неотомизм педагогикасының өкілдері* Ф.В.Ферстер (1869–1956), Жак Маритен (1882–1973), ал екінші топқа *антиконфессионал бағыттағы педагогика өкілдері* Мартин Бубер (1878–1965), Рудольф Штайнер (1861–1925) және Альфред Норт Уайтхед (1861–1947) т.б. жатады.

Неотомист педагогтар діни сенім мен педагогика ғылымын синтездеуге әрекет етті. Олар педагогикалық процесті жоғарыдан әрекеттері белгілеп қойылған жолға ұқсатты және бұл әрекеттерді тәрбие мен оқытудың түрлі тәсілдері арқылы жылдамдатуға болады деген тұжырым жасады.

Антиконфессионал педагогтар мектеп адамның терең танымына құрылуы және оның мақсаты адамгершілігі бар жеке адамды қалыптастыру болу керек екенін айтты. Адамдық ақыл-ой өздігінше жетіледі, тәрбие оған тек жағдай жаратуы керек деген идеяны ұстанған Пауль Наторп пен оқытуда өзіндік «жаңалықтар» ашудың пайдалы жағын көрсеткен Альфред Норт Уайтхед те адам табиғатының негізі ойлау қызметі деп есептейді.

Тәрбие философиясының өкілдері: Ж.П.Сартр (1905–1980) экзистенциалды педагогиканы, яғни адам өзі жүргізетін

«тандаулар» арқылы қалыптасады, оның қалыптасуына ешқандай сыртқы күш әсер етпейді деген концепцияны алғы сүреді, ал *классикалық батыс философиясының* білгірі **Ален (Эмиль Шартье) (1858–1951)** оқушының интеллектуал дамуына баса назар аудару керек, оның өзінің танымдық қызметін басқаруға үйрету керек дейді.

Марксизм философиясының өкілдері **Э.Гериле, Т.Нойбауэр, К.Цеткин, Ж.Коньо** тәрбиені өте идеализациялап жіберді.

Германия мен Италиядағы *фашистік педагогика* өкілдері **Э.Крик, А.Боймлер, Г.Гюнтер, Дж.Джентилелер** тәрбиенің нәсілдік-биологиялық теориясын негіздеуге әрекет етті.

XX ғасырдың басында балаға асқан қызығушылықпен қарайтын, тәрбие проблемаларын жаңаша шешетін **реформаторлық педагогика** пайда болды.

Реформатор педагогтар: **Овид Декроли (1871–1932)** педагогикалық қызмет баланың өзіндік «Мен» түсінігі қалыптасуына көмектесуі қажет екенін, **Януш Корчак (1878–1942)** баланы жақсы көруге де, жек көруге де үйрету керек екенін, **Мария Монтессори (1870–1952)** баланың жас мүмкіндіктерін барынша пайдалану қажеттігін, сәбилік шақтағы бала дамуы үлкен тәрбиелік табыстарға жеткізетінін дәлелдеді.

Реформаторлық педагогика ұсынған концепциялар мен идеялар: *еркін тәрбие, эксперименттік педагогика, прагматикалық педагогика, адам жеке басының педагогикасы, функционалды педагогика, өнер арқылы тәрбиелеу, еңбекке оқыту мен тәрбиелеу, т.б.*

Еркін тәрбие идеясының негізін қалаушы **Эллен Кей (1849–1926)** тәрбиеде басты ролді баланың әсерленуі мен жеке жинақтаған тәжірибесі атқаруы керек деп есептеді.

Эксперименттік педагогиканың қайраткерлері: **Август Лай (1862–1926), Эрнст Мейман (1862–1915), Альфред Бине (1857–1911), Поль Лапи (1869–1927)** бала дамуының кейбір заңдылықтарын, балалар творчествосының жалпы ерекшеліктерін зерттеді, балалардың қабылдауын, ойын дамытуда творчестволық еңбектің маңызын анықтады. Бірақ олар баланы зерттеуде басқа ғылыми-педагогикалық зерттеулердің методтарын мойындамады. Олар педагогикалық қорытындыларды пси-

хологияның мәліметтерінен ғана шығарды, тәрбиенің әлеуметтік құбылыс екенін ескермей, оны биологиялық құбылыс деп қарады.

Эксперименттік педагогика туа біткен ақыл-ой дарындылығы теориясын ұсынды. Оны анықтауда интеллектуал тест методынан пайдаланды.

Американдық педагог **Уильям Бэгли (1874–1946)** және француз ғалымы **Анри Валлон (1879–1962)** интеллектуал тесттер тек оқушының білім деңгейін көрсетуі мүмкін, ал ақыл-ой қабілетінің объективті көрсеткіші болуы мүмкін емес деген көзқарастарын білдірді.

XIX ғасырдың соңында АҚШта *прагматикалық педагогика* кең тарайды. Прагматикалық педагогиканың негізін қалаушы **Джон Дьюи (1859–1952)** өз дәуіріндегі мектептерді сынап, мектептің өмірмен байланысты болуын, оқу процесінде балалардың белсенділігін дамытуды, оқытудың тәрбиелілігін ұсынды. Джон Дьюи және оның ізбасарлары тәрбиенің мақсаты баланы дамыту және оның тәжірибесін жетілдіру деп қарады. Олардың көзқарасы бойынша, мектеп «іскерлікті дамытатын білім беруі тиіс», жұмысшылардың балалары мұнда өмірге практикалық даярлық алуы керек, ал интеллектуалдық білімді «интеллектуалды импульсі, қабілеті бар» шағын топтың балалары алуы керек деген тұжырым айтады.

Дьюи оқыту баланың қызығуы бойынша құрылуын жақтады, тұрақты оқу сыныптары, программалар, оқу кестесі болуы шарт емес деп, оқытудың сыныптық-сабақтық системасына қарсы шықты.

Адам жеке басының педагогикасы (**Э.Вебер, Г.Гаудиг, Ф.Гансберг, Г.Шаррельман**) мен *өнер арқылы тәрбиелеу педагогикасы* (**Э.Зальвюрк, А.Лихтварк**) идеяларын ұсынған ғалымдар педагогикалық процесті тәрбиеші мен тәрбиеленушінің творчестволық сипаттағы үйлескен өзара әрекеті деп қарастырды.

Функционалды педагогика өкілдері **Э.Клапаред, А.Ферьер, С.Френелер** балалар ойынын тәрбиенің тиімді тәсілі деп бағалады. Олар тәрбиеде әрбір оқушының қызығуына сүйену керек деп есептеді.

Неміс педагогы **Вильгельм Август Лай (1862–1926)** «*Іс-әрекет педагогикасы*» теориясын негіздеді. Оның түсінігінде, «іс-әрекет» – баланың дене қимылы, қозғалыс реакциясы, ал тәрбие мен оқу – реакциялар тудырушы.

Лайдың идеясымен ашылған мектептерде бейнелеу сабақтарына аса көңіл бөлінді, ал білімнің көлемі кеми берді.

Франциялық ғалым Альфред Бине оқытудың басты тәсілі оқытушының сөзі деген дәстүрге қарсы шығып, оқушылардың өзі өзінің білім алуында белсенділік таныту керек екенін айтты.

Реформаторлық педагогиканың өкілдерінен **Георг Кершенштейнер (1854–1932)** «*Еңбек мекетбі*» педагогикасын ұсынды. Оның идеясы бойынша оқушы мектепте қол еңбегіне үйренуі керек, техникалық дағдылар алуы керек. Еңбек оқуы мен тәрбиесін оқушы жалпы дамуының басты шарты деп түсінді.

Сонымен, реформаторлық педагогика ХХ ғасырдың бірінші жартысында мектеп реформасын жүргізудің маңызды негізі болды.

II.2.2. XIX ғасырдың 2-жартысы мен ХХ ғасыр арасындағы орыс ғалым-педагогтарының педагогикалық идеялары

Николай Иванович Пирогов (1810–1881) атақты хирург болуына қарамастан халық ағарту ісіне өз үлесін қосты. Н.И.Пирогов 1856 жылы Одесса оқу округының попечителі болып тағайындалғаннан кейін оқу жұмысының сапасын жақсартуға көп еңбек сіңірді. Мұғалімдердің өзара сабаққа кіруін, педагогикалық кеңестерде дидактикалық мәселелер туралы пікірлесуін, сыныптан-сыныпқа оқушыларды жылдық үлгеріміне қарай көшіруді ұсынды. Пироговты II Александр ұната қойған жоқ. 1861 жылы ол өз қызметінен шығарылды.

Пироговтың «**Өмір мәселелері**» мақаласы жалпы адамзаттық тәрбиені уағыздайды. Ол мектептерде берілетін тәрбиені қоғамдық өмірге жоғары адамгершілікті, ой-өрісі жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеуге тиісті деді. Пирогов бірнеше сатылы сословиелік мектеп жүйесін істеп шықты:

| | |
|-----------------------------------|-----------------------------|
| Университет яки жоғары оқу орны | Жоғары оқу орны |
| Классикалық гимназия (5 жыл) | Реалдық гимназия (3 жыл) |
| Классикалық прогимназия (4 жыл) | Реалдық прогимназия (4 жыл) |
| Элементар бастауыш мектеп (2 жыл) | |

Н.И.Пирогов сабақтың сапасын жақсартуға көп назар аударып, бірнеше нұсқаулар шығарды. Оның негізгі дидактикалық принциптері: саналылық, көрнекілікке, белсенділік пен дербестік.

Ғалым адамгершілік тәрбиесінің негізі саналы тәртіп деп есептейді. Ол балаларды ұрып-соқпай-ақ, сүйіспеншілікпен қарап саналы тәртіпке тәрбиелеуге болады дейді.

Лев Николаевич Толстой (1828-1910) XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда өріс алған қоғамдық педагогикалық қозғалыстың өкілдерінің бірі ретінде білім беру саласына өзгерістер енгізуді жаытады. 1859 жылы Ясная Полянада шаруа балаларына мектеп ашып, бала оқытты. Балаларға еркіндік берді, олардың сабаққа қызығуын оятты, творчестволық жұмыстарын қолдап отырды, оларға түсінікті етіп сабақ жүргізді. Мектепте оқу, жазу, грамматика, дін сабағы, орыс тарихынан әңгімелер, арифметика, география, жаратылыстану, сурет және ән үйретілді. Өзінің тәжірибесін «Ясная Поляна» атты журналында жариялап отырды.

Педагог оқытуда төмендегі *ережелерді* орындауды талап етті:

- балаларға қиын, түсіне алмайтын және оларға белгілі мәселені айтпау;
- артық нәрселерді айтып балаларды шаршатпау;
- сабақ материалының балаларға тым қиын немесе тым жеңіл болып келмеуі;
- сабақ сайын бір жаңалықтың болуы.

Л.Н.Толстой балалар толық түсінген материалды ғана есте сақтауы қажет деп санады. Олар өз бетінші жұмыс істеп, экс-

курсияларға шығуы керек, тәжірибе жасауы керек, көркем шығармалар жазуы керек деп есептеді.

Л.Н.Толстой 1872 жылы «Азбука», 1875 жылы «Жана азбука» және 4 оқу кітабын жазды. Бұл кітаптар 30 дан аса қайта басылып, земство мектептерінің ең жақсы оқулығы атанды.

III.2.3. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық мұрасы

Ұлы орыс педагогы **Константин Дмитриевич Ушинский 1824 жылы**, 18-февралда Тула қаласында туды. Новгород-Северск гимназиясында орта білім алды. 1840–44 жылдары Москва университетінің заң факультетінде оқыды. 1846 жылы Ярославдегі заң лицейіне профессор міндетін атқарушы болып тағайындалды. Бірақ лицейдің реакцияшыл мұғалімдер тобы мен басшысына жақпай, 1848 жылы лицейден шығарылды. Көп уақыт жұмыссыз жүріп, ұсақ жұмыстар атқарады. Тек 1862 жылы «Современник» журналына, кейіннен «Библиотека для чтения» журналына ауысады. 1854 жылы Гатчинадағы жетім балалар институтына оқытушы болып орналасады. 1855 жылдан инспектор болып істейді. Ол осы институтта оқу-тәрбие бөлімін басқарып жүріп, оқу-тәрбие процесін жетілдіру үшін көп еңбек сіңірді. Ол оқу-тәрбие жұмысын түбірлі өзгертті, программаларды қайта істеп шықты. Ол өзі енгізген жаналықтарды мұқият зерттеп барды, осының нәтижесінде «**Педагогикалық әдебиеттің пайдасы туралы**», «**Қоғамдық тәрбиенің халықтық негізі туралы**», «**Мектепті құрайтын үш нәрсе**» атты маңызды еңбектерін жазды. Ушинский жетім балалар институтының ең тәжірибелі педагогы болып танылды.

1859 жылы Ушинскийді Смольнийдегі бекзат қыздар институтуна ауыстырады. Бұл институтта өзінің жанашыл педагогикалық пікірлерін әрі қарай дамытты. Оқу жоспарларын өзгертті, ғылыми жаратылыс білімдерін енгізді, әсіресе, орыс тілі мен әдебиетін оқытуға көп көңіл бөлді. Оқытудың белсенді әдістерін қолдап, онымен пікірлес болған В.И.Водавовоз, Д.Д.Семенов, Л.Н.Модзалевский сияқты білімді педагогтар жаңа прогресшіл педагогикалық дәстүрді өмірде пайдаланды. «Халық ағарту министрлігінің журналында» 1860 жылы редактор бола жүріп

«Еңбектің психикалық және тәрбиелік мәні», «Қоғамдық тәрбиедегі адамгершілік элементі», «Оқытушы семинариясының жобасы» атты педагогикалық еңбектері мен «Балалар әлемі» атты хрестоматиясын жазды. Өз ісіне шын берілген жаңашыл педагог институттың студент қыздарына да, мұғалімдеріне де ұнады. Бірақ институт басшылары Ушинскийдің педагогикалық жаңалықтарын қолдамады. Оны Смольный институтынан кетуге мәжбүр етті.

Бұдан кейін оны ұзақ мерзімге шет елдердегі әйелдер оқитын оқу орындарының жұмысын үйренуге командировкаға жібереді. Ушинский бұркемеленген түрдегі жер аударуға кеткенін сезсе де, бұл командировканы ғылыми-педагогикалық жұмысқа пайдаланады. Ол «Адам тәрбиесі», «Швейцарияға педагогикалық саяхат» және «Ана тілі» оқулығын жазды. Бұл еңбектері педагогика ғылымына қосылған бағалы үлес болды.

Шетелден Ушинский денсаулығына байланысты 1867 жылы Россияға оралады. 1870 жылы 22 декабрде Одесса қаласында дүниеден өтті.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық пікірінің ең негізгі мәні – әр бір елдің өзінің ағарту жүйесі болуы керек деген идеясында.

К.Д.Ушинский: «Тәрбие дәрменсіз болмауы үшін, ол халықтық болуы тиіс», деп, жас ұрпаққа берілетін тәрбиенің халықтық болуын жақтады.

Тәрбиенің халықтық идеясын жүзеге асыру үшін, ол мынадай негізгі жолдарды белгіледі.

1. Ағарту ісі мен тәрбие кең демократизм негізінде құрылуы керек. Тәрбие ісіне халық өзі қож болып, мектептер бүкіл халықтың жастарын қамтуы тиіс.

2. Халықтық идеяның басты бір сипаты қоғамшылдық, соған байланысты тәрбие мен білім беру, олардың төңірегі қоғамдық атмосферада болуы тиіс, себебі халықтық идея мейлінше кең қоғамдық жолдар арқылы іске асады.

Ол халықтық педагогика, ұлттық мектеп құру туралы ойлары арқылы шетел педагогикасына қарсы шықпайды.

К.Д.Ушинский еңбек тәрбиесіне көп көңіл бөледі. Ол еңбекті, біріншіден, адам өмірінің негізі, екіншіден, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиелерінің көзі деп қарады. Ол селолық мектептер-

де еңбек ауыл шаруашылығына тікелей байланысты болу керек дейді.

Ғалым мектепті адамға қоғамдық тәрбие беретін орта деп қарап, балаларға білім беру мен адамгершілікке тәрбиелеудің жеткіліксіздігін, арнайы адамгершілік тәрбиесін беретін жексенбілік мектептер ашылуы керектігін айтады. Халық мектебі білімінің міндеті *«балалардың ақыл-ой қабылетін дамыту, айналасын қоршапған табиғат пен қоғамдық қатынастарға олардың табиғи түрде дұрыс көзқарастарын қалыптастыру, олардың өздігінше құратын өмір мен әрекетке қабілетін дұрыс өсіру»*, - дейді Ушинский.

Ушинский дидактиканың негізі проблемасы – формалдық (білім беру арқылы баланың ақыл-ой қабілетін, ойлауын сөзін дамыту) және материалдық білім (жүйеге түскен білімдер мен қарулантыру) беруді бірге алып баруды шешті. Ол білімнің екі бағытын қамтитын мына пәндер мектепте оқытылуы тиіс дейді: *ана тілі, тарих, география, математика, жаратылыс, шет тілдер*. Бұлардың ішінде ана тіліне көп мән беріп, былай дейді: *«Ана тілі – бүкіл ақыл-ой дамуының негізі және бүкіл білімдердің қазынасы»*. Сондықтанда ол халыққа жаппай білім беруде ана тілінде бастауыш мектептер ашу керек екенін талап етеді. Оның ойынша, оқу әрі білім беру, әрі тәрбиелеу міндетін атқару үшін үш түрлі жағдай болуы керек:

- 1) оқу өмірмен байланысты болуы;
- 2) оқу баланың табиғатына сәйкес құрылуы;
- 3) оқу ана тілінде болуы.

Ушинскийдің дидактика және методика бойынша еңбектері мыналар: **«Адам тәрбиесі» «Н.И. Пираговтың шығармалары», «Ана тілін оқытуға басшылық», «Швецарияға педагогикалық саяхат»**. Ол догматикалық әдістер мен құрғақ жаттауға қарсы күресті. Оның дидактикалық принциптері:

- 1) оқудың тәрбиелік сипатта болуы;
- 2) оқудағы баланың саналылығы мен белсенділігін арттыру;
- 3) көрнекілік принципі;
- 4) оқытудың жүйелілігі мен сатылығы;
- 5) білім мен дағылырдың тиянақтылығы.

Ол тұңғыш рет бастауыш мектептің көрнекілік методикасын жасады. К.Д.Ушинский оқыту жұмысын ұйымдастырудың негізі жолы сыныптағы сабақ жүйесі деп білді және осы жүйе үшін күресті.

Мектептегі тәртіп тәрбиелік міндеттермен тығыз байланысты деп қарады.

Ғалым мұғалімді халық мұғалімі деп атады, сондықтан оның өмірге белсене араласуын талап етті.

К.Д.Ушинский өзінің педагогикалық еңбектерінде педагогиканың ғылым әрі тәрбие өнері екендігін көрсетіп берді, тәрбиенің халықтық болу идеясын негіздеді, жеке адамды тәрбиелеу теориясы мен дидактиканы дамытты, мұғалімдерге қойылатын талаптарды сипаттады. Оның халық мектептері үшін жазған оқулықтары Россияның ең жақсы оқу әдебиеттері ретінде қайта-қайта баспадан шықты.

К.Д.Ушинскийдің педагогикалық теориясы өзінен кейінгі педагогикалық ой-пікірлердің дамуына ерекше әсер етті.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Батыс Европада, АҚШта, Россияда пайда болған реформаторлық педагогика және оның негізгі ағымдары туралы айт.

2. Педагогикалық традиционализм бағытын ұстанғандардың педагогикалық көзқарасының негізі не?

3. Реформаторлық педагогика ұсынған концепциялар мен идеялар қандай?

4. П.И.Пирогов пен Л.Н.Толстойлардың педагогикалық идеялары мен тәжірибелерінің педагогика ғылымындағы орны қандай?

5. К.Д.Ушинскийдің өмірі мен педагогикалық қызметі туралы айт.

6. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық теориясына сипаттама бер.

7. К.Д.Ушинскийдің педагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі қандай?

III.3. Қазіргі заманда әлем мемлекеттерінде білім беру мен педагогика

III.3.1. Әлем мемлекеттерінде білім беру системасы

Әлемнің барлық мемлекеттері бүгін бүкіл планетаның азаматын тәрбиелеу ойларымен бірігіп отыр. Халықаралық білім беру кеңістігі жедел түрде дамуда, сондықтанда әлемдік қоғамдастық адамның қай жерде жасауына және білім дәрежесіне қарамастан оның білім алуының глобалды стратегиясын жасауға ұмтылуда. Барлық мемлекеттер заманауи білім халықаралық болуы керек екендігін, мектептік және университеттік білім беру көп мәдениетті білім берудің сипаттарын өзінде қамтуы керек екенін түсініп жетті. Себебі, жаһандану мен ғылымдық экономиканың пайда болуы нәтижесінде әр қандай мемлекеттің экономикалық өркендеуі оның табиғи ресурстарына, қай жерде орналасқанына, көлеміне қарай емес, білімдерді, идеяларды және жаңалықтарды қолдану арқылы байлығын көбейту қабілеттеріне байланысты болады. Мұнда тек білім беру ғана мемлекеттерге білім, новаторлық және творчестволық дәрежесін көтеруге мүмкіндік жаратады.

2011 жылы ноябрде ЮНЕСКО Бас конференциясының 36-сессиясында Білім берудің халықаралық стандарттау классификациясы (ISCED) (БХСК халықаралық салыстырмалы деректерді жинау және талдау үшін статистикада пайдаланылатын Біріккен Ұлттар Ұйымының Әлеуметтік-экономикалық классификациялаудың халықаралық жүйесіне кіреді) жаңаланды. Онда *тоғыз деңгей* көрсетілген: 0 деңгей – кіші жастағы балаларға білім беру; 1-деңгей – бастауыш білім беру; 2-деңгей – орта білім берудің бірінші кезеңі; 3-деңгей – орта білім берудің екінші кезеңі; 4-деңгей – үшінші дәрежелі болмаған орта білімнен кейінгі білім беру; 5-деңгей – жоғары білім берудің қысқа циклі; 6-деңгей – бакалавриат немесе оның эквиваленті, 7-деңгей – магистратура немесе оның эквиваленті; 8-деңгей – докторантура немесе оның эквиваленті.

Әлемдік білім беру кеңістігін әртүрлі деңгейдегі және типтегі ұлттық білім беру системасы біріктіреді. Бүгін әлемде білім беру системасының өзара жақындығы және өзара әрекеті бойынша бірнеше региондар типі (А.П.Лиферов) анықталған.

Бірінші типтегі региондарға интеграциялық процестердің генераторлары болған мемлекеттер жатады. Бұған Батыс Еуропа елдері кіреді. Батыс Еуропа елдерінде өткен ғасырдың 90-шы жылдарында басталған барлық білім беру реформаларының негізі бірігу идеясы болды.

Сонымен бірге АҚШ және Канаданы да бірінші типтегі регион қатарына жатқызуға болады. Бірақ оларда білім беру саласындағы интеграциялық нығайту өзгеше жағдайда амалға асырылады.

Әлемде интеграциялық процестердің генераторы болатын жаңа, Азиаттық-Тынықмұхиттық регион (АТР) қалыптасып келе жатыр. Бұған Корей Республикасы, Тайвань, Сингапур, Гонконг, Малайзия, Таиланд, Филиппин және Индонезия мемлекеттері жатады. Бұл мемлекеттердің барлығына тән болған жағдай – оқыту мен кадрлар даярлаудың сапасына жоғары талап қою стратегиясы.

Екінші типтегі региондарға интеграциялық процестерге позитивті жауап қайтаратын елдер жатады. Бұған Латын Америкасы мемлекеттері кіреді. Латын Америкасы елдері «Латын Америкасы мен Кариб бассейні елдері үшін білім беру бойынша ЮНЕСКОның негізгі проекті» атты программаны іс жүзінде амалға асыруда. Программаның аясында сауатсыздықты жою, барлық мектеп жасындағы балаларға сегізжылдық немесе тоғызжылдық білім беру, әлемдік базарда бәсекеге қабілетті болу мәселелері шешілуі қажет.

Үшінші типтегі региондарға интеграциялық білім беру процестеріне салғырт қарайтын елдер жатады. Бұл топқа Африканың көптеген бөліктері, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар мемлекеттері, Тынық және Атлант мұхиты бассейндерінің онша үлкен болмаған аралдық мемлекеттері жатады. Бұл регионда халықтың басым бөлігі сауатсыз. Мектептердің материалдық базасы өте нашар, оқытушылар жетіспейді.

Жоғары білім беру системасын қалыптастыруға жағдай жаратылмаған.

XX ғасырдың соңына келіп экономикалық, саяси және әлеуметтік себептерге байланысты білім беру мен интеграциялық процестердің **бірізділігі бұзылған региондар** пайда болды. Мұндай региондарға араб елдері, Шығыс Европа және алдыңғы СССР мемлекеттері кіреді.

Білім беру әлемнің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, өйткені біздің жана ұрпағымыздың тиісті білімдерсіз болашағы болмайды, оларсыз осындай қиын да күрделі әлемде балаларымыз аман қала алмайды. Мұның маңыздылығы қаншалықты айқын болғанымен, әр елдің білім беру жүйесі әртүрлі болып келеді. Білім беру өмір сүрудің приоритетті саласы болып табылатын елдер бар және оған мүлдем назар аудармайтын елдер бар. Жақсы білім беру жүйесі қатаң тәртіп дегені емес, мұнда бастысы – сапа. Деректерге сүйенсек, дамушы және дамыған елдер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтық шамамен 100 жылды көрсетеді.

Қазіргі уақытта Шығыс Азия елдері басқа дамыған елдерде артта қалдырып, ең жоғары рейтингке көтерілді. Оңтүстік Корея бірінші орында, одан кейінге орындарды Жапония, Сингапур және Гонконг иелеп тұр.

Әлемдегі білім беру жүйесі ең үздіктердің қатарында Финляндия, Германия, Ұлыбритания, Нидерланды, Жаңа Зеландия, Швейцария, Канада сияқты мемлекеттер де жатады. Әрине, бұл тізімдегі орындар жылда елдің экономикалық дамуы, заманына сай мектептің бағалануы және білім беру жүйесінің дамуына сай өзгеріп тұрады.

XX ғасырдың соңында әлем мемлекеттерінде жаһандану процесі, яғни жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының процесі дами бастады. Бұл – барлық салаларда интеграциялық процесс болуын талап етеді. Өткен ғасырдың соңында жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытында жалпыевропалық білім кеңістігін қалыптастыру бойынша бірнеше халықаралық құжаттар қабылданды. Атап айтсақ, 1997 жылы 11-сәуірде Лиссабонда қол қойылған Европалық аймақтағы жоғары білім-

ге қатысты біліктілікті тану туралы **Конвенция** бекітілді. Ал 1998 жылдың 25-мамырында Сорбон қаласында Францияның Италияның, Германияның және Ұлыбританияның Білім министрлерінің жоғары білімнің европалық жүйесі архитектурасын үйлестіру бойынша **Бірлескен Декларациясы** қабылданды. 1999 жылы Европаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері **Болон декларациясына** қол қойды. Бұл декларацияға сәйкес 2010 жылға дейін Европалық білім берудің бірыңғай жүйесіне көшу көзделген болатын.

Болон процесі дегеніміз – жоғары білімнің бірыңғай европалық жүйесінің құрылу процесі. Болон процесі европалық білімнің бәсекелестікке қабілеттілігін жоғарылату, ұлттық білім беру жүйелерін жақындастыру, көпдәрежелі жоғары білімді енгізу, академиялық кредиттер жүйесін қабылдау, білім сапасын бақылау және студенттер мен оқытушылардың мобильділігін кеңейтуді көздейді. Болон процесі жоғары білім беруді бакалавр, магистратура, докторантураға негізделген үш саты бойынша бекітеді.

Болон процесі бойынша жоғары білім беруде ECTS кредиттік жүйесі қолданылады. **ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System) кредиттік жүйесі** – халықаралық қолданыстағы өлшем. ECTS – студенттің еңбегін өлшейтін жеке өзінің кредиттері бар жүйе. Студенттің еңбегіне: сабаққа қатысу, аудиториялық сағаттар және студенттің жеке жұмысына арналған сағаттар, емтихандарға дайындықтар мен сынаққа арналған шаралар жатады. ECTS кредиттері әртүрлі курстағы әр студенттің академиялық оқу жылындағы жұмыстарын және керекті мөлшерін көрсетіп тұрады.

ECTS жүйесіндегі ортақ жылдық жүктеме 60 кредитке тең. Бір семестрге 30 кредиттен келеді. Бір ECTS кредит 25-30 академиялық сағатқа тең. Бұл кредиттік жүйеге көшу студенттердің өздігінен білім алуына жағдай жасау үшін әзірленген. Студенттердің өз бетімен білім алуы үшін бос уақыттың болуы – олардың оқуға деген оң көзқарасының болуына, өз біліміне деген жауапкершілікті сезінуіне мүмкіндік береді. **Кредиттік оқыту технологиясы** – оқытудың бағытсыз жүйесі. Яғни, білім беру процесінің жеке жоспарлау мүмкіндігі болады. Оқыту жүйе-

сінін бұл түрі студенттерге оқытушыларды таңдау еркіндігін де береді. Осы арқылы оқытушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндігі туындайды.

III.3.2. Экономикалық өркендеген мемлекеттерде оқыту мен тәрбие тәжірибелері

Өркендеген шет елдерде білім беру мемлекеттің ішкі саясатына белсенді ықпал ететін әлеуметтік процесс екендігі тән алынған. Сол себепті де шет мемлекеттерде мектеп қажеттілігін экономикалық жағынан қаржыландыруға бөлініп жатқан қаржы мөлшері жылдан-жылға артып баруда.

Жапондарда, мәселен, «мектеп жетістік пен жарқын өмір белгісі» ғана болып қалмай, «ол адамдарды жақсылайды» деген пікір сенім мен көзқарасқа айналған.

Дамыған мемлекеттерде педагогикалық зерттеулерді жүзеге асыратын көп санды ғылыми мекемелер жұмыс істеп тұр. Германияда олардың саны 2 мыңнан артық. Франция, АҚШ, Жапонияларда білім беру теориясы проблемаларымен жүздеген мемлекеттік және жеке меншік ұйымдар, университеттер, педагогикалық зерттеу орталықтары шұғылданауда. Олардың қызметін халықаралық білім орталықтары, мәселен, АҚШта халықаралық білім беру институты сәйкестендіріп баруда. Көпшілігінің қызметі оқу бағдарламаларын жетілдіру мен қайта құруға бағытталған.

Оқу бағдарламаларын қайта көріп шығу. Мектеп бағдарламаларын өзгерту негізгі 2 бағытта: 1) *экстенсивті* және 2) *интенсивті* жолмен жүзеге асырылады.

Бірінші жағдайда оқу мерзімі ұзартылады, оқу материалдарының көлемі көбейтіледі. Екінші жағдайда болса, мүлдем жана бағдарлама жаратылады.

1961 жыл «Бас жаңа базис» қағидалары негізінде АҚШ орта мектептерін реформалауды бастаған еді.

Мұның нәтижесінде мектептерге ағылшын тілі мен әдебиеті, математика, табиғи білімдер, қоғамдық пәндер, компьютер техникасы сияқтылардан тұратын бес бағыттағы міндетті білім беру енгізілді.

Әрбір бағыт өз кезегінде бірнеше бөлімге бөлінеді. Мысалы, математика, алгебра, тригонометрия, жұмыс жүргізу, компьютер техникасын қолдау т.с.с. тұрады. Барлық міндетті пәндер құрамына жаңа курстар енгізілді. 1985 жылдан бері барлық жоғары басқыш коллеждерінің 90 %-і осы бес базисті қағидалар негізіндегі бағдарламалармен жұмыс жүргізуде. Соның нәтижесінде: міндетті даярлық бойынша білім беру көлемі қысқарды, сонымен бірге оқу программасы тереңдетіліп үйренілетін курстар есебіне тығыздатылды.

80-жылдарда міндетті білім көлемін қысқарту процесі одан да тереңдетілді. Тіпті кейбір коллеждерде бұл салада 3 жаңа: ағылшын тілі мен әдебиеті, математика, қоғамдық білімдер базистері негізінде жұмыс жүргізіле бастады. Білім берудің басқа түрлері болса мамандандыру кезеңіне дейін жүзеге асырылатын болды.

Америкадағы көзге түскен «Карнеги фонды» педагогикалық орталығы бұл программаны ХХІ ғасыр программасы деп бағалауда. Оқу программасын қайта құру процесі Батыс Еуропа мемлекеттерінде де жүзеге асырылуда. Мысалы, Ұлы Британияда оқу министрлігінің ұсыныстарына сәйкес оқу жоспары мен программасын білім беру мекемелерінің өздері белгілейді.

Аталған ұсыныстарға сәйкес оқу сағаттарының 50 проценті оқытылуы шарт болған «ядролық» пәндер болып саналатын: *ағылшын тілі мен әдебиеті, математика, дін сабағы, дене тәрбиесі* сияқты пәндерге бөлінеді. Оқу сағаттарының қалған бөлігі болса оқытылуы шарт саналып, таңдап алынған пәндерге бөлінеді.

80-жылдардан бастап Ұлы Британияда да АҚШ тағы сияқты үйренілуі міндетті болған пәндер шеңбері кеңейтілді. Ағылшын тілі мен әдебиеті, математика және табиғи пәндер оқу сеткасының ядросын алатын болды. Қалған пәндерді оқушылар мен ата-аналар өз еріктерімен таңдап алады.

«Жаңа дүниенің» педагогикалық идеялары Франция мен Германияның білім беру жүйесіне де сезілерлі дәрежеде әсер етуде.

Германияда толықсыз орта мектептерде негізгі пәндермен қоса таңдап алынатын химия, физика, шет тілдері кіргізілген

оқу программасы да іс жүзінде қолданылып жатыр. Бұл оқу программасы толықсыз орта мектеп көлемінен шығып, орта мектептер мен гимназияларды да қамтуда.

Франция бастауыш мектептерінде білім беру мазмұны ана тілі мен әдебиеті және математикадан тұратын негізгі және тарих, география, халықтану, табиғи пәндер, еңбекке баулу, дене тәрбиесі мен эстетикалық тәрбие сияқты қосымша пәндерге бөлінеді.

Жапония мектептері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін-ақ Американың білім беру жолын ұстанды. Алайда бұл екі мемлекеттің оқу программасында бірқатар айырмашылықтар байқалады. Жапонияда оқу программалары өте күрделендірілген. Негізгі пәндер көлемі біршама кең. Бірнеше жаңа арнаулы және факультативтік курстар енгізілген. Мәселен, жалпы білім беретін мектептердің оқу программасына ұлттық және әлем классикалық музыкасын үйрену де енгізілген.

Интеграцияландырылған және арнаулы курстар. Экономикалық өркендеген мемлекеттерде ХХ ғасырдың 60–80-жылдарында табиғи ғылыми білім беру программасының құрамына физика, химия, биология, кейбір жағдайларда астрономия, геология, минералогия, физиология, экология элементтері енгізіліп, ол АҚШ пен Францияда 4 жыл, Ұлы Британияда 6 жыл, Германияда 2 жыл оқытылады. Оқу программаларын интеграциялау кезеңінде жаңа курстар пайда бола бастады. Францияда 70–80 жылдарда толықсыз орта мектептердің оқу программасындағы табиғи-ғылыми және гуманитар циклдарына эксперименттік, экономикалық, экономикалық-гуманитарлық курстар енгізілді.

Қазіргі күнде өркендеген мемлекеттердің оқу программасына интеграцияландырылған курстарды кіргізу толық жүзеге асырылған. Мысалы, Франция мектептерінде оларға 6–10 процент, Ұлы Британия мектептерінде 15 процент оқу сағаттары бөлінген.

Соңғы жылдарда АҚШта ғылыми білімдерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету мақсатында интеграцияландырылған курстардың түрлі варианттарын істеп шығуда.

Еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беру жұмыстары. Экономикалық өркендеген мемлекеттерде еңбекке баулу және кәсіптік бағдар беру бойынша оқу программаларын кеңейту; профессионализмге көңіл бөлу; материалдық базаны нығайту сияқты аса ауқымды жұмыстар жүзеге асырылуда. 1977 жылы АҚШта қабылданған «Еңбек әрекетіне даярлау» актінің негізгі идеясы да соған қаратылған. АҚШ-та бұл мәселеге ерекше мән беріледі.

Батыс Европада да бұл салада өзіне тән жаңа бағыттар пайда болған. Мәселен, Францияда еңбекке баулуға бөлінген оқу сағаттары 1,5 есе арттырылды. Ұлы Британияда «Еңбекке баулу және кәсіпке даярлау» актісіне сай мектептер бірқанша салалар бойынша міндетті кәсіптік білім беру программасын өзгертуде.

Еңбекке баулуда стажировка негізгі орын алады. Стажировка программасы және оны жүзеге асыратын кәсіпорынды таңдауда ата-аналармен келісіп отырады. Стажировкаларды ұйымдастыру мен жүзеге асыруға кететін қаражаттардың үлкен бөлігін өндіріс орындары мен қаржыгерлер төлейді. Мәселен, Германияда еңбекке баулу стажировкасын жүзеге асыруға 450 мың компания мен кәсіпорындар жәрдем береді. Олардың ішінде кіші шеберханалардан бастап «Мерседес Бенц» сияқты үлкен кәсіпорындар да бар.

Еңбекке баулумен бірге кәсіптік бағдар беру жұмыстары да заман талаптарына сай жетілуде. Кәсіптік бағдар беру сабақтары барлық дамыған мемлекеттерде бар. Мұндай сабақтарда еңбек әлеміндегі өзгерістер мен тенденциялар, белгілі бір кәсіпті игеру мүмкіндіктері де үйретіледі. Мұндай сабақтарды пән оқытушылары және кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша арнайы консультанттар жүргізеді. Бұлардан тыс кәсіптік бағдар беру бойынша консультация пункттері де болып, олар жоғары класс оқушылары мен ата-аналарға сол сала бойынша консультациялар ұйымдастырады. Мұндай консультация пункттері мектептер құрамына кірмейді. Олар яки жеке, яки еңбек биржалары жанында болады.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыруда кәсіпорындар жүзеге асырып жатқан жұмыстар да ерекше орын алады.

Олардың штатты консультанттары мектептерде кәсіптік бағдар беру бойынша кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Оқыту жұмыстарын дифференциялау проблемалары. Мектептерде жүргізіліп жатқан реформалар білім беруде дифференциялап оқытудың проблемаларын тудырды. Бұған ақша төлеп оқу, сыныпта не курста оқу курсың үлгіре алмай, екінші жылға қалып кету, емтихандарды өте талапшандық негізінде өткізу себеп болуда.

Оқушыларды дифференциялап оқыту шет елдерде бастауыш білім алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Мысалы, француз педагогтары оқушыларды 3 топқа бөліп оқытуды жақтайды:

1) **гомогендер** – математикалық және гуманитарлық бағытта жұмыс жүргізсе болатын оқушылар;

2) **жартылай гомогендер** – табиғи циклдағы пәндерді үлгіре алуға бейім оқушылар;

3) **гегерон** – барлық пәндерден әр түрлі дәрежеде үлгіретін оқушылар.

Дифференциялап оқыту процесінің жаңа маңызды бағыты *толықтырушы білім беруді* дамыту болып отыр.

Толықтырушы мектептер пайда болуының себебі – АҚШ пен Батыс Европада сабақты меңгере алмайтын оқушылардың көбейіп бара жатқандығы, сауатсыздықтың өршіп бара жатқандығы болып отыр.

80-жылдарда АҚШ оқушыларының 50-жылдарға қарағанда рейтинг көрсеткіші 973-тен 893-ке түсті. Францияда лицей оқушыларының әр үшіншісі нашар үлгереді. Оқытуда кездесіп жатқан мұндай келеңсіз жағдайды дұрыс шешу толықтырушы білім беру міндетіне кіреді.

Толықтырушы білім беру мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінде, мектеп және лицейлерде жүзеге асырылуда. АҚШ-та бұл қызметке бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері де тартылған. Ұлттық телекомпания арнайы оқу каналы арқылы 130 сағаттық оқу программаларын ұйымдастырған.

Оқу процесін дифференциялау бойынша шет мемлекеттердің көпшілігінде зерттеу жұмыстары жалғастырылуда.

Арнаулы мектептер. Өркендеген мемлекеттерде дарынды балаларға көңіл бөлу күн сайын артып баруда. Кейінгі уақытта өз қатарластарына қарағанда қабілеті бірнеше есе артып кеткен балалар көптеп кездесуде. Олар оқуды өте ерте бастап, оқу курстарын өте жылдам меңгеріп, сенсация болатын дәрежеде жетістіктерге жетуде.

Осындай дарындылар мектебі Батыста ХХ ғасырдың 80-жылдарында пайда болған еді. Мұндай мектептердің оқу программалары балалардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін толық ашып беруді қамтамасыз ететін дәрежеде күрделі түзілген.

Қабілетті балалармен жұмыс жүргізу программалары АҚШ-та кең өріс алған. Кейбір қалаларда жоғары категориялы балалар бақшалары ашылған болып, оларда 4-5 жастағы балалар мектеп программасымен оқытылады. АҚШта «Мерит» программасы негізінде әр жылы жоғары сыныптар мен коллеждерден ең қабілетті балалардан 600 мыңы таңдап алынады. Олар ара-сында тест сынақтары өткізіліп, ең қабілетті 35 мың оқушы таңдап алынады және оқытылады. Оларға түрлі жеңілдіктер, стипендиялар, жақсы жағдайға ие болған мекенжай беріледі, ең жоғары дәрежедегі университеттерге қабылдау және т.б. жүзеге асырылады.

Алайда дарынды балаларға карама-қарсы категорияда тұрған ақыл-ойының дамуында кемістігі бар оқушылардың тағдыры да шет елдік мамандарды толғандыруда. Мұндай жағдайдың келіп шығу себептерін үйрену, алдын алу бойынша көптеген профилактикалық жұмыстар жүргізілуде және олар үшін арнаулы мектептер ашылуда. Дегенмен, статистикалық мәліметтер мұндай балалар санының барған сайын артып бара жатқандығын көрсетіп отыр.

Мәселен, 1968 жылдан 1979 жылға дейін Франциядағы ақыл-ой және дене дамуында кемістігі бар балалар үшін ашылған мектептер саны 16 ретке артқан. Бұл проблемаларды шешу бойынша барлық өркендеген мемлекеттерде жүйелі ізденістер процесі жүргізілуде.

70-жылдары АҚШ келешек мектебінің жалпы ұлттық жобасын жүзеге асыруға бет бұрды. Бұл эксперимент мазмұны оқушының оқытушы бұйрығымен жұмыс істеуін емес, оқушыларға

көбірек өз беттерінше жұмыс жүргізу мүмкіндігін беруден тұрады. Бұлай оқыту сыныпта жұмыс істеуді, өз бетінше жаттығу-ды, оқытушы консультациясын өз ішіне алады.

Германия мектептерінде сыныптағы оқушылар санын азайту тәсілі қолданылады. Мұндай оқушылардың әр біреуіне индивидуал пакеттер таратылады. Тапсырмаларды оқушы өз бетінше орындайды, қажет болған кезде ол оқытушыдан консультация алады.

Дамыған мемлекеттерде білім беру системасы. Америка Құрама Штаттарындағы білім беру системасының құрылымы төмендегідей:

1) мектепке дейінгі мекемелер (3–5 жас аралығындағы балалар);

2) 1–6 сыныптарды қамтыған бастауыш мектеп (6 жастан 12 жасқа дейін);

3) 7–9 сыныптарды қамтыған кіші орта мектеп (13 жастан 15 жасқа дейін);

4) 10–12 сыныптарды қамтыған жоғары орта мектеп (16 жастан 18 жасқа дейін);

5) жоғары оқу орны (университеттер мен колледждер);

6) аспирантура және докторантура.

Мектепке дейінгі балалар 5 жасқа дейін балабақшада тәрбиеленеді және нөлдік сыныптарда қарапайым ойындардан оқу-дың алғашқы жазу, оқу сатысына өтеді.

Бастауыш мектепте барлық оқу пәндерін бір мұғалім жеке өзі жүргізеді. Бастауыш мектепте оқыту арнайы жасалған жоспар бойынша жүзеге асады. Оған оқу, әдебиет, хат жазу, орфография, ана тілі, ән, өнер, арифметика, тарих, география, өзін-өзі тану, гигиена, дене шынықтыру және еңбек пәндері.

АҚШ-та орта мектеп екіге бөлінеді: кіші және жоғары. Кіші орта мектептің 7–9 сыныптарында жалпыға бірдей программа қолданылып, қалған сабақтары таңдау бойынша (электив курстар) жүреді. Жоғары орта мектептің 10–12 сыныптарында міндетті түр-де 5 оқу пәні және тәжірибелік академиялық бағыттағы бейін-дік пәндер оқытылады.

Америкалық мектептерде оқу 170–186 күнге созылады, оқушылар аптасына бес күн оқиды. 8-сыныптан бастап пән

тандай-ды. Міндетті пәндерге: ағылшын, математика, әлеуметтану, өзін-өзі тану, дене шынықтыру, гигиена, ән, өнер, еңбек (ер балалар-ға), үй шаруасы (қыз балаларға) жатады.

Жоғары орта мектептер жалпы білім беру орны болып саналады. Оқушылар мектепті 17-18 жас аралықтарында бітіреді.

Жапониядағы білім беру системасының құрылымы:

- 1) мектепке дейінгі білім беру (6 жасқа дейін);
- 2) бастауыш мектеп – 6 жыл оқиды (6–12 жас);
- 3) орта мектеп – 3 жыл (12–15 жас);
- 4) аға мектеп – 3 жыл (15–18 жас);
- 5) жоғары білім: колледждер, техникалық колледждер, мамандандырылған колледждер, жоғары оқу орындары,
- 6) дипломнан кейінгі білім: магистратура – 2 жыл, докторантура – 3 жыл.

Балалар 3 жасынан бастап балабақшаға міндетті түрде барады. Осы жерде жүріп хирагана мен катакананы оқып үйреніп, арифметиканың негіздерімен таныса бастайды.

Барлық бала мектепке қабылдану үшін емтихан тапсырады. Емтиханнан өте алмағандар қосымша дайындық мектебіне барып, келер жылы қайта тапсырады.

Бастауыш және орта мектептегі білім тегін. Ал жоғарғы мектеп пен университетте тек ақылы бөлімде оқиды.

Бастауыш мектепте үй тапсырмасын бермейді. Орта және жоғарғы мектеп оқушыларына үй тапсырмасы көп мөлшерде беріледі.

Оқушылар жапонша жазып, кітап оқып үйрену үшін **2500 таңбаны** жатқа білуі тиіс

Жапонияда оқу жылы 1-апрелде басталады және үш триместрден тұрады. Демалыс кестесі мектеп, балабақша, жоғары оқу орындары үшін бірдей. Жапониялық оқушылар дүйсенбіден жұмаға не сенбіге дейін, аптасына 5 немесе 6 күн оқиды.

Жапония білім беру жүйесіндегі мектептердің көбі – муниципалды және бюджет қаржыландырады. Бірақ 5 пайызы – жеке меншік мектептер. Жапония мектептерінің оқушылары 12 жыл оқиды. Мектептегі сыныптар үлкен, 40-қа жуық оқушы оқиды. Әр сыныптың өз кабинеті бар және мұғалімдер онда сабақ өткізу үшін келеді. Сабақтың ұзақтығы 45 немесе 50 минут. 10-12

сыныптарда оқу міндетті емес. Бірақ оқушылардың 94 пайызы 12 жыл оқиды.

Мектеп бітіргеннен кейін түлектердің 75,9 пайызы жоғары оқу орындары, училище, колледждерде білімін жалғастырады.

Франциядағы білім беру системасының құрылымы:

- 1) мектепке дейінгі тәрбие (2–6 жас);
- 2) бастауыш мектеп (6–11 жас) – оқу 5 жыл;
- 3) орта білім беру – 1-басқыш (11–15 жас) 4 жыл, 2-басқыш (15–18 жас) 3 жыл, лицейде бакалаврға емтихан тапсырумен аяқталады;

4) жоғары білім беру: университеттер, жоғары мектептер.

Францияда балалардың балабақшаға бару міндетті болып табылады. Балабақша екі және алты жас аралығындағы балаларды қабылдайды. Оқушылар жас бойынша үш топқа бөлінеді. **Бірінші топқа** 4 жасқа дейінгі балалар қабылданады, олардың қызметі әр түрлі ойындар, **екінші топта** 5 жасқа дейінгі балалар сурет салу, мүсіндеу, сонымен қатар өзара қарым-қатынаста болуға үйренеді. Ал **үшінші топта** 6 жастағы балаларды оқуға, есептеуге және жазуға үйретеді, оларды мектепке дайындайды.

Францияда 6 жастан 16 жасқа дейінгі балалардың мектепке баруы міндетті. Балалары мектепке уақытында жіберілмеген отбасыларға айыппұл салынып, балалар жәрдемақысын алу құқығынан айырылады.

6 жастан 11 жасқа дейінгі балалар бастауыш білім алады. Осы 5 жыл ішінде олар оқу, жазу және санау дағдыларын меңгеріп, жаратылыстану, тарих, география және т.б. пәндерден бастапқы білім беріледі.

Орта білім алу әр түрлі формада беріледі:

Бірінші цикл 4 жылға созылады. Осы кезеңде 11-ден 15 жасқа дейінгі балалар ең қажетті білім алады.

Екінші цикл ұзартылған программа бойынша 3 жылға созылады. Оқушылар лицейлерде оқып, курс соңында бакалавр дәрежесін алу үшін емтихан тапсырады.

Төрт мамандандырылған бағыт бар:

- гуманитарлық (А);
- экономикалық және әлеуметтік (В);

- табиғи-математикалық (С);
- техникалық-математикалық (D).

Оқушылар мамандықтар бойынша емтихан тапсырады, олардың нәтижелері Францияның көптеген жоғары оқу орындарына оқуға түсу емтихандары болып саналады.

Қысқартылған екінші циклды бітіргендерге орта арнаулы білім беріледі.

Францияда оқу 3 семестрге бөлінеді:

- 1) сентябрдің ортасынан декабрге дейін;
- 2) январдан апрелге дейін;
- 3) апрелден июнге дейін.

Әрбір триместрдің соңында ата-ана баласының орташа балы, әр пән бойынша академиялық үлгерімі, мұғалімнің ескертулері мен жалпы пікірі көрсетілген мектеп бюллетенін алады.

Финляндиядағы білім беру системасының құрылымы:

1) мектепке дейінгі білім беру (9 айдан – 7 жас);

2) негізгі мектеп: кіші мектеп (7–13 жас) – оқу 6 жыл; жоғары мектеп – (14–16 жас) 3 жыл;

3) негізгі мектептен кейін гимназияда оқуын жалғастыруы мүмкін; онда аяқталған жалпы орта білім беру – оқу 3 жыл немесе кәсіптік-техникалық училищеде оқуы мүмкін – оқу 1 жылдан 4 жылға дейін;

4) жоғары білім беру университеттер, жоғары кәсіптік мектептер.

Финдер сәби дүниеге келе салысымен, оған толыққанды азамат ретінде қарайды. Бірден төлқұжат береді. Финляндияда кез келген 10 айлық бала балабақшаға баруға құқылы. Ол жерде тамақты тегін береді. Әдеттегі балабақшаға мүгедек балаларды да қабылдайды. Олар өзге балаларға ілесіп, нәтижесінде жастайынан өмірге икемделе бастайды. Мектепке дейінгі тәрбие муниципалды және отбасылық балабақшаларда жүзеге асырылады.

Финляндия заңнамаларына сәйкес, мектепке барар алдында балалар бір жыл бойы дайындық курстарынан өтуі керек. 6 жасынан бастап баланы мектепке дайындайды. Ол жерде мектепке қажет болатын дағдыларын жетілдіреді. Тіпті бастауыш сыныптың бағдарламасын меңгерте бастайды. Баланы ерекше талант иесі деп танып, мектепке дейін екі тілді меңгертеді.

Бала мектепке жеті жасында барады. Финляндияда тұрақты жасайтын барлық балалар негізгі жалпы білім алуға міндетті. Орта мектепте оқу тоғыз жылға созылады. Негізгі жалпы білім алу міндеті бала орта мектеп бағдарламасының толық көлемін игергеннен кейін немесе осы міндеттеме басталғаннан бастап он жыл өткен соң аяқталады.

Елде элиталық та, «әлсіз» де мектептер жоқ. Барлығы бірдей жабдықтарға, мүмкіндіктер мен тең қаржыландыруға ие. Дерлік барлық мектептер мемлекеттік болып, оншақты мектеп жекеменшіктік-мемлекеттік болып саналады. Пәндерді тереңдетіп оқытуды мақұлдамайды. Сондықтан тереңдетілген сыныптар, «дарынды» және «дарынсыздарға» арналған сыныптар жоқ. Финдерде екінші жылға сыныпта қалу ұят саналмайды. Әсіресе 9-сыныптан кейін қалса, қосымша 10-класта оқып, ересектік өмірге өзін байыппен дайындайды.

1-2 сыныптарда оқушылар ана (фин) тілін және оқуды, математиканы, табиғатты, дінді (дінге сәйкес) немесе өмірді түсіну (дінге мән бермейтіндер үшін), музыка, өнер, еңбек және дене тәрбиесін оқиды.

3-6 сыныптарда ағылшын тілін үйрену басталады. 4-сыныпта – француз, швед, неміс немесе орыс тілдерінің біреуін таңдау керек. Қосымша пәндер – таңдау пәндері енгізіледі, әр мектепте олардың өзіндік ерекшеліктері бар: клавиатурада теру жылдамдығы, компьютерлік сауаттылық, ағашпен жұмыс жасау қабілеті, хормен ән айту. Барлық мектептерде – музыкалық аспаптарда ойнау үйретіледі, 9 жылдық оқу кезінде балалар трубадан бастап контрабаска дейін барлығын сынап көреді. 5-сыныптан бастап биология, география, физика, химия, тарих сияқты пәндер қосылады.

7-9 сыныптарда фин тілі мен әдебиеті (оқу, аймақтың мәдениеті), швед тілі, ағылшын тілі, математика, биология, география, физика, химия, денсаулық негіздері, дін (өмірді түсіну), музыка, өнер, дене тәрбиесі, элективті пәндер мен еңбек пәндері оқытылады. Еңбек сабағы «ұлдар үшін» және «қыздар үшін» деп бөлінбейді. Бірге олар сорпа пісіруді де, арамен кесуді де үйренеді.

Оқушылар негізгі мектепті бітіргеннен кейін білім арудың екінші басқышына өтеді. Оқушылар Финляндияда білім берудің кең таралған түрлері – гимназия яки кәсіптік мектепті таңдайды. Білім берудің екінші кезеңіндегі мекемелерде оқу, әдетте, ақысыз. Алайда оқушылар оқулықтар мен басқа да оқу материалдарын өздері сатып алулары керек.

Финляндияда жоғары білім арудың екі жолы бар. Бұл жоғары оқу орындары мен университеттер және жоғары кәсіптік мектептер. Университеттерде ғылыми-зерттеу жұмыстарына көбірек көңіл бөледі, ал жоғары кәсіптік мектептер белгілі бір аймақтың шаруашылық және іскерлік өмірмен байланысқа көп көңіл бөледі.

III.3.3. XX ғасырда әлемдік білім беру системасында глобал тенденциялар. Білім беру моделдері

XX ғасырдың соңында әлемдік білім беруге тән мынадай **маңызды тенденциялар** анық байқалады:

Бірінші тенденция – бұл көптеген мемлекеттердің элиталық білім беруден барлық адамдар үшін жоғары сапалы білім беруге өтуге жаппай бейімделуі.

Екінші тенденция – білім беруде мемлекеттераралық ынтымақтастықты тереңдету. Бұл процес дамуының белсенділігі мемлекеттердің яки белгілі бір қатысушылардың ұлттық білім беру системасының потенциалына және партнерлыққа бірдей жағдай жаратылуына байланысты болады.

Үшінші тенденция – бұл әлемдік білім беруде гуманитарлық пәндердің жалпы, сондай-ақ, саясаттану, психология, социология, мәдениеттану, экология, эргономика, экономика сияқты адамға бағытталған жаңа ғылыми және оқу пәндерінің енгізілуі арқылы көбейтілуі.

Төртінші тенденция – әлемдік білім берудің дамуында жаңалықтардың мемлекеттер мен региондардың қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерін және ұлттық теңдігін сақтай отырып таратылуы. Сондықтан әлемдік білім беру кеңістігі көпмәдениетті және адам мен цивилизацияны дамытуға бағытталған болып қалыптасып жатыр.

Бұлардан басқа әлемдік білім беру системасында мынадай **глобал тенденциялар** көрсетіп берілді:

1) білім берудің демократиялық системасына ұмтылу, яғни мемлекеттегі барлық халыққа білім берінің ашықтығы және оның басқыштары мен деңгейлерінің сабақтастығы, оқу орындарына автономия мен дербестікті беру;

2) қалаушылардың барлығын білім алу құқығымен қамтамасыз ету;

3) білім алуда әлеуметтік-экономикалық факторлардың маңызды әсері;

4) жан-жақты қызығуын қанағаттандыруға, сондай-ақ оқушылардың қабілетін дамытуға бағытталған оқу-ұйымдастырушылық шаралар спектрінің көбейуі;

5) білім беру қызметі рыногының ұлғайуы;

6) жоғары білім беру жүйесінің кеңейуі және студенттіктің әлеуметтік статусының өзгеруі;

7) білім беруді басқару саласында қатал орталықтандыру мен толық автономиялану арасында компромисті іздеу;

8) әлемнің өркендеген мемлекеттерінде білім беруді қаржыландыру приоритетті объектіне айналуға;

9) мектептің және жоғары оқу орындарының білім беру программаларын үнемі жаңалап және түзетіп бару;

10) «орташа оқушыға» бағытталудан шегіну, дарынды балалар мен жастарға, білім беру процесінде олардың қабілетін ашу және дамытуға жоғары дәрежеде қызығушылықтың артуы;

11) дамуында ауытқуы болған балалардың, мүгедек балалардың білім алуы үшін қосымша ресурстарды іздеу.

Бүгінгі күнде әлемде мынадай **білім беру моделдері** пайда болды:

Американдық модель: кіші орта мектеп → орта мектеп → жоғары орта мектеп → екіжылдық колледж → университет құрамындағы төртжылдық колледж, әрі қарай магистратура → аспирантура.

Француздық модель: аналар мектебі → орта мектеп → бірыңғай колледж → технологиялық, профессионалдык, жалпы білім беретін лицей → университет → магистратура → докторантура.

Немістік модель: жалпы мектеп → негізгі мектеп, реалды училище, гимназия → институт пен университет → докторантура.

Ағылшындық модель: біріккен мектеп → грамматикалық және заманауи мектеп → колледж → университет → магистратура → докторантура.

Россиялық модель: жалпы білім беретін мектеп → толық орта мектеп, гимназия мен лицей-колледж → институт, университет және академия → аспирантура → докторантура.

Қазақстандық модель: толық орта мектеп → колледж → институт, университет және академия (бакалавриат) → магистратура → докторантура.

Ш.3.4. Ірі халықаралық проекттер мен білім беру программалары

Әлемдік білім беру көпқұрылымды болып, оған кеңістіктік және ұйымдастырушылық құрылым тән. Әлемдік білім беру мәселелерін шешуде ірі халықаралық проекттер мен программалар маңызды орын иелейді. Оған мыналар жатады:

ЭРАЗМУС, мақсаты – Еуропалық Советтің студенттері мобилділігін қамтамасыз ету. Мысалы, 10% студент программа аясында басқа мемлекеттердің бірінде оқып келу.

ЛИНГВА – бастауыш сыныптан бастап шет тілдерін үйренудің тиімділігін көтеру программасы.

ЭВРИКА – Шығыс Еуропа мемлекеттері арасында зерттеу жұмыстарының координациясын амалға асыру міндеті жүктелген.

ТЕМПУС – университеттік білім берудің мобилділігін дамытуға бағытталған жалпыевропалық программа.

ИРИС – әйел-қыздардың кәсіби білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге қаратылған проекттер системасы.

ЕИПДАС – араб мемлекеттерінде білім беруді жоспарлау мен басқаруды жетілдіру саласындағы программа.

ЭСПРИТ – еуропалық университеттер, ғылыми-зерттеу институттары және компьютер фирмаларының жаңа ақпарат-

тық технологияларды жаратуда күшін біріктіруді назарда тұтатын программа.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Бүгін әлемде білім беру системасының өзара жақындығы және өзара әрекеті бойынша қандай региондар типі бар?
2. Әлемдегі ең үздік білім беру системасы қай елдерде?
3. Жалпыевропалық білім кеңістігін қалыптастыру бойынша қандай халықаралық құжаттарды білесің?
4. Болон процесі дегеніміз не?
5. ECTS кредиттік жүйесі қандай мақсатта қолданылады?
6. Оқу бағдарламаларын қайта көріп шығудан мақсат не?
7. Интеграцияландырылған және арнаулы курстар мектеп үшін неге қажет?
8. Мектептерде еңбек тәлімі және кәсіптік бағдар беру бойынша қандай өзгерістер енгізілді?
9. Көптеген Европа елдерінде арнаулы мектептерді ашудан мақсат не?
10. Қандай білім беру моделдерін білесің?
11. Әлемдік білім беру системасында қандай глобал тенденциялар бар?
12. Ірі халықаралық проекттер мен білім беру программаларына сипаттама бер.

II БӨЛІМ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

I ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

I.1. Педагогикалық ойлар және мектептер тарихында оқытушы шеберлігі мәселелері

I.1.1. Педагогикалық қызмет және оның өзіне тән ерекшеліктері

Педагогикалық қызмет – жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, оны жан-жақты жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметтің бір түрі. Сондықтан педагогикалық қызмет ақыл-ой еңбегін талап етеді.

Педагогикалық қызметтің бағыттары әртүрлі болып, ол *балаға білім береді, тәрбиелейді, қоғамдық жұмыс атқарады, ата-аналармен, жұртшылықпен педагогикалық азарту жұмыстарын алып барады, олармен педагогикалық қарым-қатынаста болады.*

Педагогикалық қызметтің құрылымын анықтауда түрліше көзқарастар бар. Мысалы, россиялық ғалым Наталья Кузьмина педагогикалық қызметтің құрылымын бір-бірімен байланысты болған мынадай компоненттерден тұрады дейді: *гностикалық компонент, конструктивтік компонент, ұйымдастырушылық компонент, коммуникативтік компонент, жобалаушылық компонент.*

Педагогикалық сөздіктерде педагогикалық қызметтің құрылымын былайша көрсетеді:

- педагогтың қоғам дамуының қажеттіліктері мен тенденцияларын, жеке адамға қойылатын негізгі талаптарды білуі;

Педагогикалық қызмет – жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, оны жан-жақты жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметтің бір түрі. Сондықтан педагогикалық қызмет ақыл-ой еңбегін талап етеді.

Педагогикалық қызметтің бағыттары әртүрлі болып, ол *баласа білім береді, тәрбиелейді, қоғамдық жұмыс атқарады, ата-аналармен, жұртшылықпен педагогикалық азарту жұмыстарын алып барады, олармен педагогикалық қарым-қатынаста болады.*

Педагогикалық қызметтің құрылымын анықтауда түрліше көзқарастар бар. Мысалы, россиялық ғалым Наталья Кузьмина педагогикалық қызметтің құрылымын бір-бірімен байланысты болған мынадай компоненттерден тұрады дейді: *гностикалық компонент, конструктивтік компонент, ұйымдастырушылық компонент, коммуникативтік компонент, жобалаушылық компонент.*

Педагогикалық сөздіктерде педагогикалық қызметтің құрылымын былайша көрсетеді:

- педагогтың қоғам дамуының қажеттіліктері мен тенденцияларын, жеке адамға қойылатын негізгі талаптарды білуі;
- адамзаттың жинақтаған өндіріс, мәдениет, қоғамдық қатынастар салалары бойынша тәжірибелерін жас ұрпаққа беру үшін сан қырлы білім, дағды және іскерліктерінің, тәжірибе негіздерінің болуы;
- педагогикалық білім, тәрбиелеушілік тәжірибе, шеберлік, ұнтуиция, жоғары саяси, рухани, эстетикалық мәдениет.

I.1.2. Педагогикалық қызметке қойылатын талаптар

Адамзат өзінің тарихи даму процесінде қоғамның рухани жетекшілері болған, тәлім-тәрбие жұмысымен айналысқан тәрбиеші-педагогтарды аса құрметтеп келген және оларға ерекше талап-тілек те қоя білген. Мысалы, XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым әл-Фараби былай дейді: *«Мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның әдісі (өлшеуі) тым өктем (қатаң) және тым асыра босаң болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғармен болса, онда оқушылар мұғалімін жеке көретін халге жетеді. Егер*

өте босатып жіберген кішіпейлдік болса, онда оқушылар тарапынан мұғалімін елемеу, оның ғылымына селсоқ қарау қауіп туады». Ал педагогика ғылымының негізін қалаушылардан бірі Я.А.Коменский: «мұғалім табиғаттың үкімшісі емес, керісінше жәрдемшісі, табиғатты өзгертуші емес, керісінше оған тәлім беруші», – дейді. Қазақтың көрнекті ағартушы ғалымы Ахмет Байтұрсынов мұғалімдік мамандыққа былайша баға береді: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Расында да қоғамның әрі қарай дамуы, өркендеуі оқытушылардың тәрбиелеп, білім беріп, еңбек етуге жолдама берген ұлқыздарына байланысты болады. Мұғалімнің қолына халық өзінің перзенттерін білім алуы үшін, дұрыс тәрбие алуы үшін сеніп тапсырады. Сондықтан мұғалім өзіне тапсырылған қызметті ар-ожданымен, білімімен, парасаттылығымен, асқан жауапкершілікпен атқару керек болады. Оқытушы өзі оқытатын пәнді терең біліп қана қоймай, оны оқушыларға жеткізу методикасын да білуі керек. Оқушыларының көңіліне жол тауып, оларды білім алуға құлшындырып отыруы, қоғамның талап-тілектеріне сай тәрбиелеуі, келешекке сеніммен қарауға үйретуі де оның міндетіне жатады.

«Білім беру туралы» Заңда (1997 ж.) «педагогикалық қызметпен шұғылдану құқығы арнайы педагогикалық білім алған, кәсіптік даярлығы жоғары және жоғары адамгершілік қасиеті бар тұлғаға ғана берілетіні» белгіленген.

«Педагогикалық қызметкерлерді жоғары оқу орындарына қабылдау конкурстық негізде Өзбекстан Республикасы Уәзірлер Мекемесі бекіткен Ережеге сәйкес жүзеге асырылатыны» және «сот шешімі бойынша тыйым салынған адамдарға оқу орындарында педагогикалық қызметпен айналысу құқығы берілмейтіні» де Заңда белгілеп қойылған.

«Кадрларды даярлаудың ұлттық программасы» (1997 ж.) «оқу орындарын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету, педагогикалық қызметтің беделін және әлеуметтік мәр-

тебесін жоғарылату» мәселелерін шешуді аса маңызды деп көрсетіп берді.

Осыдан келіп шығып қазіргі заман оқытушысының жеке басына қандай талаптар қойылатынын анықтап алайық. Ең алдымен, оқытушы кәсіптік шеберліктің жоғары деңгейінде білім беруі, баланы сүйі және оның жан-дүниесін түсінуі, моральдық әдеп тәртіптеріне мойынсұнуы қажет.

Қазіргі заман педагогтары мен психологтары оқытушының адамға *сеніммен қарауын* талап етеді. Оқытушы *әділетті* болуымен бірге, әрбір баланың ең *нәзік жақтарын білуі* керек, олармен *көтеріңкі көңіл-күйде* қарым-қатынасқа кірісуі керек дейді.

Оқытушының адамдармен *тез араласып кетуі*, жеке адамдармен, топпен, ұжыммен *тез мәмілеге келуі* – бұл оның қарым-қатынас мәдениетін жетік меңгергенін, күнделікті қызметте еш қиыншылықсыз қарым-қатынасқа кірісе алуын көрсетеді.

Педагог өз үстінде *творчестволық жұмыс* істей алуы керек. Яғни, қалыпқа түскен іс формаларынан бас кешіп, жаңалықтар табу, сұхбатта жана, тың пікір айта білу, жұмыс барысында қайраттылық көрсету т.с.с.

Ұстаздық жолды таңдағандардың *әдебі, эмоционал мәдениеті жоғары* болғанда ғана, ол адамдарға мейірбан, кең пейілді бола алады. Педагог өз сөзінде тұра алатын, яғни *принципиал* болуы керек. Оқытушыдан *сабырлылық, ұстамдылық, талапшылдық, сергектік* те талап етіледі. Егер мұғалімнің *сөздік қоры бай* болса, оны *орынды қолдана білсе*, онда оның абыройы әлдеқайда биік болады.

Жоғарыда көрсетілген талаптарға жауап беретін мұғалімнің беделі педагогтар коллективінде де, оқушылар коллективінде де, жұртшылықтың арасында да жоғары болып, оны аса құрметпен «ұстаз» деп атайды.

I.1.3. Көне Грек және Рим философтарының шығармаларында педагогтар және олардың шешендік өнері туралы

Педагогтың профессионалдық шеберлігі мен шешендік өнеріне байланысты өзекті мәселелер ежелгі дәуірлерде-ақ ғалым-

дардың, данышпандардың, педагогтардың нысанасында болды. Бұл тақырыпқа Сократ пен Платон да, Аристотель мен Цицерон да, Квинтилиан мен Ибн Сино да, Фараби мен Кайковус та, Науаи мен Алтынсарин де арнайы тоқталды.

Алдымен, шешендік мәдениеті дегеніміз не екенін анықтайық.

Шешендік мәдениеті дегеніміз – тіл нормаларын игеру, яғни сөзді қолдана білу, сөйлемді дұрыс түзу, екпін, дыбыс заңдылықтарын түзу, тілдің бейнелеу тәсілдерін пайдалана алу, мәнерлеп оқу мәдениетін игеру.

Шешендіктің қасиеті оның туралығында, анықтығында, қисындылығын-да, байлығында, тазалығында болып табылады.

Аристотель өзінің «*Риторика*» атты еңбегінде сөйлеушінің алдына мынадай міндеттер қояды:

- материалды жан-жақты дайындау;
- материалды орналастыру жоспарын белгілеу;
- материалды игеру, сөйлеу құрылысы турғылау;
- сөйлеушінің сөйлеу материалын игеруі;
- материалды сөзбен мәнерлеп, айқындап айтып беру;
- сөйлеу процесі.

Ал б.э.д. V ғасырда өмір сүрген **Сократтың** педагогтық ой-пікірлері осы күнге дейін өз құнын сақтап келеді. Ол *оқытушының өнері оқушыға дайын материалды беруінде емес, сол материалды үйренуге қызықтыра білуінде, өзіндік ойлауын дамытуда* деп біледі. Оқытушы сабақ өтуге аса жауапкершілікпен дайындалуы керек екенін ұқтырады.

Оның шәкірті **Платон** да (427-347 ж.ж.) адамдар арасындағы қарым-қатынасты зерттеп, оны өнер деп бағалады. Қарым-қатынаста сөздің орнын айрықша атады. Сөз адамның ішкі жандүниесіне әсер ететін күдіретке ие, егер оны сөйлеуші тыңдаушыға жеткізіп айта алса, - дейді. Педагогикалық мәселелерді қарастырған «Диалог» трактатында сөздің құрылымы қандай болуын көрсетіп берді. Оның айтуынша, сөздің кіріспесі, баяндауы, дәлелдемесі, қорытындысы болуы керек.

Ежелгі Грецияда **Демосфен** (384-322 ж.ж.) сөйлеу мәдениеті мен техникасын меңгерудің классикалық үлгісін көрсетті. Өзінің тіл мүксітігін жеңу үшін өз бетінше түрлі тәжірибелерді жасады. Аузына ұсақ тастарды салып, ұзақ уақыт өлеңдер оқы-

ды, биік құздардың басына сөйлеп жүріп шықты. Нәтижеде тамаша сөйлейтін, Грецияның ең шешен ғалымы дәрежесін жетті.

Рим шешендік мектебінің ең тамаша өкілі **Марк Фабий Квинтилиан** (30-96 ж.ж.) өзінің *«Шешендікке тәрбиелеу туралы»* кітабында риторика мектебінде мұғалім болып істеген дәуіріндегі тәжірибелерін қорытып жазды. Квинтилиан балалардың ерте бастан сөйлеуіне көңіл бөлуді талап етті, тілді және музыканы оқыту баланың дұрыс сөйлеуін дамытады деп санады. Шешендікке тәрбиелеудің негізгі құралы деп өлеңдерді жаттауды көрсетеді.

Квинтилиан сөздің тыңдаушы үшін түсінікті болуына аса мән берді. Шешен сөйлеушіге *«сен сондай сөйле, сені әрбір адам түсіне алсын»*, - деп жазды. Ол болашақ шешенге *«дамыған ес, көркем сөз, жақсы дауыс ырғағы және интонация, мәнерлі сөз, мимика қажет»* екенін ескертті.

Қорыта айтар болсақ, шешендік өнері мен шешендік теориясы біздің заманымызға дейін-ақ Көне Греция мен Римде дамып, жетілді. Бұл теория кейінірек Европада сөйлеу мәдениетіне байланысты ғылымның пайда болуына негіз салды.

1.1.4. Шығыс ойшылдары шешендік өнері, қарым-қатынас мәдениеті жайлы

Шығыста шешендердің мәнерлеп, майын тамызып тұрып сөйлегенін ғана емес, біліп айтқанын, тауып айтқанын, әділдікке жүгініп тура айтқанын аса бағалаған.

Сөз маржанын тізбектеп, терең ой топшылап өткен **Асан Қайғы** жырау:

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады.

.....

Ой түбінде жатқан сөз

Шер толқытса шығады, - деп, көңілдегі көркем ойдың адам сезіміне байланысты екенін көрсетеді.

Ал көрікті ойдың ауыздан көркем болып шығуы үшін білім, парасат, ақыл керек. Бұл туралы ақылгөй жырау **Дулат Бабатайұлы** былай дейді:

Өнер, білім оқып біл,
Өнер алды қызыл тіл,
Оқып алса, керек сөз
Алтынга құйған балмен тен.

Көкірегі ашық, ойы озық ақындар тілге шешен болады дей келе, кім-дерді шешен деп айтуға болатынын былай сипаттайды:

Жатық тілді ділмарды
Шешен демей не дейміз.
Кісінің сөзін байқап ол
Жауабын тауып айтқан соң.

Түркі халықтарының ортақ бабасы, ұлы ойшылымыз **Жүсіп Баласағуни** өзінің «Құтты білік» шығармасында:

Сөзіңе ықтият бол басың кетпесін,
Тіліңе ықтият бол, тісің кетпесін,
Сен өзіңе амандық тілесен,

Тіліңнен жаман сөзіңді шығарма, - деп, сөздің құдіретін көрсетеді. Жалпы, адам баласының бір-бірімен қарым-қатынасы сыпайылыққа, ұнамды мінез-құлыққа, әдепті сөзге негізделсе, олар ұзақ уақыт қартаймай, мәнді өмір сүрер еді деген пікірді білдіреді.

Шығыс шайырларының ең алыбы **Алишер Науаи** адамның әдебі, мінез-құлқы туралы сөз еткенде сәлемдесу мәдениетін де тілге тиек етеді. Бір қарағанда сәлемдесу жай сөзге ұқсайды. Бірақ мұның түбінде терең мағына, сыр жатыр. Себебі сәлемдесу көріністері арқылы адамның тек сыртқы көріністері ғана емес, ішкі рухани дүниесі де айқын көрінеді.

Шығыс педагогикасының тамаша шығармаларының бірі «**Қабуснамеде**» сөйлеу әдебі мен мәдениеті туралы былай дейді: *«... Жақсы сөйлеуге үйрен және биязы сөйлеуден басқаны әдет етпе, себебі қандай сөзді сөйлеуді қаласаң, тіл соны айтады. Сөзді өз орнында сөйле, жайында айтылмаған сөз, егер ол жақсы болса да, жаман көрінеді».*

«Дүниеде жақсы мұғалімді бәрінен қымбат бағалаймын» деп, оқытушыға аса құрмет көрсеткен **Ыбырай Алтынсарин**: *«мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлылықпен сөйлесу тиіс, әрбір затты ықыласымен, шұбалаңқы*

сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан қарапайым тілмен түсіндіру керек», - деп, талап та қояды. Ұстаз педагогикалық жұмыста барлық табыс мұғалімнің оқыту методтарын дұрыс таңдай алуы және балалармен дұрыс сөйлесе білуінде екенін көрсетеді.

1.1.5. Европа педагогтарының творчествосында педагогикалық шеберлік мәселелері

Қайта өрлеу дәуірінің ойшылдары Томос Мор, Франсуа Рабле, Мишель Монтен, Томпазо Кампанелла т.б. оқытушының бойындағы балаға деген гуманистік көзқарастарды, білімді меңгертуге әрекетін бағалады.

Я.А.Коменский «барлығын барлық нәрсеге оқытатын» педагог, ең алдымен, жоғары мәдениетті, энциклопедиялық білімі бар, сөйлеу өнерін жетік меңгерген болуы керек екенін айтады.

Ж.Ж.Руссо бұған қосымша мұғалімде тәрбие өнерін меңгеру үшін қабілет пен талант болуы керек дейді.

И.Г.Песталоцци педагогикалық шеберліктің негізі баланы сүйуде деп біледі.

Орыс педагогы **Н.И.Пирогов** педагогикалық шеберлікті меңгеру үшін тек жүрек қалауы жетпейді, арнайы теориялық дайындықтан өтуі керек дейді.

К.Д.Ушинский оқытушының кәсіптік шеберлігі мәселесіне көп көңіл бөлді. Ол педагогиканы өнер деп қарады. Бала тәрбиесінде дайын рецепт жоқ, оқытушы оны өзі дайындауы керек дейді. *«Егер педагогика баланы жан-жақты тәрбиелемекші болса, онда алдымен оны жан-жақты үйреніп алуы керек», - дейді.*

А.С.Макаренко *«әр педагог педагогикалық шеберлікке дәйекті тынымсыз еңбектенудің нәтижесінде қол жеткізе алады», - деген.*

Балаларға жүрек жылуын сілаған **В.А.Сухомлинский** *«өте шеберлікпен баланың мүмкіншілігін, оның рухының көтеріле түсуі үшін пайдалану керек», - дейді.*

1.1.6. Қазіргі заман ғалымдары педагогикалық шеберлік туралы

Қай заманда болсын оқытушының заманына лайықты болуы, өз ісінің шебері болуы күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе екенін жоғарыда айтып өттік. Ал қазіргі заман ғалым-педагогтары оқытушы шеберлігін жетілдіру туралы не дейді?

Тәуелсіз елдің мұғалімі, *біріншіден*, өз елінің идеалық сенімін жақтаушысы, *екіншіден*, Отанына шексіз берілген азаматтарды тәрбиелей алатын, *үшіншіден*, интеллектуалдық қабілеті жоғары болатындай етіп білім беретін болуы керек.

XXI ғасырдың мұғалімі өз шеберлігін жетілдіру үшін озат педагогикалық тәжірибелермен танысып, оны өзінің тәжірибесінде қолданып отыруы керек. Бүгінгі заман оқытушысы үшін мамандығына байланысты ақпараттарды алу мүмкіндігі мол. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да, интернет арқылы да, ғылыми еңбектер алқылы да қалаған материалын таба алады. Оны пайдалану жолдарын үйрететін ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, сондай-ақ, білімін жетілдіру курстары жұмыс істеп тұр.

XX ғасырдың 80-жылдарында «жаңашыл педагогтар» деген ат алған **Е.Н.Ильин, Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, И.П.Волков, И.П.Иванов** сынды педагогтар «ынтымақтастық педагогикасын» ұсынады. Олар оқытудың оптимал әдістерін пайдаланып сабақ өтеді. Оқушыларының жоғары деңгейде білім алып шығуы – олардың өз ісінің шебері екенін айқындайды. **Ш.А.Амонашвили** мұғалімдердің мейірбан, балаларды түсіне білетін, оптимист, Отан алдындағы өз борышын түсінетін болуын ең басты қасиет деп санайды. Академиктің пікірінше, *«біздің жадымызда бәрі де: күлкі де, қатігездік те, ұстамдылық та, қарапайымдылық та, киген киіміміз де, біліміміз де, сергектік те, адалдық та, интеллектілік те, үйірмділік те, өмірге деген сүйіспеншілік те өріліп тұруы тиіс»*.

Н.В.Кузьминаның пікірінше, педагогтың кәсіби шеберлігі тәжірибе мен оқу міндеттерін шеше білуді жоғары деңгейде меңгеруінде.

В.А.Сластенин педагогтік шеберлікті педагогикалық технологиямен өзара байланыстырады. Бірақ ғалым педагогтың шеберлігін тек операциялық компоненттермен шектелмеуі керек екенін, мұғалімнің жеке іскерлігі мен оның бойында педагогтік процестің жоғары тиімділігін анықтайтын қасиеттерінің сабақтасып жатуы керек екенін де ескертеді.

В.П.Куравлеваның анықтамасында педагогтік шеберлік *“... теориялық негіздемелер және мұғалім мен оқушының арасын жоғары ақпараттық дәрежеде байланыстыратын педагогикалық іс-тәжірибелер мен операциялардың тұрақты жүйесі”* делінген.

А.М.Новиков педагог тұлғасының әлеуметтік рөлінің өлшеусіз артып келе жатқанын дұрыс көрсетіп береді. Ол жалпы және кәсіби мәдениеті жоғары, қарым-қатынасы, әдебі, жан дүниесі көркем педагогты кітаппен, дербес компьютермен немесе қашықтан оқытатын басқа құралдармен ауыстыруға болмайды деп есептейді.

В.А.Кан-Калик, Л.И.Рувинский, И.А.Зязюн, И.И.Рыданова сияқты ғалым-педагогтар оқытушының шеберлігі педагогикалық қарым-қатынасты, педагогикалық техниканы, сөйлеу мәдениеті мен техникасын, театр педагогикасын меңгеруінде және өзін-өзі тәрбиелеу үшін озат педагогикалық тәжірибелерді үйренуінде екенін ғылыми еңбектерінде айқындап берді.

Ал қазіргі күнде жоғарыда айтқандарға қосымша етіп педагогикалық шеберлікті педагогикалық техника мен педагогикалық инновацияны меңгеруде деп қараймыз. Педагогикалық қызмет барысында оқытушы тәлім-тәрбиелік жұмыстарының технологиялық моделін жарата алса және сол бойынша жоғары нәтижелерге жетсе, ол өз кәсібінің шебері болғаны.

Сонымен, оқытушының шеберлігі мәселелерін көтерген әрбір ғалым-педагогтың, ақын-жазушының басты мақсаты – оқу-тәрбие жұмыстарын же-тілдіру, оқушылардың білім алуға ын-тасын ояту, мұғалімнің қызметін жақсарту, сол арқылы қоғамның ілгері дамуын жеделдету, адамилық қасиеттерді дамыту екенін байқадық.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Педагогикалық қызмет қандай қызметке жатады?
2. Педагогикалық қызметтің құрылымы қандай?
3. Педагогикалық қызметтің өзіндік ерекшеліктері қандай?
4. Педагогикалық қызметпен кімдер шұғылдандуы мүмкін?
5. Оқытушының қоғамдағы орны қандай?
6. Оқытушының жеке басына қойылатын талаптар қандай?
7. Шешендік өнері дегеніміз не?
8. Шешендік өнері туралы көне Грек және Рим ғалымдары не дейді?
9. Қазақ жыраулары мен Шығыс шайырлары шешендік өнері жайлы не дейді?
10. Еуропалық философтар мен педагогтар педагогикалық шеберлікті қалай сипаттайды?
11. Қазіргі дәуірде педагогикалық шеберлік мәселелері нені камтиды?
12. Сенің ойыңша, шебер оқытушы деп кімді айтуға болады?

І.2. Педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері

І.2.1. Педагогикалық шеберлік туралы түсінік

Педагогикалық шеберлік ұғымына қатысты педагогикада әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Бұл ұғымды әр педагог өзінше қарастырады. Мысалы неміс педагогы **А.Дистервег** педагогикалық шеберлікті шынайы оқыту, істі білу, өз ісін және оқушыларды жақсы көру, педагогикалық қабілеттерден тұрады деп есептейді.

В.А.Сластенин педагогикалық шеберлікті жеке адамның кәсіби бағытталғандығының ең жоғары формасы ретінде көрсе-

теді. Оның пікірінше, әрқандай қызметтегі шеберліктің көрсеткіші арнайы жинақталған іскерліктерді меңгеру болып табылады.

Ғалымдар педагогикалық шеберліктің ең маңызды компоненті ретінде оқытушының **кәсіби жарамдылығын** көрсетеді. Педагогикалық шеберліктің жоғары деңгейінде жұмыс істеу үшін оқытушыға қажет болатын педагогикалық қабілеттер, дағдылар мен іскерліктер кәсіби жарамдылық негізінде ғана дамиды.

Барлық адам да мұғалім бола бермейді. Оқытушылық мамандықты меңгеру де белгілі бір бейімділікті қажет етеді. В.А.Сластенин, И.Ф.Харламов, Т.А.Воробьева, Т.А.Шингирей, Л.М.Ахмедзянова сияқты ғалымдардың зерттеу нәтижесінде педагогикалық мамандық үшін қажет болатын бірқатар бейімділіктер анықталды.

Мұғалім мамандығын меңгеру үшін ең маңызды **бейімділікке**:

- **жалпы дененің және орталық нерв системасының сау болуын** жатқызамыз. Өйткені педагогикалық қызмет барысында оқытушыға психологиялық және дене жағынан күш көп түседі.

- ешқандай кемшіліксіз және ауруларсыз **сөйлеу мен қабылдау органдарының** (көру, есту, иіс және сенсорлық) **дамыған** болуы да аса маңызда болып саналады.

- адамның бет келбеті мен тұлғасының педагогикалық талаптарға сай келетін **сыртқы жарқындығы** да қажет.

Алайда, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу педагогикалық шеберлік деңгейінде жұмыс істей алатын мұғалімнің кәсіби жарамдылығын тек табиғи қасиеттердің болуымен шектелмейтіндігін көрсетеді. Педагогикалық қызметке жоғары кәсіби деңгейдегі жарамдылық едәуір кең түсінік болып саналады.

Педагогикалық шеберлік дегенде оқытушының академиялық білімге ие болуы, өз пәнін жетік білуі ғана емес, оның оқу материалдарын оқушыларға толық жеткізе білуі, олардың үйретілген білімдерді толық меңгеру алуы түсініледі.

Педагогикалық шеберлік – бұл оқу-тәрбие жұмыстарының барлық түрін оқушының жан-жақты жетілуіне бағыттайтын кәсіби шеберлік.

Педагогикалық шеберлік – бұл әрбір мұғалім қол жеткізе алатын оқыту мен тәрбиелеу өнері, бірақ оны жетілдірін отыру керек.

Шебер оқытушының бойында өмірге оптимистік көзқарас, жалпыадамзаттық құндылықтарға және ұлттық идеяға терең сенім, жоғары моральдық ұстанымдар болады.

Шебер мұғалім оқушылардың бойына әдептілік, жағымды мінез-құлық сияқты моральдық нормаларды сіңіре алады.

Шебер ұстаз оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін жете меңгеріп, әр бір сабақты қызықты да тартымды өткізе алады.

Шебер оқытушы – бұл жоғары мәдениетті, өз жұмысының шебері, өзі сабақ беретін пәнін, оқыту және тәрбиелеу методикасын жетік білетін, психологиялық білімдерді, сондай-ақ ғылым мен өнердің түрлі салаларындағы білімдерді меңгерген маман.

Бұл пікірлерді тұжырымдап айтар болсақ, педагогикалық шеберлік не-гізі бұл адамның жеке басының таланты мен осы талантты дамытуға бағытталған қажырлы еңбегі болып табылады. Оқушы да, қоғам да құрметтейтін нағыз мұғалім болу үшін үнемі шеберлікке ұмтылып отыру керек.

Сонымен, педагогикалық шеберлік дегеніміз – педагогикалық қызметті игерудің жоғары деңгейі, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін басқаруға және мақсатқа бағытталған педагогикалық әсер ету мен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы білімдер, дағдылар және іскерліктердің жиынтығы. Әрине, педагогикалық шеберлік оқу-тәрбие жұмысының жоғары дәрежеде ұйымдастырылуына байланысты болады. Өйткені мұндай жағдайда әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешу қолайлы.

Педагогтың **шеберлік критерийлеріне** төмендегілер жатады:

- 1) мақсаттылық (бағдарлау);
- 2) өнімділік (нәтиже – оқушының білім деңгейі, тәрбиеленгендігі);

- 3) оптималдылық (тәсілдерді тандау);
- 4) шығармашылық (қызметтің мазмұны).

Шебер мұғалім атанудың алғашқы қадамы жоғары оқу орнында басталады. Студент жоғары педагогикалық оқу орнында оқытылатын теориялық материалдарды терең меңгеруге және оны нақты практикада орындай алуға дағдылануы қажет.

Міне, осы кәсіптік шеберлікті шыңдауға, яғни педагогикалық қарым-қатынасқа кірісе алу мәдениетін тәрбиелеуге, педагогикалық техникадан пайдалануды дағдыландыруға, өзін-өзі басқара алуға үйрететін пән «**Педагогикалық шеберлік**» курсы болып табылады.

Педагогикалық шеберліктің **объекті** – педагогтың шеберлікке жету барысындағы кәсіби даму, жетілу процесі.

Педагогикалық шеберліктің **предметі** – педагогтың кәсіби шеберлігінің қалыптасу жолдары, әдістері.

«Педагогикалық шеберлік» пәні өзінің нақтылы проблемаларын шешу үшін педагогика теориясы мен тарихы, әлеуметтік педагогика, әлеуметтік психология, философия, социология, Өзбекстан Республикасында демократиялық қоғам құру теориясы және практикасы, руханият және ағартушылық негіздері, ана тілі мен әдебиеті, Өзбекстан тарихы, этика, эстетика, физиология, салауатты ұрпақ негіздері және т.б. пәндермен **өзара байланыста** болады.

1.2.2. Педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері

Педагогикалық шеберлік, полтавалық педагог-ғалымдардың айтуынша, өз ішіне 4 элементті (компонентті) – **мұғалімнің гуманистік бағыттылығын, кәсіптік білімін, педагогикалық қабілеттілігін және педагогикалық техниканы** меңгеруін қамтиды.

Гуманистік бағыттылық жүйесі – педагогтардың балалармен ынтымақтастық, демократтық бағыттағы гуманистік-адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас орнату стратегиясы мен тактикасының болуын қажет етеді. Оқытушы педагогикалық қызметті атқаруға кіріскенде, келешек алдындағы жауапкершілігін сезініп отыруы керек. Атақты орыс педагогы Л.Н.Толстой айтпақ-

шы, «егер оқытушы өзінің жұмысы мен оқушыға махаббатын қоса алса, ол нағыз оқытушы». Оқытушының мұндай гуманистік позицияда болуы кәсіптік шеберлікті қалыптастырады.

Педагогикалық шеберліктің фундаментал (іргелі, тиянақты) негізі – **кәсіптік білім**. Кәсіптік білімнің мазмұнына оқытатын пәнді және оның методикасын білу, педагогикалық және психологиялық білімі жатады. Бұл дамыған кәсіптік ойлауды, таңдай білуді, алынған білімдерді анализ және синтез жасай алуды, оларды технологиялық формада көрсете алуды талап етеді. А.С.Макаренко айтқандай, оқушылар өз мұғалімдерінің аса қаталдығын да, суық қатынасын да, тіпті қазымырлығын да кешіре алады, бірақ өз кәсіби ісін нашар білуін кешірмейді. Олар мұғалімнің «пәнді терең білуін, айқын ойын» жоғары бағалайды.

Психологиялық-педагогикалық білімдер тек педагогика, психология, методика сияқты пәндерді оқумен ғана қалыптаспайды, әдеби-тарихи шығармаларды, этикалық-эстетикалық әдебиеттерді оқып-үйрену нәтижесінде мұғалімдік мамандыққа қажетті білімдер пайда болады.

Кәсіби білім негізінде педагогтың іс-әрекетін анықтайтын принциптер мен ережелерден тұратын **педагогикалық сана** қалыптасады.

Шеберлік профессионалдық біліммен ғана шектелмейді. Кәсіптік шеберліктің үшінші элементі – **педагогикалық қызметке қабілеттілік**. Педагогикалық қабілет – мұғалімнің педагогтік қызметте жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз ететіндей даралық-психологиялық ерекшеліктері мен кәсіптік тұрғыдан маңызды қасиеттерінің жалпылама жиынтығы. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде педагогикалық қабілеттердің мынадай түрлері көрсетіп берілген:

- **гностикалық** (танып білу және одан ләззат ала білу);
- **дидактикалық** (түсіндіре білу, білім бере үйрете білу);
- **коммуникациялық** (қарым-қатынас, ынтымақтастық жасай білу);
- **конструктивтік** (оқу-тәрбие материалын іріктеп ала білу, жобалай, жасай білу);

- **ұйымдастырушылық** (шәкірттерін әр түрлі әрекеттерге еліктіріп, тарта білу, қатысушылардың бәрін біріктіріп, олардың мүдделерін қойылған мақсатты орындауға бағыттай білу);

- **перцептивтік** (баланың ішкі жан дүниесін ұғына білу, олардың сезімдері мен жай-күйін түсіне білу, эмпатияға қабілеттілік);

- **болжамдаушылық** (педагогикалық көрегендік жасай білу, педагогикалық қызметтегі өзара әрекеттестік нәтижелерін болжай білу);

- **сүттестивтік** (мұғалімнің эмоциялық, ерік-жігерлік, иландырушылық ықпалы, нық айтылған жігерлі сөзбен қажетті әсер нәтижесіне жете білу қабілеті);

- **экспрессивтік** (мұғалімнің өзінің білімі мен сенімдерін эмоциямен әсерлі етіп айтып жеткізе білуі, артистизмі, дауыс ырғағы, ым, ишара, оңтайлылық элементтерін жетік меңгеруі).

Н.В.Кузьминаның пікірінше, педагогикалық қабілеттіліктің ең бастысы – объектке сезімталдықпен, абайлап әсер ету.

Педагогикалық шеберліктің соңғы элементі – оқытушының педагогтық мінез-құлқын қалыптастыру түрі. Бұл **педагогикалық техниканы меңгеру** арқылы жүзеге асады. Педагогикалық техника 2 түрлі іскерлікті өз ішіне алады:

1) өзін-өзі басқара алу – өзінің дене мүшелерін, эмоционал жағдайын бас-қару, сөйлеу техникасын игеру;

2) дидактикалық-ұйымдастырушылық дағдыларын, өзара қарым-қатынас мәдениетін игеру.

Мұғалімнің шеберлік деңгейін қалыптастыруда педагогикалық техниканың орны ерекше. Ол жеке оқушыға немесе оқушылар ұжымына тегіс тиімді ықпал ету әдістерінің жүйесін құрайтын іскерлік пен дағдылар жиынтығы: *тәрбиеленушілермен қарым-қатынас орнатудағы үйлесімді дауыс ырғағы мен қарым-қатынас стилін таңдау, олардың назар салуын басқару, қажетті екін таңдау, басқару дағдыларын меңгеру және оқушы қылығына өзінің қатынасын көрсете білу, т.с.с.*

Сондай-ақ педагогикалық шеберліктің құрылымына төмендегі **іскерліктер** де енгізіледі:

- педагогикалық проблеманы көре білу, оқушыларға дидактикалық материалдарды таңдау, бейімдеу және жеткізу,

теңдікке негізделген диалог бойынша шығармашылық оқу қарым-қатынасын ұйымдастыру іскерлігі;

- оқушының ішкі позициясы мен жағдайын түсіну іскерлігі және осы негізде оқу процесін жекелендіру;

- тұрақты кәсіби жағдайды ұстап тұру, кәсіби даму перспективаларын түсіну, өз қабілеттерін және оқушылардың жетістіктерін диагностикалау іскерлігі.

Жоғарыдағы бір-бірімен байланысты компоненттерді өз ішіне алған педагогикалық шеберлікті меңгеру арқылы оқытушы педагогикалық қызмет барысында тиімді нәтижелерге жетеді.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Кәсіби жарамдылық деген не?
2. Мұғалім мамандығын меңгеру үшін қандай бейімділіктер қажет?
3. Дененің сау болуы мұғалімдік қызметке қалай әсер етеді?
4. Педагогикалық шеберлік дегеніміз не?
5. Шебер оқытушы қандай болады?
6. Педагогикалық шеберліктің объекті не?
7. Педагогикалық шеберліктің предметі не?
8. Педагогикалық шеберліктің компоненттерін айт.
9. Мұғалімнің гуманистік бағыттылығы дегеніміз не?
10. Кәсіптік білімнің мазмұнын түсіндір.
11. Педагогикалық қабілет деп неге айтылады?
12. Педагогикалық техниканың компоненттері қандай?

II ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТ

II.1. Оқытушы қызметінде педагогикалық қабілет

II.1.1. Қабілет және педагогикалық қабілет туралы түсінік

Жеке адамның белгілі іс-әрекетінің нәтижелерін дамытатын психикалық қасиетті **қабілет** деп атайды. Адамның қабілеті өздігінен дамымайды. Қабілет іс-әрекет барысында дамиды. Қабілетсіз адам болмайды. Ақыл-есі толық барлық адамның бойында белгілі бір қабілеттердің нышандары болады. Сол нышандарды тәрбиелеу, әрекетке келтіру арқылы қабілет жетіледі, қалыптасады. Мысалы, сөйлеу ән айту, секіру, жүгіру, билеу т.б.

Қабілет екіге бөлінеді. **Біріншісі** – адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін, кез келген адамнан табылатын **жалпы қабілет**. Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, материалды есте тез сақтау, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық т.б. ақыл-ой әрекетінде көрінетін өзгешеліктер жалпы қабілет деп аталады.

Екіншісі – іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін **арнаулы қабілет**. Бұған суретшінің, музыканттың, актердің, спортшының ақын-жазушының т.б. қабілеттерін жатқызуға болады. Адам қабілеттінің дамуы қоғамның дамуына, оның әлеуметтік сипатына ғылыми-техникалық прогреске байланысты болып отырады.

Ал еңбек адамы үшін мамандығына сай қабілеттердің болуы аса қажет. Бұл арқылы ел еңбекте жоғары нәтижелерге жетеді.

Педагогикалық қабілет дегеніміз – бұл адамның педагогикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін тез және терең меңгеріп алатын ерекшеліктері, кәсіптік білім мен кәсіптік тәжірибелердің жиынтығы. Педагогикалық қабілеттер әрбір педагогтың тұлғалық потенциалын сипаттайды.

Педагогикалық қабілеттер педагогикалық шеберліктің жедел жетілуіне ықпал жасайды. Педагогикалық қабілеттер педагогикалық процесті жылдам-датып, оның өнімділігін арттырады.

Н.В. Кузьмина педагогикалық қабілеттер педагогикалық қызмет арқылы дамып жетілетінін айтады. Егер мұғалім олардың мәнін, оларды дамыту технологияларын меңгере алмаса, онда ол жетілмей деформацияға да ұшырауы мүмкін екенін де ескертеді.

II.1.2. Педагогикалық қабілеттің түрлері және оған сипаттама

Ф.Э.Гоноболін, Н.В.Кузьмина, В.А.Сластениндер педагогикалық қабілеттің мынадай түрлерін көрсетеді: 1) дидактикалық, 2) ұйымдастырушылық, 3) коммуникативтік, 4) перцептивтік, 5) конструктивтік, 6) академиялық, 7) педагогикалық қиял, 8) зейінді тарату, 9) сөзін өткізе алушылық, 10) әсер ете алушылық, 11) экспресивтік.

Дидактикалық қабілет – мұғалімнің оқушыларға оқу материалын жеткізу, оқушының білім дәрежесін дұрыс анықтай алу, өз пәніне қызығушылығын арттыру, оқушының таным белсенділігі мен ойын дамыту қабілеті. Дидактикалық қабілетке ие оқытушы оқушылардың ой белсенділігін арттырады, оқу-тәрбие процесіне жаңа нәрселерді енгізуге дайын болады.

Ұйымдастырушылық қабілетке сабақты тыңдауға, жаңа білімді алуға әзірлей білуі; коллективті басқара алуы; ата-аналармен, жұртшылықпен жұмыс істей алуы т.б. жатады. Ұйымдастырушылық қабілетке ие педагог өзінің әрекетін де дұрыс ұйымдастырады. Нәтижеде оқытушының бойында дәлдік, ұқыптылық, тәртіптілік, жауапкершілік сынды қасиеттер қалыптасады.

Коммуникативтік қабілетке ата-аналармен, оқушылармен, оқытушылармен педагогикалық жағынан мақсатқа сай келетін байланыс орнату және педагогикалық әдептілікті сақтай алу жатады.

Перцептивтік қабілет – оқушының ішкі жан дүниесін тани білу, психикалық жағдайын бірден байқау қабілеті.

Конструктивтік қабілет – бұл оқу және тәрбие жұмысының технологиялық картасын жасау арқылы оқу-тәрбие процесі міндеттерін шешудің тиімді жолдарын табу.

Академиялық қабілет – тиісті ғылым салаларында (математика, фи-зика, химия, тарих, әдебиет т.б.) терең білімдерге ие болу. Академиялық қабілетті мұғалім пәнді тек қана оқу курсының көлемінде ғана емес, терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз пәні бойынша ғылыми жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды еркін меңгереді, оған үлкен қызығушылық танытады, пәні бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Педагогикалық қиял (прогностикалық немесе болжам жасау қабілеті) – бұл өз қызметінің нәтижесін алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер.

Зейінді тарату қабілеті оқытушының бір мезгілде бірнеше іс-әрекеттерді басқаруы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды баяндаудың мазмұны мен формасын, өз ойының (немесе оқушы ойының) өрісін мұқият бақылайды, сонымен бірге оқушылардың барлығын көз алдында ұстайды, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отырады, өз мінез-құлқын қадағалап отырады (мимикасы және пантомимикасы, жүрісі-тұрысы).

Сөзін өткізе алу, әсер алу қабілеттерін авторитар қабілет деп те атаймыз. Бұл негізінен босаңсып кеткен балаларды жиып алуда керек болады.

Экспрессивтік қабілет өзінің ойын, ішкі сезімін сөз арқылы және мимика, пантомимика арқылы нақты, түсінікті етіп жеткізу.

Жоғарыдағы педагогикалық қабілеттердің түрлеріне берілген анықтамадан көрініп отырғандай, олар өз мазмұнында, біріншіден, көптеген тұлғалық сапаларды қамтиды, екіншіден, белгілі бір әрекеттерді, іскерліктерді ашады. Бұл жерде бірнеше қабілеттер мазмұнына енетін іскерліктер бар, мысалы, дидакти-

калық қабілеттерге жататын шәкірттердің өз бетінше жұмысын ұйымдастыру іскерлігі, іс жүзінде басқалардың жұмысын ұйымдастыру іскерлігі болып табылады. Ол ұйымдастырушылық қабілетіне кіреді. Перцептивтік қабілеттерді ашатын іскерліктер, зейінді тарату қабілетіне енетін іскерліктерге өте таяу, т.б.

Педагогикалық қабілеттер бір бірімен тығыз байланыста болып, бірін-бірі толықтырып, жетілдіріп отырады.

II.1.3. Педагогикалық қабілетті жетілдірудің жолдары

Жоғарыда айтылған педагогикалық қабілеттердің барлығы бір оқытушының бойында толық болмауы да мүмкін. Педагогикалық мамандыққа іштей ешкім қабілетті болып тумайды. Педагогикалық оқу орнын бітіру педагогикалық қабілеттілікке жеткіліксіз болады. Педагогикалық қабілет іс-әрекет арқылы қалыптасады. Оларды кез-келген педагог өзінің дара ерекшеліктеріне байланысты игере алады.

Қабілеттілік – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Ол іс-әрекетті жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғарғы деңгейі – таланттық, дарындылық, данышпандылықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді. Қабілеттілік адамның мінез-құлқын реттеп, оның тіршілік етуіне қызмет етеді, психикалық әрекеттің негізіне, шартына айналады. Қабілеттілікті анықтайтын қасиеттер: *сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық, зеректік, ойлампаздық, көрегендік, зерделілік, идеяларды оңай туындата алушылық, сөз саптау еркіндігі, тұтас қабылдауға, ұғымдарды салыстыруға (алыстату, жақындату, қиыстыру, т.б.), топшылауға бейімділік* және тағы да басқалар.

Қабілеттілік үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет етеді. Оны дамыту ұдайы ізденуге, жаттығуға, үздіксіз өздігінен оқуға байланысты.

Педагог болу үшін қабілеттіліктің болуы қажет. **Педагогикалық қабілеттілік** – бұл педагогтың педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындығының жиынтығы. Педагогтың негізгі мақсаты жас буындарға бі-

лім беру болса да, білімі терең адамдардың бәрі педагог мамандығына бірдей қабілетті келмейді. Себебі педагогтық жұмысқа қабілеттілік біліммен ғана бағаланбай, оқу-тәрбие жұмысын қандай әдіс қолданып өткізуімен бағаланады. Күнделікті жағдайда, айталық, бір кісі өзгелерге өзінің ойын түсіндірерде, осыны қандай жолмен, қай әдісті қолданамын деп қиналмайды, ал педагог мамандығының ерекшелігі сол, мұны ол оқу материалдарының мазмұны жөнінде ойланып қана қоймай, осыны қандай жолмен, нендей әдіспен оқушыларға жеткізем деген ойда болады. Сондықтан *оқу мазмұнын шәкірттерге түгел жеткізе алу* – педагогтық қабілеттіліктің негізгі бір түрі болып саналады. Сондай-ақ, *тәрбие жұмысын жүргізе алуға қабілеттіліктің* өзіндік ерекшеліктері де кездеседі. Қабілеттіліктің осы түрінің неше түрлі сипаты болса да, осыған баланың ішкі жан дүниесін жете біліп, тәрбиені соған қарай өзінің сөзін, жұмысын ықшамдап, бейімдей алуы жатады.

Педагог мамандығына лайықты қабілеттіліктің бұл екі түрін бірінен-бірін бөліп алып қарауға болмайды. Себебі сабағын жақсы білетін мұғалімнің сөзі тәрбие жұмысында балаларға өтімді. Сондықтан қабілеттіліктің бұл жеке түрлері өзара тығыз байланысты.

Педагогтық қабілетті көпшілік кейде мұғалімнің интуициясымен байланыстырады. Тәрбие жұмысындағы интуицияның негізгі мәні – педагогтың әр ісін нендей нәтижеге апаратынын алдын ала біле алуы. Мысалы тәжірибесі мол педагог оқушыға қандай шара қолданғанда, соның өзі нендей нәтижеге апарып соғатынын алдын ала бірден білетін болады. Қабілеттіліктің бұл түрінде ешқандай жасырын сыр жоқ. Өйткені, бұл қасиет оқушылардың жан дүниесін жақсы білгендіктен және осыны педагог өз тәжірибесінде талай рет басынан кешіргендіктен осылай болып отыр. Сонымен қатар, педагогтың ұйымдастыру жұмысына икемді келуі оның мамандығына лайықты қабілеттіліктің бірі болып саналады.

Ұлы педагог **Ы. Алтынсарин** *«Мектепте мұғалім – басты тұлға, онымен ешкім теңесе алмайды»*, - дейді. Ол өз еңбектерінде ұстаздық қабілеті дамыған тәрбиешіге үлкен сенім артқан. Ыбырай Алтынсарин қабілетті шыңдауда мұғалім оқыту-

дың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеру арқылы жететінін көрсетеді. Сонымен бірге, баламен қарым-қатынаста төзімді болуды, әр пәнді түсінікті және ұғымды жеткізуді шеберліктің шыңы ретінде бағалайды.

Көрнекті педагог **А.С.Макаренко** өз шеберлігін жетілдірудегі тәжірибесіне сүйене отырып, былай дейді: *«Менің педагогикалық талантым болған емес және де педагогикаға ешбір әуестенбей-ақ кездейсоқ келдім... Бірақ мен үйрендім. Мен өз ісімнің шебері болуға тырыстым. Ал әркім-ақ өз ісінің шебері бола алады, ол үшін оған көмектесу керек, ол өзі де жұмыс істеуге ынталы болуы тиіс»*. Макаренконың бұл пікірі педагогикалық қабілеттілікті қалыптастыруға болатынын көрсетеді.

Жас маман педагогикалық қабілетін дамыту үшін педагогикалық, психо-логиялық, методикалық әдебиеттерді оқып үйренуі; мерзімді баспасөздерден танымды хабарларды оқып, талдап баруы; тәжірибелі мұғалімдердің қызметін үйренуі керек.

Мұғалімдік қабілеттілікке ие болу үшін педагогтық ережелерді жаттап алу жеткіліксіз. Мұғалімдік жұмысқа қабілеттіліктің дамуында оқытушының күнделікті өз ісіне қорытынды жасауы көп көмектеседі. Ал, оның шындала түсуі сол ұстаздық қызметінің басталуынан-ақ көрінеді. Мұғалімдік қабілеттілік жылдар бойында оның үнемі ізденуінің нәтижесінде толысып отырады. Мұның үшін ол өзінің педагогикалық қабілетін шыңдай түсуде талмай еңбектенуі қажет.

Педагогикалық қабілеттер мен білімі арқылы мұғалімде педагогикалық кәсіби өзіндік сана-сезім қалыптасады.

Бақылау сұрақтары:

1. Қабілет дегеніміз не? Қабілеттің түрлері қандай?
2. Педагогикалық қабілет дегеніміз не?
3. Педагогикалық қабілеттің түрлері қандай?
4. Педагогикалық қабілеттің түрлеріне сипаттама бер.
5. Қабілеттілік дегеніміз не?
6. Қабілеттілікті қалай анықтауға болады?
7. Оқытушының педагогикалық қабілетін дамыту жолдары қандай?

II.2. Коммуникативтік іскерліктер мен әсер ету

II.2.1. Коммуникация туралы түсінік. Коммуникация методтары

Коммуникация («communication») - латын тілінен аударғанда ортақ қылу, байланыстыру, хабарлау деген мағынаны білдіреді) – бұл түрлі тармақтарды ұлайтын байланыс.

Коммуникация – адамдар арасындағы өзара әрекет барысында адамнан адамға ақпараттардың тіл, сөз және басқа белгілер арқылы жеткізілуі.

Педагогикада «коммуникация» термині байланыс орнату деген түсінікті береді. Коммуникация түсінік ретінде қарым-қатынас түсінігіне жақын болғанымен, көлемі жағынан өте кең. Бұл – жанды және жансыз табиғаттағы және қоғамдағы системалар арасында ақпараттар алмасу жүретін байланыс. Коммуникативті акт төмендегі **компоненттер** бойынша талданады және бағаланады:

- 1) коммуникацияның адресанты – субъекті;
- 2) адресат – кімге хабар бағытталған;
- 3) хабар – жіберілген мазмұн;
- 4) код – хабарды жіберу тәсілі;
- 5) байланыс каналы;
- 6) нәтиже – яғни, коммуникация соңында қол жеткен нәрсе.

Коммуникация әлеуметтік өзара әрекеттің мағыналық аспекті ретінде де қаралады. Әрқандай жеке әрекет басқа адамдардың тура және жанама қатынасы жағдайында амалға асырылатын болғандықтан, ол денелік аспектке ғана емес, коммуникативтік аспектке де ие. Кейбір акттерде коммуникация **басқарушылық** (қозғаушы хабарлар – сендіру, көндіру, бұйрық, өтініш), **ақпараттық** (ақпараттық хабаралар – реал және ойдан шығарылған мағлұматтарды тарату), **эмотивтік** (эксперстік хабарлар – эмоционал әсерленуді ояту), **фатикалық** (фатикалық хабарлар – контактты орнату және қуаттау) функцияларды орындайды.

Коммуникативтік процестер мен акттерде коммуникацияның классификациясы мына негіздер арқылы көрсетіледі: 1) қатысушылардың арасындағы қарым-қатынас типі бойынша – *жекелей, жұрт алдындағы, жаппай коммуникация*; 2) тәсілдер бойынша – *жазба және ауызша, паралингвистикалық, заттық-белгілік коммуникация*.

Коммуникацияның екі түрі бар: вербалды және вербалды емес. **Вербалды коммуникация** тіл, сөйлеу арқылы жүзеге асады. Тіл – сөз жүйесі, сөздерді дұрыс құрастыру, ойды сөзбен толық жеткізу, дыбыстың, интонацияның, сөздің нақтылығы. Тілдік дыбыстық құбылысқа сөз темпі, дауыс ырғағы, ритм, тембр, дикция жатады.

Вербалды коммуникация ауызша және жазбаша болып бөлінеді. Вербалды коммуникацияның **методтары** мыналар:

1) *ауызшада* – конференция, жиналыс, доклад, презентация, топтық талқылау, жекпе-жек кездесу, бейресми кездесу;

2) *жазбашада* – хат, меморандум, есеп, жазба доклад, ескертпе, ереже мен рәсімдер, бұйрық, электрон почта.

Вербалды емес коммуникация – «дене тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты. Вербалды емес коммуникация адам ағзасының қозғалысы арқылы ақпарат беруді қамтиды. Коммуникация сөзсіз тәсілде төмендегі **методтар** арқылы көрініс табады:

1) *оптикалық-кинетикалық тәсілде* – ым, дене қимылы (жест), мимика, пантомимика;

2) *паралингвистикалық тәсілде* – дауыс сапасы, диапазоны, үндестігі;

3) *экстра-лингвистикалық тәсілде* – пауза, жылау, күлкі, сөйлеу темпі,

4) *кеңістіктік-уақыттық тәсілде* – партнерлардың өзара орналасуы, қарым-қатынастың уақытша тоқтатылуы т.б.

II.2.2. Оқытушының коммуникативтік қабілеті мен іскерлігі

Педагогтық қызметте, педагогтың жұмысында қарым-қатынастың маңызды ролі оқытушыдан коммуникативтік қызметін

профессионал басқа-руды талап етеді. Мұның үшін педагогқа коммуникативтік іскерліктер қажет.

А.Н.Леонтьев мынадай коммуникативтік іскерліктерді көрсетеді:

1. Әлеуметтік перцепцияны немесе "беттен оқуды" меңгеру.
2. Сыртқы көрінісінен баланың ішкі рухани жағдайын көріп қана қой-мастан, түсіне де білу.
3. Оқушылармен қарым-қатынаста бар ықыласын аудару.
4. Өзінің сөзін психологиялық тұрғыдан оптималды құру, яғни оқушылармен сөздік қарым-қатынасты, сөздік және сөзсіз байланысты орнату іскерлігі.

Оқытушының коммуникативтік іскерліктері мыналар:

- эмоционалды байланыс орнату, қарым-қатынаста бастаманы қолға алу іскерлігі;
- өзінің эмоцияларын басқару іскерлігі;
- байқағыштық және назарын аудара алушылық;
- әлеуметтік перцепция, яғни сыртқы белгілеріне қарап психологиялық жай-күйін түсіну;
- қарым-қатынаста «өзін таныту» іскерлігі;
- қарым-қатынастың сөздік (вербалды) және сөзсіз (вербалды емес) іскерліктері және т.б.

Барлық коммуникативті іскерліктерді төрт топқа біріктіруге болады:

- сыртқы қарым-қатынас жағдайында жылдам және дұрыс бағытты таң-дау іскерліктері;
- өз сөзін дұрыс жоспарлау іскерлігі, яғни байланыс актісінің мазмұны;
- осы мазмұнды беру үшін жеткілікті тәсілдерді табу іскерлігі (дұрыс үн, қажетті сөздер және т.б.);
- кері байланысты қамтамасыз ету іскерлігі.

Осындай күрделі коммуникативтік іскерліктерді оқытушы өзінің бойындағы коммуникативтік қабілеттер арқылы қалыптастыруы мүмкін.

Коммуникативтік қабілет – бұл бірлескен іс-қимыл жасау немесе өз-ара әрекеттесу процесінде адамдар арасында тиімді өзара әрекеттесуді және тиісті өзара түсінушілікті қамтамасыз

ететін адамның жеке психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Коммуникативтік қабілеттің негізгі компоненті әртүрлі жағдайда да керек *көпшілдік (үйірлік)* болып саналады. Өмірде байқап жүргеніміздей, кейбір адамдар қарым-қатынасқа тез және оңай түсе алады. Ал кейде шектен тыс шыққан үйірлік оларды беймаза етіп жібереді. Мұндай адам қарым-қатынас барысында коммуникацияның орталығы болуға әрекет етеді.

Өмірде онша көпшіл болмаған адамдар да бар. Олар әңгімеге қатысқанымен, белсенді әрекетте болмайды. Сол әдетімен-ақ қарым-қатынасты қуаттап отырады.

Ендігі бір топ адамдар – коммуникативтік дәрежесі өте төмен адамдар. Олар қарым-қатынасқа тез түсе алмайды, біреумен тіл табысуы қиынға соғады.

Педагогикалық қызметте көпшілдік педагогтың тек жеке қасиеті емес, ең бастысы, кәсіби-жеке қасиеті болып саналады.

Көпшілдік (қарым-қатынасқа кірісе алушылық) – компоненттердің тұтас комплексін өз ішіне алған көп қабатты құбылыс. Оның үш негізгі компонентін бөліп көрсетеміз:

1) *коммуникабелділік* – коммуникация процесінен әсерлену қабілеті;

2) *әлеуметтік жақындық* – қоғамда, адамдар арасында болу ықыласы;

3) *альтруистік тенденциялар* (басқаның қамын ойлау).

Оқытушының коммуникативтік қабілеті педагогикалық қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететді, оның білім алуға және тәрбиелеуге бағытталған ақпаратты қабылдау, меңгеру, пайдалану және жеткізуді қамтамасыз ететін тұрақты жеке қасиеттері жиынтығын білдіреді.

II.2.3. Коммуникативтік әсер ету жолы

Коммуникативтік әсер етудің екі жолы бар:

1. *Сендіру, иландыру*

2. *Көндіру, әсер ету, мақұлдау.*

Сендіру – бұл адамның сана-сезіміне болған әсері Сендіру үш компоненттен тұрады: 1) білім; 2) сезім; 3) мінез-құлық.

Мысалы, егер мұғалім өзі шегетін болса да, оқушыларына шегудің зияны туралы айтса, оның сөзіне ешкім сенбейді.

Осыдан мынадай қағида шығады: **түсінікті – бастан өткіздім – қабылдадым – орындадым.**

Сендірудің жұмыс формалары: дискуссия; сұхбат; диспут; оқытушы-ның әңгімесі; жеке үлгі-өнеге.

Сендірудің формалары мен мазмұны баланың жас ерекшелігіне сай болуы керек. Кішкентай балаларға – ертек айту. Жас-өспірімдерге – фантастика. Үлкендерге – өмірмен байланыста.

Коммуникатив әсер етудің **2-жолы**: әсер ету, көндіру.

Әсер ету. Жолдасыңмен көшеге шықтың: ол дүкенге бармақшы, сен дүкенге де, базарға да баруың керек. Сен онымен алдын дүкенге, кейін базарға баруды келісіп ал. Әсер ету көндірудің жұмыс формасына жатады.

Көндірудің түрлері: ескерту, орындалу, тиым салу арқылы, үлгі-өнегеге қарап әрекет ету.

Ескерту – алдын ала дайындау. Арнаулы сөздері бар: Көңіл бөліңдер! Маған қараңдар! Жазуға дайындалыңдар!

Орындалу арқылы. Бұлар көбінесе эскери командалар болады: Отыр! Тұр! Жүр!

Тиым салу арқылы. Сөйлеме! Тыныш отыр! Қолыңды түсір!

Бұлар оқушыларға жағымсыз әсер етеді. Дауыс әуенін өзгертіп, өтініш формасында айту керек.

Үлгі-өнегеге қарап әрекет ету. Самиғаға ұқсап әдемі жаз. Ақеркеге қарап киініп жүр.

Бұл негізінен педагогикаға жат. Бірақ оқушылардың өз міндетін дұрыс атқаруына септігі тиетін мысалдарды үлгі етіп көрсетуге болады.

Сендіру және көндіру оқытушы қызметінде негізгі іс-әрекеттердің бірі болып саналады.

Қазіргі заман ғалымдары коммуникативтік әсер етудің мынадай **методтарын** белгілейді:

1. Білу-ұғыну (түсіну) коммуникациясы – оның мақсаты бір нәрсенің мазмұнын білу, хабарлау, ақпарат беру.

2. Экспрессивтік коммуникация – мұнда сезімдерді, көзқарастарды жағдайды білдіретін сөздерді пайдалану. Мысалы, «Ойхой!», «Ойбай!», «О ғажап!».

3. Сеңдіру, иландыру коммуникациясы. Өтініш арқылы бірнәрсеге болған көзқарасты өзгерту яки айтқанды орындау. Мысалы, ия, дұрыс, ойланып көрейінші т. б.

4. Әлеуметтік-дәстүрлі коммуникация. Бұл мінез-құлықтың және әртүрлі жақсы әдеттердің қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Бұл екі түрлі болады: а) дәстүр; б) құттықтаулар, шақырулар.

5. Сөзсіз коммуникация. Ым арқылы қарым-қатынасқа кірісу.

II.2.4. Оқытушының коммуникативтік мәдениеті

Қазіргі қоғамға коммуникативтік мәдениеттің жоғары кәсіби деңгейін меңгерген, қарым-қатынас жасай алатын, ақпараттарды іздеп тауып және олармен жұмыс істей алатын, сауалдарға сауатты толық жауап бере алатын оқытушы керек. Міне, сондықтанда болашақ оқытушының коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру педагогика ғылымының актуал мәселесіне айналып отыр.

Оқытушының коммуникативтік мәдениеті педагогикалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде, кәсіби шеберліктің жеке компоненті ретінде, педагогикалық процесс жетістігінің алғы шарты және кәсіби қызметінде мұғалімнің ыңғайлы жағдайы ретінде қарастырылады.

Көптеген зерттеушілер педагогтың коммуникативтік мәдениетіне:

- коммуникативтік компетенттілікті (*білімдер, дағдылар және оларды пайдалану тәжірибесі*),
- коммуникативті бағдарлылықты (*әріптеске, өзімен-өзіне, коммуникативті қызметке қатынасы*)
- коммуникативтік икемділікті (*қуатты, стандартты емес ойлауы, эмоционалдық өзін-өзі реттеуі*) жатқызады.

Сонымен, оқытушының коммуникативтік мәдениеті дегеніміз – оқушыларға тиімді әсер етуіне, оқыту мен тәрбиелеу процесін тиімді ұйымдастыруына және педагогикалық мәселелерді шешуде коммуникативтік әрекеттерді реттеуіне мүмкіндік беретін оқытушының білім, іскерлік және коммуникативтік қасиеттерінің жиынтығы.

Педагогтің коммуникативтік мәдениеті оның коммуникативтік дағдысы мен коммуникативтік қабілетін танытады. Педагогтің *коммуникативті дағдысы* өз эмоциясын ұстай білуінде, қарым-қатынас жасауда жетекші рөл атқаруында, білім алушының психологиялық ерекшелігін білуінде, олардың көңіл-күйін дер кезінде аңғару және жіті бақылай білуінен көрінеді.

Оқытушының *коммуникативті қабілеті* коммуникацияның барлық түрін ұтымды қолдана білу, айтатын сөзін дұрыс жоспарлай білу, сөйлеу мәнері мен қажетті сөздерді ұтымды қолдана білуінен байқалады. Ең алдымен, оқытушы моралдық нормаларға мойынсыну керек. Коммуникативті әсер ету методтарын орнында қолдана алу керек. Адамдармен жылы шырайда қатынаста болу керек. Оқытушы мен оқушы арасындағы эмоциялық-психологиялық атмосфераны орнықтыратын сөз таба білу керек.

Коммуникативтік мәдениеттілік *коммуникативтік мінез-құлдық* мәдениетін сақтауда да көрінеді. Мысалы:

- оқушыларға қарап сөйлеу;
- сұрақтарға жауап беру;
- педагогикаға жат болған мимика, кимыл-әрекеттер жасамау;
- сөз өнерін құлпытта алу.

Мұғалімнің коммуникативтік мәдениетін дамытудың жоғары деңгейіне жету үшін төмендегі іскерліктер мен қабілеттер болуы керек:

1. **Экспрессивті (бейнелі) іскерліктер мен қабілеттер:**
 - сөздің көркемдігі,
 - ишаралардың (жесттер) бейнелілігі,
 - мимиканың айқындығы,
 - сыртқы көріністің мәнерлілігі.
2. **Перцептивті іскерліктер мен қабілеттер:**
 - оқушының жағдайын түсіну іскерлігі,

- оқушымен байланыс орнату іскерлігі,
- оқушының адекватты бейнесін қалыптастыру іскерлігі және қабілеті.

II.2.5. Оқытушының коммуникативтік қабілетін дамыту жолдары

Коммуникативті дағдылар мен қабілеттер адам қызметінің ең ауқымды саласы болып табылғандықтан, кейде бізге қарым-қатынас тұрғысынан жеке тұлға ретінде өзімізді одан әрі дамыту мен жетілдіру үшін теориялық білімдеріміз жетпей қалады.

Оқытушы эмоционалдық агрессияға немесе психологиялық қысымға төтеп бере алуы үшін *психологиялық қорғау әдістері мен тәсілдерді* игеруі пайдалы болып табылады.

Іскерлік қарым-қатынас мәселесі де бүгінгі күнде актуал болып отыр. Әркім де келіссөздер жүргізу тәсілдерін біле бермейді. Заманауи оқытушы келіссөздер жүргізу тәсілдерін білуі керек. Сондықтан, ол бизнесте партнерлар және тұтынушылармен қалай байланыс орнату туралы жазылған әдебиеттерді оқып үйренгені жөн.

Оқытушы *іскерлік этикеттің ережелерін* білуі және әрдайым есте сақтауы қажет. Этикет тек жеке қарым-қатынаста ғана емес, сонымен бірге жазбаша қатынаста да кездеседі. Соның үшін *іскерлік хат алмасу* ерекшеліктерін үйрену қажет. Бұл өнерді сауатты пайдалану арқылы оқытушы бонустарға ие болады.

Қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруде маңызды қадам болып *келіссөздердегі типтік қателерді* жою есептеледі. Бұл үшін қатал келіссөздер жүргізу ережелерімен танысу пайдалы. Оларды пайдалану үшін ғана емес, сонымен қатар оппоненттің сен жіберген осалдықтарды өзіңе қарсы қолданбауы үшін де үйрену керек.

Коммуникативті қабілетті болу үшін оқытушы қалыптасқан кәсіби іскерліктері мен дағдыларын үнемі дамытып отыруы шарт. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді көп оқу керек.

Өзінің қимыл-әрекетін, сөзін, мимикасын, пантомимикасын байқап, бақылап бару керек. Айнаның алдында тұрып тренинг-

дер жасау керек. Педагогтің коммуникативтік мәдениетін дамытуға педагогикалық тренингдер, әлеуметтік-психологиялық тренингдер оң әсер етеді.

Оқытушының коммуникативтік іскерліктері мен дағдыларын дамытудың тиімді жолдарының бірі – **жаңа педагогикалық технологияны меңгеру қажеттілігі**. Жаңа педагогикалық технологияда білімге, танымдық белсенділікке, кәсіби іскерлікке, педагогикалық ынтымақтастық пен қарым-қатынастың жоғары мәдениетіне негізделген педагогикалық қызмет жүзеге асады.

Педагогикалық технологияның екі сипаты бар, олар: соңғы нәтиженің кепілділігі және болашақ оқу процесінің жобалануы. Демек, педагогикалық технология мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін жаңартатын және соңғы жоспарланған нәтижеге жеткізетін әрекеттер жиынтығы болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Коммуникация дегеніміз не?
2. Коммуникацияның компоненттеріне сипаттама бер.
3. Коммуникацияның функцияларын айт.
4. Вербалды коммуникация дегеніміз не?
5. Вербалды емес коммуникация дегеніміз не?
6. Оқытушының коммуникативтік қабілеті дегеніміз не?
7. Оқытушының коммуникативтік іскерлігі дегеніміз не?
8. Коммуникативтік қабілеттің негізгі компоненті қайсы?
9. Коммуникативтік әсер ету жолдарын айтып бер.
10. Көндіруге сипаттама бер.
11. Сендіруге сипаттама бер.
12. Коммуникатив әсер етудің методтарын айт.
13. Коммуникативті мәдениет дегеніміз не?
14. Оқытушының коммуникативтік қабілетін дамыту жолдары қандай?

ІІІ ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ

ІІІ.1. Оқытушы қызметінде қарым-қатынас мәдениеті және психологиясы

ІІІ.1.1 Педагогикалық қарым-қатынас туралы түсінік, оның құрылымы

Қарым-қатынас адамдардың бір-біріне үн қатуы. Қарым-қатынас арқылы адамдар бір-біріне хабар айтады, сұрайды, бұйырады, ұрысады, өтініш айтады...

Қарым-қатынас барысында адамдардың танымдық хабарлармен, ақпараттармен, тәжірибемен, біліммен, дағдылармен алмасуы және өзара түсінісуі, бірін-бірі қабылдауы жүзеге асады. Қарым-қатынастың негізгі қызметі:

1) **ақпараттық-коммуникативтік** (ақпарат алмасу және адамдардың бірін-бірі тануымен байланысты);

2) **реттеуші-коммуникативтік** (адамдардың іс-әрекетін реттеу және біріккен әрекетті ұйымдастыру);

3) **аффективті-коммуникативтік** (адамның эмоционалдық аясымен байланысты).

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың басты мақсаты – өзара түсіністікке қол жеткізу. Қарым-қатынаста адамды тыңдай алудың, оны түсіне білудің маңызы зор. Қарым-қатынаста адамға сыйластықпен қарау – жақсы қарым-қатынастың негізгі өлшемі болып табылады.

Қарым-қатынас мәдениеті туралы Кайковус былай деп жазады: *«Ешқандай кісімен тартыспа және айтыспа. Тақта отырып көңілің қалаған істі істеме, ашық, анық сөйле, киіміңді таза ұста. ... Тақта отырғанда көңілсіз және суық сөз айтушы болма. Әрдайым қимыл-әрекетте бол ...»*

Бала тәрбиесінде қарым-қатынастың тәрбиелік мәні зор. Педагогикалық қызмет барысындағы қарым-қатынасты педагогикалық қарым-қатынас дей-міз. **Педагогикалық қарым-қаты-**

нас – бұл оқытушының оқушылармен сабақта және сабақтан тыс уақытта психологиялық климатты жақсартуға бағытталған кәсіби қарым-қатынасы. Егер оқытушы балалармен дұрыс педагогикалық қарым-қатынас орната алмаса, онда оларда қорқыныш, өзіне сенбеушілік пайда болады, назары, жады және жұмыс істеу қабілеті нашарлайды, сөйлеу динамикасы бұзылады. Мұның нәтижесінде оқушы оқытушыны да, оның пәнін де жек көре бастайды.

Оқытушы мен оқушы қарым-қатынасы баланың бойындағы негативті эмоцияны алып, оған қуаныш сыйлауы, жұмыс істеуге құлшынысын арттыруы қажет.

Оқытушы мен оқушының қарым-қатынасы туралы А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский өз еңбектерінде көп жазды. Макаренко былай дейді: Оқытушы мен оқушының қарым-қатынасындағы ең бастысы – *құрмет пен талапшылдық*.

В.А.Сухомлинский қарым-қатынаста *сөз* ең негізгі деп қарады.

Қазіргі заман ғалымдарынан Ш.А.Амонашвили, И.П.Волков, В.А.Кан-Калик, И.А.Зязюн, И.И. Рыданова, Л.И.Рувинский, А.А.Леонтьев, А.Н.Мудрик, Н.В.Кузьмина, А.И.Щербаков т.б. қарым-қатынас оқытушы еңбегінде аса үлкен мәнге ие екенін дәлелдеді.

Педагогикалық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық процесс ретінде мынадай **функцияларды** орындайды: жеке адамды тану, хабарлармен алмасу, қызметті ұйымдастыру, ролдермен алмасу, қайғыра алу, өзін таныту.

Кәсіби педагогикалық қарым-қатынас – күрделі феномен. Ол өзінің белгілі құрылымына ие.

Кан-Калик педагогикалық қарым-қатынастың **құрылымын** былайша көрсетеді:

1. Педагогтың сабаққа дайындалу барысындағы сыныппен қарым-қатынасты моделдестіруі.

2. Бастапқы өзара әрекет кезеңінде сыныппен тікелей байланысты ұйымдастыру.

3. Педагогикалық процесте қарым-қатынасты басқару.

4. Болып өткен қарым-қатынасты талдап, кейінгі болатын қарым-қатынасты моделдестіру.

Педагогикалық қарым-қатынаста *моделдестіру* маңызды этап болып есептелінеді. Мұнда сабақтың коммуникативтік құрылымы жоспарланады.

Моделдестіру этапы оқытушыдан аудиторияның танымдық қызметі ерекшеліктерін білуді талап етеді. Кан-Калик моделдестірудің шартты түрдегі программасын былай ұсынады:

1. Сабақ өтетін сыныпты анықтау, еске түсіру.
2. Осы сыныппен қарым-қатынасқы қалай кіріскенін еске түсіру.
3. Бұл сыныппен қарым-қатынастың қандай типін пайдаланған жөн?
4. Сынып сені, сенің сабағыңды қалай қабылдағанын еске түсір.
5. Бүгінгі сабаққа қандай қарым-қатынас стилін пайдаланған жөн?
6. Сабаққа дайындалуда, конспект жазуда жалпы психологиялық климатты есепке алу керек.
7. Кейбір оқушылармен қарым-қатынасты еске түсіру.
8. Алдағы сабақтың қалай өтуін, қарым-қатынас атмосферасын сезіне алу керек.

Оқушылармен қарым-қатынаста болуда *тікелей қарым-қатынасты ұйымдастыру* да маңызды роль ойнайды. Егер ұйымдастыра алмаса, сыныпты басқару қиын болады.

Педагогикалық қарым-қатынаста ең басты ролді *қарым-қатынасты басқару* атқарады. Бұл этапта оқушылардың инициативасын қолдауды, диалогтық қарым-қатынасқа кірісуді ұйымдастыруды, реал жағдайға қарап іс-әрекет жасауды білу талап етіледі.

Төртінші этапта сабақтан шыққан соң өз әрекеттерін, сөйлеген сөзін, оқушылармен қандай қарым-қатынаста болғанын еске түсіріп, *талдау жасау* керек. Бұл кейінгі сабақты моделдестіру үшін өте қажет.

Міне осылардың барлығы оқытушы мен оқушы қарым-қатынасында кездесетін кедергілерді болдырмауға қызмет етеді.

Қарым-қатынастағы маңызды проблемалардың бірі – кедергілер мәселесі. **Педагогикалық қарым-қатынастағы кедергілер** - бұл қарым-қатынастағы конфликттердің себептері болып

табылатын немесе олардың пайда болуына ықпал ететін бірқатар факторлар. Қарым-қатынаста кедергілер әдетте екі негізгі түрге бөлінеді: қарым-қатынаста *коммуникативті кедергілер* – әңгімелесушілер әр түрлі себептермен сұхбатасының сөзін түсінбейтін және қабылдамайтын кезде пайда болады. *Психологиялық кедергілер* – әңгімелесушілер әртүрлі психологиялық мәселелерге байланысты бір-бірін түсіне алмайтын кезде пайда болады. Мысалы, жағымсыз алғашқы әсер, ұялу және т.б.

Педагогикалық іс-әрекеттегі кедергілер, олардың туындау себептері, оның алдын алу мәселелерін зерттеген ғалымдар педагогикалық қарым-қатынастағы кедергілердің түрлерін былайша көрсетеді:

1. **Балалар ұжымынан (сынып, топ) қорқу кедергісі.** Бұл кедергі жаңа материалды жақсы меңгерген жаңадан келген мұғалімдерге тән, бірақ олар балалармен қарым-қатынас жасау туралы ойдан қорқады.

2. **Байланыстың болмау кедергісі.** Бұл мұғалімнің балалармен өзара әрекеттесуді тез әрі тиімді ұйымдастырудың орнына балалар тобынан бөлек «өз бетінше» әрекет етуінде пайда болады.

3. **Қарым-қатынас функцияларының тарылу кедергісі.** Бұл кедергіде педагог балалармен қарым-қатынас процесін тек қана оқу тақырыптарымен шектеп, педагогикалық қарым-қатынастың әлеуметтік-тұлғалық функциясының мәнін мүлдем ескермейді.

4. **Балалар ұжымына теріс көзқарас орнатудың кедергісі.** Бұл кедергі балалармен танысқанға дейін педагогта сырттай қалыптасуы мүмкін. Пікірді қалыптастыруға басқа педагогтардың сыныппен (топпен) қарым-қатынас тәжірибесі сәтсіз болған пікірлері әсер етеді.

5. **Бұрынғы теріс тәжірибенің кедергісі.** Бұл педагогтың бұрын балалармен тиімді өзара қарым-қатынас жасай алмағаны және оның бұдан кейін де қандай да бір балалар ұжымымен байланыс орната алмайтындығына көз жеткізуіне негізделген.

6. **Мақсаттардың сәйкес болмау кедергісі.** Бұл педагогтың балалар ұжымына қызықты идеямен келгенімен, ал балалар

оны немқұрайлы қабылдауына негізделген. Мұндай қарым-қатынас мұғалімнің ашу-ызасын тудырады.

7. **Педагогикалық қателіктерден қорқу кедергісі** – педагог сабаққа кешігіп келуден, ескертуден, ақымақ болып көрінуден, сабақта жоспарлағандарын орындауға үлгіре алмаудан, т. б. қорқуымен тұжырымдалады.

8. **Еліктеу кедергісі.** Мұнда жас педагог өзінің мінез-құлқын әлі қалыптастырып үлгірмеуі және ол басқа педагогтың мәнеріне еліктеуі байқалады. Біреудің қарым-қатынас стилін өзінің педагогикалық тұлғасына механикалық ауыстыру мүмкін емес.

III.1.2. Педагогикалық қарым-қатынас стильдері

Педагогикалық қарым-қатынаста оқытушы басқарушы міндетін атқарады. Ең алдымен басқарушының қарым-қатынасқа кіріскенде қандай *стильді* қолдануын анықтап алайық.

1. Авторитар стиль – басқарушы өзін жоғары қойып, бұйырып, ұрсып, қорқытып т.б. отырады.

2. Демократтық стиль – басқарушы тыңдаушымен өзін тең ұстайды.

3. Либералды стиль – басқарушы өзіндік пікірге ие емес, ешнәрсемен қызықпайды т.б.

Зерттеушілер оқытушының сынып коллективіне 3 түрлі стилде қатынаста болатынын бөліп көрсетеді:

1. **Тұрақты жағымды (әрдайым өзгермейтін жағымды).** Бұл стилді ұстанатын педагогтар балаларға тұрақты түрде эмоционалды-жағымды қатынаста болады, оларға қамқорлық жасайды, балалармен байсалды және бірқалыпты қарым-қатынаста болады. Бұл оқытушылар өз мамандығын өте жақсы көреді.

2. **Пассив жағымды (пассив жағдайдағы жағымды).** Бұл стилдегі педагогтар балалармен айқын көрінбейтін эмоционалды-жағымды қатынаста болады. Олар салқан қатынаста болады, ресми түрде сөйлеседі.

3. **Тұрақсыз жағымды (көңіл-күйге қарап өзгеруші жағымды).** Жалпы эмоционалды-жағымды қатынас шеңберінде

өзінің жағдайға қарап өзгерушілігімен ерекшеленеді. Бұл топтағы оқытушылар өздерінің көңіл-күйіне, әсер етуіне қарап қатынаста болады.

Педагогикалық қарым-қатынас стилі басқа қарым-қатынас стильдерінен өзіндік ерекшеліктерге ие. **Педагогикалық қарым-қатынас стилі** дегеніміз – бұл оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жеке типологиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастың сыртқы көрінісі.

Кан-Калик мынадай **педагогикалық қарым-қатынас стилдерін** көрсетеді:

1. Белгілі бір мақсаттың орындалуына қызығушылық қарым-қатынасы.
2. Достық қарым-қатынасы.
3. Дистанциялық қарым-қатынасы.
4. Қорқыту қарым-қатынасы.
5. Айлакерлік, алдау қарым-қатынасы.

Белгілі бір мақсаттың орындалуына қызығушылық қарым-қатынасы – педагог пен оқушының қызығуы арқасында біргеліктегі әрекеттері. Бұл стилді пайдаланған педагог балаларға да, жұмысына да тұрақты жағымды қатынаста болады, барлық мәселені біргелікте шешуге әрекет етеді. Мұнда педагог оқушыны басқармайды, керісінше олар бірлесіп жұмыс істейді.

Тиімді педагогикалық стилдердің бірі **достық қарым-қатынастағы стиль**. Макаренко достық қарым-қатынастың мына жақтарын айтып өтеді: *«Оқытушы оқушылармен сөйлескенде дауыс көтеріп, айғайлап сөйлемейі керек. Ол ешқашан өзін оқушылармен теңдес есептеп, олармен анекдоттар айтып, тіліне ерік бермеуі керек».*

Достық қарым-қатынас дегені – бұл өздерін қызықтарған мәселеде творчестволық одақтас болу.

Дистанциялық қарым-қатынас стилі де көп тараған стилдердің бірі. Мұнда оқытушы мен оқушы арасында қашықтық болады. Бірақ мұнда да шекарадан шықпауы керек. Дистанция педагогтың басқарушы рөлінің көрсеткіші ретінде оның абыройына құралады. Оқытушының беделі дистанцияны сақтаумен емес, біргелікте творчестволық еңбектегі ұғынудан құралады.

Дистанциялық қарым-қатынастан кейін қорқыту қарым-қатынасы келеді. Әсіресе, бұл стилді енді сабақ беретін оқытушылар немесе білімі жоқ мұғалімдер қолданады. Оқушыларды тезірек өзіне қаратып алу үшін олар оқушыларды қорқытып отырады.

Балалармен жұмыс істеуде алып қашу, алдау қарым-қатынас стилі теріс роль атқарады. Мұнда оқытушы оқушы сүйіспеншілігін оятамын деп жалған, арзан авторитетке ие болады. Макаренко өзінің тәрбиеленушілеріне былай дейді: *«Ешқашан да сүйікті тәрбиеші боламын демеңдер. Мен өзім ешқашан балалардың сүйіспеншілігіне қызықпағанмын. Ол сүйіспеншілік жеке басының қажетіне жарату үшін болса, қылмыс саналады. Сүйіспеншілік бiлiнбей, сiздiң iс-әрекетiңiзбен кiрiп келсiн. Егер адал махаббат мақсат көздесе, ол зиян келтiредi».*

III.1.3. Қарым-қатынаста адамилық қадір-қасиеттердің жоғарылығы. Қарым-қатынас мәдениеті

Педагогикалық қарым-қатынаста адамилық қадір-қасиеттер ең бірінші орында тұрады. Педагог өзімен қарым-қатынасқа кіріскен әрбір адамды адам ретінде құрметтеу керек. Сонымен бірге қарым-қатынаста ұлттық салт-дәстүрлер, Шығыс тәрбиесі есепке алынуы керек. Қызметтегі қарым-қатынастың өзгермейтін заңдылығы жоқ. Әр жердің өзіне тән ерекшеліктері, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары бар. Содықтан жалпы бағыт-бағдар береміз.

1. Қызмет барысында қатынаста болған адаммен шынайы қызығу керек.

- жақсы сөйлеу;
- пікірін, ойын білу;
- сұхбаттасыңа, оқушыға бағыт-бағдар беріп тұру;
- өз көңіл-күйіңді білдірмеу.

2. Қарым-қатынастағы қошемет заңдылықтары. (Қошемет екі түрлі: жағымды, жағымсыз). Мысалы, сәлемдескенде көңілді көтеретін сөздер айту.

3. Қарым-қатынаста мансабың, аты-жөнін есте тұту.

4. Тындай білу заңдылықтары: сұхбаттасынның сөзін бөлмей, көңіл қойып тындау керек.

5. Сөйлеп тұрған адамды мақұлдап тұру.

6. Қызмет барысында сұхбаттасынды қызықтыратын мәселелер жайлы сөйлесе алу заңдылықтары.

7. Сұхбаттасынның өз жұмысы, өзі туралы айтып беруіне мүмкіндік орнату.

Педагогикалық қызмет мәдениетпен тікелей байланыста болады. Жоғары дәрежелі мәдениет – педагог жұмысының керекті бөлшегі есептеледі.

Педагогикалық мәдениет проблемалары бойынша Ф.Н. Гोनоболдин, А.А. Сластенин және басқалар зерттеу жұмыстарын алып барған. Бұл зерттеулерде педагогикалық қызметтің түрлі сипаттары және көрсеткіштері үйренілген және педагогикалық қызмет арқылы оқытушының педагогикалық мәдениеті дәрежесін, оның мазмұны және негізін қалайды.

Э.А.Гришин оқытушы мәдениетінің көрсеткіштерін төмендегідей сипаттап көрсетеді.

- жалпы білімділік;
- өз пәнін жақсы білу;
- педагогикалық білімін және шеберлігін әрдайым дамытып бару;

- педагогтық кәсібін сүю;
- адамилық, әділеттілік және әдептілік.

В.А.Сластенин педагогикалық мәдениеттің интеграл көрсеткіштері деп төмендегілерді есептейді:

- шеберлік мәртебесі және абыройын сезіну.
- қоғамға қызмет ету формасы негізінде педагогикалық қызметке даярлық дәрежесі.

В.А.Кан-Калик педагогикалық қызмет мәдениеті жүйесіне төмендегілерді жатқызады:

- творчестволық индивидуалдық;
- сезім, парасат;
- әдептілік;
- интуиция.

Педагогикалық мәдениеттің негізгі ұйымдастырушылары негізінде **В.И.Писаренко** төмендегілерді көрсетеді.

- интеллигенттілік;
- білімдердің кеңдігі;
- мамандығы бойынша білімдерінің тереңдігі.

Табысты педагогикалық қарым-қатынас мұғалімнің жоғары дәрежедегі қарым-қатынас мәдениетіне және шыдамдылығына байланысты болады.

Қарым-қатынас мәдениеті – бұл адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті – бұл оқушылардың эмоционалды жағдайын, интеллектін, жасын және ұжымдағы психологиялық микроклиматты ескере отырып, оқу-тәрбие процесін оптимизациялау мақсатында оқытушының оқушылармен бірге кәсіби қарым-қатынасы болып табылады.

Идеал педагогикалық қарым-қатынас жағымсыз эмоцияларды жою, жетістікке жету қуанышын және бірлескен қызметті аңсауын тудыруы керек.

Осы тақырыпты ашып беруде **М.В.Голубцованың** педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті туралы ой-пікірлеріне тоқталамыз:

«Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті тек қана іс-әрекет пен мінез-құлықта әлеуметтік мораль нормаларын білуі және көрсетуімен шектелмейді. Ол өзінде қарым-қатынас тәсілі, эмоционалды жағдайдың мәнерлілігі, мұғалімнің сөйлеу мәдениеті, ең бастысы – қарым-қатынастың басқа қатысушыларының жағдайын сезіну, алынған ақпаратты дұрыс түсіну, құпиялықты сақтау сияқты моральдық-психологиялық қасиеттер жиынтығын да қамтиды.

Педагогикалық қарым-қатынас – мұғалімнің білім беру процесінің барлық қатысушыларымен үйлесімді әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесу жүйесі болып, оның мазмұны ақпаратпен алмасу, тәрбиелік ықпал ету, өзара қатынастарды ұйымдастыру болып табылады. Өзара қарым-қатынасқа негізделген негізгі моральдық нормалар мыналар: айналасындағы адамдардың әрқайсысының қадір-қасиетін құрметтеу, олардың ішкі әлеміне деген сенімділік пен мұқият қарым-қатынас орнату, эмоциялық сезімталдық, ізгілік.

Әсіресе, мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас мәдениеті маңызды, себебі ол оқушылар үшін әлеуметтік мінез-құлық үлгісі болып табылады. Бұл әріптестерімен өз қарым-қатынас тәртібі мен мәдениетін модельдестіру және басқару заманауи мектептің тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асырудағы маңызды буыны болып табылады.

Әріптестерді құрметтеу, тыңдай алу қабілеті, сұхбаттасушының көзқарасын түсіну, сенімді тәрізде қарсы тұру немесе ықыласпен келісім беру, өзінің беделін кәтерү немесе біреуді жеңу үшін емес, бәлкі басқалардың намысын сақтау үшін өзінің позициясын қорғай білу – міне, осылар педагогикалық қарым-қатынас мәдениетінің құрамдас бөліктері».

III.1.4. Сабақта және сабақтан тыс уақытта оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, оған қойылатын талаптар

Педагогикалық қарым-қатынас барысында оқытушы мен оқушының қарым-қатынасы ерекше орын алады. Мектептегі ең басты екі тұлға – оқытушы мен оқушының сабақта, сабақтан тыс уақытта және демалыс кезіндегі қарым-қатынасы оқу-тәрбие процесі тиімділігінің маңызды шарты, оқушы жеке басы қалыптасуының тәсілі болып табылады.

Қарым-қатынаста оқытушының міндеті төмендегідей:

1. Жағдайды түсіне білу;
2. Тәрбиелік мәні бар шешім қабылдай алу.

Оқушылар коллективін басқару үшін, ең алдымен, педагог белгілі бір қасиеттерге ие болуы керек: *өзін-өзі басқаруы, өз денесін сезінуі, моторлы мінез-құлқын педагогтық ықпал етуге бағындыра алуы және оны автоматты етуі, қарым-қатынас техникалық ішкі қасиеттілікке қарай айналдыра білуі.* Оқушылармен қарым-қатынаста мұғалімнен ақылды, парасатты, талампаз, талантты, күшті болу талап етіледі.

Оқытушы мен оқушы арасындағы қатынастар алуан түрлі болып келеді. Сондықтан мұғалім оқушыға қатынасын әр уақытта да өзгертіп отыруы тиіс. Бір жағдайда қатаң талап қоюы, екінші жағдайда тілек өтініш ретінде болып келуі, үшінші бір

жағдайда сендіру мен көз жеткізу, мойындату, төртінші бір жағдайда үгіттеу, ақыл кеңес беру, бесінші бір жағдайда түсіндіру, жәрдемдесу, қамқорлық жасауы, алтыншы бір жағдайда ұялту, бетіне басу не ұрсу керек болатын жағдайлар кездессе, жетінші бір жағдай мақтау немесе жазалау жұмысына ұласады.

Оқытушы өне бойы өзін сергек, көңілді ұстау керек. Балаға сіздің шаршағаныңыз, көңіл-күйіңіздің жоқтығы сезіліп отырады. Сол сияқты мұғалім оқушының ата-анасы, туыстарымен нашар қарым-қатынасының, өкпе-аразының есесін оқушыдан қайтаруға әдеттену педагогикалық этикаға жатпайды.

Ыбырай Алтынсариннің *«Оқушы сабақты білмей қалса оған ұрыспау керек. Оған сабақты білдіре алмаған кемістікті өзінен іздеуің керек»*, - деген өсиетін де есте сақтау керек. Оқушы мұғалімнің сұрауына жауап бергенде, олардың сөздеріне, жауабына ынта қойып тыңдауды, оқушының сөзін бөлмеу, басқа оқушыларға бөлдірмеу, орынды жерде коштап отыру, кейде жаңылысқан, қиналған жерінде түзету жасап, жәрдемдесіп жіберуді де қолданып отыруы керек. Жәрдемдесу дегенді мұғалімнің өзі оқушының аузына сөз салып, жетектеуге айналдырып жіберуге болмайды.

Кейде мұғалімдер арасында оқушы кінәлі болып қалағанда жазалай бергеннен гөрі оқушының жақсы қылықтарын да ескерусіз қалдырмай, оны дәріптеп, көтермелеп отыру мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартады. Мұны да сатылап, орынды пайдалана білу маңызды жұмыс. Атап айтқанда құптау, ырзалық білдіру, рахмет айту, сенім білдіру, дәріптеп отыру, мақтау, үлгі тұту, сыйлық беріп көтермелеу жатады. Кейде оқушы сабақ үстінде тәртіп бұзып кінәлі болып қалады делік, оны сабақ үстінде тұрғызып қою, не далаға шығарып жіберу, не мұғалімнің сабағын жалғастырмай қалуы, болмаса тыңдамаған баланы әкімшілікке сүйреу мұғалімнің оқушы алдындағы қадір-қасиетін кемітеді.

Оқушылардың назарын өзіне аудару үшін оқытушы сөз таба алуы керек. Диалогты қарым-қатынаста болып оқушылардың өз ойын айтуға жағдай жасайды. Өзін оқушылардың ыңғайына сай етіп алып, оған қызығуын көрсету керек. Қарым-қатынаста бі-

рін-бірі құрметтеп, түсінсіп, мәдениеттілікпен қатынаста болуы оқушыларды өзіне қаратуға мүмкіндік жаратады.

Педагогикалық қарым-қатынас оқушының психикалық дамуының қайнар көзі болып табылады. Педагогикалық қарым-қатынас құрылымында өзара түсіністік деңгейі детерминанттың тұтас қатарымен меңгеріледі. Бұған жататындар: *жас, өзіндік бағалаудың даму деңгейі, білім деңгейі, икемділік, дағды*. Оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қарым-қатынастың дамуына мұғалімнің қарым-қатынас жасау деңгейі, сыныптың даму деңгейі әсер етеді.

Қарым-қатынас жасау барысында оқушылар өздерінің мұғалімге деген қатынастарын көрсетеді. Оқытушы мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас әрдайым келісімді, өзара түсініскен, шынайы қатынас бола бермейді. Қатынастардың әрқашанда жақсы бола бермеуі ұстазға да, шәкіртке де байланысты.

Жеке бастың қарым-қатынастары барысында жас өспірім қоғамның әлеуметтік байланыстар жүйесіне араласады. Осы жүйе барысында қарым-қатынас тәжірибесі қалыптасады, адамдардың өзара қатынасы хақындағы ережелері мен әдептерін, адамгершілік қасиеттердің даму комплексін таниды. Мұның бәрі оның жақсы қырларының, мұғалімдермен достық, пейілділік қатынастарының нығаюына, оқу үлгерімі мен білім алу сапасына жан-жақты өзгеріс жасайды.

Педагогикалық процесте оқушылармен қарым-қатынас жасауда оқытушының өзіндік сапа ерекшеліктерімен қатар, оның өзге адамдармен, әсіресе, оқушылардың даралық ерекшеліктерімен санасып отыруы үлкен роль атқарады. Осындай талапты анықтап, оны жүзеге асыру жолында оқытушының бойында өзіндік сапа, ұстаздық қасиет және арнайы білім болу керек деген міндет қойылады. Шәкірттер өз ұстаздарының бойынан көңілдеріне қонымды, талап-тілектеріне лайықты, ұнамды қасиеттерді көргісі келеді. Осы орайда ұстаздың бойындағы сапалар мен қасиеттердің қаншалықты ықпалды болатындығын белгілі жүйеге келтіріп, іздестіру оларды күнделікті тәлім-тәрбие істерінің тәжірибесіне ендіріп отырудың маңызды екендігіне айрықша көңіл бөлу керек болады. Адамның дамып, жетілуіндегі ерекшеліктерге байланысты, ұстаздар шәкірттерге ілтипат-

пен көңіл аударып, сеніммен қарау керек. Егер де оқытушылар оқушыларға әлі де бала ретінде қарайтын болса, онда олар мұндай талаптарға қарсы шығып, өздерінің қарсылығы мен наразылығын сөйлеген сөздерімен, істеген істерімен, мінез-қылықтары арқылы білдіреді.

Егер кіші мектеп жасындағы балалар үшін ұстаз барлық бейнесімен ерекше із қалдырып, оларға күшті әсер ететін тұлға болып саналатын болса, ал ересек балалар, яғни жоғарғы сынып оқушылары ұстаздың әрбір қимыл-қозғалысын, іс-әрекеті мен сөйлеген сөзіне, оның ақыл-кеңесіне өзге адамдармен қарым-қатынасына, шәкірттерге қоятын түрлі талаптарына өздерінше іштей сын көзімен қарайды.

Оқытушы оқушылармен қатынаста олардың жас ерекшеліктерін ескере отыруы керек. Бастауыш сынып оқушыларымен қарым-қатынаста оқытушы **ұйымдастырушылық** позициясында болады. Кіші жастағы жас өспірімдермен **жетекші** позициясында қарым-қатынаста болғандары жөн. Үлкен жастағы жас өспірімдермен **тәрбиеші** позициясында, ал жоғары сынып оқушыларымен **мәслихатшы** позициясында тұрып қарым-қатынасқа кірісіуі керек.

Қарым-қатынас барысында оқытушы көптеген коммуникативтік міндеттерді шешуі керек. Кейбір аландап отырған оқушының өзіне қарай **зейінін тартады**. Мысалы, оқушының іс-әрекетін жақтырмағанның мимика арқылы көрсету, тақтаны тықылдату, оқушыны көз бағдарымен өзіне тарту, т.б. Әсіресе, сабақ барысында оқушыларды материалға **қызықтыра білу**, сыныпта бірлескен ізденіс туғызу, жеке оқушының әсерленуін көре білу педагогикалық қарым-қатынаста өте қажет. Қарым-қатынастың барысында оқу-тәрбие ақпаратын нақтылаудың, оны педагогикалық процестің өзгермелі жағдайына ыңғайлай білудің, балалардың дербес ерекшеліктерін ескерудің айрықша маңызы бар.

Оқушымен қарым-қатынас орнатқан уақытта оқушының **темпераментін біліп**, соған лайық қарым-қатынас орнатудың да мәні бар. Мысалы, сыныпта «жақсы» оқитын оқушы, «нашар» оқитын оқушы болады. Кей уақытта «нашар» оқитын оқушы деп есептейтін оқушымыздың өзі темперамент ерекшелігіне сай

сабақты өте баяу, сылбыр баяндайтын болса, кейбір холерик мұғалім мұндай оқушыны толық тыңдамай сабақ білмейтін «нашар» оқушылар қатарына қоса салуын бір жағынан мұғалімнің, ол оқушының темпераментін білмегендіктен болса, екінші жағынан оқушыны толық тыңдамай қорытындыны үстірт шығаратындығынан деп есептеуге болады.

Оқушылармен өткенде жүзеге асырылған қарым-қатынас сипаттарын мұғалім ылғи да еске алып, оқушымен жұмыс үстінде ұйымдастырылған қарым-қатынастың жағымды және жағымсыз жақтарына талдау жасап отырудың үлкен маңызы бар.

Оқушылармен қарым-қатынас орнату процесінің нәтижелі болуы үшін мыналарды жүзеге асыру тиімді болады:

- оқушылармен ілтипатты сөйлесе білу және бүтіндей сыныппен қарым-қатынас жасағанда олардың өзара үндестігін іске асыру;

- оқушылармен қарым-қатынас жасағанда өз бақылауыңды дамыта отырып, әңгімелесушілердің жауабын алдын-ала біліп отыру;

- әр оқушының мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін тани білу, сөйтіп қарым-қатынас жасағанда кіммен қандай оқушымен қарым-қатынас жасап отырғаныңды талдай білу жөн.

III.1.5. Педагогикалық келіспеушіліктер және оның себептері. Педагогикалық келіспеушіліктерді шешу жолдары

Педагогикалық қарым-қатынаста педагог жағынан психологиялық климатты яки ортаны орнықтыру талап етіледі. Егер психологиялық орта педагогикалық талаптарға жауап бермесе, онда түрлі педагогикалық келіспеушіліктер пайда болады. Келіспеушілік конфликт деген сөздің баламасы. Конфликт латынның *conflictus* деген сөзінен алынған болып, талас, келіспеушілік, дау деген мағыналарды береді. **Конфликт – мақсаты, қызығуы, ойы, позиция-сы, көзқарасы қарама-қарсы болған оппоненттердің яки субъекттердің өзара қарым-қатынасындағы келіспеушіліктері, дау-жанжалы.** Бір нәрсе туралы екі жақтың позициясы әр түрлі болуы яки оппоненттердің қызығуы, ті-

легі және қатысының үйлеспеуі конфликтті жағдайларға алып келеді де, өзара келіспеушілік пайда болады. Келіспеушіліктердің субъекттері екі яки бірнеше адам болуы мүмкін. Конфликттің дамуына себепші болатын екі жақтың біріншісі екіншісінің қызығуына қарсы болатын әрекеттер істесе, онда бұл конфликт **потенциалды** деп аталады.

Егер екіншісі біріншісінің әрекетіне қарсы әрекет көрсетсе, онда бұл конфликт **актуалды** деп аталады.

Конфликттің даму этаптары:

1. Конфликтті жағдайға қатысушылардың көбеюі, қарсылық көрсету тәжірибесінің артуы;

2. Бірінші проблемалы ситуациялардың көбеюі;

3. Қатысушылардың конфликттілік белсенділігінің артуы;

4. Өзара конфликтке қосыла жүретіндердің эмоционал күштенуі;

5. Проблемалы жағдайға және конфликттерге қатынасы өзгеруі.

Конфликттердің классификациясы:

1. **Тұлға ішілік конфликт.** Бұл тұлғаның мотивтері, қызығушылықтары арасындағы күресті бейнелейді.

2. **Тұлға аралық конфликт.** Бұл тұлғалар арасында бір-біріне қарама-қарсы келетін мақсаттарды орындау барысында іс-әрекетте туындайтын конфликтілермен сипатталады.

3. **Топаралық конфликт.** Бұл әлеуметтік топтар арасында мақсаттар мен оларға жету жолдарының қарама-қарсы келуінен туындайтын конфликттер.

4. **Тұлғалық-топтық конфликт.** Тұлғаның мінез-құлқы мен тәлім-тәрбиесі, тәртібі топтың нормалары мен қалауына сәйкес келмегенде туын-дайды.

Педагогикалық конфликт мұғалім мен оқушы (мұғалім, оқушы, ата-ана мен бала) арасында, сондай-ақ мұғалім мен сынып арасында туындайды. Конфликттердің басқа түрлерінен педагогикалық конфликттердің өзіндік ерекшеліктері бар. Педагогикалық конфликттердің басты айырмашылығы – әлеуметтік-рөлдік ұстанымдардың қарама-қайшылығында. Мұғалімнің позициясы шартты түрде *«мен сені тәрбиелеуге міндеттімін!»*

деген қағида негізінде болады. Ал оқушы «*мені тәрбиелеуін қаламаймын!*» деген позицияда болады.

Мектепте «оқытушы-оқушы» келіспеушілігі жиі кездеседі, себебі оқу-шылар мен мұғалімдер уақыттарын ата-аналардың перзенттерінмен бірге өткізетін уақытынан кем өткізбейді. Оқытушы мен оқушы арасындағы конфликтердің мынадай себептері анықталған:

- оқытушылардың оқушыларға қоятын талаптарында бірліктің болмауы;
- оқушыға қойылатын талаптардың шамадан тыс көп болуы;
- оқытушының талаптарындағы тұрақсыздық;
- оқытушы өзі қойған талаптарды орындамауы;
- оқушы өзін бағаланбадым деп есептеуі;
- оқытушы оқушының кемшіліктерімен келісе алмауы;
- оқытушының немесе оқушының жеке қасиеттері (ашуланшақ, дәрменсіздік, дөрекілік).

Педагогикалық конфликтер ішінен М.М.Рыбакова төмендегілерді бөліп көрсетеді:

-оқушылардың оқу тапсырмаларын орындауы, үлгерімі және сабақтан тыс іс-шараларды орындауы жағдайында туындайтын **қызметтік конфликтер**;

-оқушының мектепте, әсіресе сыныпта, мектептен тыс жерде тәртіп ере-желерін бұзуынан туындайтын **іс-әрекет конфликтері**;

-педагогикалық қызмет процесіндегі қарым-қатынаста оқушылар мен педагогтардың эмоционалдық жеке қарым-қатынасында туындайтын **қатынастық конфликтер**.

Қызметтік конфликтер сыныпта мұғалім мен оқушының, мұғалім және оқушылар тобы арасында олардың оқу тапсырмасын орындаудан бас тартқанында жиі кездеседі. Бұл әртүрлі себептермен болуы мүмкін: *шаршау, материалды үйренудегі қиындық, үй тапсырмасын орындамау және жұмысты орындаудағы қиыншылықтарға нақты көмек көрсетудің орнына мұғалімнің жиі сәтсіз ескерту жасауы*. Бұл конфликтер көп жағдайда оқуда қиналатын оқушылар мен жаңадан жұмыс бастаған мұғалім арасында туындайды.

Егер мұғалім оқушының мінез-құлқын талдауда қателесіп, негізсіз қорытынды жасаса, себептерді білмесе, онда **іс-әрекет конфликті** болуы мүмкін.

Кейде мұғалім өзінде жағдайлар мен нақты себептер туралы ақпараттың болмауына қарамай, оқушыға іс-әрекеттерін бағалау арқылы әсер етеді. Ол әрдайым да баланың өмірінде болып жатқан жағдайларға куә бола алмайды, тек болған оқиғаның себептерін шамалайды, балалардың арасындағы қарым-қатынас туралы аз біледі, сондықтан іс-әрекетті бағалау кезінде қателіктер жіберуі мүмкін және бұл оқушылардың наразылықтарына себеп болады.

Мұғалімдер көбінесе шара қолдануға, оқушыларды жаза лауға асығады, нәтижесінде жағдай тәрбиелік мағынасын жоғалтады, тіпті конфликтге айналады.

Өзара **қарым-қатынас конфликті** мұғалімнің жағдайды дұрыс шешпеуі нәтижесінде туындайды және бұл ұзақ уақытқа созылады.

Өзара қарым-қатынас конфликттері жеке мағынаға ие болып, оқушының бойында мұғалімді ұзақ уақыт ұнатпау немесе жек көру сезімін тудырады, оның мұғаліммен өзара әрекеттесуін біржола бұзады және оқушыда ересектердің әділетсіздіктерінен және түсінбеушілігінен қорғану қажеттіліктері пайда болады.

Оқытушы мен оқушы арасындағы кикілжінді шиеленісуге дейін жеткізбестен, оны тез шешу қажет. Мұғалім үшін конфликттің алғашқы белгілерін біліп, содан бастап оны шешуге тырысу маңызды болады. Бұл өте маңызды кезең, ол кикілжінді жағдайдың нағыз конфликтіге айналуына ықпал ететін, немесе жылдам шешілуіне әсер ететін кезең. Мұғалім конфликттің аталған кезеңдерінің ерекшеліктерін біліп, оны тиімді басқаруға ұмтылуы тиіс. Конфликттің алғашқы кезеңінде оны тиімді шешуге болады. Сондықтан мұғалім өз іскерліктерін шеберлікпен қолдана алуы тиіс.

Австралиялық ғалымдар – Х. Корнелиус және Ш. Фейр конфликтті шешу мұғалімнің байқағыштығына байланысты дейді. Педагогтың кәсіби іскерлігі конфликтті басып тастау немесе одан қашумен емес, конфликтті жағадайды басқара алуымен

сипатталады. Конфликтті тиімді басқара алу адекватты басқару технологиясын, яғни стратегия мен тактиканы бірлестіре алумен ерекшеленеді. *Стратегия* ұзақ мерзімді оқу-тәрбие мақсаттарын іске асырудағы мұғалімнің мінез-құлқын анықтайды. *Тактика* оның құрамдас бөлігі ретінде нақты бір конфликттік жағдайдағы педагогикалық реакцияны таңдауға, тікелей өзара қарым-қатынас алгоритмін белгілейді.

Стратегия мен тактика қалыптасқан ситуацияны терең талдау негізінде және субъектілердің ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Педагогикалық конфликттерді тиімді шеше алу мұғалімнің іскерлігін, шығармашылығын қажет етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Қарым-қатынас дегеніміз не?
2. Педагогикалық қарым-қатынас, оның өзіне тән ерекшеліктері қандай?
3. Педагогикалық қарым-қатынас қандай функцияларды орындайды?
4. Педагогикалық қарым-қатынастың құрылымы (Кан-Калик бойынша) қандай?
5. Педагогикалық қарым-қатынас стилдері (Кан-Калик бойынша) қандай?
6. Қарым-қатынаста адамилық қадір-қасиеттердің жоғарылығы?
7. Шығыс тәрбиесі және оның қарым-қатынасқа әсерін мысалдармен көрсет.
8. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?
9. Сабақта және сабақтан тыс уақытта оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа қойылатын талаптар қандай?
10. Оқушының жас ерекшеліктеріне сай қарым-қатынаста болу дегеніміз не?
11. Педагогикалық келіспеушіліктер және оның шығу себептерін айт.
12. Педагогикалық келіспеушіліктерді жою технологиясы қандай?

III.2. Педагогикалық такт және педагогикалық этика

III.2.1. Такт және педагогикалық такт туралы түсінік

Оқытушы мен оқушы арасында болатын қатынаста педагогикалық тактінің маңызы зор. “Такт” деген сөздің мағынасын дәлме-дәл беретін сөз қазақ тілінде жоқ.

Такт (лат. *tactus* – жанасу, сезім) – бұл әдептілік категориясы болып, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты тәртіпке салады. Такт қандай жағдайда да адамды құрметтеу, оған гуманистік қатынаста болу принципін ұстанады.

Педагогикалық такт жалпы такт туралы түсініктен айырмашылық жасайды. Педагогикалық такт оқытушыдан оқушыны жақсы көру, оның жеке басын құрметтеумен шектелмей, оған дұрыс жол таба білуін де талап етеді. Педагогикалық такт түсінігін кеңірек талқылап көрейік.

Педагогикалық такт деп мұғалімнің тәрбие беру процесінде балалардың көңіл күйін, жан дүниесін, мінез құбылыстары мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін терең білудің негізінде нақтылы жағдайлардың талабына сәйкес қолданатын әдіс-тәсілдердің жинағын айтамыз.

Педагогикалық такт дегеніміз – мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасында белгілі бір мөлшердің сақталынуы, сабақта және сабақтан тыс уақытта олардың бабын таба білу.

Педагогикалық такт – бұл мұғалім мен оқушы арасындағы адамгершілік қатынастар мақсатына сәйкес ұйымдастырылған мұғалімнің өзін-өзі ұстауы және оларға әсер етуі. Педагогикалық такт мұғалімнің адамгершілік мәдениетін көрсетеді.

Педагогикалық такт – кәсіби парыз бен жауапкершілік сезіміне негізделген мұғалімнің өз әріптестері, ата-аналар, балалармен өзара қарым-қатынасы. Бұл мұғалімнің мінез-құлқының жекелеген фактілері емес, ол мұғалім стилі, мұнда оқушылар мұғалімнің жақсы қарым-қатынасына сенімді болады.

Педагогикалық такт оқушылармен қарым-қатынас жасауда, педагогтың адамгершілігіне негізделеді. Педагогикалық тактіні

жақсы меңгерген педагог қолданылған тәрбие құралының оң нәтиже беретінін де ескереді. Егер бұл дұрыс пайдаланылмаса, онда баланың белсенділігін, инициативасын дамыту құралы болудың орнына, олардың дербестігін шектеуге, достық көңілдегі әңгіме іш пыстыратын уағызға, мадақтау күдік пен сенімсіздіктің дамуына себеп болады.

Педагогикалық такт – педагогикалық әдепті жүзеге асырудың бір жолы.

Сонымен, педагогикалық такт – мұғалімнің ең басты моральдық қасиеттерінің бірі, онсыз ол ұстаздық ете алмайды.

Педагогикалық такт педагогтың тиімді қолданған әдіс-тәсілдерін сипаттайды. Педагогикалық тактта ең бастысы педагогтың *сабырлығы* мен *төзімділігі* болып табылады. Оқушыларға талап қоюда олардың *жеке басын құрметтеуі* – бұл әдепті мұғалімнің басты көрсеткіші.

Такт әртүрлі жағдайда көрініс табуы мүмкін. Мысалы, тәртіп бұзған оқушымен сөйлесуде тандалған орын, уақыт және дауыс ырғағы, денсаулығы нашар немесе оқу үлгерімі төмен оқушыларға аса жоғары көңіл бөлуі, оқушы жетістігі мен жіберілген кемшіліктеріне әділ баға беруі және т.б.

Педагогикалық такттың негізгі көрсеткіштері:

- оқушыға құрмет;
- оқушыны көріп, тыңдай білуі;
- тіл табыса білуі;
- педагогтың балаларға деген зейіні мен мейірімділігі;
- болған жағдайды тез және дұрыс бағалауы;
- оқушының тәртібіне байланысты қорытынды шығаруға асықпауы;
- қиын жағдайға тап болса, сабырлық сақтап, сезімдерін тежей білуі;
- талап ету икемділігі, оқушыларға деген мейірімділігі;
- оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оларды жетік білуі;
- өз ісіне баға бере алуы.

Педагогикалық такт болмайынша оқытушы өз пәнін қанша терең білгенімен, тіпті тәрбиелік жұмыста алуан түрлі әдіс-тәсілдерді меңгергенімен, өзінің алдына қойған – жас ұрпаққа жан-

жақты тәрбие беру мақсатына жете алмайды. Сондықтан педагогикалық тактінің психологиялық мәні бар екендігін атап кеткен жөн. Педагогикалық тактінің қалыптасуы жеке оқытушының психологиялық, эмоционалдық дүниесінің құрылымына байланысты. Педагогикалық такт, басқа этикалық ұғымдар сияқты, белгілі бір құрылымнан – өзіне тән ерекше құрамдас мүшелерден тұрады. Солардың ішіндегі ең негізгілері:

- оқушыларға педагогикалық әсер етудегі мөлшерді сақтау мәселесі;

- ұстаздық ықпалдың нәтижелілігі, жеке адамның, атап айтқанда, оқытушының баланың рухани дүниесін егжей-тегжейлі түсіне білуі;

- жас буынның ұнамды қасиетін тани біліп, оны бүкіл адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға пайдалануға қабілеттілігі.

Педагогикалық тактінің жалпы негізі жоғарыда айтылғандай болғанымен, ол әрбір оқытушының педагогикалық қызметінде әр түрлі және сан алуан мазмұнда болып келеді. Өйткені әр мұғалімнің өзіндік жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде қолданатын әдістері мен тәсілдері бар. Мұғалім мен оқушының арасындағы қатынастар алуан түрлі. Сондықтан да оқытушы оқушыға деген қатынасын әр уақытта да өзгертіп отырады. Бір жағдайда қатаң талап қоюы, екінші бір жағдайда өтінуі, ал үшінші бір жағдайда жазалауы немесе мақтауы, сендіруі, үгіттеуі, тағы да көп әдістердің іске қосылуы мүмкін. Осындай сан алуан түрлі қатынастарда әр уақытта да белгілі бір педагогикалық тактіні сақтама-са, ойдағыдай нәтижеге жетіп, оқушыға жағымды әсер етілмеген болар еді. Мұғалімнің белгілі бір шектен аспай оқушыға әсер етуі оның педагогикалық тактісіне, сезіміне байланысты болады.

III.2.2. Сабақта педагогикалық такт

Ұлы орыс педагогы К.Д.Ушинский: *«Педагогика теориясын қаниама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр-сырын меңгермейінше, педагог ұстаздық шеберлікке қолы жетпейді»*, - деген еді. Шынында да, мектептердегі оқушы мен оқытушы

арасындағы келеңсіз жағдайлардың орын алуына көбінесе оқытушының әдепсіздігі себепші болып жатады. «Орныңнан су шықты ма, отыра алмай отырсың?», «Маубас, сен нені қатырасың!», «Әкең оңбаған еді, сен қай мәз боласың!» сынды баланың намысына тиетін сөздерді жиі қолданатын оқытушылар сабақтағы конфликтті жағдайлардың тууына себепші болады. Мұндай дерекі, ұстамсыз, тұрақсыз оқытушыда педагогикалық әдеп жоқ. Педагогикалық әдеп (такт) – педагогтың кәсіптік сапасы, оның шеберлігінің құрамдас бөлігі.

Педагогикалық такт сабақтың барлық кезеңдерінде қажет. Әсіресе, оқушылардың білімін тексеру және бағалау кезінде керек. Өздерін тыңдайтын, білетін, өздерін сыйлайтын оқытушыға жауап беруді барлық оқушылар ұнатады. Ал егер оқушылар өздері өте жақсы көретін мұғалім оларға дауыс көтеріп сөйлесе көңілдеріне ауыр алып қалады. Дауыс көтеру, жазықсыз жазғыру, әділ қойылмаған баға ғана емес, мұғалімдер көзге ілмей, өтініштерін құлықсыз, жүрдім-бардым тыңдаса да ең болмағанда қастарына жақындап жағдайларын білмесе де олардың көңілдеріне келеді. Мұғалім оқушыларға жаңа материалды түсіндірумен қатар оларға назар аудара білуі керек. Өйткені мұғалімдер тарапынан оқушыларға ілтипат болмаса, олардың араларына жарықшақ сызаты түседі.

Балалар өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін толық шамалай алмайды. Олар ересектердің бағасына әсіресе өздерінен де артық сенетін мұғалімнің бағасына сүйенеді. Сондықтан мұғалімдер олардың қабілеттерін бағалауда өте сақ болғандары жөн. Оқушының қабілетін, әрине асыра бағалау дұрыс емес, ал оларды құлдыратып бағалау одан да оғаш.

Психолог А. А. Леонтьевтің пікірінше, мұғалім сабақта оқушылардың темпераментін де ескеруі керек. Мысалы, оқытушы холерик дейік. Ал жауап беретін оқушы флегматик болса, ол жауап беремін дегенше оқытушы шыдамсызданып, айғайлап кетеді. Өйткені ол қарым-қатынас жасап отырған баланың жүйке жүйесінің типін ескермейді. Сондықтанда, оқытушы сабақта түрлі темпераменттегі оқушылардың әрқайсысымен психологиялық байланыс жасау тәртібін және әрбір баланың жан-дүниесін түсіне білуі керек.

Педагогикалық тақтты дұрыс меңгермеген оқытушыларда кездесетін **қателіктер** мыналар:

1. Жақсы оқушыға қарағанда нашар оқушының жауап беруіне аз уақыт беруі, яғни оның ойлануына мүмкіндік бермейді. Егер жауап дұрыс болмаса, жетелейтін сұрақтар беріп, көмектеспейді.

2. Ымырашылдыққа салынып, тез берген жауапты оңай және оң бағалайды.

3. Нашар оқушының қате жауабы үшін жиі ұрсады, керісінше дұрыс жауабы үшін сирек мақтайды.

4. Нашар оқушының көтерген қолын байқамаған болып басқасын шақырады.

5. Сирек күледі, жақсы оқушыдан гөрі нашар оқушыға сирек қарайды, сирек шақырады. Кейде сабақта онымен мүлде жұмыс істемейді.

Сабақта педагогикалық әдептің негізгі белгілері төмендегідей:

- табиғилығы, пікірлесудегі қарапайымдылық;
- жалғансыз, шынайы іс-әрекеті;
- оқушыға сенуі;
- жалынбай өтініш жасау;
- сездірмей-ақ кеңестер мен нұсқауларды беру;
- оқушының өзіндік «менін» тежемей талап ету және сенді-

ру;

- күлкіге айналдырмай юморды қолдану;
- қарым-қатынаста

іскерлік көрсету, салқындылық танытпау;

-қойған талаптан бас тартпай тәрбиелік ықпалды жүзеге асыруда нақтылықпен реттілікті басшылыққа алу;

-өзінің бақылауын байқатпай оқушыға көңіл бөлу, пікірлесудегі салмақтылық.

Педагогикалық тақт тек оқушымен дұрыс қатынас жасауда ғана емес, сол қатынастың тиімді жақтарын табу, ал ол жолдар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, бала мінезінің әр түрлілігіне қарай, тіпті бір сыныптағы оқушылардың әрқайсысының жалпы үлгерімі мен тәртібінің ерекшеліктеріне қарай, әр уақытта да өзгеріп отыруға тиіс. Осыған сәйкес мұғалім өзінің оқушы-

лармен қарым-қатынасын сәйкестендіруі, нақтылы жағдайға байланысты қатынастардың жаңа түрін табуы – міне, осылардың барлығы мұғалімнің педагогикалық тактісінің көрсеткіші болып табылады.

Педагогикалық тактінің ең негізгі компоненттерінің бірі – оқушының ұжданы мен абыройын сақтай білу, оның психологиялық көңіл күйін байқау, соған байланысты қатынас жасау, керек уақытында оқушыға сену және әрбір жағдайға байланысты талапты дұрыс қоя білу т.б.

III.2.3. Тактика және педагогикалық тактика

Тактика (грекше *taktike* – “*тәртіпке келтіру*”) – белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс, жол.

Педагогикалық тактика – педагогикалық мақсатқа жету үшін оқытушының қолданатын әдіс-тәсілдері. Педагогикалық тактика мұғалімде оқушыға әсер етудің жағдайға қарай орағуға болатын әр түрлі құралдарының мол қоры болуын ескереді. Таратып айтсақ, оқытушыда сөз тіркесін сан құбылтып айтатын алуан түрлі дауыс ырғағы, күлімсіреу, әсерлі көзқарас, ым-қимылдардың жинақталған шоғыры, тұрақты сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің айтарлықтай қоры, сондай-ақ, бірқатар артистік қимыл-қозғалыстар және шешендік тәсілдердің қоры болуы тиіс.

Педагогикалық тактика мұғалімнен, әскери тактика командирден нақты жағдайда бағдар табуы, бар мүмкіндіктер мен кедергілерді есепке алуды, тура және айналма жолдарды, қарсылықтың күткен және күтпеген формаларын, ықтимал нәтижелерді көре білуді, т.б. пайдалануды қандай талап етсе, сондай талап етеді. Әрине, оқу-тәрбие процесінде мұғалімдер мен оқушылар қарсыластар емес, қатысушылар. Олар өзара ынтымақта болады. Бірақ бұл ынтымақ тартыссыз бола бермейді. Оқушылар өзіндік тіршілік, мүдделерімен өмір сүреді, оларды біздің оқу және тәрбие талаптарымызға, алдағы алшақ жатқан мақсатқа сәйкес келмеуі мүмкін. Оқушылар үшін оқу мен тәрбие көптеген талаптармен, қолайсыздықтармен, шектелулермен т.с.с. байланысты. Олар қарсылық көрсетеді, бұл қарсылық оқушы-

лардың жан дүниесіндей өте күрделі болуы ықтимал. Қарсылық ашық та астыртын, саналы да санасыз, жалпы да нақты, белсенді де самарқау болуы мүмкін.

Педагогикалық тактика бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Оны барлық жағдайда әрқандай педагог қолдана алатын белгілі бір нұсқауға, тіпті ережелерге айналдыру қиын. Өйткені педагог оқушылармен түрлі жағдайларда түрліше ролдерде қатынаста болады. Оқушылар сабаққа дайын болмаған жағдайда қарым-қатынастың айқын, қатал, салқын, сыпайы сарынын пайдалану керек. Сабақтан тыс уақытта балалармен достық, сырластық қатынаста болған жөн.

Педагогикалық такт пен педагогикалық тактиканың оқушыларға ықпал ету мүмкіндіктері мол, оларды қолданудың өрісі кең. Сабақта және үзілісте, мектепте және мектептен тыс жерде, оқушылардың оқуға деген ынтасы мен адамилық көзқарастарын қалыптастыруда, сенімділік пен сыпайылыққа тәрбиелеуде ең қажетті құрал болып есептеледі.

III.2.4. Педагогикалық тактты меңгеру шарттары.

Педагогикалық тактты меңгеру үшін төмендегі ережелерді есте сақтау керек:

1. Конфликтті жағдайларды түсінуге әрекет ету, оның үшін сыртқы көрі-ністе байсалдылық және ұстамдылық.
2. Өзінің іс-әрекетімен сұхбаттасына әсер ету.
3. Бірден жағдайды бағалауға әрекет етпеу, өз көзқарасын ғана білдіру.
4. Мақсатты біріктіру.
5. Шешімге келуде өз позициясының дұрыстығына көз жеткізу.

Әрқандай жағдайда барлық педагогтар қолдана алатын нұсқаулар:

Адамдық қадір-қасиетті құрметтеу. (Оқушының сөзбен де, көзбен де оның қадір-қасиетін қорламау, керісінше оларды сүйемелдеу, көтермелеу, дамыту);

Ықпал жасау шамасы. (Ол шамалап кінәлайды, шамалап мақтайды; кейісті тоқтатады, әзілді тежейді, әр сөзді қашан айтуды дөп басып біледі).

Шешімге келу. (Ең жақсы шешім – байсалды шешім; ашу – нашар кеңесші).

Көңіл қалдырмау. (Көңіл қалдыру – мұғалім мен оқушы арасындағы психологиялық кедергі).

Оқушымен жеке әңгімелесу кезіндегі мінез-құлық. (Оқушымен жеке сөйлесу – мұғалім шеберлігінің көрсеткіші, ондай әңгімеге сабақтан кем дайындалмау керек)

Оралымды жолдар. (Өдепті мұғалім талап қойғыш, бірақ қазымыр болмайды).

Білімді бағалау. (Жақсы баға – объективті (оқушылар сөзімен айтқанда, әділ) баға.

Көңіл-күйі. (Егер көңіл күйіңіз нашар болса, оны табалдырықтан тыс қалдырыңыз. Оқушылар алдында мұғалім қалай болғанда да тек қана жай-дары, қайратты және көңілі көтеріңкі болуы тиіс. Педагогтық кәсіп сыры осында.)

Әзіл. Тапқыр сөз. (Өзі әзілді сүйетін, тапқыр сөзді мұғаліммен оқушылар ықыласты араласады, тіпті оның қателіктерін де кешіреді).

III.2.5. Этикалық категориялар. Педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасы

Этика (грекше *ethos* – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын әдептілік туралы философиялық тағылым. Этика қызметтің барлық түрінде кездеседі. Мысалы, медициналық этика, әскери этика, басқару этикасы, сауда этикасы, т.б.

Этикалық норма – адамдардың ұқсас мінез-қылықтары ортақ ережелер бойынша немесе тыйым салу арқылы реттеліп отыратын адамгершілік қағидалар формасы. Этикалық норма – ешкімнің жарлығымен немесе үкімет шешімімен болмайды, дәстүр, қоғамдық пікір негізінде стихиялы түрде қалыптасатын құбылыс.

Этикалық категориялар – бұлар достық, махаббат, жомарттық, ар-намыс, ұят, абырой, парыз, әділеттік, бақыт.

Педагогикалық этика – бұл мұғалімнің педагогикалық процесс барысында ұстанатын моральдық (адамгершілік) нормалары. Педагог тез тіл табысып кететін, балалардың сенімінен шығатын болуы керек. Оқушылармен қарым-қатынасты жоғары моральдық норма негізінде ұйымдастыру, оларға әдепмен мәміле жасау талап етіледі. Мұның үшін оқытушы педагогикалық этика категорияларын жақсы білуі керек.

Педагогикалық этиканың категориялары:

- педагогикалық әділдік;
- педагогикалық борьш;
- педагогикалық ар-намыс;
- педагогикалық бедел;
- педагогикалық мораль;
- педагогикалық тәртіп.

Әділдік бір жағынан мұғалімнің адамгершілік қасиеті ретінде, екінші жағынан оқушылардың іс-әрекетін бағалау өлшемі ретінде көрінеді. Әділеттілік педагогтық қызметте оқушылардың оқу процесіндегі еңбегін әділ бағалау арқылы жүзеге асады. Бағаны дұрыс, орынды пайдалану тәрбиелік мәні зор.

Педагогикалық әділдік – мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы барысында оқушылардың тәртібін, қылығын, оқуға көзқарасы мен ынтасын, адамгершілік тәрбиелік деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы мұғалімнің объективтілігі мен өзіндік баға берудегі ерекше сипаты. Бұл жағдайда объективтіліктің өлшемі педагогтың қолында.

Кәсіби педагогикалық парыз – педагогтың кәсіби қызметін тиімді түрде іске асыруға негізделген ізгіліктік талаптар жүйесі. Өзінің еңбегіне деген шығармашыл көзқарас, өз-өзіне қатан талап қою, кәсіби білім-білігі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс, оқушыға, оның ата-анасына деген құрмет көрсету және талап қою қажеттілігі, мектеп өмірінде кездесетін қиын да күрделі шиеленістерді шеше білу тәрізді ерекеше іс-қимыл педагогтың кәсіби парызына жатады.

Педагогикалық ар-намыс – педагогтың өз кәсіби борышын орындау барысында айқындалатын моральдық сипаты

мен сіңірген еңбегіне деген қоғамдық баға. Онда мінез-құлқы, басқа тұлғалармен арақатынасқа қойылатын талаптарды орындау деңгейі, адамгершілік сипаты ескеріледі.

Мұғалімнің педагогикалық беделі – бұл педагогтың оқушылар мен оқытушылар коллективіндегі моральдық мәртебесі, бұл беделді және сыйлы педагогтың оқушылардың мінез-құлықтарын реттеп, олардың сенімдеріне ықпал ететін тәртіптің ерекше түрі. Педагогикалық бедел педагогтың алдыңғы моральдық-этикалық және психологиялық-педагогикалық даярлығына байланысты болады. Оның деңгейі білім, эрудиция және шеберліктің тереңдігімен, жұмысқа шын берілгеімен өлшенеді.

Педагогикалық мораль – мұғалімге өзіне, өз мамандығына, қоғамға, балаларға және оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларына қатынасында оған қойылатын ізгілік талаптарының жүйесі. Ол педагогикалық жұмыста мұғалімнің мінез-құлқының реттеушілерінің бірі болып табылады. Педагогикалық мораль талаптарының жүйесі – бұл қоғам, педагогикалық коллектив және өзінің таңдаған мамандығы алдындағы мұғалімнің кәсіби борышының көрінісі.

Педагогикалық тәртіп – мұғалім қызметінде оның ойымен әрекетінің ұштасып жататын педагогикалық моральды іске асыру түрі. Педагогикалық тәртіп – іс қимылдың барлық объективтік әсері мен оның субъективтік қабылдануын көре білуді көздейтін адамгершілік көрінісі. Осы арқылы мақсатқа жетудегі барынша жеңіл жол мен, керісінше, жағымсыз жағы айқындалады. Педагогикалық тәртіп түрлері – мұғалімнің тұлғаға деген құрмет сезімі, жоғары талап қоюы, әңгімелесіп отырған адамды тыңдай және түсіне білуі, ұстамдылығы, іскерлігі, сабырлылығы, зейінділігі, сезімталдығы, осылардың барлығы педагогикалық тәртіпке жатады.

Педагогикалық этика деген өте кең түсінік. Ұстаз деген абыройлы атаққа лайықты болу үшін мұғалім жан-жақты білімді болып қана қоймай, сондай-ақ әділ де әдепті, қарапайым да кішіпейіл, бауырмал да қайырымды болуы тиіс деген сөз.

Ал енді оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасындағы педагогикалық этикаға келетін болсақ, мұғалім оқушы атаулыға үлгі болатын, өмірдің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт

беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан. Кейде мұғалімдер арасында оқушы кінәлі болып қалғанда жазалай бергеннен гөрі оқушының жақсы қылықтарын да ескерусіз қалдырмай, оны дәріптеп, көтермелеп отыру мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жақсартады. Мұны да сатылап, орынды пайдалана білу маңызды жұмыс. Атап айтқанда *құптау, ырзалық білдіру, рахмет айту, сенім білдіру, дәріптеп отыру, мақтау, үлгі тұту, сыйлық беріп көтермелеу* жатады. Кейде оқушы сабақ үстінде тәртіп бұзып кінәлі болып қалады делік, оны сабақ үстінде тұрғызып қою, не далаға шығарып жіберу, не мұғалімнің сабағын жалғастырмай қалуы, болмаса тыңдамаған баланы әкімшілікке сүйреу мұғалімнің оқушы алдындағы қадір-қасиетін кемітеді. Оқушының майда кінәларын термелей берудің қажеті жоқ. Кінәлі болып қалған оқушының өткендегі кінәларын қайталап, бетіне баса беруден аулақ болу керек.

А.П. Чеховтың *«адамда барлық нәрсе жүзі де, киімі де, жаны да, ойы да көркем болуы тиіс»* деген ұлағатты сөзі ұстаздарға айтылған сияқты. Орынсыз бояну, шектен асқан сәнді, жасанды киіну, табиғи өңін өзгертуге әуестену немесе өте салақтық, өзін күтінбей жүру мұғалімдік этикаға үйлеспейді. Сондықтан да заманауи оқытушылар педагогикалық этикет нормаларын жақсы білуі керек.

Этикет (этикет француз тіліндегі «*etiquette*» – мінез-құлық мәнері деген мағынаны білдіретін сөзден шыққан термин) – нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебі. Ол қоғамда қабылданған құрмет білдіру, сыпайылық және төзімділік ұғымдарын да қамтиды.

Педагогикалық этикет өз ішіне педагог пен тәрбиенелуші, педагог пен ата-ана, педагог пен педагог арасындағы қарым-қатынаста тәрбиеленушіге, ата-анаға, кәсіптесіне құрметті көрсететін, қарым-қатынастан жағымды әсер алуға әрекет етуін тәртіпке салушы мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Педагогикалық этикет оқытушының кәсіптік имиджінде, сөйлеу мәнерінде, мінез-құлқында көрініс табады. Этикетті сақтау арқылы

оқытушы оқушылар ортасында абыройға ие болады. Мысалы, оқушының жағымды қылығын мақтап қойса, оның оқытушыға деген эмоционал сенімі артады. Керісінше, қателігін дер кезінде көрсетіп, ескерту жасаса, оқушы оны жылдам түзетуге әрекет етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Такт дегеніміз не?
2. Педагогикалық такт дегеніміз не?
3. Тактика дегеніміз не?
4. Педагогикалық тактика оқытушыға не үшін керек?
5. Педагогикалық тактты меңгеру шарттары қандай?
6. Этикалық нормалар дегеніміз не?
7. Этикалық категорияларға сипаттама бер.
8. Педагогикалық этика нені білдіреді?
9. Педагогикалық этиканың категорияларына сипаттама бер.
10. Педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасы қандай болуы керек?
11. Этикет дегеніміз не?
12. Педагогикалық этикеттің оқытушы қызметіндегі орны қандай?

IV ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАСТЫРУ

IV.1. Педагогикалық техника туралы түсінік. Педагогикалық техниканы қалыптастыру методикасы

IV.1.1. Педагогикалық техника туралы түсінік. Педагогикалық техниканың компоненттері

Педагогикалық өнер – бұл қолмен ұстап болмайтын, тек қана парасатпен амалға асырылатын іс. Тәлім-тәрбие өнерінде өзінің педагогикалық техникасын, өзінің «бір қалыптағы» еңбек мәдениетін біліп алу қажет. Педагог кадрларды даярлау және оның дәрежесін жетілдірудің тұтас системасы міне осыған қаратылуы керек. Бірақ, ешкім жоғары оқу орнында оқып немесе оқытушылар білімін асыру курсы бітіргеннен кейін шебер педагог болып қалмаған. Нағыз шебер педагог мектепте пайда болады, балалармен қарым-қаты-наста тәрбиеленеді.

Педагогикалық шеберлікке педагогикалық білімдермен бір қатарда педагогикалық техника бойынша білімдер де кіреді, олар тәрбиеге азырақ күш жұмсап, көбірек нәтижелерге жету мүмкіндігін береді.

Педагогикалық техника мұғалімнің өзін-өзі басқара алу және өзара әрекеттесу іскерліктерінен құралады. Педагогикалық техника мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді жарасымдықта болуына ықпал етеді.

«Педагогикалық техника» түсінігі екі компонентті өз ішіне алады:

1. Педагогтың өз іс-әрекеттерін басқара алу іскерлігі: өз организмі-нен (*мимика, пантомимика, жест*) пайдалана алу, өз көңіл-күйін және сезімдерін (*артықша психикалық күшті алып тастау, творчестволық көңіл-күйді орнату*) басқару; әлеуметтік-перцептивтік қабілеттер (*зер салу, бақылау, қиял, елес*); сөйлеу техникасы (*тыныс, дауысты қою, дикция, сөйлеу темпі*).

2. Оқытушының жеке адамға және коллективке әсер ету іскерлігі және ол тәлім-тәрбиенің технологиялық жағын ашып береді: дидактикалық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық, конструктивтік іскерліктер; талап ету, педагогикалық қарым-қатынасты басқару, коллективтің творчестволық жұмыстарды ұйымдастыру, т.б.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, педагогикалық техниканы меңгеруде жас мұғалімдердің қателіктері көп болады. Жас маманның ата-аналармен, оқушылармен сырласып, әңгімелесе алмауынан педагогта ашу, сенімсіздік пайда болады. Жұмысты жаңадан бастаған мұғалім қабағын шытып, жылдам сөйлейді, сезімін қорқынышпен алмастырады. Ол мақам, үйлесімді дауыстың түрін таба алмай қиналады. Бұл қателіктер педагогқа жұмыс барысында кері әсерін тигізеді.

Педагогикалық техниканы меңгеріп алған оқытушы өзінің жұмысына байланысты болмаған жағдайларды ұмытуда қиналып жүрмейді. Демек, педагогикалық техниканы меңгеру оқытушының өз мамандығынан қанағаттану дәрежесінің өсуіне алып келуі мүмкін.

IV.1.2. Мимика. Пантомимика

Педагогикалық техниканың маңызды құрамдас бөлігі, мұғалімнің сыртқы көрінісінің айқындылық шеберлігі **мимикалық мәнерлілік** болып табылады.

Мимика – өз пікірлерін, көңіл-күйін, жағдайын, өз ойын бет-алпетінің қимылы арқылы баян ету, білдіру өнері. Мимикалық әрекеттер, берілген ақпараттың эмоционалдық мәнін арттырады, мәліметтерді терең үйрену мүмкіндігін береді. Оқушылар оқытушыға қарап оның көңіл-күйін, қатынасын «оқып» алады. Жүз көрінісі дауысқа сай болуы керек. Ол сенім, мақұлдау, наразылық, қуаныш, қызығушылық, мақтану, мән бермеу, екілену сияқты әрекеттерде көрінуі керек. Мимиканың негізгі деталі: қас және көз. Қасты көтеру таң қалуды білдірсе, түю бір ойға, бір мәселеге келуді білдіреді. Ал көз арқылы барлығын көріп, назарда ұстап тұру қажет. Мимикалық көріністер кезінде оқытушының назары оқушыларға яки кейбір оқушыға кара-

тылған болуы керек. Сабак барысында өне бойы тақтаға, есікке, терезеге яки қабырғаға назар салу сияқты мимикалық көріністерден аулақ болу керек.

Оқытушы педагогикалық процесте мимиканың мәнін түсінуі керек, беттің мимикалық әрекетінің мүмкіндіктерін, онда ең көп күш қайсы бұлшық еттерге түсетінін білуі керек; педагогикалық техниканың бұл бағытында өзі-нің мүмкіндіктерін анық және жеткілікті түрде көз алдына келтіре алуы керек.

Ең үлкен мимикалық күш маңдай, көз және ауыздың бұлшық еттеріне түседі. Осылар беттің жандылығына, сөзді бейнелі жеткізуге жауап береді.

Бет нақты эмоцияларды білдіру үшін негізгі және ең дәл сигналдық жүйе болып табылады, - дейді әлемге әйгілі психолог, адамның бет әлпетін және қимылдарын зерттеуші Пол Экман.

Ол жүз көрінісін белгілейтін әрекеттерді атап шықты және оны «жүз көріністерін кодтау тізімі» деп атады. Оның пікіріне қарағанда, жүздегі алты негізгі эмоция (*бақыт, ашыну, ашу, жиіркену, қорқыныш, таңдану*) барлық адамдарда бірдей.

Мұғалім өзінің мимикалық әрекеттерінің ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін зерттеп білуі және мимикалық айқындылыққа қол жеткізу керек. Өзінің мимикалық мінез-құлқын дамыту үшін психологтар ұсынған мимикалық айқындалақ эталондарын үйрену қажет. Осы эталондарды білу (тыныш, көңілді, ойлау, қайғы, ашулану, таңданыс, іскерлік, т.б.) бұлшық еттердің мимикалық қозғалысын дамытуға көмектеседі.

Мұғалімнің сыртқы келбетінің педагогикалық мақсаттылығы, оның эстетикалық айқындылығы, негізінен, оның пантомимикалық шеберлігінің даму деңгейіне байланысты. **Пантомимика** – адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқа дене қалпының қозғалысынан, позасы мен жүріс-тұрыстарынан көрінуі. Жинақылық пен емін-еркін қимылы педагогтың өз біліміне, күшіне деген сенімін білдіреді. Салбыраңқы бас, жиі қобалжу мұғалімнің әлсіздігін, өз-өзіне деген сенімсіздігін білдіреді.

Адамның қимылына қарап, айтайын деген ойын ұғынуға болады. Мұғалімнің әрбір іс-әрекеті, қимыл-қозғалысы, бет әлпетінің қозғалысы оның сөзіне сай болуы керек. Мысалы: сабақ түсіндіру барысында мұғалім тұрған жерінен алға қадам басса,

ол тақырыпты ары қарай толығырақ түсіндіруін білдіреді, ал артқа шегінсе оқушыларға демалуға мүмкіндік береді.

Оқытушы сабақта оқушыларға жаңа білімдерді баяндауда пантомимикалар арқылы мәліметтердің образын көрсете алса, оқушылар бұдан нәр алады, ішкі және сыртқы сезімдері қосылып жаңа материалды ұғынуы жылдамдайды. Кеудені тік ұстап жүре білу, пікірлерін анық және толық баян ете тұрып, қолды, басты түрлі әрекеттерде пайдалану оқытушының өз біліміне, күшіне сенімін білдіреді. Сол үшін оқытушы оқушылар алдында өзін тұта білу әрекетін тәрбиелеу керек (*аяқтары 12-15 см кеңдікте, бір аяқ сәл алға шыққан күйде тұру. Мұғалім мен оқушының арасындағы дистанция 45-120 см. дейін арақашықта болуы керек.*). Мысалы: керексіз жағдайларда қолдарымен қимыл-әрекеттер жасау, басын қасу, құлақтарын ұстау т.б. әрекеттерді қылмау керек. Мұндай әрекеттер оқушылардың көңілін бөледі және олар оқытушыға құрметсіздік көрсете бастайды.

Жест (латын тілінен *gestus* – дененің қозғалысы) – белгілі бір мағына немесе ойды белгілер яки символдар арқылы білдіретін адам ағзасының немесе оның бөлігінің әрекеттері немесе қозғалысы. Жесттер бейнелеуші және психологиялық жесттер болып бөлінеді. *Бейнелеуші жесттер* ойдың барысын бейнелейді, иллюстрациялайды, ал *психологиялық жесттер* сезімді білдіреді.

Жест және мимика ақпараттың эмоционалды мәнін арттырып, оның жақсы меңгерілуіне жағдай жасайды

IV.1.3. Педагогикалық мақсаттылық және педагогтың сыртқы көрінісі

Оқытушының сыртқы көрінісі эстетикалық талапқа жауап беруі керек. Өзінің сырт келбетіне селқос қарауға болмайды, сонымен бірге аса көңіл бөлу де қажет емес. Педагогтың сырт келбеті оқушыларға ықпал жасаудың құралы, тәрбиешінің ішкі рухани дүниесінің бейнеленуі ретінде қолданылады. Оқытушының эстетикалық мәнерлілігі оның бет-әлпетінің қаншалықты жылы шырайлылығынан, іс-әрекетінің жинақылығынан, ұстамдылығынан, орынды қимылдарынан, денесін тік ұстауынан, жү-

рісінен көрінеді. Оған мазасыздану, қимылдардың жасандылығы, солбырлық жараспайды. Балалар педагогтың ішкі және сыртқы әдемілігінің бірлігін, тұтастығын өте жоғары бағалайды. Сондықтан, әрбір мұғалімнің бойында өзінің сырт келбетінің эстетикалық мәнерлі болуын арттыруға ұмтылысы болуы тиіс. Сыныпқа қалай кіруіңіз, қандай қарауыңыз, қалай сәлемдесуіңіз, орындықты қалай сүруіңіз, сыныпта қандай жүруіңіз – міне осылардың бәрі тәсір етеді.

Оқытушының шаш сәні, киімі, әшекейлері әрдайым педагогикалық мәселелерді шешуге лайық болуы керек. Оқытушы әдемі киінуге, әшекейлер тағуға, өзіне қарауға құқығы бар, бірақ шектен тыс шықпауы керек.

Егер мұғалім оқушылардың алдына дұрыс үтіктелмеген костюммен, өте таза емес бет орамалмен, таралмаған шашпен келіп тұрса, тәрбиеленушілерден ұқыптылықты, тазалықты талап етуге болмайды.

Мұғалімнің киіміне қойылатын негізгі талап – қарапайымдылық, сымбаттылық, артықшылықтың болмауы, жақсы талғам. Қайсыбір шаш үлгісі, көйлектің айрықша тігісі, шаштың түсін жиі өзгерту оқушылардың назарын аударады.

Мұғалім сабақта оқушылардың алдында дұрыс тұру мәнерін, сыныпта ешкімге кедергі жасамай қозғалуға үйренуі тиіс. Денені дұрыс, тік ұстау үшін спортпен, арнайы әдістермен айналысу қажет.

А.С. Макаренко мұғалімнің сыртқы мәдениетіне аса зор мән берген. Ол: *«Мен сыртқы кейтіне баса назар аудардым, сыртқы кейті адамның өмірінде зор маңыз алады. Лас, салдыр-салақ адам өзінің жүріс-тұрысын қадағалап жүреді деп ойлау қиын»*, - дейді. Макаренко қалай болса, солай киінген мұғалімді сабаққа кіргізбей қоятынын ескерткен.

Шынында да, мұғалім әрдайым көпшіліктің алдында жүреді. Қай жерде болмасын, оның педагогикалық қызметінің тиімділігін жоғарылататын кәсіби сипаттардың бірі кәсіби имидж болып есептеледі.

Педагог имиджі (латынша *imago* – мақсатқа бағыттап қалыптастырушы образ) – оқытушы бейнесінің оқушылар, оқытушылар және жұртшылықтың санасында қабылданудың стререо-

типі. Өз имиджін жасауға талпынған педагог жақсы көрініп қана қоймай, өзін жақсы сезінеді, өзіне көбірек сенімді болады, нәтижесінде өнімді жұмыс атқарады. **Сыртқы имиджді құраушылар:** пантомимика, мимика, келбет, дене қимылы, көз, дауыс күші мен тембрі, жұмыстық киім, шаш сәні, макияж. Педагог **имиджінің ішкі мазмұнына** адамның ішкі әлемі, яғни рухани және интеллектуал дамуы, қызығулары, құндылықтары, жеке басы туралы көзқарасы жатады.

Мұғалім өз имиджін өзі жасау керек. Оның қандай киім киюі, сәні қандай болуы туралы нақты қызметтік үлгі жоқ. Әрбір мұғалім өзінің эстетикалық талғамына, жасына, дене құрылысына қарай жұмысына жарасымды, сәнді киініп келуі керек. Киген киімі, әшекейі арқылы жас ұрпаққа үлгі болуын, айналасындағыларға жағымды ықпал етуін ескере отырып, мұғалім ұстаздық статусқа лайықты өзінің имиджін жаратуы керек болады.

IV.1.4. Оқытушының педагогикалық техникасын қалыптастыру жолдары

Педагогикалық техниканы меңгеру үшін ең алдымен, оқытушы өзі оқытатын пәнін, педагогика, психология пәндерін заман талабы дәрежесінде білуі, кәсіптік жағынан өз-өзін тәрбиелей алатын болуы керек.

Себебі педагогикалық техника индивидуал жеке мәнге ие. Бұл – педагогикалық техниканы меңгерудің **бірінші** жолы.

Екінші жолы – методикалық білімдерді иелеуге байланысты. Бұл білімдер лекцияларды тыңдау, жеке әдебиеттерді оқу арқылы қолға кірітіледі.

Үшінші жолы – әрбір педагогтың индивидуал программасын істеп шығу. Мұндай программаны түзуден алдын педагогикалық техника білімдерінің өркендеуінің бастауыш дәрежесін анықтап алу керек. Яғни, педагогиканың бастапқы оқу-тәрбие істеріндегі нәтиже, тіл мәдениетінің тура яки қате қойылуы, мимикалық және пантомимикалық анықтықтар т.б.

Индивидуал программа педагогикалық техника білімдерінің жетіспегенін толтыру үшін қызмет қылады. Егер оқытушы-

ның дыбыстау аппараты төмен, дыбысы құлаққа жағымсыз болса, оны тіктеу керек.

Өз-өзін басқарудың негізгі жолдары мыналар:

- оптимизмді тәрбиелеу, өз әрекеттерін тексеру, өз-өзін сендіру (психо-логиялық-дене жаттығулары);

- релаксациялық сеанстарды (дене жағынан және рухани демалу) өткізу.

Сонымен, педагогикалық техника белгілі бір кәсіптік және жеке білім-дер жиынтығы, ол оқытушының педагогикалық қызметіне тәсір көрсету, ұйымдастыру және басқару жұмыстарында негізгі жол көрсетуші болып қызмет етеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагогикалық техника дегеніміз не?
2. Педагогикалық техниканың қандай копоненттері бар?
3. Педагогикалық техниканың вербалды және вербалды болмаған тәсіл-дерін сипатта.
4. Мимика және оның негізгі деталі туралы не білесің?
5. Пантомимика деген не? Жест ше?
6. Педагог имиджі қандай болуы керек?
7. Оқытушының педагогикалық техникасын қалыптастырудың қандай жолдары бар?

IV.2. Сөйлеу техникасы мен мәдениеті

IV.2.1. Сөз туралы түсінік. Сөздің оқытушы қызметіндегі орны

Сөз – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты тәсілі. Біз сөз арқылы ғана өз ойларымызды сыртқа шығара аламыз. Сөзді қабилдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты.

Сөйлем – адам ойын айтудың негізгі формасы. Сөйлемге катысты әрбір сөз – айтайын деген мақсатты ойдың қажетті бөлшегі. Құбылыстар мен заттардың бәрі де белгілі бір сөздермен аталады.

Американдық зерттеуші Уильям Фолкнер сөйлеу адам ойлауының негізгі тірегі екенін көрсетіп, сөз сөйлеу арқылы жеке тұлғаның мінезі байқалады дейді. Сөйлеу арқылы адам өз сезімдерін білдіреді және ойларын айтады.

Сөйлеудің **негізгі функциясы** – қарым-қатынас орнату. Қарым-қатынасты орнату үшін сөйлеуші өз сөзін мәнерлі, тыңдаушыға сәйкестендіріп айтуы қажет. Егер сөйлеуші айналада тірі адамдар және олардың өз ойлары, қажеттіліктері бар дегенді сезінбесе жанды сөздің мәнін түсінбейді деген сөз.

Сөйлеуді Н.М. Тимченко төмендегідей жіктейді:

- ақпараттық;
- сендіру;
- ынталандырушы

Ал Толь Сопер сөйлеуді жалпы мақсатына байланысты былайша жіктейді:

- ақпараттық;
- сендіруші;
- ынталандырушы;
- әрекетке жұмылдырушы;
- көңіл көтеруші.

Сөйлеудің тиімді болуы мынадай **шарттарға** байланысты:

- сөз мазмұнына, оның логикалық тұрғыдан құрылуына;
- сөзді аудиторияға мәнерлі жеткізе алуына;
- тыңдаушылармен байланыс орната алуына;
- бет-әлпет қозғалысының (мимикалардың) орынды болуы;
- жесті дұрыс қолдана алуы;
- сөйлеушінің позасына (тұрған тұрысына);
- сөйлеушінің сыртқы бейнесіне және т.б. шарттар.

Сөйлеу – педагогикалық қызметте мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет құралы ретінде аса үлкен мәнге ие. Ұлы ғалым Я.А.Коменский оқытушы оқушылардың назарын толық аударуды қамтамасыз ететін дәрежедегі сөзге ие болуы керек деп са-

найды. Оның пікірінше, мұғалімнің сөзі айқын, анық, жарқын және тартымды болуымен оқушыларды баурап алуы керек.

Мұғалімнің сөзі – бұл педагогикалық қызмет пен қарым-қатынаста туындайтын нақты міндеттерді шешуге бейімделген сөз.

Атақты педагог А.С.Макаренко «бері кел» деген сөзді бет-бейнесін, даусын 20 түрлі құбылтып, 20 түрлі әдіспен айтуды білген. Осыдан келіп шығып айтар болсақ, әр қандай педагог тілді, сөйлеу шеберлігін меңгеруі қажет. Себебі, Сухомлинский айтқандай: *«Тәрбие өнері дегеніміз – ең алдымен, сөйлей білу, адам жүрегіне жол таба білу өнері. Мұғалім сөзі – шәкірт жүрегіне жол табуда теңдесі жоқ құрал».*

Педагогикалық сөйлеу педагогикалық шеберліктің қалыптасуы мен дамуының шарты ретінде мұғалімнің кәсіби қызметінде өзіндік ерекшеліктерге ие. Оларға мыналар жатады:

- 1) ашық сөйлеу, аудиторияға бағытталу;
- 2) аудиовизуалды;
- 3) импровизация.

Жұрт алдында сөйлеу – тыңдаушылардың ойлары мен жүректеріне белгілі бір фактілер түрінде ғана емес, сондай-ақ құндылық бағдар ретінде өз ойларын жеткізу. Ашық сөйлеу деп тыңдаушыларға қаратылған, аудиторияға бағытталған, нақты бір адамдарға арналған сөзді айтамыз. Оқушылармен жұмыс істеу барысында мұғалім барлығына назар аударып, әрқайсысын бөлек көре алуы және жеке-жеке сөз арнауы керек. Бұл жағдай мұғалімнен көзбен контакт орнатуды, оқушылармен «көзбе-көз» жұмыс жасауды білуді талап етеді.

Аудиовизуалдық педагогикалық сөйлеудің өзіндік ерекшелігі ретінде мұғалімнің айтқанын оқушылар тек есіту арқылы ғана емес, көру арқылы да қабылдауын білдіреді. Есіту арқылы сөз, оның мағынасы мен интонациясы қабылданады. Педагогтың сөйлеу әрекеті барысында оқушылар көру арқылы мұғалімнің айтқандарын ашып беретін мимикасы мен пантомикасын, оның мінез-құлқының эмоционалды айқындығын қабылдайды.

Педагогикалық импровизация – мұғалімнің оқушылармен өзара іс-қимыл жасау кезінде олардың нақты әрекеттеріне, көріністеріне, сөздеріне тікелей реакциясы.

Мұғалімнің сөйлеу импровизациясы шын мәнінде педагогикалық болуына мынадай шарттар қажет:

- оқытатын пәні (оқу материалдарын еркін пайдалануы), психологиялық-педагогикалық теория, оқыту мен тәрбиелеу методикасы бойынша жақсы білімі болуы керек;

- жоғары дәрежедегі жалпы мәдениет (сөйлеу, мінез-құлық, қарым-қатынас және сыртқы келбет мәдениеті, т.б.);

- сынып ұжымының ерекшеліктерін және әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін үйренуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық диагностика методтарынан меңгеру және диагностикалау нәтижелері негізінде педагогикалық сөйлеу мен қарым-қатынасты құру;

- педагогикалық процесте болжамды жағдайларды жасауға және онда әрекет етуге мүмкіндік беретін жақсы дамыған педагогикалық интуиция мен қиял, фантазия.

IV.2.2. Сөйлеу мәдениеті туралы түсінік, оның негізгі элементтері

Мұғалімнің педагогикалық қарым-қатынасының тиімді болуы мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне де байланысты. Ғалымдардың пікірінше, 50% оқу материалын меңгеруде оқытушының дыбысты және сөздерді тура айтуына байланысты болады. Егер оқытушы сөздерді қате айтса, оқушылар оның үстінен күліп жүреді. Төмен тонда сөйлейтін оқытушының сабағы оқушыларды зеріктіріп жібереді. Қатты сөйлеу бездіреді, шаршатады. Сондықтан да болашақ мұғалімдер өзінің сөйлеу қабілетін жетілдіріп отыру керек.

Мұғалімнің сөйлеу қабілеті – оның өз ойын, оқу материалын сөзі мен дауыс ырғағы, жарқын мимика мен пантомимика, ұнамды эмоция арқылы анық, дәл, түсінікті жеткізе білуі. Мұғалім мағлұматтарды оқушыларға, негізінен, сөзбен жеткізеді. Сондықтанда оның сөзі өзінің нанымдылығымен, әсерлігімен ерекше мәнді болуға тиіс. Мұғалім өз шешендігімен оқушыларды баурап алуы керек. Сөйлеу барысында юмор, әзіл, көңілге тимейтін ирониядан пайдаланса сөзі ажарлана түседі. Мақал-мәтелдерді орынды қолданса, сөзінің мәні артады.

Сөйлеу мәдениеті адамзат мәдениетімен тығыз байланысты. Кез келген адам қоғамда өз орнын табу үшін сөйлеу мәдениетін иелеуге әрекет етеді. Ал педагог өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісімен айналысатын болғандықтан сөйлеу мәдениетін меңгеруге ерекше мән беруі керек.

Сөйлеу мәдениеті – бұл өз ойын анық және ашық айту, әдеби тіл нормаларына сәйкес сауатты сөйлеу, айтылатын ойдың мазмұнымен, эмоционалдық әсер етумен тыңдаушылардың назарын аудару.

Дұрыс таза сөйлей білу шеберлігі – тіл нормаларын игеру, яғни сөзді қолдана білу, сөйлемді дұрыс түзу (екпінді, дыбыс заңдылықтарын білу). Сөйлеу мәдениеті, ең алдымен, тіл нормаларына (орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық) байланысты.

Орфоэпиялық норма – сөздерді дұрыс айту. Орфоэпиялық норма адамның сөз мәдениетінің қандай екендігін көрсетеді.

Орфографиялық норма – белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс жазылуы туралы ережелердің жиынтығы. Орфография тілдегі сөздердің, олардың грамматикалық формаларының біркелкі жазылу нормасын белгілейді.

Лексикалық норма – сөздерді іріктеп, сұрыптап, талғаммен қолдану. Сөздерді орнымен қолдана білсек, лексикалық норманы сақтағандық болып табылады. Лексикалық нормаға диалектизмдер, кәсіби сөздер, дерекі сөздер мен жаргондар жатпайды.

Грамматикалық норма – сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталуы, қосымшалардың сөзге орфографиялық заңдылықтарды сақтай отырып жалғануы, осы арқылы ойдың дұрыс жеткізілуі. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтамау, қосымшаларды ретімен қолданбау, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білмеу нәтижесінде грамматикалық норма бұзылады.

Стилистикалық норма – тарихи тұрғыдан қалыптасқан, сонымен қатар даму заңдылықтарымен жалпы қабылданған тілдегі стилистикалық мүмкіндіктерді тарату жиынтығы. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады.

Тыңдаушылар алдымен сөйлеушінің әдеби тілді игеру дәрежесінің қандай екеніне мән береді. Сондықтан сөйлеушілер әде-

би тілдің байлықтарын жете меңгеруі тиіс. Мәдениетті адамның сөйлеуі құлаққа жағымды болады. Ол айтар ойын дәл жеткізу үшін дұрыс сөйлем құрай алады.

Сөйлеу мәдениеті екі компоненттен құралған: тілдік элементтер мәдениеті және қарым-қатынас орнату мәдениеті.

Педагогикалық қарым-қатынас процесіндегі сөзге қойылатын маңызды талаптардың бірі – **қарапайымдылық және ықшамдық**. Егер материал артық сөзсіз, үнемді ұсынылса, осы арқылы нақтылыққа, дәлдікке, тиімділікке, сенімділікке жол ашылады. Керісінше, көп сөз, бос сөз педагогикалық ықпалдың әсерін төмендетеді.

Паразит сөздерді қолдану сөздің сапасын қысқартады. Ауызша сөйлеуде қыстырма сөздерді (*жаңағы, осылайша, яғни, әрине, сосын, ия және т.б.*) қолдану да тыңдаушыларға кері әсерін тигізеді.

Педагог сөзі сауаттылығымен қатар мәнерлілігімен, бейнелілігімен, эмоционалдылығымен ерекшеленеді. Оған фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, афоризмдер, анафора, градация, инверсия сияқты стилистикалық фигуралар жатады.

Интонация – ауызша сөйлеуде үлкен маңызға ие. Оның екі түрі бар: логикалық және эмоционалдық-экспрессивті. **Логикалық интонацияның** мақсаты – сөйлемде маңызды мәнге ие сөздерді айқындау. **Эмоционалдық-экспрессивті интонация** мұғалімге өзі әңгімелеп отырған адамдарға, құбылыстарға, оқиғаларға деген қарым-қатынасын, көзқарасын, сезімін, бағасын көрсетуге мүмкіндік береді.

IV.2.3. Сөйлеу техникасы: тыныс, дауыс, дикция, ритмика

Оқушылардың жаңа материалды қабылдау және түсінуінде оқытушының сөзі үлкен рөл ойнайды. Оқытушы оқушылар алдында тексті іркілмей оқуы керек. Сөздің басы мен аяғын жеп қоймай, бір дыбысты екінші дыбыспен ауыстырмай айту керек.

Сөйлеу техникасы – бұл тыныс алу, сөйлеу дауысы және дикцияны қолданудың автоматтандырылған дағдылар деңгейіне жеткізілген элементар тәсілдерінің жиынтығы.

Сөйлеу техникасына: *тыныс, дауыс, дикция, ритмика* жа-тады.

Тыныс – физиологиялық қызмет атқарып организмнің тір-шілік әрекетін қамтамасыз етеді. Оқытушы сабақта ұзақ уақыт сөйлегенде, материалды түсіндіргенде, лекция оқығанда тыныс жолдары шаршап қалады. Күнделікті өмірде біздің сөзіміз негі-зінен диалогтық сипатта болғандықтан, ешқандай қиынға соқ-пайды. Бірақ сабақта мұғалім, әсіресе, көп сөйлеген шақта, жат-тықтырылмаған тыныс өзінің кемшілігін байқатады. Мұғалім-нің жүрек соғыуы жиілеп, беті қызарып, демікпе пайда болуы мүмкін.

Сөйлеу үшін әдеттегі физиологиялық тыныс алу жеткіліксіз. Сөйлеу және көп оқу ауаны, оның тиімді жұмсалуды және дер кезінде қайта толтырылуын талап етеді.

Тыныс алу процесінде бұлшық еттердің қатысуына қарай, тыныс алу 4 түрге ажыратылады.

Жоғары тыныс алу. Тыныс алу көкіректің жоғарғы бөлігін және желкелерді көтеріп түсіретін бұлшық еттер қатысуында амалға асады. Бұл әлсіз, үстірт тыныс алу, тек өкпенің ұшы ғана белсенді әрекетте болады.

Көкірекпен тыныс алу қабырғалар арасындағы бұлшық еттер арқылы амалға асырылады. Кеуде қуысының көлденең көлемі өзгереді. Диафрагма аз қозғалады, сондықтан дем шы-ғарудың энергиясы жеткіліксіз болады.

Диафрагмалық тыныс алу қабырғалар арасындағы диа-фрагманың қысқаруы нәтижесінде кеуде қуысының ұзына бойы көлемінің өзгеруі арқылы амалға асырылады.

Диафрагмалық-қабырғалы тыныс алу – диафрагманың қысқаруы және қабырғалар арасындағы тыныс алу бұлшық ет-тері мен қарын бұлшық еттерінің қысқаруынан пайда болатын кеуде қуысының көлденең және ұзына бойы көлемі өзгеруі ар-қылы амалға асырылатын тыныс алу және тыныс шығару про-цесі. Бұл ең дұрыс тыныс алу деп есептеледі.

Дұрыс тыныс алудың мынадай шарттарын басшылыққа алу керек:

1. Мұрын арқылы ауаны еркін, шусыз жұту.

2. Мәтіннің құрылымдық-логикалық бөлігін жеткізуге қажетті ауа өкпеге түскен кезде сөйлеуді бастау керек: бұл сөздің жаттықтығын және ырғағын бұзатын «төтенше» ауаны ішке жұтудан құтқарады.

3. Ауа толығымен жұмсалуына жол бермеу (өкпенің ауадан толық босатылуына жол бермеу) – бұл аритмияға, фальцетке және т.б. әкеледі. Ауаны үнемді және біркелкі жұмсау керек.

Дауыс – мұғалім үшін ең басты еңбек құралы болып табылатын сөйлеу техникасының маңызды элементі. Кейбір оқытушылардың, дауысы табиғи болып келеді. Жақсы дауыстың өзінде жаттықтырып бармаса, жылдан-жылға бұзылады.

Дегенмен, әрбір адам қуатты, ырғақты, өзгермелі дауысқа ие.

Дауыс аппараты 3 бөлімнен тұрады: генераторлық, энергетикалық, резонаторлық.

Дауыстың *генераторлық* системасы ауыздың ашылуы, жабылуы арқылы тональды, дабырлы дыбыстар шығаруды қамтамасыз етеді.

Дауыстың *энергетикалық* системасы сырттан ішке ауа тартып, сөздің қуаттылығы мен ұзақтығын белгілейді.

Дауыстың *резонаторлық* системасы дыбыстың жасалуына қажетті ауаның жылдамдығын және көлемін қамтамасыз етеді.

Дауыстың күшті шығуы – сөйлеу органдарының, дыбыстың күшіне байланысты. Дауысты қалаған жерге жеткізу дауыс кернеуі арқылы орындалады. Дауыстың жай және қозғалмалы түрі болады. Оны төменгі диапазонмен айтуға болады.

Дауыстың диапазоны – дауыстың көлемі. Оның шекарасы ең жоғарғы және төменгі тонмен белгіленеді. Дауыс диапазонының тарылуы монотондылықтың пайда болуына, дыбыстық палитраның ажарсыздануына әкеледі. Монотонды дауыс қабылдауға кедергі келтіреді, сөйлеудің педагогикалық әсерін әлсіретеді.

Дауыстың тембрі – бұл дауыстың «бояулары», яғни анықтығы, сынғыры, жұмсақтығы, жылылығы. Дауыстың тембрлік реңіне қарай тыңдаушылар айтушының ойын әр түрлі түсінеді.

Дауысты тәртіпке келтіру үшін жаттықтырып тәрбиелеу керек. Соның нәтижесінде дауыс тоны өзгеріп, оқушыға ұнамды болады.

Мұғалім дауысты дұрыс сақтаудың гигиеналық талаптарын білуі қажет. Дауыс қарлықпай, біркелкі сақталуы үшін 2-3 сағат сабақ өткеннен кейін бір сағат дем алу керек. Дауыс күшін бүкіл жұмыс аптасына бірдей бөлу керек. Аса ыстық, аса суық тағамдарды ішпеу керек, ішімдіктен, темекіден сақтану керек. Дауысты, тыныс жолдарын шаң-тозаңнан, бордан, суыққа бірден шығудан сақтау керек.

Дикция – бұл сөзді, буынды, дыбысты айтудағы анықтық және айқындық. Дикция дұрыс болуы үшін ерін, езу, тіс, көмекей, жақ, таңдай сияқты сөйлеу аппараттары дұрыс жұмыс істеуі керек.

Кемшіліктер – ысылдап сөйлеу, сақауланып сөйлеу, сөздің солғындығы, түсініксіздігі, тез сөйлеу, «тістеніп» сөйлеу, сөздің соңғы буынын немесе әріптерді (дауысты, дауыссыз) жеп қойып сөйлеу.

Дикцияны түзету үшін, ең алдымен, артикуляцияны, яғни сөйлеу органдарының қозғалысын өңдеу қажет.

Ритмика (ырғақ, қалып) – сөздің, буынның, үзілістің ұзақтығы мен жылдамдығы. Мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сөздерді тез яки созып айтады. Сөйлеудің жылдам, жай болуы дауыс ырғағына байланысты. Үлкен адамдар бір минутта 120-150 сөз айтады. Бірақ, мұғалім 5-6 сыныптарда 60 сөзден артық, 9-11 сыныптарда 75-100 сөзден артық айтпағаны дұрыс. Материалдың қиындау жерін жай айту, одан жеңілдеу материалды тез айтуға болады. Анықтама, ереже, принцип, заң, қорытындыларды жайлап айту керек. Сөйлеудің мәнерлі болуы үшін логикалық және психологиялық паузалардан пайдалану керек.

IV.2.4. Оқытушының сөйлеу шеберлігін жетілдіру жолдары

Оқытушының сөзі өткір, жалынды, бейнелі, жарқын интонациялы, көркем, эмоциялы, дикциясы жағымды болуы шарт. Сөйлеуде стилистикалық, грамматикалық, фонетикалық қателіктерді жібермеу керек. Монотонды, жалаң сөздер оқушыларды зе-

ріктіреді, жалықтырады, ұйқысын келтіреді, нәтижесінде сабаққа немқұрайлылықпен қарайды.

Тез асығыс айтылған сөздер ұғынып алуға қиындық келтіреді және тез шаршатады. Дауыстың қаттылығы да психикаға әсер етеді. Орынсыз айқайлап сөйлеу балалардың жүйкесіне тиеді, ал әлсіз жай дауысты мұғалімді де тыңдау қиын. Осындай қателіктерді жібермеу үшін мұғалім өз даусын дұрыс аңғарып, бағалап тұрақты түрде жаттықтыру керек. Дем алуын, дикциясын дұрыстау керек.

Ақпараттық сөйлеу әсері процесінде интонация маңызды орын алады. Ол адамның эмоционалдық өмірінің айнасы іспетті; сезім мәдениеті мен эмоционалдық қарым-қатынастар сөздің интонациясының мәдениетімен тығыз байланысты.

Мұғалім сөйлеуінің эмоционалды болуы оның интонациялық әртүрлілігіне байланысты. Дауыс палитрасы қаншалықты бай болса, хабарланып жатқан ақпарат неғұрлым айқын түсінікті болады.

Сөйлеуде логикалық екпін аса үлкен мәнге ие. Екпін арқылы сөз тіркесінің мағынасын түбегейлі өзгертіп жіберу мүмкін. Оқытушы сөйлемдерді дауыстап оқу жаттығуларын жүргізіп, әртүрлі логикалық екпін түсірудің тәсілдерін үйрену керек.

Дикция мен орфоэпия бойынша өздігінен жаттығуда диктофон үлкен көмек бола алады. Сөйлеген сөзді таспаға жазып, оны бірнеше рет тыңдаған жөн. Біріншіден, өзінің сөйлеуі туралы жалпы түсінік пайда болады. Сонымен қатар, өзінің дауысы күнделікті сөйлеп жүргенінен жазбада басқаша бейтаныс және жат естіледі.

Мұғалім сөйлеуінің мәнерлілігі оның эмоционалды байлығымен, мимика, жест және қалып арқылы өзін толық арнауында көрінеді. Сезімділік, шынайы қуаныш немесе қайғыру, жанашырлық – бұлардың барлығы мәнерліктердің нақты формалары.

Мұғалім, сондай-ақ, сөйлеу техникасын, яғни тыныс алу, дауысты қалыптастыру, дикция, ауызша сөйлеу дағдыларын автоматтандыруға әкелетін технологиялық тәсілдер жүйесін істеп шығуы керек. Бұл оқушылармен өзара кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық шеберлікті жетілдіру мұғалімнің үнемі белсенді сөздік қорын толықтыруға ұмтылуымен тығыз байланысты.

Ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіруде әрқашан (достарымен қарым-қатынас жасағанда да) әдеби тіл нормаларын сақтауға әрекет етуі; өз ойларын дұрыс және қисынды түрде жеткізу дағдысын істеп шығуы; «жаргон» және «паразит» сөздерді қолданудан аулақ болуы; сондай-ақ сөздерді созу әдеті немесе сөздер арасында негізсіз ұзақ үзіліс жасаудан сақтануы өте маңызды болып есептелінеді. Бұл әдеттерден аулақ болу үшін өзі дайындаған мәтіндерді дауыстап оқып, диктофонға жазып алу тындау керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Сөздің оқытушы қызметіндегі орны қандай?
2. Сөйлеудің функцияларын айт.
3. Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не?
4. Сөйлеу техникасы деген не? Оның компоненттерін айт.
5. Тыныс алу техникасын түсіндірін бер.
6. Дауыс аппараттары не қызмет атқарады?
7. Дауыс диапазоны, дауыс тембрі деген не?
8. Дикцияның оқытушы қызметіндегі орны қандай?
9. Ритмика мұғалім үшін неге қажет?
10. Мұғалімнің сөйлеу шеберлігін жетілдіру жолдары қандай?

IV.3. Оқытушы еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру

IV.3.1. Оқытушы еңбегін ғылыми негізде ұйымдастырудың мәні. Оқытушының күн тәртібі және жұмыс орны

Әр қандай еңбектің нәтижесі оны ұйымдастыру және ұйымдастыруға әсер ететін жағдайларға, іс-әрекетті амалға асыру жол-

дарына байланысты болады. Оқу-тәрбие жұмысының жемісі мен нәтижесі де әрбір оқу орнында, әрбір сыныпта, оқытушылар және оқушылар коллективінде еңбекті ғылыми ұйымдастыруға негізделеді. Әрбір жетекші, әрбір оқытушы өз жұмысын ұйымдастыруда барлық педагогикалық қызметке қатысушылардың уақытын, тәсілдерін және күшін ұтымды пайдаланып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге жетуді мақсат етіп қою керек. Уақытты және күшті босқа жұмсамау үшін өткізілетін барлық жиналыстарды, шешімдерді, бұйрықтарды алдын ала дайындап қою керек болады. Әр күн, әр апта және бүкіл оқу жылының тәртібін мұқият ойластыру, мектеп коллективі жұмысының перспективалы жоспарын түзу және еңбектің тиімді формаларын енгізу қажет.

Еңбекті ғылыми ұйымдастыруда үш фундаментал заң анықталды. **Біріншісі:** *уақытты максимал дәрежеде үнемдеу және тиімді пайдалану. Екіншісі:* *еңбек ету мен дем алудың қолайлы жағдайын жарату және тиімді пайдалану. Үшіншісі:* *еңбек процесіне қатысушылардың барлығының денсаулығы мен жан-жақты дамуына қамқорлық жасау.*

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру деп педагогикалық процесті басқару үшін ғылым мен техниканың, озат педагогикалық тәжірибелердің нәтижесіне негізделген еңбекті шығармашылық түрде ұйымдастыруды айтамыз.

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың **негізгі міндеті** педагогикалық процеске қатысушылардың барлығының уақытын, күшін, тәсілдерін дұрыс пайдалану арқылы оқыту мен тәрбиелеуде максимал тиімділікті қамтамасыз ету.

Мектепте еңбекті ғылыми ұйымдастыру (ЕҒҰ) әрбір педагогтың анық міндеттерін белгілеуді талап етеді.

Педагогикалық жұмысты ғылыми ұйымдастыруда оқытушының **күн тәртібі** маңызды орынға ие. Оқытушы өзі үшін ең оптимал жоғары өнім беретін күн тәртібін табуы керек. Ғалымдар педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру үшін жоспарлауды, қызметті ұйымдастыру, қызметке қатысушылардың күшін бір мақсатқа мойынұсындыру, марапаттау, жедел бақылауды есепке алу керек дейді. Күн тәртібін ұйымдастыруда уақытқа ерекше мән беру керек.

Уақытты ұйымдастыру техникасы – жұмыс уақыты мен бос уақытты оптималды қолдану және есептеп қолдана білуге үйрену үшін мұғалім қарулануға тиіс тәсілдер мен құралдар жиынтығы.

Уақыт бойынша оқытушы өз еңбегін қалай ұйымдастыру керек?

1. Ертең істейтін істерді алдын-ала ойластыру керек.

2. Жұмысты уақыт бойынша бөлуде қиыншылықтар болса, онда:

- бұл жағдайда пайдасыз істер барын тексеру керек;

- іске ешқандай кедергі келтірмейтін жұмысты басқа адамға тапсыру керек;

- ешқандай шығынсыз біріктіруге болатын іс-әрекет түрлерін анықтау керек;

- аз уақыт ішінде басқа тәсілді қолдана отырып, орындауға болатын жұмысты анықтау керек.

Жұмыс уақыты бюджетінде мұғалімнің **кітаппен жұмыс істеуі** ерекше мәнге ие. Оның үшін оқытушы кітаппен жұмыс істеу техникасын жете білуі керек.

Кітаппен жұмыс істеу техникасының **міндеттері**: күш пен уақыттың шығындарын аз жұмсай отырып және тиімді қолдана отырып, кітаппен жұмыс істеуді жеңілдететін жолдарды іздестіру.

Кітаппен жұмыс істеу техникасы мынандай элементтерден тұрады:

1. Оқу үшін кітаптарды таңдау және іздеу техникасы.

2. Оқу техникасы.

3. Оқу жылдамдығы.

4. Кітап ішінде қарындашпен жұмыс істеу техникасы.

Оқытушының күн тәртібі оның қызметі мен өмірін тәртіпке салып тұрушы аспап іспетті. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру шарттарының және бірі – **жұмыс орнын тәртіпке салу және еңбек жағдайын ұйымдастыру**. Оқытушының жұмыс орны оның жұмыс істеу процесінің бір бөлігі болып, еңбек өнімінің жоғары болуына әсер етеді.

Мұғалімнің жұмыс орнына стол, орындық, сынып тақтасы, экран, телевизор, проектор, видеомагнитофон жатады. Еңбекті

ғылыми ұйымдастыру тұрғысынан алсақ, оқытушының жұмыс қолайлылы, тартымды және экономикалық талапқа сай болуы керек. Мұғалім сабаққа дайындалуда өз бетінше жұмыс істеу үшін өзіне қолайлы жағдай жасап алуы керек. Әрбір оқытушының тұрақты жұмыс орны болуы керек. Егер мүмкіндігі болса, мұндай жұмыс орнын үйде жабдықтап алғаны жөн болады. Әйтпесе, мектеп әкімшілігі мұғалімге қамқорлық жасап, оған арнайы бөлмеде немесе мектептің оқу залында жұмыс орнын жасап беру керек. Жұмыс орнының міндетті атрибуті ретінде бірнеше жәшіктері бар столдар және артқы сүйенетіні бар орындық болуы керек. Столдың жанына кітап шкафы немесе кітап сөресін орнатылады. Мұғалім столда тікелей жұмыс істеуіне қажет нәрсені ғана қоюы керек. Егер столда артықша нәрселер болса, олар оқытушыны алаңдатады және оның ақыл-ой жұмысының өнімділігін төмендетеді, сабаққа дайындалуының сапасын түсіреді.

Оқытушының еңбек жағдайы дегенде әлеуметтік, психологиялық-физиологиялық, материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық факторлар түсініледі. Бұларсыз оқытушы жұмыс істей алмайды.

Еңбек процесіне қатысушылардың барлығының денсаулығы мен жан-жақты дамуына қамқорлық жасау еңбек өнімділігін арттырудың алғы шарттарының бірі. Денсаулық – бұл қуат, күш, оптимизм, өмірді дұрыс қабылдау, үйлесімділік, шығармашылық, адамдық бақыт. Бұл өзінің барлық шығармашылық потенциалын адамдардың игілігі үшін және өзі үшін пайдалану мүмкіндігі. Мұғалім алдымен өзін және балаларды бос қоюға үйретуі керек. Аутотренингнің жеңіл варианттары – психологиялық және бұлшықтық жаттығулар жасау арқылы мөлшерден артық түскен күшті алып тастау керек. Уақытымен бұлшықеттер мен психиканы жаттықтыратын, кислородтық аштықты болдырмайтын, нервтік-психикалық саланы нығайтуға мүмкіндік беретін дене жаттығуларын жүргізу керек.

Педагогикалық процестің барлық қатысушыларының (мұғалімдер мен оқушылардың) уақытыш, күш-жігерін және ресурстарын орынды пайдалану арқылы оқыту мен тәрбиелеудің максимал дәрежеде тиімділігін қамтамасыз ету мүмкін.

IV.3.2. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың принциптері

Мектепте педагогикалық еңбекті ұйымдастыру мәселелеріне ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі Н.К.Крупская. Ол өзінің еңбектерінде әрбір мұғалім еңбекті ғылыми ұйымдастырудың принциптерін білуі және оны өз жұмысында қолдана алуы керек деп айтты.

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың **принциптері** – бұл педагогикалық еңбекті ұйымдастыру теориясының бастапқы қағидалары. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру төмендегі принциптерге негізделеді:

1. **Іс-әрекетті ұйымдастыру принципі** (мақсаттар мен міндеттерді айқындау және түсіну, жұмыстың форма, метод және тәсілдерін тандау, техниканы тандау және оны ұтымды пайдалану, жұмысты ғылыми негізде жоспарлау).

2. **Өлшеуді ұйымдастыру принципі** (нормаға келтіру, есеп, бақылау және оптималдандыру);

3. **Жалпы ұйымдастырушылықты белгілеу, басқаруды оптималдандыру принципі** (перспективальлық, ынталандыру, комплектілік және ғылыми).

Осы көрсетілген принциптер өзара қарым-қатынаста және өзара әрекеттесуде жүзеге асырылады.

IV.3.3. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі бағыттары

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру принциптерінің орындалуы оқытушы еңбегінің бағыттарына байланысты.

1-бағыт: Оқытушы мамандығына байланысты:

а) оқуына, мамандығына байланысты білімдерді терең меңгеру;

б) үкімет тарабынан қабылданған нормативті құжаттарда; заңдарды білу;

в) педагогика, психология және жеке методиканы үйрену;

г) оқушылар ұжымы және оқушының жеке басы туралы білімдерді үйрену;

д) озат тәжірибелерді үйрену және өзінің тәжірибесінде пайдалану;

ж) өз үстінде істеу және өзін-өзі тәрбиелеу.

2-бағыт: Өзінің шеберлік элементтерін құруына байланысты:

а) педагогикалық шеберлікті жетілдіруге керекті болатын дағды және іскерліктерді меңгеруі;

б) өз күші мен қабілеттерін дұрыс істете алуы;

в) өз уақытында қажетті және дұрыс шешім қабылдау.

3-бағыт: Ұжымдағы жағдайға байланысты:

а) жұмыстың жағдайы және ұжымдағы рухани жағдай;

б) ұжымдағы психологиялық жағдай;

в) гуманизм;

г) творчестволық қатынас;

д) марапаттау;

ж) гигиена ережелерін сақтау;

з) күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру.

4-бағыт: Оқытушының педагогикалық қасиеттеріне байланысты:

а) кіммен істейтінін анық білу үшін ол туралы толық мәліметте ие болу;

б) өз қалауы мен мақсатын айқын білу;

в) өз алдын міндет қоя білу;

г) қажетті мазмұн, форма, методтарды таңдай білу;

д) әр қандай жұмыстың жағдайын талдай алу;

ж) методикалық құралдарды үйрену және оларды топтай алу;

з) уақытты дұрыс бөле алу.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру дегеніміз не?

2. Оқытушы еңбегін ғылыми негізде ұйымдастырудың қандай заңдылықтары бар?

3. Оқытушының күн тәртібі дегеніміз не?
4. Оқытушының уақытын ұйымдастыру техникасын айт.
5. Оқытушының жұмыс орнын тәртіпке салу не үшін керек?
6. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың қандай принциптері бар?
7. Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастырудың негізгі бағыттарын сипаттап бер.

IV.4. Өзін-өзі тәрбиелеу және өз үстінде жұмыс істеу

IV.4.1. Өзін-өзі тәрбиелеу және өз бетінше білім алудың мәні

Педагогикалық қызметтің жетістігі көбінесе мұғалімнің өз іс-әрекеттерін ұтымды құруға, сабаққа дайындық кезінде қиындықтарды жеңуге, эмоционалды және психикалық ауыртпалықтарын жоюға, өзінің эмоционалды жағдайын басқаруға қабілеттілігі мен іскерлігіне байланысты болады. Бұл қасиеттер туғаннан берілмейді, оған ұзақ уақыт бойы өз үстінде жұмыс істеу нәтижесінде жетеді.

Бұл жұмыстың қазіргі күнде маңызы артып келе жатыр. Себебі өзін-өзі тәртіпке келтіру мен өзін-өзі басқарудың мәні артуда, өмірде табысты болу адамның дербестігіне, өзінің ішкі ресурстарын пайдалана білуіне, қабілетін мүмкіндігінше дамытуына, шығармашылық белсенділікті көрсетуіне байланысты болып тұр. Педагогикада мұндай жұмыс өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту деп аталады.

Қоғамның педагогикалық қызмет үшін қойған заманауи деңгейдегі талаптарына сай болу педагогтан өзінің кәсіби потенциалын үнемі жаңартып, жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Кәсіби шебер болу үшін үздіксіз өз бетімен білім алу процесі қажет. Өз бетінше білім алу – мұғалімнің маман ретінде өсуі-

нің негізі. **Өз бетінше білім алу** деп адам бойындағы кез-келген қасиеттерді немесе дағдыларды жетілдіру үшін қажет өз еркімен, саналы, жоспарланған, басқарылатын және адамның өзі бақылайтын білім алу процесіне айтылады.

А.Дистервергтің айтуынша, мұғалім өзінің тәрбиесі мен білімін жетілдіру үстінде жұмыс істесе ғана, шын мәнінде, тәлім-тәрбие жұмысымен шұғылдана алады. Егер ол оқымаса, ғылыми жетістіктерді қадағалап үйреніп және оларды іс-жүзінде қолданбаса, ол артта қалып қана қоймайды: ол кері кетеді, оқу орнына қойылған тапсырмаларды шеше алмайды, қаласа да, қаламаса да педагогикалық ұжымның жалпы қозғалысына қарсы шығады.

Ал **өзін-өзі жетілдіру** дегеніміз – өздігінен білім алу, өз бетімен оқу, жетілу процесі болып табылады.

Өздігінен білім алудың **мақсаты**:

1) оқу және тәрбие әдістерін жетілдіру және кеңейту мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімдерін жетілдіріп, кеңейту;

2) өз пәнінің саласы бойынша терең білім алу;

3) озық педагогикалық тәжірибелер мен педагогикалық ғылым жетістіктерін меңгеру;

4) білім беру саласындағы инновацияларды меңгеру;

5) мұғалімнің жалпы біліктілік, білімділік деңгейін жетілдіру.

Өзін-өзі тәрбиелеу деп адамның белгілі мақсатқа бағытталған, өз сапасын жетілдіру арқылы кемшіліктерінен арылу әрекетіне айтылады. Оқыту системасында өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігі бүкіл оқу орындары системасының тиімді, тиянақты істелініп шыққанын дәлелдейді. Себебі өзін-өзі тәрбиелеу арқылы оқытушы оқу-тәрбие процесінде жіберілген кемшіліктерін өз уақытында түзетеді, оны кейінгі жағдада қайталамауға әрекет етеді.

Оқытушы өзін-өзі тәрбиелеу үшін әуелі өзінің айналасына терең үңіліп үйренуі, өз жұмысындағы жетістік және кемшіліктерін көре алу керек. Өзін-өзі үйрену басқаларды аңдау үшін де керек. Басқа жетістіктерді үйренбей, өзін басқалармен салыстырмай тұрып, өзін-өзі үйрену мүмкін емес. Өзін-өзі аңдау, өзін

бағалау ерекшелігі басқа жетістіктермен қарым-қатынас процесінде бірліктегі іс-әрекет уақытында құрам табады.

Ең алдымен, оқытушы өзінде педагогикалық қабілеттің қандай қасиеттері бар екенін үйрену керек. Педагогтық іс-әрекетке махаббат қойған оқытушы іске шын көңілден беріліп істейді, ешқандай формализмге жол қоймайды. Өз кәсібін сүйген оқытушы әрдайым идеялық саяси санасын асыру және білім шеңберін кеңейтіру, өз пәнін терең білу үстінде күнтіпен жұмыс істейді.

Адам өзі алдын ала атқаратын істерін ойша бейнелеуі арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге кірісерде, оның санасында қалыптасқан болашақ істерін өз әрекеті мен іс-қимылы арқылы атқаратын істерін орындауға өзін ынғайлап дайындайды. Соларды орындауды санасында қалыптастырады. Егер ойша жасалған бағдарлама бойынша жеке басты тәжірибелік іс-әрекетке жетектейтін болса, онда оны іске асыруға деген оның ерік-жігерін шындайды. Сондықтан да мінезі мен іс-әрекетіндегі келеңсіздікті жоюда алдына қатаң мақсат пен талап қою және соған жетудің қажеттігін негіздеу, кейде соны орындаудың нақты уақытын белгілеудің де маңызы зор. Соның бәрі жан-жақты ойлауды талап етеді, барлық мүмкіншіліктер мен кедергілердің ара салмағын салмақтауға тура келеді, сонан соң бірнеше күн іштей қайталап әбден санаға сіңгенше қорытылады.

Сонымен бірге өзін-өзі тәрбиелеудің жіктелген бағдарламасы жасалады, мінез-құлық тәртібі белгіленеді. Әрине, орындау ең қарапайым істерден басталуы керек. Мысалы, орынсыз сөзге араласпау, біреудің сөзін бөлмеу, әр кезде сөзде тұру, өз орнын үнемі жұмыс жағдайында ұстау, т.б.

Кезінде Л.Н.Толстой өте дәлділікпен өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын жасаған: Мен үшін ең маңызды деген нәрсе өмір бойы үш негізгі кемшіліктен арылу: *мінезсіздік, ашуланшақтық, жалқаулық*.

Өзін-өзі тәрбиелеумен айналысқан К.Д.Ушинский өзіне арнайы ереже жасаған:

1. Өте сабырлылық, тіпті болмағанда сыртқы сабырлықты сақта.
2. Сөзінде де, ісінде де туралық болсын.
3. Ойлы әрекет.

4. Шешімділік
5. Өзің туралы қажет болмаса, бір сөз айтпау. Санасыз бос уақыт өткізбеу.
6. Не істесең де еріктісің, бірақ кездейсоқ істен сақ бол.
7. Қажетті немесе керекті іспен ғана айналыс, көрсе қызар болма.
8. Әркез ағыңнан жарыла, өз ісің туралы өзіңе жауап беріп отыр.
9. Бітірген ісіңе, барыңа, болатынына еш уақытта мақтанба.
10. Бұл журналды ешкімге көрсетуші болма.

IV.4.2. Өзін-өзі тәрбиелеу және өз үстінде жұмыс істеу жолдары

Өзін-өзі жетілдіру тілегі мен тәжірибесі өздігінен білім алу-дың қажетті шарты болып, ол үш бағыт бойынша өзінің кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту жөніндегі саналы жұмыстарды қамтиды: а) өзінің жеке ерекшеліктерін педагогикалық қызметтің талаптарына бейімдеу; б) кәсіби компетенттілікті үздіксіз жетілдіру; в) әлеуметтік, моральдық және басқа жеке қасиеттерді үздіксіз дамыту.

Педагогтың өздігінше білім алу процесінің **компоненттері**:

- жаңа педагогикалық технологияларды, формаларды, методтар мен тәсілдерді зерттеу және енгізу;
- әріптестер сабағына қатысып, тәжірибе алмасуға қатысу;
- өзінің кәсіби қызметін өзі талдауын уақыты-уақытымен жүргізу;
- өзінің эрудиция деңгейін көтеру.

Педагогтың кәсіби өсуіне тікелей немесе жанама түрде жағдай жасаушы, өз бетінше білім алу процесін құрайтын **іс-шаралар түрлері**:

- белгілі бір телебағдарламаларды жүйелі түрде қарау;
- арнайы педагогикалық мерзімді басылымдарды оқу;
- оқу-әдістемелік және педагогикалық әдебиеттерді оқу;
- семинарларға, конференцияларға және әріптестерінің сабақтарына қатысу;
- әріптестермен пікірталас пен жиналыс өткізу, тәжірибе алмасу;

- жүйелі түрде білім жетілдіру курстарынан өту;
- әріптестер тарабына талдау үшін ашық сабақтар өткізу;
- көрмелерге және экскурсияларға бару;
- әріптестермен қарым-қатынас жасау;
- салауатты өмір салтын сүру, спорт және дене жаттығуларымен шұғылдану.

Өзін-өзі тәрбиелеу – бұл мамандықтың талаптарына сәйкес өзінің жеке басын жетілдіруге бағытталған саналы қызмет.

Өзін-өзі тәрбиелеу өз іс-әрекетін талқылаудан және өзін нығайтудан басталады. Өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын жасай отырып, оны орындаудың методтарын де білу керек. Солардың қажеттілері: а) өзін-өзі иландыру, ә) өзін-өзі сендіру, б) өзін-өзі сынау, в) өзін-өзі міндеттеу, г) ойша өзін өзгенің орнына қою арқылы өзгелермен санаса білу (эмпатия – көңіл билдіру, ортақтасу), д) өзіне-өзі бұйыру, е) өзін-өзі жазалау.

Өзін-өзі иландыру әдісі – бұл сөздік ықпал құралдары арқылы өзінің психикалық жағдайларын өзін-өзі реттеу тәсілі. Оқытушы өз сөзінде өзі тұра алмайтының, кемшілігін мойындап, ойша ғана емес: “*Сөз беріп орындамаған – жақсы емес!*”, “*Уәдеңді орындайтын бол!*” деп дауыстап айтуы керек.

Профессор С.П.Донецкий айтқандай, біз өз қателігімізді ойша айтамыз да, өзімізге-өзіміз кешірім жасап, кейін оны ұмытып кетеміз. Егер біз оны естіртіп, дауыстап айтатын болсақ, онда өзіне-өзі кешірім жасау қиынырақ болады.

Өзін-өзі сендіру әдісі – оқушы өзін-өзі қалай ұстайтыны немесе олай істемеуі керектігі туралы өзін сендіреді. Өзін-өзі сендіру арқылы адам өзін-өзі тануды үйренеді, өмірдің әр түрлі құбылыстарына қатынасын және өз мінез-құлқын өзгерте алады.

Өзін-өзі сынау әдісі – бұл адамдардың өзін-өзі жетілдіру үшін қолданатын әдісі. Әлсіз және күшті жақтарына қатысты өзіне адал бола отырып, адам қалағанына қол жеткізу үшін тек күшті жақтарына ғана назар аударуы керек. Егер адам өзінің әлсіз жақтарына ғана көңіл аударатын болса, бұл өмірлік мақсаттарға жету жолында кедергілер тудырады. Адам әлсіздіктерін азайтудың жолдарын іздеп, сонымен бірге, күшті жақтарының әбден жетілуін қамтамасыз етуі керек.

Өзін-өзі міндеттеу әдісі – бұл иландыруға ұқсас. Адам өз бойындағы кемшілікті жою үшін немесе бір жағымды мінезді өз бойына дарыту үшін қолданады.

Өзін-өзі тәрбиелеуде ойша **өзін өзгенің орнына қою** арқылы өзгемен санаса білудің (эмпатия) үлкен тәжірибелік мәні бар. Бұл әдістің өзін-өзі тәрбиелеудегі жақсылығы сол, ол адамдарға көмекке келуге өзін әрдайым дайын тұруға тәрбиелейді.

Өзіне-өзі бұйыру адам өзін нақты бір іс-әрекет жасау керектігіне сендіріп, енді басқаша әрекет жасауға болмайды деп сезгенде ғана қолданылады. Бұйырықты түрде өзінен бір іс-әрекетінің орындалуын талап ету қажеттілігі адамның өз кемшіліктерін анық көріп тұрып, бірақ сол жоспарланған істі орындауға күші жетпей тұрған кезде қолданылады. Өзіне-өзі бұйыруда адамның еркі үлке роль ойнайды. Адам өзіне дауыстап бұйырық беріп, оны қайта-қайта қайталап орындап отырса, екі апта аралығында адамда өз бұйырығын автоматты түрде орындау әдеті пайда болады.

Өзін-өзі жазалау әдісі – алдына қойған міндетті орындау, ауытқымау. Тұңғыш қияли социализмнің өкілдерінің бірі Т.Мор ағылшын өкіметінің канцлері қызметін атқара отырып, кабинетінде үнемі әзір тұрған қамшымен өзінің қателігі үшін өзін-өзі жазалайтын болған.

Егер өзін-өзі тәрбиелеуді тұтастай алып қарасақ, оның құрамдас бөлімдері төмендегідей:

- а) өз кемшілігіне сын көзбен қарау, өз алдына мақсат қою;
- а) өзін-өзі тәрбиелеудің бағдарламасын жасау;
- б) оның әдістерін анықтау;
- в) аутотренинг – жеке бастын өзіне арналған жаттығу жүйесін әзірлеу;
- г) өзін-өзі бақылау.

Оқытушы өз үстінде жұмыс істеуде төмендегі тәсілдерден пайдаланады:

I. Өзін-өзі билеу:

- а) өзін-өзі бақылау;
- б) өз әрекеттеріне талдау жасау;
- в) өзін-өзі сынауы;
- г) кәсіптестерінің пікірін түсіне алуы.

II. Өзіне баға беру:

- а) өзін-өзі сынау, өзіне мінездеме беру;
- б) өзін-өзі марапаттау.

Өзін-өзі тәрбиелеу еркіндікке үндейді. Өзін, өзінің жақсы қасиеттерін талдау жасауға, қимыл-әрекеттерін ойлауға үйретеді. Өзін-өзі бақылау үшін өзінің жүріс-тұрысын, тәртібін, жақсы қасиеттерінің артып баруын және керісінше, жаман қасиеттерінің азайып баруын бақылап отырады.

Өзін-өзі тәрбиелеумен бірге өз үстінде тынбай жұмыс істеп, өзінің идеялық-саяси санасын әрқашан өсіріп және педагогикалық шеберлігін нығайтып барады.

Мұғалім әрқашан өз білімдерін, күшін, қуатын толтырып отыруы керек.

Ол бір жағынан, өзінде барын береді, екінші жағынан, өзіне халықтан, өмірден, ғылымнан барлық жақсы нәрселерді алады және де жаңадан балаларға береді.

Озат оқытушы барлық уақыт педагогика, психология, методика саласындағы жанылықтарды білуге әрекет жасайды. Оның үшін мерзімді басылымдарды, педагогикалық-методикалық ғылыми журналдарды дер кезінде оқып-үйреніп баруы керек. Басқа оқытушылардың тәжірибелерін үйрену, оларды жалпыластыру арқылы да оқытушы өзінің біліміне білім қосады, ақыл-ойын дамытады, педагогикалық шеберлігін жетілдіре түседі.

Сонымен қорытынды жасайтын болсақ, төмендегі пікірге келеміз: егер оқытушы ізденсе, өз қабілеттерінің үстінде жұмыс істесе, өзіндегі жақсы қасиеттерді кемелдендірсе, оның абыройы да, денгейі де сол дәрежеде жоғарылайды. Әрдайым ел назарында болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Өзін-өзі тәрбиелеу деп неге айтамыз?
2. Өзін-өзі тәрбиелеудің қажеттілігі мен мәні неде?
3. Өзін-өзі тәрбиелеуде өз бетінше білім алудың орны қандай?
4. Өзін-өзі тәрбиелеудің қозғаушы күштері қандай?

5. Оқытушы өзін-өзі тәрбиелеу үшін жұмысты неден бастау керек?

6. Өзін-өзі тәрбиелеудің методтары қандай?

7. Өзінді тәрбиелеу бағдаламасын жасап көр.

IV.5. Педагогтық тәжірибені жинақтау системасы

IV.5.1. Озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтаудың мақсаты. Педагогикалық мағлұматтарды ажыратып алу дағдысы және оларды дұрыс тандай білу

Педагогикалық озат тәжірибе – практика жүзінде іске асырылған алдыңғы қатарлы педагогикалық идеялардың жиынтығы. Педагогикалық озат тәжірибенің мәнін тереңірек түсіну үшін педагог-ғалымдар оны қай тұрғыдан қарастыратынын білу керек. Озат тәжірибе педагогикада қазір бірнеше бағытта қарастырылады:

Педагогикалық озат тәжірибені мұғалімдердің өзіндік білім жетілдіру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастыру мұғалім өзінің және өзгелердің құнды іс-тәжірибесін зерттеп, жалпылау арқылы өз білімін жетілдіре алатынын білдіреді.

Педагогикалық озат тәжірибені мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырудың қажетті шарты ретінде қарастыру жақсы жолға қойылған озат тәжірибені зерттеу ісі арқылы мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін едәуір арттыруға болатынын көрсетеді.

Педагогикалық озат тәжірибені мұғалім мен әдіскердің педагогикалық шығармашылығын дамыту құралы ретінде қарастыру педагогтың озат тәжірибеге жүйелі зерттеу жүргізуі өз шығармашылығын дамытуына ықпал ететінін байқатады.

Бұл қарастырулардың барлығы озат тәжірибенің өзіндік мәнін аша отырып, оның өзге іс-тәжірибе түрлерінен ерекшелігін ажыратып көрсетуге мүмкіндік береді. Тәжірибенің түрі көп

екені белгілі: оң тәжірибе, эксперименттік тәжірибе, озат тәжірибе және жаңашылдық тәжірибе. Ұстаздан жоғары кәсіби және әдістемелік шеберлікті қажет ететін, жаңа нормативтік талаптарға негізделген тәжірибе **оң тәжірибе**, ал қарапайым мектептегі қатардағы мұғалімнің, көпшіліктің сұранысын қанағаттандыратындай дәрежедегі, тиімді жолмен қол жеткізген керемет жетістігіне негізделген тәжірибе **озат тәжірибе** деп аталады. Эксперименттік, озат және жаңашылдық тәжірибе озық тәжірибелер қатарына жатады, тек оң тәжірибе ғана оған жатпайды. Осылардың ішінде тек озат тәжірибе ғана оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған күшті құрал бола алады. Қалған тәжірибелер озат тәжірибенің құрамдас бөліктері болып табылады.

Педагогикалық озат тәжірибені жинақтаудан мақсат – педагогикалық озат іс тәжірибені анықтау, талдау, педагог қызметкерлердің инновациялық, шығармашылық тәжірибесін қазіргі зерттеулер мен педагогика және психология жетістіктерін ескере отырып тарату.

Озат педагогикалық тәжірибенің критерийлері:

1. **Аktуалдылық:** тәжірибе қоғам дамуының заманауи тенденцияларына, педагогикалық ғылым мен тәжірибенің озық идеяларына, мемлекеттік білім беру саясатына, кәсіби мүдделерге, мемлекеттің білім беру саласындағы әлеуметтік тапсырысынан келіп шығатын міндеттерді шешуге сәйкес болуы керек.

2. **Педагогикалық қызметтің жоғары нәтижелілігі және тиімділігі:** озат педагогикалық тәжірибе білім берудің жоғары деңгейде болуын қамтамасыз ету керек, тәрбиеленгенділік дәрежесін көтеру керек.

3. **Оптималдық:** оқыту, тәрбиелеу және дамытуда жоғары нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың күші мен ресурстарын тиімді жұмсау.

4. **Нәтижелердің тұрақтылығы мен жаңғыртылуы:** әрқандай жағдайда да ұзақ уақыт бойында осы нәтижелердің деңгейі сақталынып қалуы керек.

5. **Жаңалық элементтерінің болуы:** жаңалықтың бірнеше деңгейі бар: абсолютті, локал-абсолютті, шартты, субъективті,

белгілілігі мен пайдалану саласындағы ауқымдылық дәрежесі; ғылыми жаңалықтардан бастап ғылым нәтижелерін тиімді пайдалану және педагогикалық еңбектің жеке аспектілерін рационализациялау. Тәжірибеде жаңалық өзінің аналогын болмауын талап етеді.

6. **Перспективалылық:** жаппай жұмыс барысында тәжірибені басқа мұғалімдердің де пайдалану мүмкіндігі.

7. **Өкілеттілік:** тәжірибені белгілі бір уақыт ішінде жеткілікті тексеру және сол тәжірибемен қаруланған барлық мұғалімдердің қызметінде жақсы нәтижелерді расталуы.

8. **Педагогика мен методиканың замануи жетістіктеріне сәйкестігі, ғылыми негізделгендігі.**

Озат педагогикалық тәжірибенің **белгілері**, оған қойылатын талаптар төмендегілер:

Бірінші белгісі – қоғам дамуының бағытына, әлеуметтік сұранысқа сәйкестігі.

Озық тәжірибенің **екінші белгісі** – педагогикалық қызметтің тұрақты, жақсы нәтижелері.

Озық тәжірибенің **үшінші белгісі** – оқу, тәрбие тұрақты, жақсы нәтижелерге жету үшін мұғалімдер мен оқушылардың өз күштері және құралдарын орнымен жұмсауы. Оқушыларға шамадан тыс қосымша тапсырмалар беріп, басқа пәндерді меңгеруге зиян келтіріп, білім сапасын көтеретін тәжірибе озық тәжірибе деп есептелмейді.

Жаңалық – озат педагогикалық тәжірибенің **төртінші белгісі**.

Жалпы алғанда, тәжірибелі мұғалім дегеніміз кез келген педагогикалық мәселені практикалық тұрғыдан шеше алатын, өзінің шеберіне айналған кәсіби біліктілігі жоғары мұғалім. Осы уақытқа дейінгі кейбір түсініктер бойынша тек тәжірибелі мұғалім ғана шығармашылықпен жұмыс жасап, жаңашылдықпен айналыса алады делінетін. Мектеп өміріне педагогикалық инновациялардың тереңдей енуі бұл пікірдің негізсіздігін көрсетіп берді. Қазіргі жаңаша түсінік бойынша мұғалім оқыту барысында шығармашылық ізденіспен айналысу, өз тәжірибесінде әр түрлі жаңалықтар ашу арқылы ғана озат тәжірибе жинақтайды.

IV.5.2. Озат педагогикалық тәжірибелерді үйрену және оларды топтастыру методтары

Озат тәжірибелер бірден қалыптаспайды. Оған көп жылдар кетеді. Тәжірибелі оқытушы өзінің озат методикасын жасау үшін көп еңбектеніп, өзі көтерген мәселесінің нәтижесіне жету үшін ұзақ уақыт зерттеу-тәжірибе жұмыстарын жүргізеді.

Мектеп оқытушыларының тәжірибесіне көптеген мәселелер жатады: сабақ беру, ата-аналармен жұмыс, сыныптан немесе мектептен тыс жұмыстар, балалар ұжымын ұйымдастыру т.б.

Зерттеу-тәжірибе жұмыстары тәлім-тәрбиені жақсарту үшін керек. Сондықтан тәжірибе жұмыстары сараптан өтеді, педагогтар қауымы жағынан бағаланады.

Шебер мұғалімнің педагогикалық озат тәжірибесін зерттеу бірнеше **кезеңдерден** тұрады:

1. Зерттеудің мақсат-міндеттерін тұжырымдау, өзекті тақырыптарды айқындау.

2. Шебер мұғалімнің педагогика ғылымы мен мектеп практикасындағы өзекті мәселелерді шешудегі жетістіктерін айқындау.

3. Озат тәжірибе туралы нақты мәліметтер мен деректерді жинау:

а) *тікелей*: оқу-тәрбие үрдісін бақылау, ұстаз және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу, мектеп құжаттарын талдау.

ә) *жанама*: педагогикалық әдебиет пен мұғалім еңбегінің негізгі қолжазбаларын, қосымша әдістемелік тапсырмаларды (сауалнама, сұрақ, ашық тест) зерттеу.

4. Озат тәжірибені талдау, жалпылау және қорытынды жасау: зерттелген тәжірибенің типтік белгілері, педагогикалық мәні мен маңызы, шебер мұғалімнің жұмыс жүйесін негіздеу мен сипаттау.

Озат педагогикалық тәжірибені кеңінен таратудың басты формасына шебер мұғалімдердің *жұмыс тәжірибесін зерттеп, жинақтау* жатады. Сонымен *бірге педагогикалық оқулар, ғылыми-практикалық конференциялар, презентациялар, шығармашылық есеп, әдістемелік көрме, педагогикалық байқаулар, мақалалар, шеберлік кластары, ашық сабақтар,*

сабақ барысы, сабақтан тыс іс шара барысы жазылған бей-нематериалдарды көрсету, білім жетілдіру курстары, семинарлар, тақырыптық кеңестер, педагогикалық шеберханалар да озат тәжірибелерді таратудың тиімді формасына жа-тады.

Педагогикалық озат тәжірибені практикаға енгізудің жол-дары:

Оқыту және тәрбие саласындағы жаңа педагогикалық тәжі-рибелер жетістіктерін насихаттаудан бастау керек. Оларды мұ-ғалімдердің кең талқысына салып, ғылыми-әдістемелік ұсыныс-тар түрінде нақты шешім қабылданады.

Тәжірибелі мұғалімдер әдістемелік пән бірлестігі жетекші-лерімен бірігіп зерттеу жоспарын жасайды, ол педагогикалық кеңесте бекітіледі.

Мектеп дирекциясы әдістемелік кеңеспен бірлесіп зерттеу жұмысына басшылық етеді, талдау жасайды. Олардың әдісте-мелік ұсыныстарын жинақтайды, оны педагогикалық кеңесте мұғалімдерге хабарлап отырады.

Кез-келген мұғалімнің зерттеу жұмысы жүргізіліп жатқан сыныптардың оқу-тәрбие жұмысына белсенділікпен қатысуына болады.

Озат тәжірибе педагогикалық практикада өз орнын берік ал-ғаннан кейін, оқу-тәрбие процесіне жаңалықтарды енгізу қоры-тындысын жасау, оны мектеп мұғалімдерінің, содан кейін кең түрде педагогикалық ортаның талдауынан өткізу қажет.

Педагогикалық тәжірибені зерттеу методтары: *бақылау, әңгімелесу, интервью, анкета өткізу, оқушылардың жазба, графикалық және шығарма жұмыстарын талдау, педагоги-калық құжаттармен танысу.*

Бақылау сұрақтары:

1. Озат педагогикалық тәжірибелерді жинақтаудан мақсат не?
2. Озат педагогикалық тәжірибенің критерийлері мен белгі-лерін айт.
3. Тәжірибелердің түрлері қандай?

4. Педагогикалық мағлұматтарды ажыратып алу не үшін керек?

5. Озат тәжірибелерді зерттеу кезеңдерін айт.

6. Озат педагогикалық тәжірибелерді үйрену методтары қандай?

ЭДЕБИЕТТЕР

1. Ўзбекистон Республикаси Конституцияси. –Т.: «Ўзбекистон», 2017.

2. Ўзбекистон Республикасининг “Таълим тўғрисида”ги Қонуни// “Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори” китобида. – Т.: «Шарқ», 1997. – Б. 20–29.

3. Ўзбекистон Республикасининг “Кадрлар тайёрлаш миллий дастури”// “Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори” китобида. – Т.: «Шарқ», 1997. – Б.31–61.

4. «Ўзбекистонни ривожлантириш бўйича Харакатлар стратегияси тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил, 7 февралдаги ПФ-4947-сон Фармони// Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 й., 6-сон, 70-модда, 20-сон, 354-модда, 23-сон, 448-модда, 37-сон, 982-модда.

5. «Олий таълим муассасаларининг раҳбар ва педагог кадрларини қайта тайёрлаш ва уларнинг малакасини оширишни ташкил этиш чора-тадбирлари тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2015 йил 20 августдаги 242-сонли қарори// Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2015 й., 33-сон, 442-модда, 52-сон, 646-модда; 2017 й., 9-сон, 129-модда, 19-сон, 345-модда; Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 14.02.2018 й., 09/18/107/0697-сон, 01.06.2018 й., 09/18/400/1289-сон).

6. «Олий таълим тизимини янада ривожлантириш чора-тадбирлари тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 20 апрелдаги ПҚ-2909-сон қарори// Халқ сўзи» газетасининг 2017 йил 21 апрелдаги 79 (6773)-сон.

7. «Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги фаолиятини такомиллаштириш тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 8 августдаги ПҚ-3180-сон қарори// Ўзбекистон Республикаси қонун ҳужжатлари тўплами, 2017 йил, 32-сон, 801-модда.

8. «Мактабгача таълим тизими бошқарувини тубдан такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 30 сентябрдаги ПФ-5198

Фармони // Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 2017 йил 30 сентябрь, 06/17/5198/0043-сон.

9. «Ўзбекистон Республикаси Халқ таълими вазирлиги фаолиятини такомиллаштириш тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 30 сентябрдаги ПҚ-3304 Қарори // Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 2017 йил 30 сентябрь, 07/17/3304/0037-сон.

10. «Ўзбекистон Республикаси Мактабгача таълим вазирлиги фаолиятини ташкил этиш тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2017 йил 30 сентябрдаги ПҚ-3305 Қарори // Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 30.09.2017 й., 07/17/3305/0038-сон.

11. «Умумий ўрта таълим муассасаларининг 10-11-синфлари ўқувчиларига касбий таълим беришга ихтисослашган ўқув-нишлаг чикариш мажмуаларини ташкил этиш чора-тадбирлари тўғрисида»ги Ўзбекистон Республикаси Вазирлар Маҳкамасининг 2017 йил 24 октябрдаги 868-сонли Қарори//Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 24.10.2017 й., 09/17/868/0171-сон.

12. «Умумий ўрта, ўрта махсус ва касб-хунар таълими тизимини тубдан такомиллаштириш чора-тадбирлари тўғрисида» Ўзбекистон Республикаси Президентининг 2018 йил 25 январдаги ПФ-5313 Фармони//Қонун ҳужжатлари маълумотлари миллий базаси, 25.01.2018 й., 06/18/5313/0618-сон.

13. Миллий истиқлол ғояси: асосий тушунча ва тамойиллар. –Т.: «Ўзбекистон», 2001.

14. Каримов И.А. «Жамиятимиз мафкураси халқни-халқ, миллатни-миллат қилишга хизмат этсин». «Тафаккур» журнали. -Т.: «Ўзбекистон», 1998. № 2.

15. Каримов И.А. «Ўзбекистоннинг ўз истиқлол ва тараққиёт йўли». -Т.: «Ўзбекистон», 1992.

16. Каримов И.А. Истиқлол ва маънавият. – Т.: «Ўзбекистон», 1994 – Б.7–8.

17. Каримов И.А. Тарихий хотирасиз келажак йўқ. - Т.:“Шарқ”, 1998.

18. Каримов И.А. Озод ва обод Ватан, эркин ва фаровон ҳаёт – пировард мақсадимиз. 8-жилд. – Т.: «Ўзбекистон», 2000. – Б.27-28.

19. Каримов И.А. Юксак маънавият – енгилмас куч. – Т.: «Маънавият», 2008.

20. Абай. Шығармаларының 2 томдық жинағы. Алматы: Жазушы, - Т.2. 2004.

21. Абдуллаев Ю. Хорижий Олий таълим: тажриба ва тараққиёт йўналишлари. Т.: “Ўзбекистон” 1999.

22. Абу Абдуллоҳ ибн Исмоил ал-Бухорий, Ал-адаб ал-муфрат (Адаб дурдоналари)-Т.: “Ўзбекистон”, 1990.

23. Абу Муҳаммад ибн Исо ат-Термизий. Аш-шамоилан-набавия. -Т.: Чўлпон, 1993.

24. Абу Наср Форобий. Фозил одамлар шахри. –Т.: А.Қодирий номидаги халқ мероси нашриёти, 1993. – 222 б.

25. Абу Райҳон Беруний. Тарайҳалар (Жавохирот китобидан). – Т.: «Мерос», 1991. – 47 б.

26. Абдурашидхонов Мунавварқори. Адиби аввал. Дарслик – 10-таъби. – Тошкент: Ғуломҳасан Орифжонов тошбосмахонаси, 1917. – 48 б.

27. Абдурауф Фитрат. Нажот йўли. – Т.: «Маънавият», 2003. – 256 б.

28. Авесто /А.Маҳкам таржимаси. Т.: «Шарқ», 2001. – 385 б.

29. Авлоний А. Биринчи муаллим. Дарслик. – Тошкент: В.М.Ильин тошбосмахонаси, 1913. – 44 б.

30. Авлоний А. Адабиёт ёхуд шеърлар: Ифодаи махсус. – 1-жуз, 1-таъб. – Тошкент: В.М.Ильин тошбосмахонаси, 1909. – 87 б.

31. Авлоний А. Туркий Гулистон ёхуд ахлоқ. – Т.: «Ўқитувчи», 1992. – 160 б.

32. Азизходжаева Н.Н. Педагогические технологии и педагогическое мастерство. – Т.: «Молия», 2002.- 192 с.

33. Антология педагогической мысли Узбекской ССР. – М.: «Педагогика», 1986.

34. Алишер Навоий. Танланган асарлар.– Т.: «Шарқ», 2010.

35. Атаева Н., Расулова Ф., Ҳасанов С. Умумий педагогика (Педагогика тарихи). – Т.: “Фан ва технологиия”, 2011.

36. Ахмад Яссавий. Ҳикматлар. –Т.: Ғ.Ғулом номидаги Адабиёт ва санъат нашриёти, 1991. –256 б.

37. Аҳмедов А. Улуғбек Муҳаммад Тарағай. - Т.: “Фан”, 1991.

38. Батьшев А.С. Практическая педагогика для начинающего преподавателя. – М., 2003.

39. Бес ғасыр жырлайды / Құраст. М.Байділдаев, М.Мағауин. – А.: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.

40. Волков Г.Н., Баубекова Г.Д. Этнопедагогика. – Т.: «Фан», 2000.

41. Голубцова М. В. Культура педагогического общения – как условие благоприятного психологического климата в школе // Молодой ученый. – 2015. – №22.3. – С. 4–6.

42. Гумилев Л.Н. Көне түріктер (ауд. Ә.Жұмабаев, П.Бейсенов). – А.: Білім, 1994. – 480 б.

43. Ғозиев Э. Психология (Еш даврлари психологияси). Т.: “Ўқитувчи”, 1994.

44. Джуринский А.Н. История педагогики. – М.: ВЛАДОС, 1999.

45. Джуринский А.Н. Педагогика: история педагогических идей. - М.: Педагогическое общество России, 2000.

46. Долимов У. Миллий уйғониш педагогикаси. – Т.:NOSHIR, 2012.

47. Дулатов М. Шығармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. / Құраст. М.Әбсеметов, Г.Дулатова Алғы сөзін жазған Ж.Ысмағұлов. – А.: Жазушы, 1991. – 384 б.

48. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – А., 1995.

49. Жұмабаев М. «Педагогика», -А.: «Ана тілі», 1992.

50. Жусупова Ж.А. Ж Педагогикалық шеберлік. – Алматы, ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011.- 316 бет.

51. Загвязинский В.И. Развитие педагогического творчества учителей. – М.: Знание, 1996.- 40 с.

52. Загвязинский В.И. Учитель как исследователь. – М.: Знание, 1997.- 80 с.

53. Измайлов А.Э. Народная педагогика: Педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана. – М.: Педагогика, 1991.

54. Йўлдошев Ж.Г. Хорижда таълим. -Т.: “Шарқ”, 1999.

55. Кайковус. Қобуснома. -Т.: “Мерос”, 1992.

56. Калдыбекова А.С. Абай иктисодий тарбия ҳақида. Иктисодий таълим: назария, тажриба, муаммолар ва истикбол (халқаро илмий-амалий анжуманнинг маърузалар тўплами). – Т., 2001, 68–69 б.б.

57. Калдыбекова А.С. Абай соғлом авлод тарбияси ҳақида. “Халқ таълими” журналі. –Т., 2001, № 553–55-б.б.

58. Калдыбекова А.С. Абдулла Авлоний ва XX аср бошларидаги қозоқ зиёлилари. Педагогика фани бўйича республика илмий-услубий конференция материаллари.-Т., 2004, 27–29-б.б.

59. Калдыбекова А.С. Армандары асқак, ойлары ортак замандастар (қозоқ тилида). Қозоқ филологияси масалалари илмий ишлар тўпламида. –Т., 2003, 83–85-б.б.

60. Калдыбекова А.С. Ўрхун-Енисей ёзма ёдгорликларини ўқитиш жараёнида талабаларни байналмилаллик руҳида тарбиялаш. Т.: Низомий номидаги ТДПУ, «Педагогик таълим» журналі, 2006 йил, 4-сон. – 54–54-б.

61. Калдыбекова А., Ходжаев Б. Педагогик аксиология. – Т.: Алишер Навоий номидаги Ўзбекистон Миллий кутубхонаси нашриёти, 2009. – 80 б.

62. Қалдыбекова А.С. Жалпы педагогика теориясы және практикасы. Педагогика теориясы. – Т.: Низами атындағы ТМПУ. 2013. – 230 б.

63. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М. Просвещение, 1987.

64. Карнеги Д. Как завоевать друзей. Ч.1. –М., 1994.

65. Карим Т. Миллий тафаккур тараққиётидан (“Авесто” замонларидан то XXI аср бошларигача). – Т.: “Чўлпон” нашриёти, 2003. – 160 б.

66. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. –Алматы: Атамұра, 2005.

67. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – А.: Раритет, 2011. – 432 б.
68. Коменский Я.А. Буюк дидактика. -Т.: “Ұқитувчи”, 1975.
69. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. –А.: «Жазушы»,1973.
70. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. – А.: «Жазушы». – Т. 2. Батырлар жыры. – 1986. – 288 б.
71. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құраст. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – А.: Рауан, 1994. – Т. 1. – 320 б.
72. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. –Алматы: Арыс, 2004.
73. Қалдыбекова А.С., Ахмедов Т.С. «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырларында отансүйгіштік тәрбие. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық және әдістемелік мәселелері / Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 60 жылдығына байланысты ғылыми-теориялық конференция материалдары. Т.: MERIYUS, 2013. – 123-124 б.
74. Қалдыбекова А.С., Хұжаев Б. XIX асрнинг иккинчи ярми XX аср бошларида Туркистонда таълим тизими: жадид мактабларига янгича талқин. “Узлуксиз таълим” журнали, –Т., 2003, №6, 32-39 б.б.
75. Қалдыбекова А.С. Маърифатпарварларнинг таълимотида ўқувчиларни интеллектуал ривожлантириш масалалари. «Педагогик таълим мазмунига илғор технологияларни кириштишининг илмий-методик асослари» мавзусидаги республика илмий-амалий конференцияси материаллари. – Тошкент, 2005, 281–286-б.б
76. Қалиев Ж.Н. Халық педагогикасы құндылықтары негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру (5–9 сыныптардағы гуманитарлық пәндер негізінде): пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.01. – Ас., 2005. – 27 б.
77. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ат-түрк). – А.: Ана тілі, 1993. – 192 б.
78. Қудратов.Т. Нутқ маданияти асослари. Т.: “Ұқитувчи”, 1993.
79. Общая педагогика. Под ред. В.А.Сластенина. В 2 ч. Ч 2. – Москва, «ВЛАДОС», 2003.

80. Очилов М. Муаллим – калб меъмори. – Т.: «Ўқитувчи», 2001. - 430 б.
81. Педагогика /Под ред. П.И.Пидкасистого/ – М., 2003.
82. Педагогический энциклопедический словарь. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2002. – 527 с.
83. Подласый И.И. Педагогика: учебник для бакалавров – М.: Изд. Юрайт: 2012 – 574 с. Серия: Бакалавр.
84. Рыданова И.И. Основы педагогики общения. – Минск, Беларуская навка, 1998.
85. Скакун В.А. Основы педагогического мастерства.–М. ФОРУМ: ИНФРА-М, 2010.
86. Сўйиншалиев Х. Қазак әдебиеті тарихы. – А.: «Санат», 1996.
87. Туленов Ж Миллий мафкура: мақсад ва йўналишлари, ҳаётга татбиқ этиш йўллари. -Т.: “Ўзбекистон”. 1999 Фалсафа қисқача изоҳли луғат /Абдуллаева М.Н ва бошқ. – Т.: «Шарқ», 2004 – 384 бет.
88. Ҳадис. IV. Ал-жомеъ ас-сахих (Ишонарли тўплам). /Арабчадан А.Абдуллоҳ тарж. – Т.: Қомуслар Бош таҳририяти, 1992. – 527 б.
89. Ҳайруллаев М.М. Ўрта Осиёда IX – XII асрларда маданий тараққиёт. -Т.: “Фан”, 1994.
90. Ҳасанбаева О. ва бошқалар. Педагогика тарихи. –Т.: “Ўқитувчи”, 1997.
91. Ҳасанов С. Хоразм маърифати – олам кўзгуси. –Т.: «Ўқитувчи», 1996.
92. Ҳомидов Ҳ. “Авесто” файзлари. -Т.: А.Қодирий номидаги халқ мероси нашриёти, 2001.
93. Хошимов.К, Нишоновна С. ва бошқалар. Педагогика тарихи.– Т.: «Ўқитувчи», 1996.
94. Уәлиев Н. Сөз маданияти. Алматы, 1992.
95. Умумий психология. А.В.Петровский таҳрири остида. – Т.: Ўқитувчи, 1992 й.
96. Ғозиев Э. Психология (Ёш даврлари психологияси).Т.: “Ўқитувчи”, 1994.
97. Қудратов.Т. Нутқ маданияти асослари. –Т.: “Ўқитувчи”, 1993.

98. Юксак маънавиятли шахсни шакллантириш тарбия технологияси. – Т.: “Фан ва технологиялар” нашриёти, 2012.

99. Өлеуов Ө. Қарақалпақстанда тәлим-тәрбиялық ойлардың қәлиплесиуи хәм рауажлануы. –Нөкис: «Билим»,1993.

100. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. / Құрастырған М.Жармұхамедов/ - А.: «Жазушы»,1991.

101. Ўзбек педагогикаси антологияси. –Тошкент: «Ўқитувчи», 1995.

102. Pedagogika nazariyasi. (Prof.M.X.Toxtaxodjaevaning umumiu tahriri ostida). –Т.: «O‘zbekiston faylasuflar milliy jamiyati», 2010.

103. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства. - Оренбург: РИК ГОУ ОГУ, 2004. – 230 с.

104. Xoliqov A. Pedagogik mahorat. –Т.: IQTISOD-MOLIYA, 2011,-424 b.

105. Alex Moore Teaching and Learning: Pedagogy, Curriculum and Culture USA, 2012 Routledge.

Электрондық оқыту ресурстары:

<http://www.tdpu.uz>

<http://www.pedagog.uz>

<http://www.edu.uz>

<http://www.ziyo.edu.uz>

<http://www.gov.uz>

<http://www.ziynet.uz>

<http://www.istedod.uz>

<http://www.cer.uz>

<http://tdpu-INTRANET.Ped>

<http://www.sia.spbu.ru>

<http://www.hse.ru>

<http://www.academy.edu>

<http://www.keu.kz>

<http://www.turan-astana.kz>

ГЛОССАРИЙ

- «Абжадхандар»** – «Абжадты» оқитындар, яғни 1-ден 1000-ға дейінгі араб жазуындағы санауды үйренеді.
- «Авесто»** – 21 бөлімнен тұратын Зороастризм дінінің қасиетті кітабы.
- Авторитар стиль** – басқарушы өзін жоғары қойып, бұйырып, ұрсып, қорқытып т.б. отырады.
- Академиялық қабілет** – тиісті ғылым салаларында (математика, физика, химия, тарих, әдебиет т.б.) терең білімдерге ие болу.
- Аудиовизуалдық педагогикалық сөйлеу** – мұғалімнің айтқанын оқушылар тек есіту арқылы ғана емес, көру арқылы да қабылдауы.
- Бастауыш діни мектептер** - «Әліппе», «Хафтияк», «Чохор китоб», Сұфи Оллаёр шығармалары және Құран оқытылды.
- Белгілі бір мақсаттың орындалуына қызығушылық қарым-қатынасы** – педагог пен оқушының қызығуы арқасында біргеліктегі әрекеттері.
- Болон процесі** – жоғары білімнің бірыңғай еуропалық жүйесінің құрылу процесі.
- Вербалды коммуникация** – тіл, сөйлеу арқылы жүзеге асады.
- Вербалды емес коммуникация** – «дене тілі», «ым-ишара тілі» деген ұғымдармен байланысты.
- Гимназия** – философия, саясат және әдебиетпен танысып, мемлекет басқару ісіне дайындайтын Ежелгі Греция мекетбі.
- Грамматист мектебі** – оқуға, жазуға, санауға үйрететін Ежелгі Греция мекетбі.
- Гуманистік бағыттылық жүйесі** – педагогтардың балалармен ынтымақтастық, демократтық бағыттағы гуманистік-адамгершілік, сүйіспеншілік қатынас орнату стратегиясы мен тактикасының болуын қажет етеді.
- Далаилхана** – «Далаил-Хайрат» кітабын оқып, жаттайтын болған. Далаилхананы бітіргендер көшелерде, ба-

зарларда, жиындарда Аллахқа мадақтаулар оқыды.

Дауыс – мұғалім үшін ең басты еңбек құралы болып табылатын сөйлеу техникасының маңызды элементі. Кейбір оқытушылардың, дауысы табиғи

Демократтық стиль – басқарушы тыңдаушымен өзін тең ұстайды.

Диафрагмалық тыныс алу – қабырғалар арасындағы диафрагманың қыс-қаруы нәтижесінде кеуде қуысының ұзына бойы көлемінің өзгеруі арқылы амалға асырылады.

Диафрагмалық-қабырғалы тыныс алу – диафрагманың қысқаруы және қабырғалар арасындағы тыныс алу бұлшық еттері мен қарын бұлшық еттерінің қысқаруынан пайда болатын кеуде қуысының көлденең және ұзына бойы көлемі өзгеруі арқылы амалға асырылатын тыныс алу және тыныс шығару процесі.

Дидактикалық қабілет – мұғалімнің оқушыларға оқу материалын жеткізу, оқушының білім дәрежесін дұрыс анықтай алу, өз пәніне қызығушылығын арттыру, оқушының таным белсенділігі мен ойын дамыту қабілеті.

Дикция – бұл сөзді, буынды, дыбысты айтудағы анықтық және айқындық

Дистанциялық қарым-қатынас стилі – оқытушы мен оқушы арасында қашықтық болады. Бірақ мұнда да шекарадан шықпауы керек.

Дұрыс таза сөйлей білу шеберлігі – тіл нормаларын игеру, яғни сөзді колдана білу, сөйлемді дұрыс түзу (екпінді, дыбыс заңдылықтарын білу).

Жадид мектептері – балаларға діни және дүниелік ілімдерді бірге үйрететін, сабақты ана тілінде үйрететін, сабақты класс-сабақ формасында өтетін, оқушыларды парталарға отырғызып, көрнекіліктерді пайдаланып оқытатын мектеп.

Жест (латын тілінен *gestus* – дененің қозғалысы) – белгілі бір мағына немесе ойды белгілер яки символдар арқылы білдіретін адам ағзасының немесе оның бөлігінің әрекеттері немесе қозғалысы.

Жоғары тыныс алу – көкіректің жоғарғы бөлігін және желкелерді көтеріп түсіретін бұлшық еттер қатысуында амалға асады.

Жұрт алдында сөйлеу – тыңдаушылардың ойлары мен жүректеріне белгілі бір фактілер түрінде ғана емес, сондай-ақ құндылық бағдар ретінде өз ойларын жеткізу.

Ескерту – алдын ала дайындау. Арнаулы сөздері бар: Көңіл бөліндер! Маған қарандар! Жазуға дайындалындар!

Зейінді тарату қабілеті оқытушының бір мезгілде бірнеше іс-әрекеттерді басқаруы үшін ерекше мәнге ие. Қабілетті, тәжірибелі мұғалім материалды баяндаудың мазмұны мен формасын, өз ойының өрісін мұқият бақылайды, сонымен бірге оқушылардың барлығын көз алдында ұстайды, шаршау, назар аудармау, түсінбеу белгілерін, тәртіп бұзуды байқап отырады, өз мінез-құлқын қадағалап отырады (мимикасы және пантомимикасы, жүрісі-тұрысы).

Идеографиялық жазу – графикалық белгілер белгілі бір уақығаны көрсетеді.

Иероглиф жазуы – бір ұғымды белгілейтін сурет белгісі.

Интонация – ауызша сөйдеуде үлкен маңызға ие. Оның екі түрі бар: логикалық және эмоционалдық-экспрессивті.

Кифарист мектебі – музыкаға, ән, тақпақ айтуға жаттықтыратын Ежелгі Греция мекетбі.

Коммуникативтік қабілет – бұл бірлескен іс-қимыл жасау немесе өзара әрекеттесу процесінде адамдар арасында тиімді өзара әрекеттесуді және тиісті өзара түсінушілікті қамтамасыз ететін адамның

жеке психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Коммуникация («communication») - латын тілінен аударғанда ортақ қылу, байланыстыру, хабарлау деген мағынаны білдіреді) – бұл түрлі тармақтарды ұлайтын байланыс.

Конструктивтік қабілет – бұл оқу және тәрбие жұмысының технологиялық картасын жасау арқылы оқу-тәрбие процесі міндеттерін шешудің тиімді жолдарын табу.

Конфликт – мақсаты, қызығуы, ойы, позициясы, көзқарасы қарама-қарсы болған оппоненттердің яки субъектердің өзара қарым-қатынасындағы келіспеушіліктері, дау-жанжалы.

Көкірекпен тыныс алу – қабырғалар арасындағы бұлшық еттер арқылы амалға асырылады. Кеуде қуысының көлденең көлемі өзгереді. Диафрагма аз қозғалады, сондықтан дем шығарудың энергиясы жеткіліксіз болады

Кәсіби ар-намыс – бұл педагогикада мұғалімнің өз маңыздылығын түсініп қана қою емес, сонымен қатар оның қоғаммен танылуы және моральдік сипаты мен сіңірген еңбегіне деген қоғамның құрметі деген түсінікті білдіреді.

Кәсіби педагогикалық парыз – педагогтің кәсіби қызметін тиімді түрде іске асыруға негізделген ізгіліктік талаптар жүйесі

Көпшілдік (қарым-қатынасқа кірісе алушылық) – компоненттердің тұтас комплексін өз ішіне алған көп қабатты құбылыс. Оның үш негізгі компонентін бөліп көрсетеміз:

Қабілеттілік – адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет.

Қарым-қатынас конфликті мұғалімнің жағдайды дұрыс шешеуі нәтижесінде туындайды және бұл ұзақ уақытқа созылады.

Қарым-қатынас мәдениеті – бұл адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табу.

Қорқыту қарым-қатынасы - оқушыларды тезірек өзіне қаратып алу үшін олар оқушыларды қорқытып отырады.

Қарыханалар – Құранды мәнерлеп оқуға үйрететін бастауыш мектеп.

«Құранхандар» – «Құранды» үйренушілер.

Қыздар мектебі – атындар үйінде ұйымдастырылып, қыздарға жазу өнері тереңірек үйретілді.

Қызметтік конфликттер – сыныпта мұғалім мен оқушының, мұғалім және оқушылар тобы арасында олардың оқу тапсырмасын орындаудан бас тартқанында жиі кездеседі.

«Құран» – Ислам дінінің 114 сүре және 6632 аяттан тұратын қасиетті кітабы.

Либералды стиль – басқарушы өзіндік пікірге ие емес, ешнәрсемен қызықпайды т.б.

Мамун академиясы – 1010 жылы Үргеніште ашылған маңызы зор болды. «Байтул хикма» деп аталатын ғалымдар үйі.

Медресе – орта және жоғары білім берілді. Үлкен қалалардағы медреселерде ислам дініне байланысты пәндерден басқа логика, құқық, араб грамматикасы, математика, география, әдебиет, тарих т.б. оқытылды.

Мимика – өз пікірлерін, көңіл-күйін, жағдайын, өз ойын бет-әлпетінің қимылы арқылы баян ету, білдіру өнері.

Мұғалім (педагог, тәрбиеші, оқытушы) – бұл мектептегі (оқу орындарындағы) оқу-тәрбие процесін ұйымдастырушы және оны іске асырушы тұлға, арнаулы дайындығы бар және педагогикалық қызметпен кәсіби шұғылданатын адам.

Мұғалімнің педагогикалық беделі – бұл педагогтың оқушылар мен оқытушылар коллективіндегі моральдық мәртебесі, бұл беделді және сыйлы педагогтың оқушылардың мінез-құлықтарын реттеп, олардың сенімдеріне ықпал ететін тәртіптің ерекше түрі.

Мұғалімнің сөзі – бұл педагогикалық қызмет пен қарым-қатынаста туындайтын нақты міндеттерді шешуге бейімделген сөз.

Мұғалімнің сөйлеу қабілеті – оның өз ойын, оқу материалын сөзі мен дауыс ырғағы, жарқын мимика мен пантомимика, ұнамды эмоция арқылы анық, дәл, түсінікті жеткізе білуі.

«Орхон-Енисей жазба ескерткіштері» - түркі халықтарының ең ежелгі жазба ескерткіштерінің бірі,

Өзін-өзі тәрбиелеу – адамның белгілі мақсатқа бағытталған, өз сапасын жетілдіру арқылы кемшіліктерінен арылу әрекетіне айтылады.

Өзін-өзі жазалау әдісі – алдына қойған міндетті орындау, ауытқымау.

Өзін-өзі иландыру – бұл сөздік ықпал құралдары арқылы өзінің психикалық жағдайларын өзін-өзі реттеу тәсілі.

Өзін-өзі сендіру – оқытушы өзін-өзі қалай ұстайтыны немесе олай істемеу керектігі туралы өзін сендіреді.

Өзін-өзі сынау – бұл адамдардың өзін-өзі жетілдіру үшін қолданатын әдісі.

Өзін-өзі міндеттеу – бұл иландыруға ұқсас. Адам өз бойындағы кемшілікті жою үшін немесе бір жағымды мінезді өз бойына дарыту үшін қолданады.

Өзіне-өзі бұйыру – адам өзін нақты бір іс-әрекет жасау керектігіне сендіріп, енді басқаша әрекет жасауға болмайды деп сезгенде ғана қолданылады.

Палестра (күрес) мектебі – балалар 2-3 жыл дене шынықтырумен айналысатын, жүзуге үйретілетін Ежелгі Греция мекетбі.

Пантомимика – адамның сезімдері мен эмоцияларының сыртқа дене қалпының қозғалысынан, позасы мен жүріс-тұрыстарынан көрінуі.

Педагог – білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын қызметкерлер.

Педагог имиджі (латынша *imago* – мақсатқа бағыттап қалыптастырушы образ) – оқытушы бейнесінің оқушылар, оқытушылар және жұртшылықтың санасында қабылданудың стререотипі.

Педагогикалық ар-намыс – педагогтың өз кәсіби борышын орындау барысында айқындалатын моральдық сипаты мен сіңірген еңбегіне деген қоғамдық баға.

Педагогикалық әділдік – мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы барысында оқушылардың тәртібін, қылығын, оқуға көзқарасы мен ынтасын, адамгершілік тәрбиелік деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы мұғалімнің объективтілігі мен өзіндік баға берудегі ерекше сипаты.

Педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру – педагогикалық процесті басқару үшін ғылым мен техниканың, озат педагогикалық тәжірибелердің нәтижесіне негізделген еңбекті шығармашылық түрде ұйымдастыру.

Педагогикалық импровизация – мұғалімнің оқушылармен өзара іс-қимыл жасау кезінде олардың нақты әрекеттеріне, көріністеріне, сөздеріне тікелей реакциясы.

Педагогикалық конфликт мұғалім мен оқушы (мұғалім, оқушы, ата-ана мен бала) арасында, сондай-ақ, мұғалім мен сынып арасында туындайды.

Педагогикалық қабілет – бұл адамның педагогикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін тез және терең меңгеріп

алатын ерекшеліктері, кәсіптік білім мен кәсіптік тәжірибелердің жиынтығы.

Педагогикалық қабілеттілік – бұл педагогтың педагогикалық қызметті жүзеге асырудағы теориялық және практикалық дайындығының жиынтығы.

Педагогикалық қарым-қатынас стилі дегеніміз – бұл оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың жеке типологиялық ерекшеліктері, қарым-қатынастың сыртқы көрінісі.

Педагогикалық қиял (прогностикалық немесе болжам жасау қабілеті) – бұл өз қызметінің нәтижесін алдын ала көруден, оқушыдан болашақта кім шығатынын елестете отырып, оның тұлғасын тәрбиелеуді жобалаудан, тәрбиеленушілердің қандай да бір сапаларының дамуын болжай алу іскерлігінен көрінетін арнайы қабілеттер.

Педагогикалық қызмет – жас ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, оны жан-жақты жетілдіруге бағытталған кәсіби қызметтің бір түрі. Оның **түрлері**:

диагностикалық қызмет – оқушыларды зерттеп білуімен және олардың даму, тәрбиелілік деңгейін белгілеумен, анықтаумен байланысты;

прогностикалық (болжам жасау) қызмет – мұғалімнің тәрбие қызметінің бағытын және тәрбие жұмысының әрбір кезеңінде нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтап, оның нәтижелеріне болжам жасай білуімен тұжырымдалады;

гностикалық және жобалау қызметі – алдағы қызметті ғылыми, теориялық білімдерге негізделіп болжау, жобалауды өз ішіне алады;

ұйымдастырушылық қызмет – оқушыларды белгіленген тәрбие жұмысына жұмылдырумен байланысты;

ақпараттық-түсіндіру қызметі – бұл ғылыми, дүниетанымдық және адамгершілік-эстетикалық ақпараттың аса маңызды көзі болатын мұғалім қызметі;

ұжымды ынталандыру қызметі – мұғалімнің жеке басының адамгершілік жақсы қасиеттерімен және оқу-

шыларға ықпал ете білуімен, оның қарым-қатынас жасау, демократиялық байланыстар орнату, іс-қимылға жетелеу шеберлігімен байланысты қырларын қозғайды. бұл қызмет балаларға сүйіспеншілік таныта білуді, нағыз гуманизмді қамтиды;

талдау-бағалау қызметі – мұғалімге оқыту мен тәрбиелеу барысына талдау жасауға, олардан жағымды жақтары мен кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік береді;

мұғалімнің зерттеушілік-шығармашылық қызметі – педагогикалық теорияны қолдану мұғалімнен белгілі шығармашылықты қажет етуі осы қызметтің бір қыры болып табылады. екінші бір қыры – белгілі теорияның шеңберінен шығып, оны байытатын жаңалық атаулыны ой елегінен өткізіп дамыту болып табылады.

Педагогикалық озат тәжірибе – практика жүзінде іске асырылған ал-дыңғы қатарлы педагогикалық идеялардың жиынтығы.

Педагогикалық қабілет – адамның педагогикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін тез және терең меңгеріп алатын ерекшеліктері, кәсіптік білім мен кәсіптік тәжірибелердің жиынтығы.

Педагогикалық қарым-қатынас – бұл оқытушының оқушылармен сабақта және сабақтан тыс уақытта психологиялық климатты жақсартуға бағытталған кәсіби қарым-қатынасы.

Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті – бұл оқушылардың эмоционалдық жағдайын, интеллектін, жасын және ұжымдағы психологиялық микроклиматты ескере отырып, оқу-тәрбие процесін оптимизациялау мақсатында оқытушының оқушылармен бірге кәсіби қарым-қатынасы болып табылады.

Педагогикалық мораль – мұғалімге өзіне, өз мамандығына, қоғамға, балаларға және оқу-тәрбие процесінің

барлық қатысушыларына қатынасында оған қойылатын ізгілік талаптарының жүйесі

Педагогикалық такт – мұғалімнің тәрбие беру процесінде балалардың көңіл күйін, жан дүниесін, мінез құбылыстары мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін терең білудің негізінде нақтылы жағдайлардың талабына сәйкес қолданатын әдіс-тәсілдердің жинағы.

Педагогикалық тактика – педагогикалық мақсатқа жету үшін оқытушының қолданатын әдіс-тәсілдері.

Педагогикалық тәртіп – мұғалім қызметінде оның ойымен әрекетінің ұштасып жататын педагогикалық моральды іске асыру түрі.

Педагогикалық техника – мұғалімнің өзін-өзі басқара алу және өзара әрекеттесу іскерліктерінен құралады.

Педагогикалық шеберлік – педагогикалық қызметті игерудің жоғары деңгейі, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін басқаруға және мақсатқа бағытталған педагогикалық әсер ету мен өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін арнайы білімдер, дағдылар және іскерліктердің жиынтығы.

Педагогикалық этика – бұл мұғалімнің педагогикалық процесс барысында ұстанатын моральдық (адамгершілік) нормалары.

Педагогикалық этикет өз ішіне педагог пен тәрбиенелуші, педагог пен ата-ана, педагог пен педагог арасындағы қарым-қатынаста тәрбиеленушіге, ата-анаға, кәсіптесіне құрметті көрсететін, қарым-қатынастан жағымды әсер алуға әрекет етуін тәртіпке салушы мінез-құлық ережелерінің жиынтығы.

Перцептивтік қабілет – оқушының ішкі жан дүниесін тани білу, психикалық жағдайын бірден байқау қабілеті.

Пиктографиялық жазу – суретке негізделген жазу.

Прогностикалық (болжам жасау) қызмет – мұғалімнің тәрбие қызметінің бағытын және тәрбие жұмысы-

ның әрбір кезеңінде нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтап, оның нәтижелеріне болжам жасай білуі.

- Ритмика (ырғақ, қалып)** – сөздің, буынның, үзілістің ұзақтығы мен жылдамдығы.
- Сендіру** – бұл адамның сана-сезіміне болған әсері Сендіру үш компоненттен тұрады: 1) білім; 2) сезім; 3) мінез-құлық.
- Сөз** – ойды білдірудің, сөйлем құраудың басты тәсілі. Біз сөз арқылы ғана өз ойларымызды сыртқа шығара аламыз.
- Сөзін өткізе алу, әсер алу қабілеттері** – авторитар қабілет деп те атаймыз. Бұл негізінен босаңсып кеткен балаларды жиып алуда керек болады.
- Сөйлем** – адам ойын айтудың негізгі формасы. Біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер, я сөздер тобы.
- Сөйлеу мәдениеті** – бұл әдеби тіл нормаларына сәйкес сөздерді қолдану, айту, өзгерту, басқа лексемалармен біріктіріу, сөйлемді дұрыс құрастыру.
- Сөйлемнің турылығы** – сөз қолданылуына байланысты сөйлемнің шығуымен біріне-бірі жақын бірақ мағынасы басқа-басқа.
- Такт** (лат. *tactus* – жанасу, сезім) – бұл әдептілік категориясы болып, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты тәртіпке салады. Такт қандай жағдайда да адамды құрметтеу, оған гуманистік қатынаста болу принципін ұстанады.
- Тактика** (грекше *taktike* – “*тәртіпке келтіру*”) – белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс, жол.
- «Тахтақандар»** – алфавитті үйренушілер. Оқытушы оқушыларға 32 араб алфавиті жазылған тақтай береді.
- Топаралық конфликт** – бұл әлеуметтік топтар арасында мақсаттар мен оларға жету жолдарының қарама-қарсы келуінен туындайтын конфликттер.
- Тұлға ішілік конфликт** – бұл тұлғаның мотивтері, қызығушылықтары арасындағы күресті бейнелейді.

- Тұлға аралық конфликт** – бұл тұлғалар арасында бір-біріне қарама-қарсы келетін мақсаттарды орындау барысында іс-әрекетте туындайтын конфликтілермен сипатталады.
- Тұлғалық-топтық конфликт** – тұлғаның мінез-құлқы мен тәлім-тәрбиесі, тәртібі топтың нормалары мен қалауына сәйкес келмеуі.
- Тыныс** – физиологиялық қызмет атқарып организмнің тіршілік әрекетін қамтамасыз етеді.
- Шешендік мәдениеті** – тіл нормаларын игеру, яғни сөзді қолдана білу, сөйлемді дұрыс түзу, екпін, дыбыс заңдылықтарын түзу, тілдің бейнелеу тәсілдерін пайдалана алу, мәнерлеп оқу мәдениетін игеру.
- Ұйымдастырушылық қабілет** – сабақты тыңдауға, жаңа білімді алуға әзірлей білу; коллективті басқара алу; ата-аналармен, жұртшылықпен жұмыс істей алу.
- Хадис** – Ислам дінінде «Құраннан» кейін тұратын қасиетті кітап.
- Халықтық педагогика** – тәрбие жөніндегі халықтың білім-тәжірибесі.
- Халық педагогикасының үлгілері** – халық ауыз әдебиеті, этнографиялық материалдар, ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар т.б.
- «Хафтиякхандар»** – Құранның жетіден бірін, жеңілдетілген түрін оқитын оқушылар.
- Экспрессивтік қабілет** – өзінің ойын, ішкі сезімін сөз арқылы және мимика, пантомимика арқылы нақты, түсінікті етіп жеткізу.
- Этика** (грекше *ethos* – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын әдептілік туралы философиялық тағылым.
- Этикалық норма** – адамдардың ұқсас мінез-қылықтары ортақ ережелер бойынша немесе тыйым салу арқылы реттеліп отыратын адамгершілік қағидалар формасы.

Этикалық категориялар – бұлар достық, махаббат, жомарттық, ар-намыс, ұят, абырой, парыз, әділеттік, бақыт.

Этикет (этикет француз тіліндегі «etiquette» – мінез-құлық мәнері деген мағынаны білдіретін сөзден шыққан термин) – нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебі.

МАЗМҰНЫ

| | |
|--------------|---|
| КІРІСПЕ..... | 3 |
|--------------|---|

1-БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
| I ТАРАУ. ЕҢ ЕЖЕЛГІ ДӘУІРЛЕРДЕН ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНҒА ДЕЙІН (1991 Ж.) ӨЗБЕКСТАНДА БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ..... | 5 |
| I.1. Педагогика тарихы пәні және міндеттері. Алғашқы қауымдық құрылыста тәрбие..... | 5 |
| I.2. Ежелгі дәуірлерден VII ғасырға дейінгі кезеңде Орталық Азияда тәрбие, білім беру және педагогикалық ойлар..... | 13 |
| I.3. VII ғасырдан XIV ғасырдың бірінші жартысына дейінгі кезеңде Орталық Азияда тәрбие және мектеп..... | 22 |
| I.4. Шығыс Ояну дәуірінде педагогикалық ойлардың дамуы.. | 31 |
| I.5. Шығыс Ояну дәуірінде тәлімдік-моралдық көзқарастар.... | 40 |
| I.6. XIV ғасырдың 2-жартысы – XVI ғасырларда Мауараунахрда тәрбие және мектеп..... | 49 |
| I.7. XIV ғасырдың 2-жартысы – XVI ғасырларда Мауараунахрда және Қазақстанда педагогикалық ойлардың дамуы..... | 59 |
| I.8. XVII ғасырдан XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін Орталық Азияда тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлардың дамуы..... | 76 |
| I.9. XIX ғасырдың 2-жартысы – XX ғасыр басында Түркістан өлкесінде тәрбие, мектеп және педагогикалық ойлар..... | 85 |
| I.10. 1917-1991 жылдарда Өзбекстанда білім беру мен педагогика ғылымының дамуы..... | 112 |

| | |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| II ТАРАУ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАРИЯЛАНҒАННАН КЕЙІН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЙЛАР МЕН БІЛІМ БЕРУ СИСТЕМАСЫНЫҢ ДАМУЫ..... | 132 |
| II.1. Тәуелсіз Өзбекстан Республикасында білім беру системасы. Тәуелсіздік жылдарында педагогика ғылымының дамуы.. | 132 |

| | |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ІІІ ТАРАУ. ӘЛЕМ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫНА ШОЛУ (ең ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейін).. | 151 |
| ІІІ.1. Ежелгі дәуірлерден ХІХ ғасырдың 1-жартысына дейінгі әлем педагогика ғылымының даму тарихы Я.А.Коменскийдің педагогикалық теориясы..... | 151 |
| ІІІ.2. ХІХ ғасырдың 2-жартысы – ХХ ғасырда әлем педагогика ғылымының дамуы. К.Д. Ушинскийдің педагогикалық мұрасы..... | 178 |
| ІІІ.3. Қазіргі заманда әлем мемлекеттерінде білім беру мен педагогика..... | 188 |

2-БӨЛІМ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| I ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ | 207 |
| I.1. Педагогикалық ойлар және мектептер тарихында оқытушы шеберлігі мәселелері..... | 207 |
| I.2. Педагогикалық шеберліктің негізгі компоненттері..... | 217 |
| II ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТ..... | 224 |
| II.1. Оқытушы қызметінде педагогикалық қабілет..... | 224 |
| II.2. Коммуникативтік іскерліктер мен педагогикалық әсер ету... | 230 |
| III ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДЕОНТОЛОГИЯ..... | 239 |
| III.1. Оқытушы қызметінде қарым-қатынас мәдениеті және психологиясы..... | 239 |
| III.2. Педагогикалық такт және педагогикалық этика..... | 257 |
| IV ТАРАУ. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҒЫЛЫМИ ҰЙЫМДАСТЫРУ | 269 |
| IV.1. Педагогикалық техника туралы түсінік. Педагогикалық техниканы қалыптастыру методикасы..... | 269 |
| IV.2. Сөйлеу техникасы мен мәдениеті..... | 275 |
| IV.3. Оқытушы еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыру..... | 285 |
| IV.4. Өзін-өзі тәрбиелеу және өз үстінде жұмыс істеу..... | 291 |
| IV.5. Педагогтық тәжірибені жинақтау системасы | 298 |
| ӘДЕБИЕТТЕР..... | 304 |
| ГЛОССАРИЙ..... | 312 |

ОГЛАВЛЕНИЕ

| | | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|-----|
| ВВЕДЕНИЕ | 3 | |
| 1 ЧАСТЬ. ИСТОРИЯ ПЕДАГОГИКИ | | |
| ГЛАВА I. ИСТОРИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И ПЕДАГОГИКИ УЗБЕКИСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО ПРОВОЗГЛАШЕНИЯ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ УЗБЕКИСТАН (1991 г.) | | 5 |
| I.1. Предмет и задачи истории педагогики. Воспитание в перво-бытном обществе..... | 5 | |
| I.2. Воспитание, образование и педагогическая мысль в Центральной Азии с древнейших времен до VII века..... | 13 | |
| I.3. Развитие воспитания и образования в Центральной Азии с VII до первой половины XIV век..... | 22 | |
| I.4. Развитие педагогической мысли в эпоху Восточного Возрождения | 31 | |
| I.5. Просветительско-моральные взгляды в эпоху Восточного Возрождения | 40 | |
| I.6. Воспитание и школа в Мавераннахре с XIV до XVI века.... | 49 | |
| I.7. Развитие педагогической мысли в Мавераннахре и Казахстане с XIV до XVI века..... | 59 | |
| I.8. Развитие воспитания, школы и педагогической мысли в Центральной Азии с ХУШ до первой половины XIX века..... | 76 | |
| I.9. Воспитание, школа и педагогическая мысль в Туркестанском крае с второго половины XIX – начала XX века..... | 85 | |
| I.10. Развитие образования и педагогической науки в Узбекистане с 1917 по 1991 гг..... | 112 | |
| ГЛАВА II. РАЗВИТИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ МЫСЛИ И СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ УЗБЕКИСТАН ПОСЛЕ ПРОВОЗГЛАШЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ | | 132 |
| II.1. Система образования в независимой Республике Узбекистан. Развитие педагогической науки за годы независимости..... | 132 | |

| | |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| ГЛАВА III. ОБЗОР РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В МИРЕ (с древнейших времен до настоящего времени) | 151 |
| III 1. История развития педагогической науки в мире с древнейших времен до первой половины XIX века. Педагогическая теория Я.А.Коменского..... | 151 |
| III 2. Развитие педагогической науки в мире со второй половины XIX – XX веков. Педагогическое наследие К.Д.Ушинского..... | 178 |
| III 3. Образование и педагогика в странах мира на современном этапе..... | 188 |
| 2 ЧАСТЬ. ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ МАСТЕРСТВО | |
| ГЛАВА I. МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА | 207 |
| I.1. Проблемы мастерства учителя в истории педагогической мысли и школьной практике..... | 207 |
| I.2. Основные компоненты педагогического мастерства..... | 217 |
| ГЛАВА II. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ СПОСОБНОСТИ | 224 |
| II.1. Педагогические способности в деятельности учителя..... | 224 |
| II.2. Коммуникативные умения и педагогическое воздействие..... | 230 |
| ГЛАВА III. ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕОНТОЛОГИЯ | 239 |
| III.1. Культура и психология общения в деятельности учителя.... | 239 |
| III.2. Педагогический такт и педагогическая этика..... | 257 |
| ГЛАВА IV. НАУЧНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ | 269 |
| IV.1. Понятие о педагогической технике. Методика формирования педагогической техники..... | 269 |
| IV.2. Техника и культура речи..... | 275 |
| IV.3. Научная организация труда учителя..... | 285 |
| IV.4. Самовоспитание и самообразование..... | 291 |
| IV.5. Система обобщения педагогического опыта..... | 298 |
| ЛИТЕРАТУРЫ | 304 |
| ГЛОССАРИЙ | 312 |

CONTENTS

| | |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| INTRODUCTION..... | 3 |
| PART 1. HISTORY OF PEDAGOGY | |
| THE CHAPTER I. HISTORY OF EDUCATION AND PEDAGOGY OF UZBEKISTAN FROM ANCIENT TIMES TO THE DECLARATION OF INDEPENDENCE OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN (1991.)..... | 5 |
| I.1. The subject and objectives of the history of pedagogy. Education in primary society | 5 |
| I.2. Upbringing, education and pedagogical thought in Central Asia from ancient times to the VII century..... | 13 |
| I.3. Development of upbringing and education in Central Asia from VII to the first half of XIV century..... | 22 |
| I.4. The development of pedagogical thought in the Eastern Renaissance..... | 31 |
| I.5 Educational and moral views in the era of the Eastern Renaissance | 40 |
| I.6. Upbringing and school in Maverannahr from the 14th to the 16th century..... | 49 |
| I.7. The development of pedagogical thought in Maverannahr and Kazakhstan from the 14th to the 16th century..... | 59 |
| I.8. The Development of the education, schools and pedagogical thought in Central Asia with 18 before the first half 19 ages..... | 76 |
| I.9. Education, school and pedagogical thought in the Turkestan region from the second half of the 19 and beginning of the 20 century..... | 85 |
| I.10. Development of the education and pedagogical science in Uzbekistan from 1917 to 1991..... | 112 |
| THE CHAPTER II. THE DEVELOPMENT OF PEDAGOGICAL THOUGHT AND EDUCATION SYSTEMS IN THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN AFTER THE DECLARATION OF INDEPENDENCE OF THE REPUBLIC OF UZBEKISTAN.... | 132 |
| II.1. Education system in the Independent Republic of Uzbekistan. The Development of the pedagogical science in years of Independence..... | 132 |

| | |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| THE CHAPTER III. THE REVIEW OF THE DEVELOPMENT OF THE PEDAGOGICAL SCIENCE IN THE WORLD (from ancient times until now)..... | 151 |
| III 1. The history of the development of the pedagogical science in the world from ancient times until the first half of 19th century. The pedagogical theory of Ya. A. Komensky..... | 151 |
| III 2. The development of the pedagogical science in the world from the second half of 19-20th century. Pedagogical heritage of K.D. Ushinsky..... | 178 |
| III 3. Current stage of education in different countries of the world.... | 188 |

2 PART. PEDAGOGICAL SKILLS

| | |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| THE CHAPTER I. METHODOLOGICAL PROBLEMS OF THE PEDAGOGICIAN-MAJOR WORKSHOP | 207 |
| I.1. Problems of mastery of teachers in the history of pedagogical thought and school practice | 207 |
| I.2. The main components of pedagogical skill | 217 |
| THE CHAPTER II. PEDAGOGICAL ABILITIES | 224 |
| II.1. Pedagogical abilities in teacher's practice | 224 |
| II.2. Communicative skills and pedagogical influence | 230 |
| THE CHAPTER III. PEDAGOGICAL DEONTOLOGY | 239 |
| III.1. Culture and psychology of communication in teacher's practice..... | 239 |
| III.2. Pedagogical tact and pedagogical ethics | 257 |
| THE CHAPTER IV. SCIENTIFIC ORGANIZATION OF PEDAGOGICAL ACTIVITY | 269 |
| IV.1. The concept of pedagogical technology. The method of organization of pedagogical techniques..... | 269 |
| IV.2. Technique and culture of speech | 275 |
| IV.3. Scientific organization of teacher's work..... | 285 |
| IV.4. Self-education and self-education..... | 291 |
| IV.5. System of generalization of pedagogical experience | 298 |
| LITERATURE..... | 304 |
| THE GLOSSARY..... | 312 |

ҚАЛДЫБЕКОВА АНАРГУЛ СОТБАРОВНА

**ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА:
II. Педагогика тарихы.
Педагогикалык шеберлік**

Ташкент – «Fan va texnologiya» – 2019

Муҳаррир: А. Абдураимова
Тех. муҳаррир: А. Мойдинов
Мусаввир: А. Шушунов
Мусахҳиҳа: Ш. Мирқосимова
Компьютерда
саҳифаловчи: Н. Рахматуллаева

**E-mail: tipografiyacent@mail.ru Тел: 71-245-57-63, 71-245-61-61.
Изд.лиц. АІ№149, 14.08.09. Разрешено в печать 29.12.2019.
Формат 60x84 1/16. Гарнитура «Times New Roman».
Офсетная печать. Усл. печ.л. 20,50. Изд. печ.л. 20,75.
Тираж 100. Заказ № 224.**

**Отпечатано в типографии
«Fan va texnologiyalar Markazining bosmaxonasi».
100066, г. Ташкент, ул. Алмазар, 171.**



FAN VA
TEKNOLOGIYALAR



ISBN 978-9943-5958-9-7



9 789943 595897